



ISSN 1607-2774

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

№3 (91) 2020

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ
АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI
SEMEI

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

В Е С Т Н И К

**ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ**

Семей – 2020

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**ТЕХНИКА, БИОЛОГИЯ,
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ,
ВЕТЕРИНАРИЯ, ТАРИХ, ЭКОНОМИКА
ҒЫЛЫМДАРЫ**

Күәлік № 13882-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

*Журнал қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде шығады*

ISSN 1607-2774

**В Е С Т Н И К
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ**

**ТЕХНИЧЕСКИЕ, БИОЛОГИЧЕСКИЕ,
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ,
ВЕТЕРИНАРНЫЕ, ИСТОРИЧЕСКИЕ,
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Свидетельство № 13882-Ж

Журнал выходит 4 раза в год

*Журнал издается на казахском, русском,
английском языках*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор – Ескендіров М.Ғ., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Әмірханов Қ.Ж. – техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Әпсәлімов Н.А. – экономика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Атантаева Б.Ж. – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Вашукевич Ю.Е. – экономика ғылымдарының докторы, профессор (Ресей, Иркутск);
Дүйсембаев С.Т. – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Еспенбетов А.С. – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Жұртбай Т.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Астана);
Кәкімов А.Қ. – техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Кешеван Н. – PhD, профессор (Англия, Лондон);
Кожебаев Б.Ж. – ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы (Қазақстан, Семей).
Махат Д.А. – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Астана).
Ребезов М.Б. – ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, (Ресей, Мәскеу)
Сандип Шарма – MBA, LLB, PhD (Үндістан, Нью-Дели)
Тоқаев З.Қ. – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);
Рақыпбеков Т.Қ. – медицина ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор – Ескендіров М.Ғ., доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Амирханов К.Ж. – доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Апсәлімов Н.А. – доктор экономических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Атантаева Б.Ж. – доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Вашукевич Ю.Е. – доктор экономических наук, профессор (Россия, Иркутск);
Дүйсембаев С.Т. – доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей);
Еспенбетов А.С. – доктор филологических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Жұртбай Т.Қ. – доктор филологических наук, профессор (Казахстан, Астана);
Какимов А.К. – доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей);
Кешеван Н. – PhD, профессор (Англия, Лондон);
Кожебаев Б.Ж. – доктор сельскохозяйственных наук (Казахстан, Семей);
Махат Д.А. – доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Астана).
Ребезов М.Б. – доктор сельскохозяйственных наук (Россия, Москва);
Сандип Шарма – MBA, LLB, PhD (Индия, Нью-Дели);
Тоқаев З.К. – доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей);
Рахыпбеков Т.К. – доктор медицинских наук, профессор (Казахстан, Семей);

FTAХР: 05.25.05

Ж.С. Алимова¹, С.Е. Керімқұл¹, А.Б. Исимбаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

²С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

КӨМІР ОТЫНЫНАН ТҮЗІЛГЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ДИНАМИКАСЫН СЫНЫПТАУ

Аңдатпа: Мақалада Бүкіләлемдік банктің деректер көзінен алынған 1990-2014 жылдары арасындағы еліміздің энергетика саласында көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі пайыздық үлесінің стохастикалық динамикасы қарастырылады. Статистикалық деректерді пайдалана отырып эконометриялық және ақпараттық моделі көмегімен энергетика өнеркәсібі өндірісінің экономикалық мінез-құлқы зерттелінеді, нәтижесінде көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіруі динамикасы экономикалық өмір циклі талаптарына сай сыныпталады. Сыныптау екі сатыда орындалады: бірінші сатысы өлшемділік белгісіне негізделген және электр энергиясын өндіруі стохастикалық динамикасын құрылымдау арқылы тәуелсіз тенденциялар алынады. Екінші сатысында, осы алынған әрбір тенденция процестік белгі бойынша тереңірек, яғни, ыдырау және жинақталу критерийлерімен зерттеледі. Сондай-ақ, көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіруі динамикасының математикалық моделі жасалады және MS Excel процессорында есептеу алгоритмі құрылады.

Түйін сөздер: көмір отыны, электр энергиясын өндіру, ақпараттық модель.

Зерттеу барысында алға қойған мақсат – еліміздің көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіруі динамикасын экономикалық өмір циклі талаптарына сай сыныптау. Бұл саладағы ғылыми-техникалық дамудың негізгі бағыттарының бірі – энергетика өнеркәсібі өндірісінің экономикалық мінез-құлқын математикалық моделдеуге негізделген, эконометриялық және ақпараттық моделі көмегімен зерттеу болып табылады.

Жұмыста бүкіләлемдік банктің деректер көзіне сүйене отырып құрылған, 1990-2014 жылдары арасындағы Қазақстан Республикасының энергетика саласында көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі пайыздық үлесінің y_{t+T} статистикалық деректері қолданылды.

Алдымен, мінез-құлықты сипаттайтын жүйе моделінің тұрақтылығын (устойчивость) қамтамасыз ету мақсатында, осы жүйенің экономикалық күш орталығы есептелді. Берілген аралықта өндірілген электр энергиясының жалпы көлемін үш кезеңге бөлу арқылы, әрбір экономикалық күш орталығына тиесілі көлемі анықталды – 584.80%, және олар сәйкесінше, I кезең 1990-1998 жылдары, II кезең 1999-2006 жылдары, III кезең 2007-2014 жылдары аралығын қамтиды (1.1). Сосын, \hat{y}_{t+T} – көмір отынынан түзілген электр энергиясын атаулы құрылымды өндіру (1) өрнек бойынша өндіру көлемінің орта мәндері арқылы анықталды, және MS Excel кестелік процессорында СРЗНАЧ функциясымен орындалды (1.1). Ал, есептеу нәтижелері 1, 2, 3 – кестелерінің «Атаулы құрылым» жолына ендірілген:

$$\hat{y}_{t+T} = \frac{\sum_{t=T}^{t+T} y_{t+T}}{t+T} \quad (1) \quad \hat{y}_{t+T} = \begin{cases} \text{СРЗНАЧ}(y_{t+T}), t+T = \overline{1991;1998}, \\ \text{СРЗНАЧ}(y_{t+T}), t+T = \overline{1999;2006}, \\ \text{СРЗНАЧ}(y_{t+T}), t+T = \overline{2007;2014}, \end{cases} \quad (1.1)$$

мұндағы, y_{t+T} – көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру көлемі жөніндегі статистикалық деректер мәні (жалпы көлемдегі пайыздық үлесі, $t+T = 1990-2014$ жж.), ал олардың статистикалық деректер мәні бірінші, екінші, үшінші кестенің «Электр энергия өндіруі» жолына ендірілген.

Ендігі ретте, көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру бойынша берілген статистикалық деректердің атаулы құрылымға қалай әсер еткендігін анықтау керек. Ол үшін, (\bar{y}_{t+T}) – көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің экономикалық даму күшінің

массалық ортасы есептелді. Ол электр энергиясын өндірудің атаулы құрылымы бойынша салмақты орта өрнегі мәндерімен анықталды (2). Сондай-ақ MS Excel процессорында СУММПРОИЗВ математикалық функциясымен есептелді (2.1). Есептеу нәтижелері 1, 2, 3 – кестелерінің «Дамудың масса ортасы» жолына ендірілген:

$$\bar{y}_{t+T} = \frac{\sum_{i=t}^{t+T} y_{i+T}}{\sum_{i=t}^{t+T} 1} \quad 2) \quad \bar{y}_{t+T} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(y_{t+T}; \hat{y}_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(y_{t+T}; 1)}, \quad t=1991\text{ж.}, \quad t+T=1990; 2014\text{жж.}, \quad (2.1)$$

Осылайша, атаулы құрылым моделін дамыту нәтижесінде, экономикалық даму күшінің массалық ортасы анықталды. Осы жерден, факторлық белгіні – экономикалық даму күшінің массалық орта көлемін – ескере отырып, нәтижелік белгі – көмір отынынан түзілген электр энергиясын – адекватты \tilde{y}_{t+T} шектік құрылымға (3) келтіреміз. Шектік құрылымы моделінің параметрлері ең кіші квадраттар әдісімен бағаланды. Ал нәтижелері – электр энергиясын өндіру көлемі – регрессия моделі (3) арқылы анықталды. Бұл есептеулерді компьютерлік жүзеге асыру кезінде, MS Excel кестелік процессорында Деректер мәзіріндегі Деректерді талдау бөлімінде Регрессия талдау құралы қолданылды (3.1). Және есептеу нәтижелері 1, 2, 3 – кестелерінің «Шектік құрылым» жолына ендірілген:

$$\tilde{y}_{t+T} = a_0 + a_1 * \quad 3) \quad \tilde{y}_{t+T} = -197,6970 + 3,7551 \times \bar{y}_{t+T}, \quad T=0,1,\dots,24, \quad t=1990 \quad (86,208) \quad (1,195) \quad R^2=0,3001, \quad (3.1)$$

мұндағы \tilde{y}_{t+T} – нәтижелік белгі, көмір отынынан түзілген электр энергиясын шектік құрылымды өндіру көлемі; \bar{y}_{t+T} – факторлық белгі, көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің экономикалық даму күшінің массалық орта көлемі.

Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасын экономикалық өмір циклі талаптарына сай сыныптаудың жоғарыда талқыланған бірінші сатысы өлшемділік (құбылыс-явление) белгісіне негізделген. Сыныптаудың бұл сатысында, электр энергиясын өндіруі стохастикалық динамикасын құрылымдау арқылы тәуелсіз үш тенденция алынды. Сыныптаудың екінші сатысында, осы алынған әрбір тенденция процестік белгі бойынша тереңірек, яғни, ыдырау және жинақталу критерийлері бойынша зерттеледі.

Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің экономикалық даму күшінің $y_{t+T}^{\text{ыдырау}}$ – массалық ыдырауы және $y_{t+T}^{\text{жинақталуы}}$ – массалық жинақталуы электр энергиясын өндіру шектік құрылымының көлемі бойынша салмақты орта мәндерімен әрбір кезең үшін жеке дара анықталды. Бірақ, массалық ыдырауы кезінде қосынды $t^* = \text{const}$ – бастапқы уақыттан таралады (4), ал, массалық жинақталуы кезінде $T^* = \text{const}$ – соңғы уақытқа жинақталады (5) және графигі 1-суретте бейнеленген:

$$y_{t+T}^{\text{ыдырау}} = \frac{\sum_{i=t^*}^{t+T} y_{i+T} * \tilde{y}_{i+T}}{\sum_{i=t^*}^{t+T} 1 * \tilde{y}_{i+T}} \quad 4) \quad y_{t+T}^{\text{жинақталуы}} = \frac{\sum_{i=t}^{t+T^*} y_{i+T} * \tilde{y}_{i+T}}{\sum_{i=t}^{t+T^*} 1 * \tilde{y}_{i+T}} \quad (5)$$

Ал MS Excel процессорында салмақты орта мәні математикалық СУММПРОИЗВ функциясымен есептелді (4.1-5.3). Және есептеу нәтижелері 1, 2, 3 – кестелерінің сәйкес «Массаның ыдырауы» және «Массаның жинақталуы» жолдарына ендірілген:

$$y_{t+T}^{\text{ыдырау}} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, \quad t^* = \text{const}, \quad t+T = 1990; 1998\text{жж.}, \quad (4.1)$$

I кезең
1991-1998 жж.

$$y_{t+T}^{\text{жинақтауы}} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, \quad T^* = \text{const}, \quad t+T^* = 1990; 1998\text{жж.}, \quad (5.1)$$

II кезең
1999-2006 жж.


$$y_{t+T}^{\text{ыдырауы}} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, \quad t^* = \text{const}, \quad t+T = 1999; 2006\text{жж.}, \quad (4.2)$$

$$y_{t+T}^{жинақтау} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, T^* = \text{const}, t+T^* = \overline{1999; 2006} \text{жж.}, \quad 5.2)$$

$$y_{t+T}^{ыдырау} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, t^* = \text{const}, t+T = \overline{2007; 2014} \text{жж.}, \quad 4.3)$$

$$y_{t+T}^{жинақтау} = \frac{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; y_{t+T})}{\text{СУММПРОИЗВ}(\tilde{y}_{t+T}; 1)}, T^* = \text{const}, t+T^* = \overline{2007; 2014} \text{жж.}, \quad 5.3)$$

III кезең
2007-2014 жж.




Сурет 1 – Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасының сыныптауы нәтижелері: шекті құрылым, экономикалық масса ыдырауы мен жинақталуы

Ескертпе: Сурет Бүкіләлемдік банкінің статистикалық деректері негізінде автормен құрылған ([1]-ді қараңыз)

Сонымен қатар, жүйелік зерттеу нәтижесінде көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасының экономикалық D_{t+T} – әлуат индекстері мен D_p – даму құрылымдары анықталды, ал нәтижелері 1, 2, 3 – кестенің сәйкес «Даму деңгейі қозғалысы» және «Даму әлуеті» жолдарына ендірілген. Даму деңгейінің қозғалысы көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің экономикалық даму күшінің массалық жинақталуы мен ыдырауының айырымымен анықталды (6). Ал, даму әлуеті даму деңгейі қозғалысының орта мәнімен анықталады да, MS Excel кестелік процессорында CP3НАЧ функциясымен орындалады (7), және нәтижелері 2-суретте бейнеленген:

$$D_{t+T} = y_{t+T}^{жинақтау} - y_{t+T}^{ыдырау} \quad 6) \quad D_p = \frac{\sum_{t=t}^{t+T} D_{t+T}}{t+T} \quad 7)$$



Сурет 2 – Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасын жүйелік зерттеу нәтижелері: экономикалық әлуат индекстері мен даму құрылымдары

Ескертпе: Сурет Бүкіләлемдік банкінің статистикалық деректері негізінде автормен құрылған ([1]-ді қараңыз)

Қорыта айтқанда, y_{t+T} – көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндірудің статистикалық деректерін пайдаланып, энергетика өнеркәсібі өндірісінің экономикалық мінез-құлқын зерттеу нәтижесінде, көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасының математикалық моделі жасалды, экономикалық өмір циклі талаптарына сай сыныпталды және MS Excel процессорында есептеу алгоритмі құрылды. Бұл нәтижелер көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасы кезеңдерінің экономикалық-

индустриалды даму мінездемелерін бағалауға мүмкіндік береді. Ал, статистикалық деректерге сүйене отырып компьютерлік тәжірибелер арқылы алынған мінездемелерді, басқару шешімдерін қабылдауға қолдау болатын құрал ретінде қолдануға болады. Барлық анықталған деректер әрбір кезеңге жеке жинақталып, сәйкесінше 1, 2, 3 – кестелерге енгізілген:

Кесте 1 – Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасы бірінші кезеңінің экономикалық-индустриалды даму мінездемелерінің бағалаулары, жалпы көлемдегі пайыздық үлесі, 1990-1997 жж.

Көрсеткіш	1990	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997	Сома	Орта
Электр энергия өндіруі	71,12	72,73	72,31	71,43	70,94	72,03	72,21	72,03	574,79	71,85
Атаулы құрылым	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	574,79	71,85
Дамудың масса ортасы	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	71,85	574,79	71,85
Шекті құрылым	72,44	72,44	72,44	72,44	72,44	72,44	72,44	72,44	579,50	72,44
Массаның ыдырауы	71,12	71,92	72,05	71,90	71,71	71,76	71,82	71,85	574,13	71,77
Массаның жинақталуы	71,85	71,95	71,82	71,73	71,80	72,09	72,12	72,03	575,39	71,92
Даму деңгейі қозғалысы	0,73	0,03	-0,23	-0,17	0,10	0,33	0,30	0,18	1,26	0,16
Даму әлуеті	0,16	0,16	0,16	0,16	0,16	0,16	0,16	0,16	1,26	0,16

Ескертпе: Кесте Бүкіләлемдік банкінің статистикалық деректері негізінде автормен құрылған ([1]-ді қараңыз)

Кесте 2 – Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасы екінші кезеңінің экономикалық-индустриалды даму мінездемелерінің бағалаулары, жалпы көлемдегі пайыздық үлесі, 1998-2006 жж.

Көрсеткіш	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	Сома	Орта
Электр энергия өндіруі	72,03	72,05	69,45	70,88	68,82	71,75	75,52	73,85	68,82	643,17	71,46
Атаулы құрылым	71,46	71,46	71,46	71,46	71,46	71,46	71,46	71,46	71,46	643,17	71,46
Дамудың масса ортасы	71,66	71,59	71,56	71,54	71,53	71,52	71,51	71,51	71,50	643,92	71,55
Шекті құрылым	71,91	71,73	71,65	71,59	71,56	71,53	71,51	71,50	71,48	644,46	71,61
Массаның ыдырауы	72,03	72,03	71,39	71,29	70,88	71,00	71,57	71,82	71,52	643,53	71,50
Массаның жинақталуы	71,46	71,39	71,30	71,61	71,75	72,49	72,73	71,34	68,82	642,89	71,43
Даму деңгейі қозғалысы	-0,56	-0,64	-0,09	0,32	0,87	1,48	1,16	-0,48	-2,70	-0,64	-0,07
Даму әлуеті	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,07	-0,64	-0,07

Ескертпе: Кесте Бүкіләлемдік банкінің статистикалық деректері негізінде автормен құрылған ([1]-ді қараңыз)

Кесте 3 – Көмір отынынан түзілген электр энергиясын өндіру динамикасы үшінші кезеңінің экономикалық-индустриалды даму мінездемелерінің бағалаулары, жалпы көлемдегі пайыздық үлесі, 2007-2014 жж.

Көрсеткіш	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Сома	Орта
Электр энергия өндіруі	73,41	76,66	73,80	80,65	81,10	74,79	75,19	71,95	607,56	75,94
Атаулы құрылым	75,94	75,94	75,94	75,94	75,94	75,94	75,94	75,94	607,56	75,94
Дамудың масса ортасы	71,92	72,27	72,56	72,83	73,06	73,24	73,40	73,54	582,83	72,85
Шекті құрылым	72,62	73,60	74,39	75,13	75,76	76,26	76,71	77,09	601,57	75,20
Массаның ыдырауы	71,13	73,00	73,21	74,73	75,82	75,67	75,61	75,19	594,35	74,29
Массаның жинақталуы	75,94	76,29	76,23	76,71	75,74	73,97	73,57	71,95	600,41	75,05
Даму деңгейі қозғалысы	4,81	3,29	3,03	1,98	-0,08	-1,69	-2,04	-3,24	6,06	0,76
Даму әлуеті	0,76	0,76	0,76	0,76	0,76	0,76	0,76	0,76	6,06	0,76

Ескертпе: Кесте Бүкіләлемдік банкінің статистикалық деректері негізінде автормен құрылған ([1]-ді қараңыз)

Әдебиеттер

- 1 Бүкіләлемдік банк. Қазақстан жөніндегі статистикалық деректер жинағы. //Интернет ресурс көзі: <https://data.worldbank.org>. Дерек коды: EG.ELC.COAL.ZS
- 2 Керимкулов С.Е. Критерий продуктивности дифференциальной разностной модели и его приложения для прогнозирования движения индекса РТС. // Стратегическое планирование и развитие предприятий. Материалы Пятнадцатого всероссийского симпозиума. Под ред. Г.Б. Клейнера. М.: ЦЭМИ РАН, 2014. – С. 97-99.
- 3 Керимкулов С.Е. Уровни и оценка негативных последствий роста на равновесие индекса ММВБ. // Материалы Восемнадцатого всероссийского симпозиума: Стратегическое планирование и развитие предприятий. Секция 2. Модели и методы разработки стратегии предприятия. Москва, 11-12 апреля 2017 г. / Под ред. чл.-корр. РАН Г.Б. Клейнера. – М.: ЦЭМИ РАН, 2017. – С. 263-265.
- 4 Керимкулов С.Е. Оценка влияния финансов академических структур на экономический рост. // Междисциплинарность в современном социально-гуманитарном знании – 2017. Академический мир в междисциплинарных практиках. / Материалы Второй ежегодной Всероссийской научной конференции. Ростов-на-Дону, 22-24 июня 2017 г. Т. 2. – С. 420-434.

5 Kerimkhulle S., Aitkozha Zh.A. Criterion for correct solvability of a first order difference equation. // AIP Conference Proceedings, V. 1880, 040016, 2017; doi: 10.1063/1.5000632

6 Алимова Ж.С. Қаржы саласындағы ақпараттық модельдер мен құрылымдарды қалыптастыру жайлы. // «Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы – Ұлт жоспарын іске асырудың негізі» (№10 Сағынов оқулары) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері, 2 бөлім. Қарағанды, 14-15 маусым 2018 ж. 19-20б.

7. Алимова Ж. С., Керімқұл С. Е. Қазақстанның жалпы ішкі өнімін құрайтын қаржы белгілерін ақпараттық және эконометриялық зерттеу: 1990–2016 // ПМУ хабаршысы, Физика-математикалық сериясы № 3 (2018). Павлодар 2018 ж. – 6-16б.

КЛАССИФИКАЦИЯ ДИНАМИКИ ПРОИЗВОДСТВА ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ ИЗ УГОЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ

Ж.С. Алимова, С.Е. Керимкулов, А.Б. Исимбаева

В статье рассматривается стохастическая динамика процентной доли общего объема производства электроэнергии, произведенной из угольных источников страны в период с 1990 по 2014 года, полученной из данных Всемирного банка. Используя статистические данные исследуется экономическое поведение производителей электроэнергии из угольных источников. В результате с помощью эконометрической и информационной моделью дана классификация динамики выработки электроэнергии в соответствии с требованиями экономического жизненного цикла энергетической отрасли. Классификация проводится в два этапа: первый этап основан на признак размерности, а независимые тенденции получаются путем структурирования стохастической динамики производства электроэнергии. На втором этапе каждая из этих тенденций дополнительно изучается в процессе, т.е. изучаются критерии схождения и расхождения. Также создана математическая модель динамики выработки электроэнергии на угольном топливе и разработан вычислительный алгоритм на процессоре MS Excel.

Ключевые слова: угольные ресурсы, производство электроэнергии, информационная модель.

CLASSIFICATION OF THE DYNAMICS OF ELECTRICITY PRODUCTION FROM HYDROELECTRIC SOURCES

Zh. Alimova, S. Kerimkhulle, A. Issimbayeva

The article considers the stochastic dynamics of percentage of total electricity production produced from hydroelectric sources in from 1990 to 2014, obtained from World Bank Data. We are investigated of economic behavior of electricity production from hydroelectric sources by using statistical data. As a result, the econometric and information model provides a classification of the dynamics of electricity production in accordance with the requirements of the economic life cycle of the energy sector. The classification is carried out in two stages: the first stage is based on a dimension sign, and independent trends are obtained by structuring the stochastic dynamics of electricity production. At the second stage, each of these trends is additionally studied in the process, i.e. criteria for convergence and discrepancy are studied. A mathematical model was also created for the dynamics of coal-fired power generation and a computational algorithm was developed on the MS Excel processor.

Key words: coal resources, electricity generation, information model.

FTAXP: 20.15.05

Г.А. Алханова¹, С.С. Жүзбаев²

¹Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа: Мақалада негізгі назар жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелерінің үйлесімдік мәселесін шешуге бағытталған. Бұл мәселе қазіргі уақытта жасанды интеллекттің белсенді дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселе болып табылады. Бұл жұмыста компьютерлік жүйелердің үйлесімдік проблемасының өзектілігі негізделеді, ұсынылған және аталған мәселені шешуге мүмкіндік беретін негізгі принциптер қарастырылады. Жұмыста компьютерлік жүйелердің семантикалық модельдерін интерпретациялаудың аппараттық платформасы болып табылатын семантикалық ассоциативті компьютерді құру принциптерін сипаттауға бөлінген:

- біртекті семантикалық желілер негізінде білімді интеграциялау мәселесін шешу [1];
- гибриді білім базаларының семантикалық модельдерін жобалау технологиясын жасау [2];
- интеллектуалдық жүйелер есептерін шешушілердің үйлесімді жобалау технологиясын жасау [3].

Түйін сөздер: жасанды интеллект, семантикалық желі, интеллектуалды жүйе, ақпараттық технологиялар.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

– бір ақпаратты ұсынудың синтаксистік нысандарының көптүрлілігі, яғни компьютерлік жүйелердің жадында өңделетін ақпаратты ұсынудың семантикалық эквивалентті нысандарының көптүрлілігі. Қазіргі компьютерлік жүйелердің жадында әртүрлі білім түрлерін ұсынуды біріздендірудің болмауы:

– есептерді шешудің семантикалық эквивалентті үлгілерінің көптүрлілігіне (процедуралық, сол сияқты прецедурлық емес), яғни есептерді шешу тәсілдерінің болмауымен емес, өңделетін ақпаратты ұсыну нысанымен және әртүрлі есептерді шешу тәсілдерін ұсыну нысанымен ерекшеленетін ақпаратты өңдеу үлгілерінің қайталануына;

– компьютерлік жүйелердің семантикалық эквивалентті ақпараттық компоненттерінің қайталануына;

– есептерді шешудің әрбір қолданылатын моделін техникалық іске асыру нысандарының көп түрлілігіне;

– ақпаратты өңдеу модельдерінің қайталануына;

– компьютерлік жүйелердің семантикалық эквивалентті ақпараттық;

– компьютерлік жүйелердің семантикалық үйлесімсіздігіне және, демек, әр түрлі интеграцияланатын жүйелер алмасатын ақпаратты трансляциялауға (айырбастауға) қосымша күш салуды талап ететін иерархияның неғұрлым жоғары деңгейдегі жүйелеріне олардың ықпалдасуының жоғары еңбек сыйымдылығына және, демек өзара іс-қимыл жасайтын компьютерлік жүйелер ұжымының міндеттерді бірлесіп шешу тиімділігін елеулі шектейтін, ақпаратты трансляциялауға (айырбастауға) қосымша күш салуды талап ететін иерархияның неғұрлым жоғары деңгейдегі жүйелеріне интеграциялаудың жоғары еңбек сыйымдылығына;

– бірнеше рет қолданылатын компоненттердің кітапханалары негізінде компьютерлік жүйелерді компоненттік жобалау әдістемесін қолдану тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне (әсіресе, егер сөз "ірі" компоненттер, атап айтқанда типтік кіші жүйелер туралы болса);

– қазіргі заманғы компьютерлік жүйелерді пайдалану барысында оқытудың жоғары деңгейі жеткіліксіз, соның салдарынан оларды сүйемелдеудің және жетілдірудің жоғары еңбек сыйымдылығы, сондай – ақ олардың өмір сүру циклі жеткіліксіз болып табылады;

– сарапшыларда әзірленетін компьютерлік жүйелердің сапасына нақты әсер ету мүмкіндігінің болмауы. Күрделі компьютерлік жүйелерді әзірлеу тәжірибесі сарапшылар мен жобаланатын компьютерлік жүйелер арасындағы бағдарламашылар делдалдығы сарапшылардың үлесін айтарлықтай бұрмалайтынын көрсетеді. Келесі буындағы компьютерлік жүйелерді әзірлеу кезінде программистер емес, өз білімін дәл баяндауға қабілетті сарапшылар басым болуы тиіс [4].

– компьютерлік жүйелерді пайдаланушылардың интерфейстік қызметін семантикалық (мағыналық) біріздендірудің болмауы, бұл пайдаланушылық интерфейстерді жүзеге асыру нысандарының алуан түрлілігімен бірге жаңа компьютерлік жүйелердің пайдаланушы интерфейстерін меңгеруге елеулі үстеме шығыстарға әкеп соғады;

– компьютерлік жүйенің құжаттамасы осы жүйенің жұмыс істеу сапасын анықтайтын компьютерлік жүйенің ең маңызды компоненті болып табылмайды, осының салдарынан пайдаланылатын компьютерлік жүйенің мүмкіндіктерін толық және тиімсіз пайдалануынан компьютерлік жүйені пайдаланудың тиімділігі жеткіліксіз болып табылады.

Көрсетілген кемшіліктерді тек күрделі компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру принциптері мен архитектурасын іргелі қайта ойластыру арқылы еңсеруге болады. Мұндай қайта ойлаудың негізі компьютерлік жүйелердің жадында ақпаратты беру нысандарының алуан түрлілігін жою болып табылады, ал нәтиже ақпараттық технологияларды дамытудың жаңа кезеңі болуы тиіс. Осылайша, қазіргі заманғы компьютерлік жүйелердің кемшіліктерін жеңу мыналарды көздейді:

– өңделетін ақпаратты ұсынуды біріздендіру;

– функционалдық біріздендіру (ақпаратты өңдеу принциптерін біріздендіру) [5].

Жасанды интеллект технологияларын дамыту мәселелері

Жасанды интеллекттің тиісті аспаптық құралдармен жеке технологиясының үлкен жиынтығы бар, бірақ интеллектуалдық жүйелердің жалпы гипотезасы жоқ және соның салдарынан интеллектуалдық жүйелерді жобалаудың жалпы кешенді технологиясы жоқ:

– психикалық проблемаларды түсіну үшін пайдаланылмайтын формальды модельдерді құру және бар модельдерді дамыту (когерентті, нейронды ұйым, генерация және т. б.);

– бұл модельдердің менталдық міндеттер қатарына кірмейтін мәселелерді түсіну үшін бір – бірімен, сондай – ақ жалпы қабылданған модельдермен үйлесімділігіне кепілдік беру қағидатты маңызды; басқаша айтқанда, әңгіме күрделі мәселелерді реттеуге мүмкіндік беретін кросс – тұқымдық құрылымдарды ұйымдастыру бойынша стандарттарды ілгерілету туралы болып отыр. Әрбір осындай мәселені шешу үшін проблемаларды түсіну үшін ақпарат ассортименті мен модельдер ассортиментін бірлесіп пайдалану талап етіледі, ал проблемаларды шешу үшін пайдаланылатын модельдер кез келген тәсілмен біріктірілуі мүмкін;

– ақпараттың әртүрлі түрлерін және проблеманы түсінудің әртүрлі модельдерін пайдаланатын күрделі құрылымдардың әртүрлі жоспарлы дамуынан, ақпаратты ұсынудың бірдей модельдері мен өңдеу модельдері көптеген құрылымдар мен кіші жүйелерде ұқсас орындалған кезде олардың терең интеграциясына көшу қажет;

– ақылға қонымды шеңберлер гипотезасының ілгері деңгейі мен оларды жетілдіру алшақтығы арасындағы алшақтықты азайту өмірлік маңызды;

– ақпараттық базалардың тоқтаусыз өзгеруіне дайындыққа енгізілген адамдардың қызметін үйлестіру деңгейін айтарлықтай арттыру өмірлік маңызды;

– интеллектуалдық жүйелердің үйлесімдік мәселесін түсінуге мүдделілікті тиімді көрсету қажет.

Интеллектуалдық жүйелерді жобалаудың семантикалық технологиясының принциптері.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың (атап айтқанда, жасанды интеллект технологиясы) мәселелерін шешу компьютерлік жүйелердің жадында ақпаратты мағыналық ұсынуға көшу жолымен қазіргі заманғы компьютерлік жүйелерді (соның ішінде қазіргі заманғы интеллектуалды жүйелерді) семантикалық компьютерлік жүйелерге түрлендіреді, олар компьютерлік жүйелердің дамуының баламалы тармағы емес, олардың жоғарғы деңгейін және, бірінші кезекте үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған эволюциясының табиғи кезеңі болып табылады.

Семантикалық компьютерлік жүйелердің архитектурасы білімге негізделген интеллектуалдық жүйелердің архитектурасымен дерлік сәйкес келеді. Мұнда айырмашылықтар семантикалық компьютерлік жүйелерде:

– білім базасының мағыналық түсінігі бар;

– білім мен дағдыларды интерпретатор білім базасын өңдеуді жүзеге асыратын және осы білім базасындағы жағдайлар мен оқиғаларды басқаратын агенттердің ұжымы болып табылады.

Осының салдарынан семантикалық компьютерлік жүйелер білім алудың жоғары деңгейіне ие, яғни жаңа білімдер мен дағдыларды тез меңгеріп, жетілдіре алады және бұл ретте олар алатын және жетілдіретін білім мен дағдылардың түріне, сондай-ақ оларды бірлесіп пайдалануға ешқандай шектеулерге ие болмайды. Сонымен қатар, семантикалық компьютерлік жүйелерді әзірлеуге ұсынылған тәсіл инженерлік шешімдердің қайталануын жоққа шығарады және үнемі кеңейтілетін көп рет пайдаланылатын және өзара үйлесімді компоненттердің көмегімен семантикалық компьютерлік жүйелерді әзірлеуді жылдамдатуға мүмкіндік береді [6].

Семантикалық компьютерлік жүйелер қазіргі заманғы компьютерлік жүйелердің көптеген кемшіліктерін жоятын жаңа буын компьютерлік жүйелері болып табылады. Бірақ мұндай жүйелерді жаппай әзірлеу үшін тиісті технология қажет, ол мыналарды қамтуы тиіс:

– семантикалық компьютерлік жүйелердің теориясын және әзірленетін жүйелердің үйлесімділігін қамтамасыз ететін барлық стандарттар кешенін;

– семантикалық компьютерлік жүйелерді жобалау әдістері мен құралдарын;

– технологияның өзін үнемі жетілдіру әдістері мен құралдарын.

Қорытынды

Жұмыс барысында қазіргі заманғы компьютерлік жүйелердің негізгі кемшіліктері қарастырылды, интеллектуалдық жүйелерді жобалаудың семантикалық технологиясы түрінде іске асырылатын оларды жою тәсілдері ұсынылды, сондай-ақ интеллектуалдық

жүйелердің біріздендірілген логикосемантикалық модельдерінің әмбебап интерпретаторын аппараттық іске асырудың перспективалы нұсқасы ретінде семантикалық ассоциативті компьютерді құру принциптері қарастырылды.

Әдебиеттер

1. Ивашенко В.П. Модели и алгоритмы интеграции знаний на основе однородных семантических сетей : автореф. дис. ... канд. техн. наук. Минск, 2014. 25 с.
2. Давыденко И.Т. Модели, методика и средства разработки гибридных баз знаний на основе семантической совместимости многократно используемых компонентов: автореф. дис. ... канд. техн. наук. Минск, 2018.– 25 с.
3. Шункевич Д.В. Агентно-ориентированные решатели задач интеллектуальных систем: автореф. дис. ... канд. техн. наук. Минск, 2018. – 25 с.
4. Design of batch manufacturing enterprises in the context of Industry 4.0 / V. Taberko [et al.] // Open semantic technologies for intelligent systems. 2018. – № 2.– P. 307-320.
5. Integration of artificial neural networks and knowledge bases / V. Golovko [et al.] // Open semantic technologies for intelligent systems. 2018. – № 2. – P. 119-132.
6. Knowledge acquisition based on natural language texts / N. Hubarevich [et al.] // Open semantic technologies for intelligent systems. 2018. – № 2. – P. 199-206.

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СИСТЕМ

Г.А. Алханова, С.С. Жузбаев

Основное внимание в статье направлено на решение проблемы гармонизации результатов научных исследований в области искусственного интеллекта. Эта проблема в настоящее время является основной проблемой, препятствующей активному развитию искусственного интеллекта. В этой работе обосновывается актуальность проблемы совместимости компьютерных систем, рассматриваются основные принципы, предлагаемые и позволяющие решить данную проблему. Данная работа содержит описание принципов построения семантического ассоциативного компьютера, являющегося аппаратной платформой интерпретации семантических моделей компьютерных систем.

- решение проблемы интеграции знаний на основе однородных семантических сетей [1];
- разработка технологии проектирования семантических моделей гибридных баз образования [2];
- разработка технологии синхронного проектирования решение задач интеллектуальных систем [3].

Ключевые слова: искусственный интеллект, семантические сети, интеллектуальные системы, информационные технологии.

SEMANTIC TECHNOLOGIES OF INTELLIGENT SYSTEMS

G. Alkhanova, S. Zhuzbaev

The main focus of the article is to solve the problem of harmonization of the results of scientific research in the field of artificial intelligence. This problem is currently the main problem hindering the active development of artificial intelligence. In this work the urgency of the problem of compatibility of computer systems is justified, the basic principles proposed and allowing to solve this problem are considered. This paper describes the principles of building a semantic associative computer, which is a hardware platform for interpreting semantic models of computer systems:

- solution of the problem of knowledge integration on the basis of homogeneous semantic networks [1];
- development of technology for designing semantic models of hybrid educational bases [2];
- development of synchronous design technology for solving problems of intelligent systems [3].

Key words: artificial intelligence, semantic networks, intelligent systems, information technologies.

Н. Бәделхан, Ф.Х. Вильданова
Шәкәрім атындағы Семей университеті

ДӘРЕЖЕЛІК ҚАТАРЛАРДЫҢ КЕЙБІР ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Аңдатпа: Көбінесе математика тәжірибеден алынған нәтижелерді өңдеу үшін қажет. ЭЕМ-нің пайда болуы мен дамуы математиканың ғылымдағы есептеу функциясын жоғарғы сатыға көтерді. Тәжірибелік нәтижелерді математикалық өңдеу арқылы белгілі бір тәжірибелік заңдылықты табамыз. Мысалы Кулон, Паскаль, Кеплер т.б заңдар осындай жолмен табылған. Есептеу практикасында көбінесе жуық есептеулер орындауға тура келеді.

Қатарлар көмегімен логарифмдердің, әртүрлі дәрежелік түбірлердің, тригонометриялық функциялардың анықталған интегралдардың жуық мәндерін есептеуге, жуық түрде теңдеулерді, дифференциалдық теңдеулерді шешуге болады. Осы мақалада дәрежелік қатарлар функция мәндерін жуықтап есептеуде, анықталған интегралды жуықтап есептеу мақсаттарына шектеусіз қатарларды қалай пайдалануға болатындығын нақты мысалдар арқылы түсіндіретін боламыз. Бұл мақаланы техникалық жоғары оқу орындарының студенттері де пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Дәрежелік қатарлар, Жуық есептеу, функцияның нүктедегі мәні, анықталған интегралдың жуық мәні, жай дифференциалдық теңдеуді жуық есептеу.

Егер $f(x)$ функциясы бір аралықта Тейлор қатарында жіктелетін болса, яғни

$$F(x) = \sum_{n=0}^{\infty} c_n x^n$$

осы қатардың жинақталатын аралығында ол функцияның жуық мәні үшін қатарды

$$S_n(x) = \sum_{m=0}^n c_m x^m$$

дербес қосындысын алуға, яғни

$$f(x) \approx S_n(x)$$

деуге болады. Осылайша алғанда біздің жіберетін қатеміз қалдықтың абсолют шамасына тең, яғни

$$|f(x) - S_n(x)| = |R_n(x)|$$

болар еді.

Бұл жерде n өскен сайын қате кішірейе түсетіні өзінен өзі түсінікті. Сонымен, $f(x)$ функциясының жуық мәнінің дәлдігі Тейлорқатарының сол функцияға жуықтауына тәуелді болады. Егер қатар тез жинақталса, оның дербес қосындысына аздаған мүшелер енетіні өзінен өзі түсінікті. [1]

1. Функция мәндерін жуықтап есептеу

Берілген $\varepsilon > 0$ дәлдікпен $f(x)$ функциясының $x = x_1$ нүктесіндегі мәнін есептеу керек болсын.

Егер $f(x)$ функциясын $(-R; R)$ интервалында дәрежелік қатарға жіктелетін босын да есептейік:

$$f(x) = a_0 + a_1x + a_2x^2 + \dots + a_nx^n + \dots$$

және $x_1 \in (-R; R)$, онда $f(x_1)$ функциясының дәл мәні қатардың $x = x_1$ нүктесіндегі қосындысына тең, яғни

$$f(x_1) = a_0 + a_1x_1 + a_2x_1^2 + \dots + a_nx_1^n + \dots,$$

ал жуық мәні $S_n(x)$ дербес қосындысына тең, яғни

$$f(x_1) \approx S_n(x_1) = a_0 + a_1x_1 + a_2x_1^2 + \dots + a_nx_1^n.$$

Неғұрлым n үлкен мән қабылдасын, соғұрлым бұл теңдеудің дәлірек мәнін табуға болады. Бұл жуықша алынған теңдеудің абсолюттік қателігі оның қалдығының модуліне тең.

$$|f(x_1) - S_n(x_1)| = |r_n(x_1)|,$$

мұндағы

$$r_n(x_1) = a_{n+1}x_1^{n+1} + a_{n+2}x_1^{n+2} + \dots$$

Осылайша, $|f(x_1) - S_n(x_1)|$ қателігін қатардың $r_n(x_1)$ қалдығын бағалау арқылы табуға болады.

Лейбниц типті қатарлар үшін

$$r_n(x_1) = |u_{n+1}(x_1) + u_{n+2}(x_1) + u_{n+3}(x_1) + \dots| < |u_{n+1}(x_1)|$$

Басқа жағдайларда (айнымалы таңбалы немесе ауыспалы таңбалы қатарлар) қатарлардың мүшелерінің модульдерінен қатар құрып және мүшелері үлкен оң қатарлар (геометриялық прогрессия құрайтын жинақты қатарлар) және оңай қосылатын қатарлар құру керек. Оның $r_n(x_1)$ бағасы ретінде жаңа қатардың қалдық шамасы алынады.

Мысал. e^x функциясының қатарға жіктелуін пайдалансақ.

$$e^x = 1 + \frac{x}{1!} + \frac{x^2}{2!} + \dots + \frac{x^n}{n!} + \dots,$$

$$e^{0,15} = 1 + \frac{0,15}{1!} + \frac{0,15^2}{2!} + \dots,$$

$$e^{0,18} = 1 + \frac{0,18}{1!} + \frac{0,18^2}{2!} + \dots$$

жуық теңдіктің қателігі 0,001-ден артпайтындай етіп n санын анықтаймыз. Бұл жуық теңдіктің қателігі e^x жіктелуіндегі $\frac{x^n}{n!}$ мүшеден кейінгі мүшелердің қосындысымен анықталады.

$$\begin{aligned} R_n &= \frac{x^{n+1}}{(n+1)!} + \frac{x^{n+2}}{(n+2)!} + \dots = \\ &= \frac{x^n}{n!} \left[\frac{x}{n+1} + \frac{x^2}{(n+1)(n+2)} + \frac{x^3}{(n+1)(n+2)(n+3)} + \dots \right] \\ &= \frac{x^n}{n!} \left[\frac{x}{n+1} + \left(\frac{x}{n+1}\right)^2 + \left(\frac{x}{n+1}\right)^3 + \dots \right] \end{aligned}$$

$$R_n < \frac{x^n}{n!} \cdot \frac{x}{1 - \frac{x}{n+1}} \text{ немесе } R_n < \frac{x^n}{n!} \cdot \frac{x}{n+1-x}, \quad x = 0,15 \text{ деп алсақ, онда}$$

$R_n < \frac{0,15^n}{n!} \cdot \frac{0,15}{n+1-0,15}$ іріктеу арқылы n -нің қандай мәнінде $R_n < 0,001$ орындалатындығын анықтаймыз. Мысалы $n = 2$ десек $R_2 < 0,0006$, $x = 0,18$ деп алсақ

$$R_n < \frac{0,18^n}{n!} \cdot \frac{0,18}{n+1-0,18}$$

$n=3$ болғанда $R_n < 0,0004$. Сонда

$$e^{0,15} = 1 + 0,15 = 1,15$$

$$e^{0,18} = 1 + 0,18 + \frac{0,18^2}{2!} = 1,18 + \frac{0,324}{2} = 1,342$$

$$e^{0,16} = \frac{e^{0,18} - e^{0,15}}{0,18 - 0,15} \cdot (0,16 - 0,15) + e^0$$

$$\approx \frac{e^{0,03}}{0,03} \cdot 0,01 + 1$$

$$= \frac{e^{0,03}}{3} + 1$$

$$= 1,343485 \approx 1,343$$

2. Анықталған интегралды жуықтап есептеу

Анықталмаған интеграл және анықталған интегралдардың алғашқы функциялары элементар функциялар арқылы өрнектелмесе немесе алғашқы функцияларды табу күрделі

болған жағдайда шексіз қатарларды қолданылады. $\varepsilon > 0$ дәлдікпен $\int_a^b f(x) dx$ интегралы есептеу керек болсын. Егер интеграл астындағы $f(x)$ функциясын x дәрежесі бойынша дәрежелік қатарға жіктеуге болатын болса және $(-R; R)$ жинақталу интегралына $[a; b]$ кесіндісі кіретін болса, онда берілген интегралды есептеу үшін осы қатарды мүшелеп интегралдау қасиетін қолдануға болады.

Мысал. Мына интегралдың $y = \int_0^{0,5} x \ln(1+x^2) dx$ мәнін 0,001 дәлдікпен есептеп шығару керек. Шешуі.

$$\begin{aligned} \ln(1+x) &= x - \frac{x^2}{2} + \frac{x^3}{3} - \frac{x^4}{4} + \dots + (-1)^{n-1} \frac{x^n}{n} + \dots \\ x \ln(1+x^2) &= x \left(x^2 - \frac{x^4}{2} + \frac{x^6}{3} + \dots + (-1)^{n-1} \frac{x^{2n}}{n} + \dots \right) = \\ &= x^3 - \frac{x^5}{2} + \frac{x^7}{3} + \dots + (-1)^{n-1} \frac{x^{2n+1}}{n} + \dots \\ \int_0^{0,5} x \ln(1+x^2) dx &= \int_0^{0,5} \left(x^3 - \frac{x^5}{2} + \frac{x^7}{3} + \dots \right) dx = \\ &= \left(\frac{x^4}{4} - \frac{x^6}{6 \cdot 2} + \frac{x^8}{8 \cdot 3} + \dots \right) \Big|_0^{0,5} = \frac{1}{4 \cdot 2^4} - \frac{1}{12 \cdot 2^6} + \frac{1}{24 \cdot 2^8} + \dots \end{aligned}$$

Ауыспалы таңбалы жинақты қатардың бірнеше алғашқы мүшелерін тізбектей есептейік.

$$\alpha_1 = \frac{1}{4 \cdot 2^4} = \frac{1}{64} \quad \alpha_2 = \frac{1}{2^2 \cdot 3} = \frac{1}{768} \quad \alpha_3 = \frac{1}{2^{1+3} \cdot 3} = \frac{1}{6144} < 0,001$$

Ауыспалы таңбалы жинақты қатардың қасиетіне сәйкес интегралды 0,001 - ге дейінгі дәлдікпен есептеу үшін қатардың алғашқы екі мүшесін алу жеткілікті.

$$y = \alpha_1 + \alpha_2 = \frac{1}{64} + \frac{1}{768} = \frac{13}{768}$$

$$\text{Жауабы: } y = \frac{13}{768}$$

3. Теңдеу шешу

Мысал. $e^x - e^y = xy$ -ге қатысты шешу керек (y -тің x дәрежелері бойынша жіктелуінің алғашқы үш мүшесін табу керек).

$$e^x - e^y = xy \quad (1)$$

Шешуі. (1) теңдеу y -ті x -тің айқындалмаған функциясы ретінде анықтайды. Оның кез-келген ретті туындысы бар болады. Мұндағы y -ті x арқылы өрнектеуге болмайтындығын ескеру керек. Шешімді дәрежелік қатар түрінде іздейміз. Алдымен анықталмаған коэффициенттер әдісін пайдаланамыз.

$$e^x = 1 + \frac{x}{1!} + \frac{x^2}{2!} + \dots + \frac{x^n}{n!} + \dots, \quad (2)$$

$$e^y = 1 + \frac{y}{1!} \quad (2')$$

екені белгілі, бұл қатар бүкіл сан өсінде жинақты.

(1) теңдеудегі e^x , e^y орнына (2), (2') қойып алатынымыз,

$$1 + \frac{x}{1!} + \frac{x^2}{2!} + \dots + \frac{x^n}{n!} + \dots - \left(1 + \frac{y}{1!} + \frac{y^2}{2!} + \dots + \frac{y^n}{n!} + \dots \right) = xy \quad (3)$$

y - ті дәрежелік қатар түрінде іздейміз.

$$y = a_0 + a_1 x + a_2 x^2 + \dots + a_n x^n + \dots, \quad (4)$$

Мұндағы $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n, \dots$, әзірше белгісіз коэффициенттер (3) теңдеудегі y орнына (4) қатарды қосамыз:

$$1 + \frac{y}{1!} + \frac{y^2}{2!} + \dots + \frac{y^n}{n!} + \dots$$

x - тің бірдей дәрежелері алдындағы коэффициенттерді теңестіреміз.

Әдебиеттер

1. Қабдықайыр Қ. Жоғары математика. Оқулық Алматы.: 2005 ж. – 487 бет.
2. Ибрашев Х.И. Еркеғұлов Ш.Т. Математикалық анализ курсы. Оқулық Алматы 2014. – 183- бет.
3. А.Қ. Қазешев. С.А.Нұрпейісов. Экономистерге арналған математика. Алматы, 2011 ж. – 258б.
4. Г.М.Фихтенгоц. Математикалық анализ негіздері. – Том 2. – 53 б.

НЕКОТОРЫЕ ДЕЙСТВИЯ РАЗРЯДНОГО РЯДА

Н. Баделхан, Ф.Х. Вильданова

Чаще всего математика необходима для обработки результатов, полученных из практики. Возникновение и развитие ЭВМ подняли вычислительную функцию математики в науке на высшую ступень. Мы находим определенную практическую закономерность с математической обработкой практических результатов. Например, замены Кулон, Паскаль, Кеплер и т.д. законы были найдены таким образом. В расчетной практике зачастую приходится выполнять приближенные расчеты.

С помощью рядов можно вычислить приближенное значение логарифмов, корней разной степени, тригонометрических функций, решение уравнений в приведенном виде, дифференциальных уравнений. В данной статье мы будем объяснять конкретные примеры того, как можно использовать бесконечные ряды для вычисления приближенных значений определенного интеграла некоторых функций и решения уравнения.

Ключевые слова: Степенные ряды, приближенное вычисленное, значение функции в точке, значение точки определенного интеграла, приближенное значение определенного интеграла, приближенное исчисление обыкновенного дифференциального уравнения.

SOME OF THE ACTION BIT OF THE SERIES

N. Badelkhan, F. Vildanova

Most often, mathematics is needed to process the results obtained from practice. The emergence and development of computers raised the computational function of mathematics in science to the highest level. We find a certain practical regularity with the mathematical processing of practical results. For example, Coulomb, Pascal, Keillor, etc. laws would have been found this way. In computational practice, it is often necessary to perform approximate calculations.

With the help of series, you can calculate the approximate value of logarithms, roots of different degrees, trigonometric functions, the solution of equations in the near form, differential equations. In this paper, we will explain specific examples of how you can use unbounded series for the purpose of approximating a certain integral order when approximating the values of a function.

Key words: Power range, approximate calculation, function value point, approximate value of defined definite integral, approximate calculation of ordinary differential equations.

МРНТИ: 65.53.29

О.Д. Белозерцева¹, Л.К. Байболова¹, С.С. Альберто², Р.А. Изтелиева¹

¹Алматинский технологический университет

²Университет Сантьяго де Компостела, Испания, г. Луго

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ФРУКТОВОЙ ПАСТИЛЫ ПО ПИЩЕВОЙ ЦЕННОСТИ ОТНОСИТЕЛЬНО БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ ДИАБЕТЕ

Аннотация: В статье рассмотрена сравнительная характеристика качества фруктовой пастилы по пищевой ценности, отвечающие требованиям пищевой безопасности. Сравнительная характеристика качественных показателей пищевой ценности, позволили установить, что данное исследование показывает действительную пользу продуктов регламентирующих себя как натуральные и полезные на примере пастилы и выявит опасные факторы и нормы употребления подобных продуктов для людей страдающих сахарным диабетом. В исследуемую пастилу фруктовую попадают усвояемые углеводы с фруктово-ягодным пюре – это сахароза, глюкоза, фруктоза, а из неусвояемых это пектин.

Проведенные анализы готовой продукции свидетельствуют о соответствии требованиям пищевой ценности, а также более низкой себестоимости продукта по сравнению с его аналогами.

Ключевые слова: пищевая ценность, пастила, диабет, углеводы, исследование, качество.

Не мало важным показателем безопасности пищевого продукта относительно индивидуальных особенностей является оценка его пищевой и энергетической ценности.

При оценке физиологической роли пищевой продукции различают ее пищевую и энергетическую ценность.

Пищевая ценность – совокупность свойств пищевого продукта, при наличии которых удовлетворяются физиологические потребности человека в необходимых веществах и энергии.

Энергетическая ценность – (калорийность) пищи характеризует долю энергии, высвобождаемой в организме человека из пищевых веществ продуктов питания для обеспечения его физиологических функций [1].

Целью исследования является выявление опасных факторов на всей стадии жизненного цикла продукта – пастилы без сахара.

Задачами исследования является анализ процессов происходящих в продукте, выявление опасностей, описание опасностей со всеми положительными и отрицательными исходами.

Объекты и методы исследования

Как пример рассмотрим самые распространенные типы пастилы фруктовой, основываясь на ее состав.

Пастила фруктовая без сахара содержит следующие ингредиенты:

1 тип – апельсины, яблоки, фруктоза, пектин (либо желатин);

2 тип – клюква, яблоки, фруктоза, пектин (либо желатин);

3 тип - яблоки, фруктоза, пектин (либо желатин);

4 тип – груша, яблоки, фруктоза, пектин (либо желатин);

5 тип – банан, клубника, яблоки, фруктоза, пектин (либо желатин);

Исходя из содержимого продукта будем рассматривать и формировать пищевую и энергетическую ценность. Был проведен анализ рынка Республики Казахстан и России и собрана информация по альтернативным продуктам. Исходя из проведенного анализа самым популярным весом для подобного продукта оказался вес в 35 грамм. Расчет будет производиться на 35 грамм продукта.

Апельсины: в 35 граммах продукта содержится 26 грамм апельсина, в таблице 1 приведен расчет пищевой ценности на 26 грамм апельсина в продукте. Суточная норма апельсина составляет 73 грамма [2].

Таблица 1 – Исследование пищевой ценности на 26 грамм апельсина в продукте

№	Пищевой компонент	Содержание в порции, гр	Норма, гр	Процент от нормы, %
1	Белки	0,2	82	0,2
2	Жиры	0,1	65	0,2
3	Углеводы	2,1	128	1,6
4	Калории	11,2 кКалл/46,8 кДж		

Яблоки: в 35 граммах продукта содержится 26 грамм яблок, в таблице 2 приведен расчет пищевой ценности на 26 грамм яблок в продукте. Суточная норма яблок составляет 73 грамма [2].

Таблица 2 – Исследование пищевой ценности на 26 грамм яблок в продукте

№	Пищевой компонент	Содержание в порции, гр	Норма, гр	Процент от нормы, %
1	Белки (г)	0.1	82	0.1%
2	Жиры (г)	0.1	65	0.2%
3	Углеводы (г)	2.5	128	2%
4	Калории	12,2 кКалл/51 кДж		

Пектин: в 35 граммах продукта содержится 1 грамм пектина, в таблице 3 приведен расчет пищевой ценности на 1 грамм пектина в продукте. Суточная норма потребления пектиновых веществ от 4 до 10 гр в сутки. Если вы проживаете в зоне с повышенной радиацией или работаете на вредном производстве, то рекомендованное количество пектина в день увеличивается до 15 грамм [3].

Таблица 3 – Исследование пищевой ценности на 1 грамм пектина в продукте

№	Пищевой компонент	Содержание в порции, гр	Норма, гр	Процент от нормы, %
1	Белки (г)	0	0	0
2	Жиры (г)	0	0	0
3	Углеводы (г)	0,9	4	22,5
4	Калории	3,36 кКалл/14 кДж	0	0

Фруктоза: в 35 граммах продукта содержится 16 грамм фруктозы, в таблице 4 приведен расчет пищевой ценности на 16 грамм фруктозы в продукте. Рекомендуемая суточная норма фруктозы – 40 грамм [4].

Таблица 4 – Исследование пищевой ценности на 16 грамм фруктозы в продукте

№	Пищевой компонент	Содержание в порции, гр	Норма, гр	Процент от нормы, %
1	Белки (г)	0	0	0
2	Жиры (г)	0	0	0
3	Углеводы (г)	15,97	-	-
4	Калории	63,84 кКалл/267 кДж	-	-

Результаты и их обсуждения

Проведенное исследование показало то, что самым калорийным продуктом в составе конфет фруктовых без сахара является фруктоза. Регулирование содержания фруктозы в продукте можно достичь необходимого результата.

Итоговый подсчет углеводов. Для удобства подсчета углеводов существует универсальная единица измерения углеводосодержащей пищи – хлебная единица (ХЕ), равная 10-12 г чистых углеводов. Для средне точного вычисления возьмем 11г чистых углеводов.

Формула 1 Количество ХЕ в 100 граммах продукта

$$63/11 = 5,7 \text{ ХЕ}$$

Формула 2 Количество ХЕ в 35 граммах продукта

$$22/11 = 2 \text{ ХЕ}$$

В Таблице 5 будут представлены сводные цифры по калорийности продукта.

Таблица 5 – Результаты по калорийности продукта

№	Пищевой компонент	35 г	100 г
1	Белки (г)	0,3	0,9
2	Жиры (г)	0,2	0,6
3	Углеводы (г)	22	63
4	Пищевая и энергетическая ценность	90,6 кКалл	258 кКалл

При инсулиннезависимом сахарном диабете клетки перегружены жиром, поэтому инсулин не может помочь сахару попасть в клетку. Необходимо снизить массу тела, тогда клетки освободятся от лишнего жира и восстановят чувствительность к инсулину.

Аңдатпа: Мақалада жент өнімінің сапасын жақсарту үшін қосылған тұт жемісінің биологиялық құндылығын зерттеу қарастырылады. Біз күнделікті қолданатын өнімнің қаншама тиімді деген сұрақты үнемі қоямыз. Өзіміз үйреніп қалған жеміс пен көкөністерді, біздің тамақ рационымыздың қажетті бір бөлігі болып қалған: олар өте дәмді, құндылығы жоғары және сонымен бірге өте тиімді. Күнделікті тамақ тізбегін дұрыс құру үшін және қандай өнім біздің ағзамызға қалай әсер ететінін білу үшін оның қасиеттерімен танысу керек. Осындай өнімдердің бірі мүлдем алмастырылмайтын тұт ағашының жемісі болып табылады. Тұт ағашының жемісі – бір қатар емдік қасиетке ие және құндылығы жоғары жеміс болып табылады. Тұт ағашының жемісінің екі түрі болады: (ақ түсті) және қара түсті. Тұт ағашының ақ жемісі (*Morus alba*) қара түстіге қарағанда жиі өседі және біздің Оңтүстік Қазақстан облысының өңірлерінде көптеп кездеседі. Ақ тұт ағашы қабығы ақшыл тегіс, ал жемістері қара тұт жемісіне қарағанда тәттірек. Ақ тұт жемісінің өлшемдері, қара түстіден үлкенірек. Орнатылғандай, 100 г тұт жидегін тұтынған кезде адам ағзасына бір тәулікке қажетті 20% тағам талшықтарымен, 30% пектинді заттармен және 50% инулинмен қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: антиоксиданттық қасиеттері, экстракт, тұт жемісі, емдік қасиеттері, өнімдер, жент, аскорбин қышқылы, тағамдық талшықтар.

Салауатты тамақтану (салауатты емдәм ағылшын. healthydiet) дегеніміз – адамның қалыпты өсуін, дамуы мен тіршілік қызметін қамтамасыз ететін, денсаулығын нығайтуға және аурулардың алдын алуға ықпал ететін тамақтану.

Салауатты тамақтану формуласы – тең мәнді үш бөліктен тұрады: экономикалық мүмкіндіктер, тағам өнімдерінің асортименті және тиімді тамақтану мәселелері бойынша білім деңгейі.

Салауатты тамақтану организмнің энергетикалық қажеттіліктері мен қоректік заттардың үйлесімді түсуін қанағаттандыруға бағытталған [1-7].

Организмнің энергетикалық қажеттіліктері бірқатар факторлармен анықталады, мысалы, тұқым қуалау, дене белсенділігі, қоршаған ортаның температурасы. Организмнің энергетикалық қажеттіліктерінің жынысқа қатысты айырмашылықтары болады. Күйзелістер, жүктілік энергетикалық қажеттіліктерді өзгертеді.

Организмге қажетті қоректік заттарды (нутриенттерді) бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Мол мөлшерде болатын макронутриенттер: ақуыздар, майлар, қанттар;
2. Аз мөлшерде болатын микронутриенттер: дәрумендер, минералдық заттар;
3. Тағамдық талшықтар – целлюлоза, пектиндер және т.б.;
4. Су;

5. Факультативтік заттар (тағам құрамынан болуы міндетті емес): биофлавоноидтар, полифенолдар және т.б.

Организм үшін түрлі қоректік заттардың маңызы толығырақ төменде қарастырылады.

Организмнің қоректік заттарға қажеттілігі генетикалық факторлармен анықталады және жасқа, дене жүктемесіне, т.б. факторларға байланысты өзгереді. Сондықтан, ұсынылатын қоректік заттарды тұтыну деңгейлері көрсетілген кезкелген кестелерді тек жалпы бағдарлық ретінде қарастыруға болады, себебі, жеке адамның қоректік заттарға қажеттіліктерін нақты анықтау мүмкін емес. Осыған сай, салауатты тамақтану мейлінше алуан түрлі болуы қажет.

Салауатты тамақтанудан өзгеше кезкелген ауытқуды салауатты емес тамақтану деп атауға болады [8,9].

Тағамдық талшықтар

Химиялық құрылысы бойынша тағамдық талшықтар көмірсуларға жатады. Тағамдық талшықтар аш ішек пен тоқ ішектің қимылын ынталандырады. Тағамдық талшықтарға бай азық құрамында талшығы аз азық түрлеріне қарағанда көбірек және мұқият шайнауды қажет

етеді. Асқазанда тағамдық талшықтар ісініп, тойымдылық сезімінің тез қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан, рационда тағамдық талшықтар мөлшерін арттыра отырып калорияларды шектеу жеңілге түседі.

Эпидемиологиялық зерттеулер көрсеткендей, тағамдық талшықтарға жататын пектиндер тағамнан кейін глюкоза деңгейін төмендетеді. Пектиндердің қандағы ХС деңгейін азайтуы туралы шектеулі деректер бар.

Бірқатар еңбектерде тарының тағамдық талшықтарының, әсіресе, жарма түріндегі, холестерин деңгейін, атеросклероз дамуы мүмкіндігін төмендетуге көмектесетіндігі көрсетілген. Тағамдық талшықтарды аз тұтыну жүрек-қантaмыр ауруларының даму қаупінің факторы ретінде қарастырылады.

Тағамдық талшықтарға бай азықтан минералдық заттектер жақсырақ сіңіріледі. Дақылдар талшықтарының құрамына кіретін фитин қышқылы темір мен мырыштың сіңімділігін арттырады. Фитин қышқылының мөлшері аспаздық өңдеуде, қамырдың ашытылуында артуы мүмкін. Тағамдық талшықтар тоқ ішектің қатерлі ісігінің қаупін азайту факторы ретінде қарастырылады [10].

Зерттеу әдістері.

Өнімдегі ылғалдылықтың мөлшерін 100-105⁰С температурада кептіру шкафында қалыпты массаға дейін аспаны кептіру арқылы анықтадық (Мест 8756.2-82 «Тағамдық өнімдер. Құрғақ заттарды және ылғалдылықты анықтау әдісі») [11-13]. Су мөлшеріне маңызды деңгейде өнімнің тауарлық қасиеттері, оның сақтау кезіндегі тұрақтылығы, тағамдылығы және т.б. байланысты.

Ылғалдылықты анықтаудың әртүрлі әдістері қолданады. Кептіру әдісі (МЕСТ 9793-74) [11] ең кен тараған және универсальді.

Аскорбин қышқылын титрометриялық әдіспен анықтау


Әдіс қышқыл ерітіндісімен (тұз, үшхлорлы, қымыздық, метафосфорлы немесе сірке және метафосфор қышқылының қоспасы) АҚ экстракциялаумен, келесіде ақшыл-қызғылт ренге дейін немесе потенциометрлік көз мөлшерімен титрлеумен негізделген.

Зерттеу нәтижелері.

Тұт жидегінің химиялық құрамын анықтадық.


Талдау жұмыстарын жүргізгеннен кейін орнатылғандай, тұт жидегінің құрамында еритін құрғақ заттарды мөлшері (18,9-22,0%), қант (9-10,7) және аскорбин қышқылы (20,9-25,9%). Тұт құрамындағы қант құрылымының 91%-ы дисахарид және 9% моносахарид.

Осы жидек құрамындағы ерекше жоғары биологиялық белсенді қасиеттердің көрсеткіштері анықталды – бұл жоғар мөлшерде тағам талшықтары (4,7-5,3%), пектинді заттар (1,17-1,31%) және инулин (4,8-5,4%) (сурет 1).



Сурет 1 – Тұт жидегінің құрамындағы биологиялық белсенді заттардың құрамы

Орнатылғандай, 100 г тұт жидегін тұтынған кезде адам ағзасына бір тәулікке қажетті 20% тағам талшықтарымен, 30% пектинді заттармен және 50% инулинмен қамтамасыз етеді (сурет 3).



Сурет 2 – 100 г тұт жидегінің адам ағзасына бір тәулікке қажетті тағам талшықтарымен және инулинмен қамтамасыз етуі

Тұт жидегінің макро-және микроэлементтің құрамын зерттеу нәтижесінде байқалғандай, қара тұт жидегі мен ақ жидегінің құрамындағы магний, кальций, калий, мыс, темір, цинк бойынша өзгешіліктер байқалды (кесте 1).

1 кесте – Тұт жидектерінің құрамындағы макро-және микроэлементтердің мөлшері

Жеміс сорты	Микроэлементтер, мг/100гр			Макроэлементтер, мг/100г			
	Мыс	Цинк	Железо	Натрий	Магний	Кальций	Калий
Ақ тұт	1,57	5,66	4,1	11,1	292	1024	2115,3
Қара тұт	1,44	5,83	3,6	23,8	244	622	1941,8

Тұт жидегінің сорттары бойынша калий 1941,8-2115,3 мг/100гр аралықта болады. Ақ тұт жидегінде калий мөлшері жоғары 2115,3. Сонымен бірге ақ тұт құрамында кальций мен магний мөлшері бойынша да көрсеткіші жоғары.



Сурет 3 – Тұт қосылған жент

Заманауи нарық шарттарында кондитрлік саладағы келешегі зор бағыттың бірі дәстүрлі емес аса арзан шикізат қолдану болып табылады. Өндірісте өсімдік майлары секілді шикізат түрлері, сонымен қатар ертеде қолданбаған әртүрлі композитті қоспалар, қант алмастырушалар қолданылуда. Ережеге сай, кейбір дәстүрлі емес шикізаттар тамақ және биологиялық құндылықты жоғарлатуы мүмкін.

Қорытынды. «Дәстүрлі емес» терминіне біріктірілген жаңа шикізат түрлерін қолдану, женттің тамақ құндылығын жоғарлатуға мүмкіндік береді, оның физико-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін жақсартады, жаңадан дайындалған өнімнің сақталу мерзімін ұзартады.

Әдебиеттер

1. Тизул А.Я. Здоровье здорового человека. – М.: Советский спорт, 2004. – 78 с.
2. Иванова Г.В. и др. Рец.: Е.И. Прахин, Е.А. Теппер: Кулинарные зарисовки о здоровом питании. – Красноярск: Поликом, 2007. – 96 с.
3. Шелковичное дерево // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и доп.). – СПб., 1890–1907.
4. Zhao Weiguot et al. Филогенетика рода *Morus*. // African Journal of Biotechnology. – 2005. – Vol. 4(6). – P. 563-569(англ.)
5. Похлёбкин В. В. Казахская и киргизская кухня // Национальные кухни наших народов.
6. Яшин Я.И., Рыжнев В.Ю., Яшин А.Я., Черноусова Н.И. Природные антиоксиданты. Содержание в пищевых продуктах и влияние их на здоровье и старение человека. М.: Просвещение, 2005. – 45 с.
7. Государственная фармакопея Российской Федерации. – XIII издание. – Т. 2. – М.: Медгиз, 2015. – С. 118-123.
8. Lertittikul W. Characteristics and antioxidative activity of Maillard reaction products from a porcine plasma protein–glucose model system as influenced by pH / W. Lertittikul, S. Benjakul, M. Tanaka // Food Chemistry. – 2007. – Vol. 100, N 2. – P. 669-677.
9. Путилина Ф.Е., Галкина О.В., Дуже Г.П., Ещенко Н.Д. Свободнорадикальное окисление. – СПб.: Издание Санкт-Петербургского университета, 2007. – 55 с.
10. Пашенко Л.П. Кульнева Н.Г., Демченко В.И. Новые дополнительные ингредиенты в технологии хлеба, кондитерских и макаронных изделий / Воронеж: ВГТА, 1999. – 87 с.
11. ГОСТ 9404 Мука и отруби. Метод определения влажности.
12. ГОСТ 27493-87 Мука и отруби. Метод определения кислотности по болтушке.
13. ГОСТ Р 52349-2005. Продукты пищевые. Продукты пищевые функциональные. Термины и определения. – М.: Изд-во стандартов, 2005.

ИССЛЕДОВАНИЕ БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ ПЛОДА ТУТОВОГО, ДОБАВЛЕННОГО ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЖЕНТНОЙ ПРОДУКЦИИ

Ж.Р. Елеманова, А.Ж. Ашир, Ш.Б. Тасыбаева, Р.Э. Айткулова

В статье рассматривается исследование биологической ценности плода тутового, добавленного для улучшения качества жентной продукции. Мы постоянно задаем вопрос о том, сколько продуктов, которые мы используем ежедневно. Фрукты и овощи, которые мы привыкли,

стали необходимой частью нашего рациона питания: они очень вкусные, ценностные и в то же время очень эффективны. Для того, чтобы правильно создать ежедневную пищевую цепочку и узнать, как какой продукт влияет на наш организм, необходимо ознакомиться с его свойствами. Одним из таких продуктов является плод совсем незаменимого тутового дерева. Плоды тутового дерева – плоды, обладающие рядом лечебных свойств и обладающие высокой ценностью. Плоды тутового дерева имеют два вида: (белого цвета) и черного цвета. Белый плод тутового дерева (*Morus alba*) растет чаще, чем черный, и встречается в нашей Южно-Казахстанской области. Кора белого тутового дерева светло-гладкая, а плоды более сладкие, чем плоды черного цвета. Размеры плода белого цвета выше черного цвета. Как установлено, при потреблении 100 г тутовых ягод организм человека обеспечивает 20% пищевых волокон, 30% пектиновых веществ и 50% инулином, необходимых на сутки.

Ключевые слова: антиоксидантные свойства, экстракт, тутовый плод, лечебные свойства, продукты, жент, бифидобактерия, пребиотик, пробиотик, каротин.

RESEARCH OF THE BIOLOGICAL VALUE OF MULBERRY FRUIT FOR THE ADDITION TO A PRODUCT “ZHENT” FOR IMPROVEMENT OF ITS QUALITY

Zh. Elemanova, A. Ashir, Sh. Tassybayeva, R. Aitkulova

*This article deals with the research of the biological value of mulberry fruit for the addition to a product “zhent” for improvement of its quality. How often do we ask the question how useful substances or other products that we eat regularly. Habitual for us fruits and vegetables, which can be found at every turn have become an integral part of the diet: they are delicious, nutritious and at the same time useful. To properly prepare a daily menu and know what impact on our body has a product, you need to know their properties. One of these products, it would seem unremarkable, but as it turned out, almost indispensable, is a mulberry. It has a number of medicinal properties. Mulberry has two types: white and black. White mulberry (*Morus alba*) is much rare than the black one and grows in South Kazakhstan region. The tree of white mulberry is covered with bright smooth bark, and berries have a sweet taste than the berries of black mulberry, which bark is rough and dark. White mulberry rarely reaches a large size, which is not appeared in the black mulberry. As established, when consuming 100 g of mulberry berries, the human body provides 20% of dietary fibers, 30% of pectin substances and 50% inulin, required for a day.*

Key words: antioxidant properties, extract, mulberry, medicinal properties, products, jent, ascorbic acid, alimentary fiber.

FTAХР: 62.01.91

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Қудасова, Р.А. Абилдаева, Т.Б. Датқаш

М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

ЕКІНШІЛІК СҮТ ШИКІЗАТ КОНЦЕНТРАТЫНАН ІРІМШІКТІ СҮЗБЕ АЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа: Мақалада екіншілік сүт шикізат концентратынан ірімшікті сүзбе алудың алғышарттары қарастырылады. Ақуыз бен май мөлшері, дәрумен мен кальций, фосфор және магний тұздары концентрациясының жоғары болуы ірімшіктің тағамдық құндылығын жоғарлату шартты болып табылады. Ірімшіктің нақты шамадағы бөлігі адам ағзасымен оңай сіңіріледі. Сонымен қатар, ірімшік ақуызында нақты шамада мөлшерде барлық алмастырылмайтын аминқышқылдары бар. Ақуызы жоғары өнімдерді (ірімшік және сүзбе) өндірісінің дәстүрлі процесі сүттің ақуызды-майлы бөлігін концентрлеуден және осы компоненттерді қосылыстарға тасымалдаудан тұрады. Бұл өнімнің ерекше физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштеріне негізделеді: казеинат сүзбенің құрылымды матриксін түзеді, ал май оған белгілі текстурамен, дәм мен иіс береді. Минералды заттар құрылымына нақты шамада әсер етеді, ал лактоза сүтті қышқыл бактериялардың ферментациясына арналған қажетті субстрат болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген өндірістерде бастапқы сүт шикізатын толығымен бөлі үшін ультрасүзгілеу және микросүзгілеу әдістері қолданылады. Біз өзіміздің жұмысымызда бастапқы сүт шикізаттырын ары қарай құраушы комбинирленген компоненттер бөлу үшін осы екі әдісті қолдандық. Микросүзгілеу және ультрасүзгілеу сепарационды процесстер болып табылады, бұл жерде қысым арқылы түйіршікті полимерлі немесе бейорганикалық материалдарды қолданумен іске асырдық.

Түйін сөздер: екіншілік шикізаттар, ірімшікті сүзбе, тағам өнеркәсібі, сүт өнімдері, микросүзгілеу, ультрасүзгілеу, органолептикалық көрсеткіштер, реологиялық көрсеткіштер.

Заманауи тағам өнеркәсібінде өзекті бағыттардың бірі тамақтану гигиена талаптарын ескере отырып, биологиялық толық жетілген жоғары сапалы өнімдердің рационалды технологиясын құру болып табылады [1-3].

Жыл сайын сүзбелі ірімшікті тұтыну дәстүрлі ірімшік өндірісі дамыған мемлекеттермен бірге, сондай-ақ ірімшікті күнделікті тамақтану рационында қолданбайтын мемлекеттерде жоғарлауда [4].

Ақуыз бен май мөлшерінің, дәрумен мен кальций, фосфор және магний тұздарының концентрациясының жоғары болуы ірімшіктің тағамдық құндылығын жоғарлату шартты болып табылады. Ірімшіктің айтарлықтай бөлігі адам ағзасымен оңай сіңіріледі. Сондай-ақ ірімшік ақуызында айтарлықтай мөлшерде барлық алмастырылмайтын аминқышқылдары бар [5].

Ірімшіктер арасында өзгеше орын алатынын жұмсақ ірімшіктер. Жұмсақ ірімшіктердің пісіп-жетілуі кезінде ағып өтетін, биохимиялық процестер нәтижесінде, пептидтер мен амин қышқылдар түзіледі, бұл өнімге диеталық қасиет береді [6].

Сүт өндіру саласының заманауи қалпы қаражатты шығыны аз және шикізатты барынша үнемдеп қолданатын ірімшік өндірістер санын жоғарлату қажеттілігін анықтайды [7,8].

Зерттеу әдістері

Құрғақ өнімдердің массалық үлесін анықтау әдісі

Тездетіп кептіру әдісімен ылғалдылықты анықтау

Апараттар, реактивтер және өнімдер: диаметрі 40-50мм-ді құрайтын шыны және металды бюкс, биіктігі 40-50 мм; зертханалық таразы; 150° С құрайтын техникалық шыны термометр; электрлі кептіру шкафі; эксикатор; кальций хлористы техникалық; 1,84 г/см³ тығыздықты құрайтын серная қышқылы; 55-60 мм шыны таяқшалар; тазартылған құм; тигельді қысқыш.

Жұмыстың орындалу тәртібі

Таза бос бюксқа 5-10 г таза құмды және шыны таяқшаны кептіріп қақпағмен ашық күйде 30 мин аралығында кептіргіш шкафта 130° С температурада кептіреді, суығаннан кейін эксикаторға салып өлшейді.

Аналитикалық пробадан кептірілген бюкске 5 г сынама алады.

Ашық бюксті сынамамен қоса қақпағымен кетіру шкафына 140-145°С салады. Шкафтың температурасын бюксті орналастырғаннан кейін 130°С дейін жоғарылатад, бұл әдісті 10 мин жүргізеді.

Кептіру ұзақтығы 130±2°С температураға орналастырылады: балалар тағам өнімінің және сүт өніміең кептіру ұзақтығы 40 мин; ал басқа қоспаларға 45 мин.

Кептіргеннен кейін сынамамен бюксті кептіру шкавынан тигелді қысқыш көмегімен алым бетін жабады да эксикаторда суытып оны қайта өлшейді кемшілігі ± 0,01 г. артық болмау қажет

Ақуыздың мөшерін анықтау

0,4 см³ ақуыз ерітіндісіне 2 см³ тәжірибелі ерітіндіден қосады. Қоспаны араластырады және 10 мин кейін 0,2 см³ Фолин ерітіндісін құяды. Бояу интенсифтігін ФЭК-56 М қызыл ашық филтрде 30мин кейін анықтайды.

Колибрлі қисық 100 мг таза ақуыздың құрылымы үшін 0,1н NaOH 100 см³ ерітіндіде ерітеді. 9 өлшеуіш колбаға ақуыз ерітіндісін 0,5 см³ мөлшерде 1 до 8 см³ құяды. Колбадағы ерітіндіні судың өлшеміне дейін жеткізіп араластрады және әрбір колбадан 0,4 см³ ақуыз алынады.

Колориметрлі әдіс бойынша ақуызды анықтау

Апараттар, реактивтер және материалдар.

1см³ сүт ерітіндісін шынылы пробиркаға орналамтырып 20 см³ бояғышты ерітіндісін құяды және пробирканы рэзенкелі тығынмен жауып пробирканы 2 ден 10-ға дейін айналдыра отырып араластырады.

Пробирканы центрфугаға орналастырады және айнаклымы 1000 об/мин 20 мин аралығында центрфугалайды.

1 см³ болатын пипеткамен сұйықтықты алып сыйымдылығы 50 см³ болатын өлшеуіш колбаға орналастырады, колбаны өлшеміне дейін сумен толтырады. Бұл ерітіндіні аналитикалық тәсіл бойынша 50 рет араластырады.

Зерттеу нәтижелері

Екіншілік сүт шикізат концентратынан ірімшікті сүзбе алудың алғышарттары.

Сүт өнімдерінің түрлерін кеңейтуде перспективті бағыт, әсіресе ірімшікті сүзбе өндірісінде екіншілік сүтті шикізат концентратын қолдану болып табылады.

Ақуызы жоғары өнімдерді (ірімшік және сүзбе) өндірісінің дәстүрлі процесі сүттің ақуызды-майлы бөлігін концентрлеуден тұрады және осы компоненттерді қосылыстарға тасымалдау, бұл өнімнің ерекше физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштермен шартталады: казеинат сүзбенің құрылымды матриксін түзеді, ал май оған белгілі текстурамен, дәм мен иіс береді. Минералды заттар құрылымына айтарлықтай әсер етеді, ал лактоза сүтті қышқыл бактериялардың ферментациясына арналған қажетті субстрат болып табылады.

Ірімшік өндірісінде сүт компоненттерін концентрлеу сүтті энзиматикалық, қышқылды, қышқылды-энзиматикалық әдістермен коагуляциялайды немесе ақуызды термоқышқылды әдіспен тұндырады. Осылайша, ірімшікті өндірісінде қажетті стадия сүтті коллоидты фазамен тұрақтандыру және оны дисперсті орта бөлігінен бөліп алу болып табылады.

Ірімшік өндірісінде дәстүрлі әдістен өзгеше біз басқа тәсіл таңдадық – майсыздандырылған сүт компоненттерін ультрасүзгілеумен концентрлеу және сүзбе сарысуын – құрғақ зат түзілгенше микросүзгілеу.

Ірімшікті сүзбе өндірісінде осындай әдісті қолданумен түзілетін қоймалжың, өзінің қасиеті бойынша ол қышқылды қоймалжыңға ұқсас, ал алынатын өнімнің сапасы – сүтті қышқылды ірімшікке ұқсас.

Концентрат қоспасында ақуыздың мөлшері жоғары болуы, ортаның буферлі көлемінің жоғарлау есебінен ірімшікті сүзбені өңдеуде сүтті қышқыл процесін интенсификациялауға септігін тигізеді. Буферлі көлемнің жоғарлауы коллоидты фосфатты кальциймен концентрлеу нәтижесі болып табылады, ол мицеллиі казеинімен байланысқан және ол казеин секілді, сол деңгейде концентрленеді. Қоспада сарысу ақуыздарының концентрациясының өсуімен гель құрылымының кеңістігінің түзілу процесі және түзілу ұзақтығы, ферментті ендірген кезде қоймалжың (2,5-3,0) есе интенсифицирленеді. Қоймалжыңға сарысу ақуыздарын ендірген кезде ылғалдылықты жоғары мөлшерде ұстап қалу қабілеттінің есебінен оның құрамындағы физика-химиялық байланысқан ылғал көлемін жоғарлатады. Сарысу ақуыздарын аса толығымен бөліп алу, тұрақты ақуызды глобулдың бір қатар факторларына байланысты: белгілі зарядтың және гидратты қабықшаның болу салдыранын бөлшектердің конформациясы. Ақуыздарды бөліп алу үшін көрсетілген екі фактордың тепе-теңдігін бұзу керек, бұл көбінесе жылы денатурацияда іске асырылады. Сүтті сарысуды жылумен өңдеу кезінде белгілі режимдерде, казеин мен ақуыз сарысуның арасында кешенді түзілу іске асыралады. Сарысу ақуызының әртүрлі фракциялары әртүрлі термоқалыптылықпен және температураға тәуелді денатурация жылдамдығымен ерекшеленеді.

Осы жүйкелердің барлығын сүтте қолдануға болатындықтан, мынаны пайымдауға болады, казеин мен сарысу ақуыздарын, ірімшік сарысуын пастеризациялау температурасы $(86 \pm 2)^{\circ}$ және 20 секунд ұстап тұру жеткілікті. Осылайша, ірімшік сарысуын құрайтын бағалы ақуызды аса толық көлемде бөліп алып және ары қарай қолдануға мүмкіндік береді.

Осы әдіспен өңделіп шыққан ірімшік сүзбесі, оның құрамына сарысу ақуыздарын ендіру есебінен биологиялық құндылығын жоғарлатады; шикізаттың бағалы компоненттерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді, ылғал мөлшері жоғары; ірімшік өндіріс процесінің еңбек ресурстарын, энергетикалық шығындарды және өндіріс аудандарын (жетілу камерасын алып тастау есебінен) барынша азайтады.

Қазіргі уақытта көптеген өндірістерде бастапқы сүт шикізатын толығымен бөлі үшін ультрасүзгілеу және микросүзгілеу әдістері қолданылады. Біз өзіміздің жұмысымызда бастапқы сүт шикізаттырын ары қарай құраушы комбинирленген компоненттер бөлу үшін осы екі әдісті қолдандық.

Микросүзгілеу және ультрасүзгілеу сепарационды процестер болып табылады, бұл жерде қысым арқылы түйіршікті полимерлі немесе бейорганикалық материалдарды қолданумен іске асырдық.

Зертханада осы екі сүзгілеудің балама түрін пайдаландық.

Ашымқы мөлшерінің қышқылды-мәйектің үю процесіне әсер етуін зерттеу

Ірімшікті сүзбелер өндірісінде аса маңызды параметрлердің бірі, оның сапалы физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерінің түзілуіне әсер ететін ашықтылар болып табылады.

Ірімшік өндірісінде қолданатын дәстүрлі микроағзаларға жатады: *Lactococcus lactis*, *Lactococcus cremoris*, дәм мен иіс беретін *Lactococcus diacetylactis*; *Streptococcus thermophilus*; *Leuconostoc lactis*, *Leuconostoc cremoris*, *Leuconostoc dextranicum*; мезофилді сүтті-қышқылды таяқшалар *Lactobacterium plantarum* және *Lactobacterium casei*; термофильді сүтті қышқылды таяқшалар *Lactobacillus lactis* и *Lactobacillus helveticus*.

Дәм мен иіс беретін стрептококстар қышқыл түзетіндерден өзгешілігі ол лимонды қышқылды және оның тұздарын көмірқышқылды газдардың түзілумен ашытуға қбілетті. *L. lactis* және *L. cremoris* стрептококстар 95 %-ға дейін глюкозаны сүтті қышқылға дейін ашытады. Иіс пен дәм беретін стрептококстарды жоқ бактериалды ашытқылады қолдану кескіні жоқ ірімшік алуға соқтырады, көбінесе қышқылдылығы жоғары және консистенциясы бір қалыпсыз. Ал ашытқы құрамынан *L. lactis*, *L. cremoris* бөліп алғанда, оның белсенділігі төмендейді, бұл артық дамыған кескіндердің түзілуіне әкелу мүмкін және бөтен микрофлораның түзілуіне әкеледі.

Жұмсақ, сонын ішінді ірімшікті сүзбелерде басты аспект дайын сүзбедегі кескіндердің болмауы болып табылады. Өйткені кескіннің түзілуіне мұнда газ түзетін микроағзалар жауапты немесе олардың ашытқы микрофлора құрамында барынша аз мөлшерде болу керек, ашытқы таңдау басты мәселе бола келе, сондықтан сүзбе өндірісіне арналған ашытқыны қолдану дұрыс шешім дегенге келдік. Оның құрамына мезофильді сүтті қышқылды лактокок (*Lactococcus lactis*, *Lactococcus cremoris*, *Lactococcus diacetylactis*) культураны кіреді.


Ірімшікті сүзбе өндірісінде қолданатын ашытқы культуралардың дамуын зерттеу бойынша зерттеу жұмыстарын ультрасүзгінді майсыздандырылған сүтті концентраттың қоспасында және ірімшікті сарысуының микросүзілген концентратта жүргізілді, сәйкесінше 70:30 қатынасында. Қоспаның майлылығы 20% құрайды.

Құрғақ заттардың массалық үлесі (30-31)% зерттеліп жатқан қоспаны тәжірибелі пастеризациялы-салқындатқыш қондырғысында пастеризацияладық. Бұл жерде кермекті өнімдерді (78±2) температурада пастеризациялап және ашытқыны (32-35)°C температурасында салқындатты.

Ашытқы қоспасы (2-5)% аралықта болды (кесте 1 және сурет 1).

1 кесте – Үлгілердің физика-химиялық және реологиялық көрсеткіштері

Ашытқы мөлшері, %	Ашыту ұзақтығы, сағ								Динамикалық кермектілігі, мПа*с	Синерезис, мл
	1	2	3	4	5	6	7	8		
	Белсенді қышқылдығы, рН									
2	6,51	6,14	5,96	5,65	5,43	4,80	4,44	4,35	9460	1,0
3	6,51	6,05	5,90	5,56	5,12	4,88	4,41	4,21	9480	1,4
4	6,51	5,95	5,70	5,05	4,86	4,38	4,40	4,17	9660	2,6
5	6,51	5,87	5,61	4,90	4,20	4,16	4,07	4,05	9680	3,5



Сурет 1 – Ашыту процесінде үлгілердің қышқылдығының өзгеруі

Жүргізілген зерттеулер нәтижелерінің негізінде мынадай, қорытынды жасауға болады, ашу процесі барлық үлгілерде қоймалжыңның түзілгенше қарқынды өтеді. Үлгілердің қышқылдылығы ашу процесінің соңында (93-129)°Т құрайды. Қышқылдық көрсеткіші 120°Т жоғары болатын болса, бұл осы ірімшікті сүзбе түріне еш пайдасы жоқ, өйткені бұл өнімге артық қышқылдық дәмнің пайда болуына әкеледі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ашытқы мөлшерін жоғарлатумен консистенцияның нығыздалуы, бөлінетін сарысу мөлшерінің жоғарлауы және қоймалжыңның сынғыштығы байқалды, бұл өнімнің сыртқы көрінісіне кері әсер етеді.

Ашытқы қоспасын 2% мөлшерде қосқан кезде және ашыту температурасын (32-35)⁰С температурада 8 сағат аралықта жүргізген кезде, органолептикалық көрсеткіші жақсы ірімшікті сүзбе алуға септігін тигізеді. Бұл өнім – таза, сүтті қышқыл дәмі бар және консистенциясы бір қалыпты болады.

Біздің Оңтүстік Қазақстан аумағында шағын сүт зауыттарының даму жүйесінде, бұл өістердің келешегі жоқ. Сондықтан бүгінгі күні аз мөлшердегі бағалы функциялы өнім технологиясының биопотенциалын қолдана отырып, ірімшік сарысуын қол жетімді әдіспен қайта өңдеуде болып табылады.

Қорыта келгенде, мұнда ақшылдандырылған фракцияда лактоза мен минералды заттардың, В дәрумен топтарының және аскорбин қышқылының мөлшері жоғары екені, сонымен қатар оның құрамында мүлдем май жоқ екені көрсетілді. Бұл лактозалы-минералды фракцияны ары-қарай сусын дайындауға ұсынылады, ол спорттық және геронтодиеталық қоректенуде, сонымен қатар профилактикалық мақсатта қолдану ұсынылады.

Ал негізгі өнімді ірімшік сүзбесін қайта тұтынуға болады.

Әдебиеттер

1. Арсеньев, Т.П. Основные вещества для обогащения продуктов питания // Пищевая промышленность. – 2007. – № 1 – С. 64-66.
2. Артюхова, С.И. Использование пробиотиков и пребиотиков в биотехнологии производства биопродуктов: монография / С.И. Артюхова, Ю.А. Гаврилова. – Омск: Изд-во Омского государственного технического университета, 2010. – 112 с.
3. Байгарин, Е.К. Содержание пищевых волокон в различных пищевых продуктах растительного происхождения / Е.К. Байгарин, В.В. Бессонов // Вопросы питания. Том 81. – 2012. – № 2 – С.40-45.
4. Банникова, Л.А. Микробиологические основы молочного производства (под ред. канд. техн. наук Я.И. Костина) / Л.А. Банникова, Н.С. Королева, В.Ф. Семенихина. – М., 1987. – 400 с.
5. Бирюкова, З.А. Молочные продукты для детей дошкольного и школьного возраста / З.А. Бирюкова, О.Г. Пантелеева // Переработка молока. – 2011. – № 11. – С. 94-95.
6. Гаврилова, Н.Б. Биотехнология комбинированных молочных продуктов: монография / Н.Б. Гаврилова. – Омск, 2004. – 224 с.
7. Гаврилова, Н.Б. Научные и практические аспекты технологии производства молочно-растительных продуктов: монография / Н.Б. Гаврилова, О.В. Пасько, И.П. Каня – Омск, 2006. – 336 с.
8. Галкина, С.Л. Исследование и разработка технологии творожно-крупяного биопродукта: дис... канд. тех. наук: 05.18.04 / Светлана Леонидовна Галкина – Кемерово, 2012. – 185 с.

ПРЕДПОСЫЛКИ ПОЛУЧЕНИЯ СЫРНОГО ТВОРОГА ИЗ ВТОРИЧНОГО МОЛОЧНОГО СЫРЬЯ

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Қудасова, Р.А. Абилдаева, Т.Б. Датқаш

В статье рассматриваются предпосылки получения сырного творога из вторичного молочного сырья. Содержание белка и жира, высокая концентрация витаминов и кальция, фосфорных и магниевых солей является условием повышения пищевой ценности сыра. Значительное количество сыра легко усваивается организмом человека. Кроме того, в сырном белке содержится все незаменимые аминокислоты в натуральном количестве. Традиционный процесс производства продуктов с высоким содержанием белка (сыр и творог) состоит из концентрирования белково-жировой части молока и транспортировки этих компонентов в соединения. Это базируется на специфических физико-химических и органолептических показателях продукции. В ней казеинат образует структурированный матрикс творога, а масло придает ему известную текстуру, вкус и запах. Минеральные вещества в определенной мере влияют на структуру, а лактоза является необходимым субстратом для ферментации молочно-кислых бактерий.

В настоящее время во многих производствах используются методы ультрафильтрации и микрофильтрации для полного выделения исходного молочного сырья. Мы в своей работе использовали эти два метода для выделения комбинированных компонентов, которые в дальнейшем составляют исходное молочное сырье. Микрофильтрация и ультрафильтрация являются сепарационными процессами, при этом под давлением мы реализовали с использованием гранулированных полимерных или неорганических материалов.

Ключевые слова: вторичное сырье, сырный творог, пищевая промышленность, молочные продукты, микрофильтрация, ультрафильтрация, органолептические показатели, реологические показатели.

THE PREREQUISITE OF OBTAINING A CHEESE CURD FROM SECONDARY RAW MILK MATERIALS

Zh. Elemanova, D. Kudasova, R. Abildaeva, T. Datkash

The article discusses the prerequisites for obtaining cheese curd from secondary dairy raw materials. The protein and fat content, high concentration of vitamins and calcium, phosphorus and magnesium salts is a condition for increasing the nutritional value of cheese. A significant amount of cheese is easily absorbed by the human body. In addition, the cheese protein contains all the essential amino acids in natural quantities. The traditional process of producing high protein products (cheese and cottage cheese) consists of concentrating the protein and fat part of milk and transporting these components into compounds. This is based on specific physicochemical and organoleptic characteristics of products. In her caseinate forms a structured matrix of cottage cheese, and the oil gives it a known texture, taste and smell. Mineral substances to a certain extent affect the structure, and lactose is a necessary substrate for the fermentation of lactic acid bacteria.

Currently, in many industries using techniques of ultrafiltration and microfiltration for complete extraction milk starting material. In our work, we used these two methods to isolate the combined components, which further constitute the raw milk materials. Microfiltration and ultrafiltration are separation processes. In this case, under pressure, we implemented using granular polymeric or inorganic materials.

Key words: secondary raw materials, cheese curd, food industry, dairy products, microfiltration, ultrafiltration, organoleptic indicators, rheological indicators.

FTAXP: 62.13.99.

Ж.Р. Елеманова, А.Ж. Ашир, Ш.Б. Тасыбаева, А.Д. Дауылбай

М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

ТАҒАМ ТАЛШЫҚТАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ИНГРЕДИЕНТТЕР КОМПОЗИЦИЯСЫН ӨНДЕУ

Аңдатпа: Мақалада тұт ағаш жеміс экстрактісінің антиоксиданттық қасиеттерін зерттеу қарастырылады. Біз күнделікті қолданатын өнімнің қаншама тиімді деген сұрақты үнемі қоямыз. Өзіміз үйреніп қалған жеміс пен көкөністерді, біздің тамақ рационымыздың қажетті бір бөлігі болып қалған: олар өте дәмді, құндылығы жоғары және сонымен бірге өте тиімді. Күнделікті тамақ тізбегін дұрыс құру үшін және қандай өнім біздің ағзамызға қалай әсер ететінін білу үшін оның қасиеттерімен танысу керек. Осындай өнімдердің бірі мүлдем алмастырылмайтын тұт ағашының жемісі болып табылады. Тұт ағашының жемісі – бір қатар емдік қасиетке ие және құндылығы жоғары жеміс болып табылады. Тұт ағашының жемісінің екі түрі болады: (ақ түсті) және қара түсті. Тұт ағашының ақ жемісі (*Morus alba*) қара түстіге қарағанда жиі өседі және біздің Оңтүстік Қазақстан облысының өңірлерінде көптеп кездеседі. Ақ тұт ағашы қабығы ақшыл тегіс, ал жемістері қара тұт жемісіне қарағанда тәттірек. Ақ тұт жемісінің өлшемдері, қара түстіден үлкенірек. Өңделіп шыққан кондитерлік өнімі ретінде ұсынылып отырған, сонымен қатар, женттің асқазан жолдарына пайдалылығын және емдік қасиетін жоғарлату мақсатында оған құрғақ бифидобактерия ұнтағын қостық.

Түйін сөздер: антиоксиданттық қасиеттері, экстракт, тұт жемісі, емдік қасиеттері, өнімдер, жент, бифидобактерия, пребиотик, пробиотик, β-каротин.

Көптеген тағам өндірістерінде жалпы технологиялық тәсілдер қолданады, сәйкес келетін технологиялық факторлар әрекет етеді, бұл осы процесті жеңілдетуге мүмкіндік береді және әмбебап технологиялық шешімдерді қолдану есебінен дайын өнімдердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұндай мәселелердің шешімінің бірі өнімнің тағам тығыздығын, тағам жүйесіне көп компонентті кешен ретінде бірнеше функционалды ингредиенттерді қосу арқылы жоғарлату[1-5].

Қолдану мүмкіндігін кеңейту мақсатында және технологиялық процестердің бөлек этаптарды жеңілдету, технологиялық тағам қоспаларының қасиетін айқындатуға қабілетті, олардың физиологиялық эффектілерімен бірге функционалды ингредиенттерді бір композицияға біріктіре алатын әдіс болып табылады. Мұндай әдістің келесідей артықшылықтары бар:

- Рецептідегі артық қоспалардың болуын және өнім сапасының нашарлауын ескертеді;
- Максимальды түрде жасанды тағам қоспаларын табиғи өнімдерге алмастыру;

- Өмбебап кешендерін құру;
- Кешендерге әртүрлі тағам жүйелерін қосу мүмкіндігі.

Заманауи нарық шарттарында кондитрлік саладағы келешегі зор бағыттың бірі дәстүрлі емес аса арзан шикізат қолдану болып табылады. Өндірісте өсімдік майлары секілді шикізат түрлері, сонымен қатар ертеде қолданбаған әртүрлі композитті қоспалар, қант алмастырушалар қолданылуда. Ережеге сай, кейбір дәстүрлі емес шикізаттар тамақ және биологиялық құндылықты жоғарлатуы мүмкін [6-15].

«Дәстүрлі емес» терминіне біріктірілген жаңа шикізат түрлерін қолдану, женттің тамақ құндылығын жоғарлатуға мүмкіндік береді, оның физико-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін жақсартады, жаңадан дайындалған өнімнің сақталу мерзімін ұзартады.

Жентті жасауда басты бағыттарының бірі қант мөлшерін азайту немесе қантты мүлдем қолданбау болып табылады, бұл өнімді қант диабетімен ауыратын адам өзінің тамақтарының бірі ретінде қолдана алуға мүмкіндік береді [16-19].

Жұмыстың мақсаты – ұсынылып отырған жент тағамын құрайтын композитті шикізаттардың бір-біріне үйлесімділігін зерттеу.

Зерттеу әдістері

Аскорбин қышқылының құрамын анықтау

1 г сокты 100 см³ өлшеуіш колбаға орналастырады, өлшеміне дейін дистилденген сумен толтырып араластырады және қағаз фильтр арқылы құрғақ колбаға немесе стаканға орналастырады. Сыйымдылығы 250 см³ 20 см³ филтратты конусты колбаға алынады 1 см³ 2% тұз қышқылының ерітіндісін құяды 0,5 см³ 1% калий йодының ерітіндісін және 2 см³ 0,5% крахмал ерітіндісін қосады. Қоспаны араластырады және 0,001 моль/дм³ микро бюреткада калий йодиді көк тіске дейін титрлиді.

Бақылау титрін паралелді жүргізеді. Бақылау титрі үшін филтрат орнына 20 см³ дистилденген су алынады. 1 см³ 0,001 моль/дм³ калий йодитінің ерітіндісі 0,088 мг аскорбин қышқылына сай болуы тиіс. Аскорбин қышқылының құрамы мына формула бойынша есептеледі:

$$X = \frac{(C_3 - C_4) \cdot 0,088 \cdot C_1 \cdot 100}{H \cdot C_2}, \quad (1.1)$$

Мұндағы C₁ ортақ көлем, см³;

C₂ – титрлеуге алынған көлем, см³;

C₃ – калий йодитінің 0,001 моль/дм³ көлемі, см³;

C₄ – калий йодитінің 0,001 моль/дм³ тәжірибелі үлгі титріне арналған см³ бақылау

H – өнім массасы, г.

C дәруменін анақтау тәсілі

Құрылғылар және реактивтер; зертханалық таразылар сыйымдылығы 2-5 мл микро бюретка; сыйымдылығы 50 және 100 мл конусты колба; сыйымдылығы 1,2,5,10,15 мл пипеткалар; сыйымдылығы 100,150 және 250 мл химиялық стакан; шынылы варонка; шынылы таяқша; гигроскопты мақта, сыйымдылығы 25 и 50 мл өлшеуіш цилиндр; 2,6-дихлорфенолиндофенола натрий тұзы, 0,001 н ерітінді; тығыздығы 1,19 г/см³ тұз қышқылы, х.ч., 2%

β-каротинді анықтау

Этил спиртіндегі каротиноидтың массалық концентпациясы фотометрлік өлшеуге негізделген.

1 см³ сокты 50 см³, өлшеуіш колбаға орналастырады оның көлемін өлшемге дейін этил спиртімен толықтырады, орналастырады және филтрлиді. Филтратта толқын ұзындығы 450 нм оптикалық тығыздығын анықтайды, 10 мм кюветтада жүргізіледі. Бақылау сапасын жүргізу үшін этил спирті алынады [4].

β-каротиннің құрамын мына формула бойынша анықтайды (в мг/100 см³):

$$K = D \cdot 0,00208 \cdot 50 \cdot 100, \quad (1.2)$$

Мұндағы: D – ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

0,00208 – β-каротиннің в мг ерітінді саны

50 – араластыру, см³.

Зерттеу нәтижелері

1 кесте – Тұт және тары құрамындағы дәрумен мөлшері

Тұт құрамындағы дәрумендер мөлшері	
Дәрумендер атауы	Мөлшері
Витамин В2 (рибофлавин), мг	0,1 мг
Витамин В1 (тиамин), мг	0,03
Ниацин (витамин В3 немесе РР), мг	0,62
Витамин В5 (пантотен қышқылы), мг	0,08
Витамин В6 (пиридоксин), мг	0,05
Фолиевая кислота (витамин В9), мкг	6
Витамин С (аскорбиновая кислота), мг	36,4
Тары құрамындағы дәрумендер	
В-каротин, мг	0,09
Ниацин РР, мг	1,55
Витамин В1 (тиамин), мг	0,42
Витамин В2 (рибофлавин), мг	0,04

Тұт жемісінің құрамындағы дәрумендер тары талқанының құрамындағы дәрумендердің мөлшерін жоғалтпай ұзақ уақыт бойы ұстап тұруға септігін тигізеді. Мысалы тұт жемісінің құрамындағы аскорбин қышқылы тары талқынының құрамындағы β-каротиннің сақтап қалуына едәуір септігін тигізеді.

Бұл жердегі зерттеудің мақсаты тұт құрамындағы С дәруменінің мөлшерін есептеп, тары талқанына құрамындағы β-каротиннің сақталуын зерттеді. β-каротиннің мөлшерін тұт жемісін тары талқанынан дайындалған жентті 5⁰С және 20⁰ С температурасында 42 тәулік сақтаудан кейін анықтайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұт құрамындағы аскорбин қышқылы тары талқынының құрамындағы β-каротиннің тұрақтылығы оның концентрациясына пропорционалды жоғарлайды (сурет 1).




Сурет 1 – β-каротиннің тұт құрамындағы С дәруменіне байланысты сақталу тәуелділігі. Мұнда 2, 5, 10, 20 – өнімге қосылған тұт жидегінің құрамындағы С дәруменінің мөлшерін есептеп, қосылған мөлшері

Өңделіп шыққан кондитерлік өнімі ретінде ұсынылып отырған, женттің сондай-ақ асқазан жолдарына пайдалылығын және емдік қасиетін жоғарлату мақсатында оған құрғақ бифидобактерия ұнтағын қостық.

Бифидобактериясы бар қоректік ортаға пребиотиктерді қосқан кезде оның өсуі қарқындай түсетінін байқадық (сурет 2).

Пребиотиктер ішектің шіру бактерияларының өсуін тежетеді және бифидобактериялардың және лактобацилдердің өсуін қарқындатады; ішек микрофлорасына өмірлік басты минералдарды (Ca, Mg, Zn), сонымен қатар дәрумендердің синтезін және ұшпалы май қышқылдарын сіңіруді қалыптандырады; бауырдың қызмет ету жұмысына аса қолайлы жағдай тудырады және зат алмасуын қалыптандырады; ішекте тамақ компоненттерінің сіңіруін жақсартады, осыған байланысты патогенді микроағзалардың өнуінен қорғайды.

Қорытынды, осы талдау жұмыстарын ескере отырып, тары талқанынан бифидобактерияларды пребиотик ретінде және тұт жидегін пребиотик ретінде қосқан кезде, осы екі өнім бір-бірінің синтезделуіне ықпалын тигізе отырып, ұсынып отырған кондитерлік өнім женттің құнарлығын жоғарлатып қана қоймай, сонымен қатар асқазан-ішек ауруларын, дисбактериоз аурулардың алдын алуға орасан зор ықпал етеді. Сонымен қатар, қант диабетімен ауыратын адамдарға ешбір зиянын келтірмейтін кондитерлік өнім ретінде де қолданылады.



Сурет 2 – Пребиотиктердің бифидобактериялардың өсуіне тигізетін әсері

Әдебиеттер

1. Тизул А.Я. Здоровье здорового человека. – М.: Советский спорт, 2004. – 78 с.
2. Иванова Г.В. и др. Рец.: Е.И. Прахин, Е.А. Теппер: Кулинарные зарисовки о здоровом питании. – Красноярск: Поликом, 2007. – 96 с.
3. Шелковичное дерево // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и доп.). – СПб., 1890–1907.
4. Zhao Weiguo et al. Филогенетика рода *Morus*. // African Journal of Biotechnology. – 2005. – Vol. 4(6). – P. 563-569 (англ.)
5. Похлѣбкин В. В. Казахская и киргизская кухня // Национальные кухни наших народов.
6. Яшин Я.И., Рыжнев В.Ю., Яшин А.Я., Черноусова Н.И. Природные антиоксиданты. Содержание в пищевых продуктах и влияние их на здоровье и старение человека. М.: Просвещение, 2005. – 45 с.
7. Государственная фармакопея Российской Федерации. – XIII издание. – Т. 2. – М.: Медгиз, 2015. – С. 118-123.
8. Lertittikul W. Characteristics and antioxidative activity of Maillard reaction products from a porcine plasma protein–glucose model system as influenced by pH / W. Lertittikul, S. Benjakul, M. Tanaka // Food Chemistry. – 2007. – Vol. 100, N 2. –P. 669-677.
9. Путилина Ф.Е., Галкина О.В., Диге Г.П., Ещенко Н.Д. Свободнорадикальное окисление. – СПб.: Издание Санкт-Петербургского университета, 2007. – 55 с.
10. Пашенко Л.П. Кульнева Н.Г., Демченко В.И. Новые дополнительные ингредиенты в технологии хлеба, кондитерских и макаронных изделий / Воронеж: ВГТА, 1999. – 87 с.
11. ГОСТ 9404 Мука и отруби. Метод определения влажности.
12. Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства. – 9-е изд., перераб. и доп. / Под общ. ред. Л. И. Пучковой. – СПб.: Профессия, 2002. – 416 с.
13. ГОСТ 27493-87 Мука и отруби. Метод определения кислотности по болтушке.
14. Жаркова И.М., Мирошниченко Л.А., Звягин А.А., Бавыкина И.А. Амарантовая мука: характеристика, сравнительный анализ, возможности применения // Вопр. питания. – 2014. – № 1. – С. 67-73.
15. Тутельян В.А. Ваше здоровье – в ваших руках // Пищевая промышленность. – 2005. – № 4. – С. 6-8.
16. ГОСТ Р 52349-2005. Продукты пищевые. Продукты пищевые функциональные. Термины и определения. – М.:Изд-во стандартов, 2005.
17. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан. – 2003. – С. 160. – 358 с.
18. Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақэнциклопедиясы, 2005. – Т. II.
19. Максютова Н.Х. Башкирские говоры, находящиеся в иноязычном окружении. – Китап, 1996. – С. 255. – 285 с.

РАЗРАБОТКА КОМПОЗИЦИИ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ИНГРЕДИЕНТОВ ПИЩЕВЫХ ВОЛОКОН

Ж. Елеманова, А. Ашир, Ш. Тасыбаева, А. Дауылбай

*В статье рассматривается изучение антиоксидантных свойств экстракта тута древесно-фруктового дерева. Мы постоянно задаем вопрос о том, сколько продуктов, которые мы используем ежедневно. Фрукты и овощи, которые мы привыкли, стали необходимой частью нашего рациона питания: они очень вкусные, ценностные и в то же время очень эффективны. Для того, чтобы правильно создать ежедневную пищевую цепочку и узнать, как какой продукт влияет на наш организм, необходимо ознакомиться с его свойствами. Одним из таких продуктов является плод совсем незаменимого тутового дерева. Плоды тутового дерева – плоды, обладающие рядом лечебных свойств и обладающие высокой ценностью. Плоды тутового дерева имеют два вида: (белого цвета) и черного цвета. Белый плод тутового дерева (*Morus alba*) растет чаще, чем черный, и встречается в нашем Южно-Казахстанской области. Корка белого тутового дерева светло-гладкая, а плоды более сладкие, чем плоды черного цвета. Размеры плода белого цвета выше черного цвета. Мы добавили сухой порошок бифидобактерии,*

предлагаемый как обработанный кондитерский продукт, а также с целью повышения рентабельности и лечебного свойства жента к желудочкам.

Ключевые слова: антиоксидантные свойства, экстракт, тутовый плод, лечебные свойства, продукты, жент, бифидобактерия, пребиотик, пробиотик, каротин.

DEVELOPMENT OF COMPOSITION OF FUNCTIONAL FIBER INGREDIENTS

Zh. Elemanova, A. Ashir, Sh. Tassybayeva, A. Dauylbay

This article deals with the study of the antioxidant properties of the extract of the fruit tree mulberry. How often do we ask the question how useful substances or other products that we eat regularly. Habitual for us fruits and vegetables, which can be found at every turn have become an integral part of the diet: they are delicious, nutritious and at the same time useful. To properly prepare a daily menu and know what impact on our body has a product, you need to know their properties. One of these products, it would seem unremarkable, but as it turned out, almost indispensable, is a mulberry. It has a number of medicinal properties. Mulberry has two types: white and black. White mulberry (Morusalba) is much rare than the black one and grows in South Kazakhstan region. The tree of white mulberry is covered with bright smooth bark, and berries have a sweet taste than the berries of black mulberry, which bark is rough and dark. White mulberry rarely reaches a large size, which is not appeared in the black mulberry. We added dry bifidobacteria powder, offered as a processed confectionery product, as well as in order to increase the profitability and therapeutic properties of the Gent to the ventricles.

Key words: antioxidant properties, extract, mulberry, medicinal properties, products, jent, bifidobacterium, prebiotic, probiotic, β -carotene.

FTAXP: 62.01.91.

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Кудасова, Р.А. Абилдаева, Н.О. Сейтмұрат

М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

ЗЫҒЫР ҰНЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, НАН-ТОҚАШ ӨНІМДІРІНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖОҒАРЛАТУ

Аңдатпа: Мақалада зығыр ұнын қолдана отырып, нан-тоқаш өнімдірінің тағамдық құндылығын жоғарлату қарастырылады. Тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығын жақсарту үшін олардың құрамындаақуыздық, витаминдік, минералдық қосындылар құрамын көтеру қажет. Көптеген елдердебұл мәселе негізгі 3 бағытта шешіледі: мал және өсімдіктен алынатын ақуызы бар шикізаттардың дәстүрлі түрлерін байытушы ретінде қолдану, сондай-ақ шоғырланған ақуыз өнімдерін пайдалану; шикізатқа табиғи жолмен енген тағамдық заттарды ұтымдытүрде пайдалану; микробиологиялық және химиялық синтез арқылы алынған ақуыззаттар, витаминдер, микро және макро элементтерді қолдану. Осы күні қолданыстажүрген тамақ өнімдерін шығарудың дәстүрлі әдістерінде бірқатар кемшіліктер бар.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде дәрумендік құрамы (мг/100г): Р – белсенді заттар – 324,6; С – 230,0; β -каротина -7,8; РР – 0,36; В6 – 0,2; В2 – 0,11; В1 – 0,06. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі орнатылғандай, майда еритін дәрумендердің жоғары мөлшерде кездесетіні – токоферол (альфа, дельта, гамма), сонымен қатар В1 және В6 дәрумені, фолий қышқылы, ал аз мөлшерде В2 дәруменімен және никотин қышқылы кездеседі.

Зығыр тұқымдарын және зығыр өнімдерін қайта өңдеу өнімдерін қолдану мақсатында функционалды тағам өнімдерін құру үшін, зығыр тұқымының тағам құндылығы анықталды, оларға мынадай сипаттамалардан тұрады, бұл биологиялық құндылығы және биологиялық тиімділігі.

Түйін сөздер: зығыр, нан-тоқаш өнімдері, ақуыз, май, экстракциялау, тағамдық құндылығы, дәрумендік құрамы, зығыр ұны, минералды құрамы.

«Қазақстан – 2030» даму стратегиясында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев атапкөрсеткен маңызды мәселе – халықтың денсаулығын жақсарту.Ұн өнімдерінің тағамдық құндылығы сапасын жақсарту мәселелері өнімдердің жаңашыққан күйінде ұзақ мерзім сақталуы мәселелерімен қатар шешілуде. Нанды табиғиөнімдермен байыту, химиялық препараттармен және қоспалармен байытудан гөріәлдеқайда тиімді. Әдетте бұл өнімдердің құрамына ақуыз заттардан басқа витаминдер,минералды тұздар басқа да құнды тағамдық компоненттерден тұрады.Тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығын жақсарту үшін олардың құрамындаақуыздық, витаминдік, минералдық қосындылар құрамын көтеру қажет. Көптеген елдердебұл мәселе негізгі 3 бағытта шешіледі: мал және өсімдіктен алынатын ақуызы бар шикізаттардың дәстүрлі түрлерін байытушы ретінде қолдану, сондай-ақ шоғырланған ақуыз

өнімдерін пайдалану; шикізатқа табиғи жолмен енген тағамдық заттарды ұтымды түрде пайдалану; микробиологиялық және химиялық синтез арқылы алынған ақуыззаттар, витаминдер, микро және макро элементтерді қолдану. Осы күні қолданыста жүрген тамақ өнімдерін шығарудың дәстүрлі әдістерінде бірқатар кемшіліктер бар [1].

Олардың ішіндегі ең бастысы ауыл шаруашылық шикізатты өңдеу нәтижесінде шыққан тамақ өнімдерінің өте төмен сапасы болып табылады. Сонымен қатар адам ағзасынан егізгі өнімнен гөрі биологиялық қажеттілік тұрғысынан заттардың көп мөлшері қалдық болып қалады. Мысалы: өсімдік және сары май, ірімшік өндіру барысында ақуызы көп қалдықтар көп мөлшерде қалады (көк сүт, сүт сарысуы) [2].

Ұн өнімдерінің биологиялық құндылығын жоғарлату бойынша қарастырылып жатқан бағыттардың ішінде бидай дәнінің барлық морфологиялық бөліктерін ұтымды пайдалану, нанды жеке заттармен байыту сияқты бағыттар ерекше орын алады. Аса маңызды болып болашақта ақуызды заттары бар шикізатты қоса отырып нандайындаудың жаңа рецептуралары мен технологияларын құрастыру болып табылады. Бұл бағыттың маңыздылығы өнімдерді құрамалауда [3-5].

Жұмыстың мақсаты: функционалды тағам өнімдерін құру үшін, зығыр тұқымдарын қайта өңдеу технологиясын өңдеу болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Рибофлавинді (В₂ дәрумені) флуориметриялық анықтау

Әдіс мәні флуориметриялық анықтауға бөгет жасайтын қосылыстардан алынған гидролизатты экстракционды тазалау, рибофлавинді натрий гидросульфатымен қалпына келтіруге дейінгі және кейінгі рибофлавин флуоресценциясының қарқындылығын (тік флуориметрия әдісі) қалыпты ерітіндімен люмифлавинді (люмифлавинді әдіс) салыстыру.

Люмифлавинді әдісте рибофлавиннің сілітілік ортада люмифлавинге ауысу қасиеті қолданады, флуорисценция қарқындылығы оны хлороформнан алғаннан кейін өлшенеді.

Тік флуориметрия әдісі дайын өнімдерді және аспаздық бұйымдарды; дәндік өнімдер (ұн, жарма, нан-тоқаш өнімдері және т.б.) және рибофлавин мөлшері өте аз объектерді (кейбір көкөністер, жемістер, жидектер) анализдеу кезінде қолдануға болмайды.

Ниацинді (РР дәрумені) колориметриялық анықтау

Әдіс гидролиз жолымен ниациннің байланысқан түрін босатумен, анықтауға бөгет болатын заттарды гидролизаттан тазалау, глутаконды альдегидтің туындысын санды алумен және оның 400-425 нм массалық үлесін қалыпты ерітіндімен салыстырып колориметриялық анықтау.

Зерттеу нәтижелері

Зығыр тұқымдарын және зығыр өнімдерін қайта өңдеу өнімдерін қолдану мақсатында функционалды тағам өнімдерін құру үшін, зығыр тұқымының тағам құндылығы анықталды, оларға мынадай сипаттамалардан тұрады, бұл биологиялық құндылығы және биологиялық тиімділігі.

Орнатылғандай, 100 гр зығыр тұқымы адамға тәулігіне қажетті энергияның 20 %-дан астамымен қамтамасыз етеді, шамамен 30% -ы ақуыз, 50 %-дан аса май және фосфор. 100 г зығыр тұқымының құрамындағы магний мөлшері, осы макроэлементтің адамға қажетті тәуліктік нормасын толығымен толықтырады. Биологиялық құндылығын зығыр тұқымының құрамындағы ақуызды кешеннің фракциондық құрамы мен амин қышқылдарының құрамы бойынша талқыланды. Зығыр тұқымынан ақуызды экстракциялау әдісімен орнатылғандай, зығыр тұқымында басты рөлді атқарушы ақуыз болып табылады, ол судың көмегімен бөлініп (альбумин) алынады, олардың мөлшері жалпы ақуыз мөлшерімен есептеген кезде 43,6 % құрайды. Тұзда еритін фракция (глобулин) 21,4%, ал сілтіде еритін (глутелин) -13,7% құрайды.

Зығыр тұқымын ұнға өңдеу үшін оны дәстүрлі әдіспен майдалады. Сонымен бірге шикізаттың тазалығын жоғарлату үшін, зығыр тұқымын алдын-ала жуып өндірді, ал зығыр тұқымының қасиеттерінің тұрақтылығын жоғарлату үшін жуып болған соң оларды кептіруге ұшыратты. Сондықтанда зығыр тұқымын жуу және кептіру режимдерін анықтауды қажет етті.

Зығыр тұқымын жуудың оптималды режимін анықтау. Жоғарыда айтылып кеткендей, зығыр тұқымының 40%-дан астамы альбумин құрайды, олар зығыр тұқымын жуу процесінде сулы ерітіндіге өту мүмкін және осыған байланысты олардың биологиялық құндылығын төмендетеді. Сондықтанда зығыр тұқымын жуу кезінде ақуыздың технологиялық шығынның көлемін орнату маңызды және жуудың оптималды режимін таңдау керек.

Осы мақсатта шайынды сулардың құрамындағы ақуыздың мөлшерін анықтау үшін талдау жұмыстарын жүргізді. Зығыр тұқымдарын бөлме температурасындағы дистилденген сумен жуды, 5-рет қайталап жуды, бірінші шайындының ұзақтығы -5 мин, келесі төрт шайындының ұзақтығы -10 мин. Орнатылғандай, шайынды суларда ақуыздың мөлшері шайындының жуу мөлшерімен көбейді, сәйкесінше жуу ұзақтығына байланысты. Бірінші жуу мерзімі 5 мин, шайынды суларда ақуыз анықталмады. Екінші жуудан кейін шайынды суға 1,65% ақуыз өтті, 3-ші шайындыдан кейін 4,6%, 4-ші-ден кейін 8,0%, ал 5-ші-ден кейін – 10,15%. Алынған мәліметтерден көріп тұрғандай, ақуыздың шығындалуын азайту мақсатында, атап айтқанда альбуминді фракцияны, зығыр тұқымын жууды 5-10 мин аралықта жүргізу керек.

Жуып болған соң, ылғалды шикізатта ферментті жүйенің активациясының салдарынан жоғары молекулалық биополимерлердің ыдырау процестері, тотықсыздану процестері, тұқымдардың өніп шығуы басталады; оның беттік қабатында микроағзалардың дамуы басталады. Мұндай процестерді болдырмау үшін, термиялық өңдеуді қолданады. Жоғары температурада ферменттердің белсенділігі төмендейді, мұнын нәтижесінен көптеген процестер баяулай түседі немесе аяқталады, көбінесе тұқымдардың өсіп-өнуіне әкеледі. Мұндай көрсеткіш, өсіп өнудің энергиясы ферментті жүйенің белсенділігі туралы куәландырылады. Осыған байланысты, зығыр тұқымының өсіп өну энергиясына температура мен термоөңдеудің әсер етуін зерттедік.

Зығыр тұқымын конвекциялық кептіру әдісіне ұшыратты, температура аралығы 70-150⁰ 1-5 мин аралықта. Орнатылғандай, 100⁰ С температурада 5 мин аралықта термоөңдеуде зығыр тұқымының өніп өсу энергиясы 0-ге тең, сондай-ақ 135⁰ С температурада 1 мин аралықта жүргізу ферментті белсенділіктің төмендеу белгісі болып табылады. Зығыр тұқымын термоөңдеу стадиясында энергия шығынын төмендету мақсатында бұл процесті 100⁰ С-де 5 мин аралықта жүргізеді. Осылайша, белгілі бір термоөңдеу шарттарында фермент белсенділігі төмен зығыр тұқымын алуға мүмкіндік береді, бұл олардың сақталу мерзімінің ұзаруына септігін тигізеді және ақуызды кешенінің зақымдалу процесін баяулатады.


Липид пен ақуыз мөлшері әртүрлі зығыр ұнын алу

Зығыр ұнының құрамындағы май мөлшеріне байланысты майлы, жартылай майсыздандырылған және майсыздандырылған болып бөлінеді. Зығыр ұнынан ассортименттер өңдеп шығару және оларды арий қарай нан-тоқаш өнімдерінде қолдану, олардың тағамдық құндылығын түзетуге мүмкіндік береді.

Майлы және жартылай майсыздандырылған зығыр ұнын зертханалық диірменде ЭМ-ЗАУХЛ 42 зығыр тұқымын және зығыр жомын ұнтақтау арқылы алды. Бөлшектердің ірілігін № 067 сымды тор арқылы бақыланады. Торшада қалып қойған қалдықты қайта ұнтақтады. Сонымен қатар май компоненттерінің мөлшері – сәйкесінше, ақуыз және майлы мен майланбаған зығыр ұны 40,0-22,0 және 9,0-28,5 % құрайды.

Майсыздандырылған зығыр ұнын алуда ақуыз мөлшерін көбейтіп және май құрамының мөлшерін төмендету мақсатында, майды зығыр жомын қосымша экстракциялау арқылы алып тастады. Экстрагент ретінде этил спирті мен гексан қолданылды. Экстракция тиімділігін ақуыз мөлшерінің жоғарлауымен талқылады. 1-ші суретте көрсетілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, этанолмен экстракциялаған кезде ақуыз мөлшері 16%-ға, ал гексанмен -62%-ға жоғарлады.

Осылайша, гексан, этилді спиртпен салыстырғанда зығыр жомынан майды толығымен экстракциялады. Бұны мынамен түсіндіруге болады, өсімдік майлараның ерігіштігі диэлектрлік өткізгіштік мәні нөлге жақын еріткіштерде жоғары, бұған гексан сәйкес келеді.



Сурет 1 – Майсыздандырылған зығыр ұнындағы ақуыз мөлшеріне экстрагенттің әсер етуі

Осылайша, майсыздандырылған зығыр ұнын шротты майдалап болған соң, гексанмен қалдық майды экстракциялаудан кейін алу жөн. Майсыздандырылған зығыр ұнында май-ақуыз компоненттерінің мөлшері 1,5-49,6% құрайды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, тұтынушылардың 33% үнемі диеталық өнімдер қолданады. Тұтынушылардың 51,0% ассортименттерді тек қана жаңа отындық шикізаттарын қолдану есебінен кеңейтуді ұсынады. Тек қана 8,3% импорт өнімдерін жұмылдыру есебінен нарықты кеңейтуді ұсынады.

Осыған байланысты қантты диабет ауруымен ауыратын адамдардың рационына емдік-профилактикалық қасиетке ие диеталық печенье рецептурасын ұсынады, онда қолданатын зығыр ұнының минарлды және дәрумендік құрамы зерттелді. Жүргізілген зерттеулер мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді, қант мөлшерін төмендетушінің бағалы көзі макро-және микроэлементтер болып табылады, сондай-ақ кремний, күкірт, магний және кальций мөлшерінің жоғары болуымен ерекшеленеді (1-кесте).

1 кесте – Зығыр ұнының минералды құрамы

Макроэлементтер		Микроэлементтер	
мг/100 г	Мөлшері	мкг/100 г	Мөлшері
Na	45,11	Cr	1,80
Mg	30,06	Mn	55,24
Si	318,11	Fe	19,21
P	192,80	Co	6,04
S	147,61	Ni	1,22
Cl	22,24	Cu	6,11
K	165,14	Zn	100,20
Ca	92,43	Mo	18,11

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде дәрумендік құрамы (мг/100г): Р – белсенді заттар – 324,6; С – 230,0; β-каротина – 7,8; РР – 0,36; В6 – 0,2; В2 – 0,11; В1 – 0,06.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі орнатылғандай, майда еритін дәрумендердің жоғары мөлшерде кездесетіні – токоферол (альфа, дельта, гамма), сонымен қатар В1 және В6 дәрумені, фолий қышқылы, ал аз мөлшерде В2 дәруменімен және никотин қышқылы кездеседі.

Қорыта келгенде жүргізілген зерттеулер нәтижелерден көрініп тұрғандай, зығыр тұқымынан алынған ұн нан-тоқаш өнімдерін тек қана тағам талшықтарымен ғана байытып қана қоймай, сонымен бірге, оның макро-және микроэлементтерінің көмегімен, ұсынылып отырған печеньеінің емдік-профилактикалық қасиетіне иелендіреді.

Әдебиеттер

1. Хосни, Р.К. Зерно и зернопродукты / К. Р. Хосни; пер. с англ. под общ. ред. Н.П.Черняева. – СПб.: Профессия, 2006. – 336 с.: ил. – Серия: Научные основы технологии.
2. Цыганова, Т. Б. Методические указания по расчету пищевой ценности хлебобулочных изделий / Т. Б. Цыганова, О. А. Ильина. – Москва. 2001. – 34 с.
3. Чапова, О.И. Сахарный диабет. Диагностика, профилактика и методы лечения / О.И. Чапова – М.: Центрполиграф, 2004. – 185 с.
4. Черных, В.Я. Лабораторный практикум по реологии сырья, полуфабрикатов и готовых изделий хлебопекарного и кондитерского производства / В.Я. Черных, А.С. Максимов – М.: ИК МГУПП. – 2004. – 163 с.
5. Шарафетдинов, Х.Х. Диетическая коррекция метаболических нарушений при сахарном диабете 2 типа: автореферат дис. доктора мед. наук/ Х.Х. Шарафет-динов – Москва, 2000 – 30 с.

ПОВЫШЕНИЕ ПИЩЕВОЙ ЦЕННОСТИ ХЛЕБОБУЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ ЛЬНЯНОЙ МУКИ

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Қудасова, Р.А. Абилдаева, Н.О. Сейтмурат

В статье рассматривается повышение пищевой ценности хлебобулочных изделий с использованием льняной муки. Для улучшения пищевой ценности пищевых продуктов необходимо повысить содержание в них белковых, витаминных, минеральных соединений. Во многих странах этот вопрос решается по 3 основным направлениям: использование традиционных видов белкового сырья животного и растительного происхождения в качестве обогатителей, а также использование концентрированных белковых продуктов; рациональное использование пищевых

веществ, вошедших в сырье естественным путем; применение белковых веществ, витаминов, микро-и макро-элементов, полученных микробиологическим и химическим синтезом. Существуют ряд недостатков в существующих в настоящее время традиционных методах производства пищевых продуктов.

В результате проведенных исследований витаминный состав (мг / 100г): Р – активные вещества – 324,6; С – 230,0; β-каротин – 7,8; РР – 0,36; В6 – 0,2; В2 – 0,11; В1 – 0,06. В результате проведенных исследований установлено, что в высоких количествах жирорастворимых витаминов-токоферол (альфа, дельта, гамма), а также витамины В1 и В6, фолиевая кислота, а в небольших количествах-витамин В2 и никотиновая кислота.

С целью создания функциональных продуктов питания для использования семян льна и продуктов переработки льна определена пищевая ценность семян льна, которая состоит из следующих характеристик: биологическая ценность и биологическая эффективность.

Ключевые слова: льна, хлебобулочные изделия, белок, жир, экстракция, пищевая ценность, витаминный состав, льняная мука, минеральный состав.

IMPROVING THE FOOD VALUE OF BAKERY PRODUCTS USING FLAX FLOUR

Zh. R. Elemanova, D.E. Kudasova, R.A. Abildaeva, N.O.Seitmurat

The article discusses the increase in the nutritional value of bakery products using flax flour. To improve the nutritional value of food products, it is necessary to increase the content of protein, vitamin, and mineral compounds in them. In many countries, this issue is resolved in 3 main areas: the use of traditional types of protein raw materials of animal and vegetable origin as fortifiers, and the use of concentrated protein products; rational use of nutrients in the raw material in a natural way; the use of protein substances, vitamins, micro and macro elements obtained by microbiological and chemical synthesis. There are a number of shortcomings in the currently existing traditional methods of food production.

As a result of the research, the vitamin composition (mg / 100g): P – active substances – 324.6; C – 230.0; β-carotene – 7.8; PP – 0.36; B6 – 0.2; B2 – 0.11; B1 – 0.06. As a result of the research it was found that in high quantities of fat-soluble vitamins-tocopherol (alpha, delta, gamma), as well as vitamins B1 and B6, folic acid, and in small quantities-vitamin B2 and nicotinic acid.

In order to create functional foods for the use of flax seeds and flax processing products, the nutritional value of flax seeds has been determined, which consists of the following characteristics: biological value and biological efficiency.

Key words: flax, bakery products, protein, fat, extraction, nutritional value, vitamin composition, flax flour, mineral composition.

FTAXP: 62.01.91.

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Кудасова, Р.А. Абилдаева, Л.С. Тоқсанбай

М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

БАНАН ЖЕМІСІН ҚАЙТА ӨңДЕП, ЕКІНШІЛІК ӨНІМНЕН ТАҒАМ ТАЛШЫҚТАРЫН АЛУДЫ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: Мақалада банан жемісін қайта өңдеп, екіншілік өнімнен тағам талшықтарын алуды зерттеу қарастырылады. Тағамдық талшықтардың кейінгі жүйелілігі ібойынша оларды зерттеу және қолдануды жүзеге асыратын белгілерге байланысты қатары қызығушылық танытады. Ол оның келесі ерекшеліктеріне байланысты. Кейбір зерттеулерге байланысты тағамдық талшықтар өсімдік шикізатында келесі түрлерге байланысты кездеседі.

Белгілі әдістермен тағам талшықтарын алуда банан жемісін өңдеуден кейін екіншілік өнім ретінде оны қолдану мүмкіндігін растау үшін, банан жемісінің жеуге болатын және жеуге жарамтайын бөліктерінің мсалық мөлшері зерттеліп, олар қайта өңделген өнімдерде құрамында айтарлықтай мөлшері бар (бананның қабығы жалпы жеміс өнімінің 35% құрайды). Бананның қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнім құрамының химиялық және көмірсу құрамын зерттей отырып, олардан тағам талшықтарын алуды жөн көрдік.

Кептірілген банан жемісінің қабығындағы полисахаридтердің фракционды құрамын зерттей отырып, оның құрамында жоғары мөлшерде тағам талшықтарының бар екенін көрсетті, банан қабығының 16% құрайды, сәйкесінше бұл оларды тағам талшықтарының көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Банан жемістерін қайта өңдеуден кейінгі кептірілген екіншілік өнімнің минералды құрамы көрсетіп тұрғандай, банан қабығында магний мөлшерінің жоғары болуымен ерекшеленеді (4079,5

мг/100г қ.з.), сондай-ақ магний мөлшері (69,9 мг/100гр қ.з.) және кальцийдің мөлшері (20,3 мг/100 гр қ.з.) жоғары.

Түйін сөздер: тағам талшықтары, банан жемісі, қайта өңдеу, екіншілік өнім, полисахарид.

Соңғы жылдарда химия және тағам технологиясындағы тағамдық талшықтарды бөліп алу оның физиологиясы және тамақтануда қолданылуына арналған жобалар саны айтарлықтай өсті [1-4]. Бұл тағамдық талшықтардың рационды тамақтануымен, оларды тағам өнеркәсібі үшін дәстүрлі емес түрлі өсімдік шикізаттарынан бөліп алу мүмкіндігімен, асқазан ішек жолдарының қызметінің әсерімен және кейбір ауруларды емдеу және профилактикалық ем жүргізу маңыздылығымен дәлелденген қажеттілікке байланысты [5-8].

«Тағамдық талшықтар» деген термин әлі бірыңғай термин ретінде қабылданбағанына қарамастан, ол өсімдік биополимерлерінің (целлюлоза, гемицеллюлозалар, пектинді заттар, лигнин және т.б.) және олардың комплекстерінің (холоцеллюлоза, целлолигнин, белокты-полисахарид комплекстер және т.б.) табиғатын айқындап, синонимдерді ығыстыра қолданғандағы артықшылықтарына ие болды. Тағамдық талшықтардың кейінгі жүйелілігі-оларды зерттеу және қолдануды жүзеге асыратын белгілер қатары қызығушылық тудырады. Ол оның келесі ерекшеліктеріне байланысты. Кейбір зерттеулерге байланысты тағамдық талшықтар өсімдік шикізатында келесі түрлерге байланысты кездеседі.

1)тағам өнеркәсібіндегі шикізат көзінің дәстүрлі түрі (астқы тұқымдастары, көкөністер, жемістер-жидектер);

2)дәстүрлі емес шикізат көзі (шөптер, балдырлар, ағаш үгінділері) [9].

Зерттеу әдісі

Май мөлшерін қалыпты әдістемемен ұшқыш ерітінділермен кептірілген аспадан майды бөліп алуға негізделген Сокслет әдісімен анықтайды [10].

Сокслет әдісі (Мест 23042-85) [11] – ең дәл және арбитражды тәсіл. Ол ерітіндімен майды экстрагирлеуге, келесіде ерітінді бөліп алуға және майды қалыпты массаға дейін кептіруге негізделген.

Аспатар және реактивтер: Сокслет аспабы, су ағынды сорап, шыны бюкса, кептіргіш шкаф, гильза (кулек) жасалатын фильтрлеу қағазы, эксикатор, петролейлы, күкіртті эфир және дихлорэтан (ерітінді), су моншасы, аналитикалық таразы.

Анықтау техникасы. Кептірілген банан қабығын (кәдімгі ылғалдылықты анықтау) бюксаға салады және 1 сағ 105⁰С температурада кептіргіш шкафта ұстайды. Кептіруді қалыпты массаға дейін өткізсе дұрыс. Майды экстрагирлеу үшін аспаны қағаз гильзаға салады, оны шеттерін бүгіп жақсылап жабдықтайды, содан кейін өлшейді және Сокслет аспабының эксикаторына салады. Қабылдау колбасына 2/3 көлемге дейін ерітінді құяды. Содан кейін қабылдау колбасын эксикаторға қосып су моншасына салады. Экстрагирлеуді ерітінді тамшысы фильтрлеу қағазында сары дақ қалдырмаған уақытқа дейін 6 сағ өткізеді.

Гильзаны 30 мин 50-80⁰С температуралы кептіргіш шкафқа қояды, содан кейін өлшейді. Майдың мөлшерін пайызбен формула бойынша есептейді

$$Ж = \frac{M_1 - M}{H} \cdot 100 \quad (1)$$

мұнда M_1 – экстрагирлеуге дейінгі гильза массасы;

M – экстрагирлеуден кейінгі масса;

H – өнім аспасы (г).

Эксикаторға әртүрлі өнімдері бар бірнеше гильза салуға болады.

Күл мөлшерін жылдам әдіспен магний ацетатын қолданып анықтадық. Майсыздандырудан кейін бюкс ішіндегісін қызыдырылған және өлшенген тигельге салады, 1 мл магний ацетатын қосады. Тигельді аспаны күлдеу үшін электр пешке немесе газды жанарғыға, содан кейін 30 мин 500-600⁰С температуралы муфельді пешке салады және өлшейді. Онымен қатар дәл солай 1 мл магний ацетатын минералдайды (бақылау). Күл мөлшерін пайызбен формула бойынша есептейді [12]

$$З = \frac{(m_1 - m_2)}{m_0}, \quad (2)$$

мұнда m_1 – күл массасы;

m_2 – минералдаудан кейінгі магний оксидінің массасы;

m_0 – кептірілген банан қабығын массасы.

Зерттеу нәтижелері

Белгілі әдістермен тағам талшықтарын алуда банан жемісін өңдеуден кейін екіншілік өнім ретінде оны қолдану мүмкіндігін растау үшін, банан жемісінің жеуге болатын және жеуге жарамайтын бөліктерінің мссалық мөлшері зерттеліп, олар қайта өңделген өнімдерде құрамында айтарлықтай мөлшері бар (бананның қабығы жалпы жеміс өнімінің 35% құрайды). Бананның қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнім құрамының химиялық және көмірсу құрамын зерттей отырып, олардан тағам талшықтарын алуды жөн көрдік.

Тағам талшықтарын және олардың сапалық көрсеткіштерін зерттеу алдын банандардың қайта өңдеудегі екіншілік өнімді алдын-ала кептіру режимдерін өңдеп шығару.

Тәжірибелік зерттеулер негізінде банан жемістерінің қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнімді ылғалдылығы 8-10% дейін кептіру үшін, ауа температурасы $62,5 \pm 2,5^{\circ}\text{C}$ кептіру керек. Тәжірибе жүзінде банан өнімінің қабықшасын кептіру ұзақтығы $6,75 \pm 0,25$ сағ құрайды.


Тағам талшықтарын алу алдында банан қабығын алдын-ала кептірген кезде оның көлемін 3-4 есе қысқартады, оның микробиологиялық тұқымдануын 9-10 есе төмендеті және банан жемістерін қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнімдерді сақтау кезінде жүретін ферментативті процестерді баяулатады. $1,5 \pm 0,5$ мм өлшемді бөлшектерге дейін ұсақталған банан жемісін қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнімдердің химиялық құрамы 1-ші кестеде көрсетілген.

Алынған мәліметтерге сәйкес (кесте1), кептіргеннен кейін банан жемістерінің қайта өңдеуден кейінгі екіншілік өнімдерді кептіргеннен кейін құрғақ заттардың мөлшері айтарлықтай жоғарлады.

1 кесте – Банан жемістерін қайта өңдеуден кейінгі кептірілген екіншілік өнімдердің химиялық құрамы

Зерттеліп жатқан нысана	Мөлшері, %				
	су	ақуыз	май	көмірсу	күл
Банан қабығы	$10,5 \pm 2$	$5,9 \pm 0,2$	$0,1 \pm 0,01$	$80,0 \pm 1,5$	$3,5 \pm 0,1$

Банан жемістерін қайта өңдеуден кейінгі кептірілген екіншілік өнімнің көмірсудың фракционды құрамы 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Банан жемістерін қайта өңдеуден кейін кептірілген екіншілік өнімнің көмірсудың фракциондық құрамы

Кептірілген банан жемісінің қабығындағы полисахаридтердің фракционды құрамын зерттей отырып, оның құрамында жоғары мөлшерде тағам талшықтарының бар екенін көрсетті, банан қабығының 16% құрайды, сәйкесінше бұл оларды тағам талшықтарының көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Банан жемістерін қайта өңдеуден кейінгі кептірілген екіншілік өнімнің минералды құрамы көрсетіп тұрғандай, банан қабығында магний мөлшерінің жоғары болуымен ерекшеленеді ($4079,5$ мг/100г қ.з.), сондай-ақ магний мөлшері ($69,9$ мг/100гр қ.з.) және кальцийдің мөлшері ($20,3$ мг/100 гр қ.з.) жоғары.

Қорытынды. Банан жемісін қайта өңдеуден кейін кептірілген екіншілік өнімнің микробиологиялық және токсикологиялық көрсеткішін анықтаған кезде СанПиН2.3.21078-01 талаптарына сәйкес келетінін анықтадық, бұл оларды арй қарай тағам талшықтарын алуда қолдану мүмкіндігін растады.

Әдебиеттер

1. Тизул А.Я. Здоровье здорового человека. – М.: Советский спорт, 2004. – 78 с.
2. Иванова Г.В. и др. Рец.: Е.И. Прахин, Е.А. Теппер: Кулинарные зарисовки о здоровом питании. – Красноярск: Поликом, 2007. – 96 с.
3. Шелковичное дерево // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и доп.). – СПб., 1890–1907.
4. Zhao Weiguot et al. Филогенетика рода *Morus*. // African Journal of Biotechnology. – 2005. – Vol. 4(6). – P. 563-569 (англ.)
5. Похлёбкин В. В. Казахская и киргизская кухня // Национальные кухни наших народов.
6. Яшин Я.И., Рыжнев В.Ю., Яшин А.Я., Черноусова Н.И. Природные антиоксиданты. Содержание в пищевых продуктах и влияние их на здоровье и старение человека. М.: Просвещение, 2005. – 45 с.
7. Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства. – 9-е изд., перераб. и доп. / Под общ. ред. Л. И. Пучковой. – СПб.: Профессия, 2002. – 416 с
8. Бавыкина И.А. Амарантовая мука: характеристика, сравнительный анализ, возможности применения // Вопр. питания. – 2014. – № 1. – С. 67-73.
9. Тутельян В.А. Ваше здоровье – в ваших руках // Пищевая промышленность. – 2005. – № 4. – С.6-8.
10. ГОСТ 27493-87 Мука и отруби. Метод определения кислотности по болтушке.
11. ГОСТ 9404 Мука и отруби. Метод определения влажности.
12. ГОСТ Р 52349-2005. Продукты пищевые. Продукты пищевые функциональные. Термины и определения. – М.: Изд-во стандартов, 2005.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПОЛУЧЕНИЯ ПИЩЕВЫХ ВОЛОКОН ИЗ ВТОРИЧНЫХ ПРОДУКТОВ С ПЕРЕРАБОТКОЙ ПЛОДОВ БАНАНА

Ж.Р. Елеманова, Д.Е. Қудасова, Р.А. Абилдаева, Л.С. Тоқсанбай

В статье рассматриваются исследования по переработке плодов бананов и получению пищевых волокон из вторичных продуктов. По последующей последовательности пищевых волокон проявляется интерес к ряду признаков, которые осуществляют их исследование и применение. Это зависит от его следующих особенностей. В связи с некоторыми исследованиями, пищевые волокна встречаются в растительном сырье в зависимости от их видов.

Для подтверждения возможности его использования в качестве вторичного продукта после обработки плода банана при получении пищевых волокон известными методами, изучено массовое содержание пригодных и непригодных для употребления продуктов, которые содержат значительное количество продуктов переработки (кожура банана составляет 35% от общего плодового продукта). Изучив химический и углеводный состав вторичных продуктов после обработки банана, мы решили взять из них пищевые волокна.

Как показало исследование фракционного состава полисахаридов в оболочке сухого банана, что в ней содержится высокое содержание пищевых волокон, что составляет 16% оболочки банана, что позволяет рассматривать их как источник пищевых волокон.

Минеральный состав сухого вторичного продукта после переработки банановых фруктов, как показывает минеральный состав, отличается высоким содержанием магния в банановой оболочке (4079,5 мг/100г сухих веществ), а также высоким содержанием магния (69,9 мг/100г сухих веществ) и содержанием кальция (20,3 мг/100г сухих веществ).

Ключевые слова: пищевые волокна, плоды бананов, переработка, вторичный продукт, полисахарид, фракционный состав, химический состав.

STUDY OF FOOD FIBER PRODUCTION FROM SECONDARY PRODUCTS WITH BANANA FRUIT PROCESSING

Zh. Elemanova, D. Kudasova, R. Abildaeva, L. Toksanbay

The article deals with research on the processing of banana fruits and the production of dietary fiber from secondary products. The subsequent sequence of dietary fiber shows interest in a number of features that carry out their research and application. It depends on its following features. In connection with some research, dietary fiber is found in plant materials, depending on their species.

To confirm the possibility of its use as a secondary product after processing a banana fruit when obtaining dietary fiber by known methods, the mass content of suitable and unsuitable products, which contain a significant amount of processed products (banana peel is 35% of the total fruit product). After studying the chemical and carbohydrate composition of secondary products after processing a banana, we decided to take from them dietary fibers.

As shown by the study of the fractional composition of polysaccharides in a dry banana shell, it contains a high content of dietary fiber, which is 16% of the banana shell, which allows us to consider them as a source of dietary fiber.

The mineral composition of the dry secondary product after the processing of banana fruits, as shown by the mineral composition, is characterized by a high magnesium content in the banana shell (4079.5 mg / 100 g of dry matter), as well as a high magnesium content (69.9 mg / 100 g of dry matter) and calcium (20.3 mg / 100 g of dry matter).

Key words: dietary fiber, banana fruit, processing, secondary product, polysaccharide, fractional composition, chemical composition.

FTAХР: 62.01.11.

А.Б. Ильясова, Р.Э. Айткулова, Р.А. Исаева, С.Ж. Лесбекова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

ЖАҢА ТҮРЛЕРІН АЛУ ҮШІН КАРТОП ДАҚЫЛЫН СҰРЫПТАУ ЖӘНЕ КӨБЕЙТУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: Уақыт өте келе, картоп дақылдарының сапасы нашарлау қасиеттері пайжа болады, онда оның сорттық қасиеттері жоғалады, жинау саны азаяды. Мүмкіндігінше, картоп сорттарын әрбір бес-сегіз жылда жаңарту керек. Жоғары сапалы тұқымдық картоп қымбат, бірақ, егілетін материалды жаңартуға болады. Картоп көбейтудің қол жетімді әдістері кездеседі.

Картоп өсіру екі жолмен жүреді: вегетациялық; тұқыммен көбейту.

Вегетативтік әдісі ең жылдам және ең танымал болып саналады. Ол түйнек, қалемшелер, өскіндерден тұрады. Картопты тұқыммен таңдау, жаңа сорттарын өсіру үшін пайдаланылады, бірақ кейбір бағбандар осы әдісті пайдаланып дақылдарды өсіреді.

Бірнеше түйнекті жарықта өсіреді, қажетті температура 16-18 градус. Өндіруге арналған түйнектерді кеуіп кетуден қорғайды, ол үшін оларға әрбір бес күнде бір рет су шашу керек.

Өнген ұрықты түйнектерден бұрап бөліп алады. Өскіндерді кесуге болмайды, ол қайта өндіру үшін бүршіктерді зақымдамау керек. Түйнектерден өскіндерді әрбір үш күнде алуға болады.

Түйнектерді 30 күн бойы жарыққа отырғызады, содан кейін қысқа қашықтықта парниктерге отырғызады. 8 см дейін өсіп болғаннан кейін ұрық жерден жойылады. Желілер бұралып, түйнектер жерге кері кетеді. Жол бір картоптан жиырма қабатқа дейін алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: картоп, тұқымдар, өнгіштік, будандастыру, тыңайтқыштар, түйнектер, егу мерзімі.

Кіріспе

Ауыл шаруашылық ғылыми жетістіктерін пайдаланған жағдайда ғана картоп шаруашылығын өркендетуге болады. Қазіргі уақытта еліміздің түрлі топырақ – климаттық зоналарында түрлі картоп өсірудің ғылыми – зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Зерттеулер нәтижесінде түрлі агротехникалық әдістер, картоп тыңайтқыштарының түрлері, түрлі аурулар мен зиянкестерден қорғау шаралары, картоп сақтау, өндіріс технологиясы, еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары қарастырылуда [1-5].

Картоп селекциясында да көп жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі кезде біздің елімізде картоптың 93 сорты өсіріледі, оның ішінде 79 түрі отандық селекционерлердің жемісі, ғалымдардың алдында тұрған ендігі мақсат түрлі шаруашылықтық маңызы бар, жоғары өнімді, ауруға төзімді, тез өсіп жетілетін крахмалды картоп сорттарын шығару. Мұндай сорттарды шығаруда соңғы жылдары белгілі болған бағалы қасиеттерінің тұқым қуалауын (ауруға төзімділігі, тез пісіп жетілуі, крахмалдылығы) негізге алуда [6-10].

Картоп тек азықтық дақыл ғана емес сонымен қатар бағалы техникалық дақыл. Крахмал мен оның өнімдері тамақ, тоқыма, химия, резина, металлургия, қағаз, полиграфия және басқа өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданылады. Бір тонна картоптан / крахмалдығы 17,6/112 литр спирт, 55 кг. сұйық көмірқышқылын, 1500 л. барда, 170 кг. крахмал, 80 кг. глюкоза, 60 кг. гидрол және басқа өнімдер алуға болады. Картоптан алынған спиртті фармацевтикада, парфюмерияда, арақ-шарап өндірісінде кең қолданылады [11-14].

Картопты көбіне өсінді жолмен (вегетативті); түйнегімен, түйнек көзшелерімен, генеративті; көшетпен, тұқым арқылы көбейтеді. Тұқыммен көбейту көп жағдайда сұрыптау жұмыстарын жүргізгенде жаңа іріктемелер шығаруда қолданылады.

Картоптан жыл сайын бірқалыпты мол өнім алу үшін сол аймақ табиғатына бейімделген, яғни аудандастырылған сорттарды егу қажет. Сорттарды аудандастыру мәселесімен Мемлекеттік сортсынау инспекциясы шұғылданады. Осы инспекцияның 3-4 жыл

сынағынан өткен сорттар аудандастырылады немесе сол инспекция ұйғарымымен өндірістен шеттеледі [15].

Картоп сорттары еккен күннен бастап, пісіп жетілгенге дейінгі мерзіміне және шаруашылықта алынатын орнына байланысты әртүрлі топтарға бөлінеді.

Шығу мерзіміне байланысты төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Ерте пісіп – жетілу мерзімі – 60 күнге дейін,
2. Орташа ерте пісетін 60-80 күнде,
3. Орташа пісетін 80-100 күнде,
4. Орташа кеш пісетін 100-120 күнде,
5. Кеш пісетін сорттарға 120 күннен ары қарай пісетін сорттар жатады.

Шаруашылықта алатын орнына байланысты, картоп сорттары мынадай топтарға бөлінеді:

А) Асханалық – іші қараймайтын дәмді,

Б) Техникалық құрамында крахмал мөлшері 20-25 %-дан кем болмауы керек. Крахмал спирт және тағы басқа өндіру үшін қажет.

В) Асханалық және техникалық – дәмді іші қараймайтын әрі крахмалы жоғары сорттар. Мұндай сорттар өндірісте де және тағам ретінде де қолданылады.

Г) Мал азықтық – құрамында белок және құрғақ заттардың мөлшері жоғары болуы шарт. Универсалдық сорттың ерекшелігі – дәмді, іші қараймайтын крахмалы, белогы және өнімі жоғары болады. Мұндай сорттарды тағамға, өндіріске және мал азығына да пайдалана беруге болады.

1997 жылы Қазақстан бойынша 26 сорт аудандастырылған соның 7-сі жергілікті сорттар.

Егер ылғал, жылу, жарық жеткілікті, агротехника жоғары болып, топырақта басқа қоректік заттар тепе-теңдігі сақталса, берілген тыңайытқыштар толығымен пайдаға асады.

Қолайлы жағдайда әр 100 ц өнімге картоп топырақтың 40-60 кг азот, 15-20 кг фосфор және 60-80 кг калий алады. Осы заттардың картопқа ең қажетті уақыты бүршіктену және гүл жару кезеңі. Картоп гүлдеп болғаннан кейін, топырақтан қоректік заттар алуды тоқтатады, ал түйнектің өсуіне керекті заттарды картоп сабағынан алады.

Картоп жинайтын кезде шамамен оның бойындағы барлық азоттың 80%, калийдің 86%, фосфордың 90% түйнек құрамына енеді. Картоп жыл сайын бірқалыпты мол өнім алу үшін сол аймақ табиғатына бейімделген, яғни аудандастырылған сорттарды егу қажет. Сорттарды аудандастыру мәселесімен Мемлекеттік сортсынау инспекциясы шұғылданады. Осы инспекцияның 3-4 жыл сынағынан өткен сорттар аудандастырылады немесе сол инспекция ұйғарымымен өндірістен шеттеледі [16].

Картоп сорттарын еккен күннен бастап, пісіп жетілгенге дейінгі мерзіміне және шаруашылықта алатын орнына байланысты әртүрлі топтарға бөлінеді.

Сорттар жиынтығы, өнімділігі, крахмалдылығы, түрлі ауруларға төзімділігі жағынан зерттеу қажетті белгілері мен қасиеттері бар картоп сорттарын шығаруға мүмкіндік береді.

Республикамыз бен Орта Азияда мынадай сорттар кең таралған. *Мурманский* – Бүкілодақтық өсімдік қорғау институтының Поляр тәжірибе станциясында шығарылған. Асханалық, крахмал аз, дәмділігі жоғары сорт. Ақ түсті, түйнегі жұмыр, ұшы көкшіл, бүршік көзшелері таяз орналасқан.

Өркендері қара көкшіл жасыл түсті сабақтары мықты, жапырақтары қара көк, гүлдері өте ұсақ, ақ түсті. Сорт рақ ауруларына өте төзімді, бірақ түйнек қатарымен күшті зақымданады. Өнімі мол. Жезқазған, Қарағанды, Целиноград облыстарында аудандастырылған. Приекульский ранний – Латвия егіншілік ғылыми зерттеу институтының Приекуль селекция – тәжірибе станциясында шығарылған. Ерте пісетін, түйнегі жақсы сақталатын асханалық сорт. Дәмділігі орташа, ақ түсті, түйнегі жұмыр, сопақша, бүршік көзшелері таяз орналасқан сорт. Өркендері қызыл – жасыл түсті, сырты қалың түкті. Сабақтары көп, көкшіл қоңыр түсті, жапырақтары таяз орналасқан. Ақ түсті, ірі гүлдерінің ұшы сүйір. Суармалы жерде екі рет өнім береді, оны екпе парға отырғызып, ерте пісетін Шортандинский (жақсартылған Агнесс) – Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми – зерттеу институтында шығарылған. Асханалық дәмді, крахмалы көп, құрғақшылыққа төзімді сорт. Түйнектері жұмыр, ақ түсті, қабығы тегіс, бүршік көзшелері таяздау орналасқан. Өнімі мол, сақтау кезінде ауруға төзімді. Жамбыл, Қостанай, Көкшетау, Семей және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған [17].

Столовый 19 – Солтүстік – Батыс ауыл – шаруашылығы ғылыми – зерттеу институтында шығарылған. Асханалық, дәмділігі жоғары, орташа крахмалды, жақсы сақталатын сорт. Ірі, ақ түсті түйнектерінің мүсіні ұзынша әр түрлі болып өзгереді, кейде түйнек қуыстары кездесуі мүмкін. Түсі ақ, тегіс қабықты, бүршік көзшелері түйнегінің бетінде орналасқан. Жас өркендері көкшіл – жасыл түсті. Сабағы биік, жапырағы аз басқа сорттармен салыстырғанда қоңыр – көк түсін ұзақ сақтайды. Гүлдері ақ, ішкі жағында көк жұлдыз бейнелі суреті бар. Рак ауруына төзімді, ал фитофторамен түйнектері толығыуы кезінде зақымданады. Өнімі мол. Алматы, Талдықорған, Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Берлихинге – түрлі мақсаттарға арналып себілетін, дәмділігі және крахмалдылығы орташа, кейде көп крахмалды, Германиядан әкелінген сорт.

Түйнектерінің тыныштық мерзімі өте қысқа, 30°C жылылықтың өзінде түйнектері өркен жіберіп, тұқымдық сапасын және дәмділігін жояды. Сондықтан тек 1,5-2 °C жылылықта сақтайды. Қызғылт, қызғылт – қоңыр түсті түйнектері сопақша мүсінді. Бүршік көзшелері оңай түлейтін қабықшасының бетінде орналасқан. Ақ түсті, қайнатылғаннан кейін қоңыр тартады.


Жас өркендері қызғылт – жасыл түсті. Сабақтары аса биік, шашыраңқы орналасқан, анық айшық жапырақты. Ірі гүлдері қызғылт түсті. Түйнек салыстырмалы шыдамды, ал фитофтора, тат ауруларымен зақымдануы мүмкін. Өнімі мол. Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Көкшетау, Қарағанды, Семей және Талдықорған облыстарында аудандастырылған.

Қазақтың картоп және көкөніс ғылыми зерттеу институты тұқымдық картопты вирус ауруларына биотехникалық негізінде Қазақстанда аудандастырылған сорттардың барлығын аурулардан тазарту үшін жұмыс істеп келеді. Бұл жұмыстың негізгі элита алуда, бұларды өсіру вегетациялық дәуірлерінің схемасын қысқарту арқылы жоғары сапалы тұқымдық материал алуға негізделген. Бұл жұмыс негізінен еліміздің оңтүстік – шығыс тау бөктеріндегі аудандарында жүргізілген [18-21]. Бұл аудандардың картоптың өсіп дамуына көп тура келе бермейді, ол негізінен атмосфералы жауын-шашынның аздығы, ауаның жоғары температурасы, ауа ылғадылығының төменгі, топырақта ылғалдың жетіспеушілігі. Бұндай жағдайларда өсімдіктің вегетативтік массасының маңызы зор. Элита өсіруде, төрт жылдық схемаға қарағанда 3 жылдық өсіру технодогиясының мүмкіндігі жоғары екенін дәлелдеген.

Зерттеу әдістері және материалдары

Біздің ғылыми жұмысымыз Алматы қаласының жас натуралистер станциясының жылы жайында және солардың егістік жерлерінде жүргіздік.

Будан тұқымдарды алдын ала өнгіштігін және өнгіштік қарқынын анықтау үшін наурыз айында Университетіміздің зертханасында «Бақша*Львовянка», «Никитка*Приекулский ранний» дәндеріне тәжірибе жүргіздік. Ол үшін біз петри шыны табақшасының ішіне сорғыш қағаз төсеп, әр буданнан 100-100 тұқымнан үш рет қайталап, санап алып үш шыны табақшасында анықтадық. Наурыздың 11 күні жұмысымыз басталды (1,2 суреттер).



Сурет 1 – Петри табақшасындағы екі дөнге тәжірибе



Сурет 2 – Картоп дәнінің өнуінің

Буданды осындай әдіспен петри табақшаларында орналастырып, жылы жерге қойып, оның біз 7-күннен кейін тұқымдардың өне бастағанын анықтадық. Бұл көрініс 18 – наурыз күні түсірілген болатын.

1 кесте – Картоп дәнінің өнгіштігінің көрсеткіштері

Дәннің аты	Дәнінің саны	Өнгіштігі %	Өнгіштік қарқыны %
«Бақша*Львовянка»	100	81	86
«Никитка*Приекулский ранний»	100	79	81

«Бақша×Львовянка» сорттарынан алынған будан дәндерінің өнгіштігі жоғары болды. Оның көрсеткіші 81% болды (1 кесте).

Одан әрі жылы жерде петри табақшасында тәжірибемізді жалғастырдық. Мұнда екі түрлі тұқымның дәнінің өнгіштік қасиетін бақылау барысында жұмысымыздың нәтижесін көрсетті (3сурет).



Сурет 3 – Картоп дәнінің өнгіштігінің көрінісі

27 күндік тәжірибе жұмысымыздың нәтижесінде өнгіштігінің және өнгіштік қарқынын байқадық.

Осындай жолмен алынған тұқымды Сәуір айының 3-і күні жылы жайға апарып септік. Себер алдында топырағын жақсылап аударып, тегістеп қатар аралығын 10 см етіп септік, себу тереңдігі 0,5 см-дей. Сөйтіп бұның топырағының ылғал болуын ылғи қадағалап жүрдік, кеуіп кеткен жаңдайда суды шашыратып себетін арнайы ыдыстармен ылғалдандырып отырдық. Еккеннен кейін 6-7-ші күннен бастап картоп дәні өніп шыға бастады. Бұл жерде қиын нәрсе картоп дәніне қарағанда арам шөптің өскіндері тезрек өсіп шығып, картоп өсімдігінің өсуіне кедергі жасайды, сол себептен де арам шөптің өскіндерінен жиі тазалап отыруға тура келді. Батыстан – шығысқа қарай екі қатарға дәндерді отырғыздық. 1-«Бақша×Львовянка», 2-«Никитка×Приекулский ранний»


Зерттеу нәтижелері

Өсімдіктің өсу барысында биометриялық өлшеу жұмыстарын жүргізіп алынған екі будан өсімдік түрі бойынша. Төмендегі сандар алынған. Бұған қарағанда алынған екі гибридтің өсімдіктеріне бір ғана «Бақша×Львовянка» гүлдеп қалған будан өсімдіктері гүлдемеген. Өсімдіктің гүлдеуінің сұрыптау жұмыстарында мағынасы өте зор. Себебі гүлдеген өсімдіктерде ғана жидектер пайда болып одан дәнін алуға болады. Бұл сұрыптаудағы картоп сорттарының негізгі мағыналы көрсеткіші (2 кесте).

2 кесте – Өсімдіктің вегетациялық дәуірі кезеңіндегі фенологиялық бақылаудың көрсеткіштері

Дәннің аты	Орташа өсімдік сабақтарының саны	Өсімдіктің орташа биіктігі	Гүлдеген будандардың % мөлшері
«Бақша×Львовянка»	3-4	70	15
«Никитка×Приекулский ранний»	4-5	50-55	-

Ең соңында өсімдіктерді жеке-жеке қазып алып, түйіндерінің санын және салмағын өлшеп фракцияға бөліп отырдық (4,5 суреттер).



«Бақша×Львовянка»



«Никитка×Приекулский ранний»

Сурет 4 – Картоптың жаңадан қазылынып алынған, бірінші жылғы жеміс беруінің көрінісі

Картоптың көшеттерінің ішіндегі жапырағы үлкен, тамыры жақсы жетілген көшеттерді іріктеп алып, станцияның жеріне отырғыздық. Төмендегі кестеде көрсетілген (3 кесте).

Қорытынды. Алынған екі гибрид дәндерінің ішіндегі, өнгіштігі жоғары деңгейде көрсеткен «Бақша×Львовянка». Фенологиялық бақылау жұмыстарын жүргізгендегі жұмыстардың нәтижесіне қарағанда, биіктігі жағынан және өсімдіктің сыртқы көрінісінің биологиялық массасы «Бақша×Львовянка» мен «Никитка×Приекулский ранний» будандары ерекшеленіп тұрды. Зерттеу жұмысына алынған он будан өсімдіктің барлығы бірдей гүлдеп, жидек байламайды. «Бақша×Львовянка» будандарынан алынған өсімдіктердің 7-9

өсімдіктері гүлдеп және жидек байлаған, ал 2-5 өсімдіктің керісінше өсімдігі гүлдесе де жидек байламаған. Картоп селекциясында өсімдіктің вегетациялық дәуірінде генеративтік (гүлдеуі, жидек байлауы) органдарының толық жетіліп отыруының маңызы өте жоғары.

3 кесте – Бірінші жылғы будан өсімдігінің вегетациялық кезеңіндегі көрсеткіштері

«Бақша×Львовянка»				
Өсімдік саны	Сабақ саны	Гүлдеген өсімдіктің саны	Жидек байлаған өсімдік саны	Бір түптен алынған түйнектің мөлшері (гр)
1	3	—	—	—
2	4	гүлдеді	жидегі жоқ	270
3	5	гүлдеді	жидегі бар	700
4	2	—	—	350
5	1	гүлдемеді	—	270
6	3	—	—	150
7	2	гүлдеді	жидегі бар	580
8	3	—	—	380
9	4	гүлдеді	жидегі бар	420
10	2	—	—	120



«Бақша×Львовянка»



«Никитка×Приекулский ранний»



Сурет 5 – Жоғарыдан көрсетілген сереттер алынған түйнідердің айқын көрінісі болып табылады

Әдебиеттер

1. Айтбаев Е.Т., Шивченко В.К., Тоқбергенова А.Ж., Хасанов В.Т. Картоп дақылының шығу тарихы. Сер. с/х ветеринария и биология наук. 2010. № 3.– Б. 37-47.
2. Федеренко А. Картофель. Москва, 2002. – 45 с.
3. Әбділдаев В.С., Әмренов Б.Р. Картоптың тұқымдық түйнектерін бөліктерге бөліп отырғызу. «Жаршы». Алматы – 2001, №1. – Б. 3.
4. Бабаев С.А., Абдильдаев В.С. Особенности роста и развития растений картофеля в зависимости от схемы выращивания элиты. «Вестник». Алматы – 2001, № 2 – С. 13-16.
5. Жандарбекова А., Қойшыбаев М. Картоп түйнектерін отырғызар алдында препараттар мен өңдеу тиімділігі. «Жаршы». Алматы – 2001, №12. –Б.14-16.
6. Томбаева Д.К. Агротәсілдердің тұқымдық картоп түйнектерінің шығымы мен өнімділігіне әсері // Жаршы. – 2008. № 5. –Б. 8-10.
7. Шарипова Д.С. Картопты бастапқы материалын шаруашылыққа бағалы жиынтық бойынша. – Алматы: Жаршы. № 4. – 2006. – 12 б.
8. Абдильдаев В.С., Бабаев С.А., Ахметова Ф.С. Картоп дақылы. – Алматы, 2000. – 156 б.
9. Свереда Н.И. Оценка сортов и гибридов на стойкость против фитофтороза и выделение исходных форм для практической селекции в западном регионе: Автореф. Канд.с. – х. Наук: 06.01.05. К: Инст. Земл – ва., 2000. – 20 с.
10. Бабаев С.А. Сорта и перспективные гибриды картофеля для переработки. «Почвоведение». Алматы – 2003, № 1. –С. 23-27.
11. Сейтмуратов Б.Ж., Нусипкожаев Т., Баядилова Г.О. Анализ сортов на восприимчивость к вирусным болезням // материалы Международной научно – практической конференции: Экологические проблемы агропромышленного комплекса. – Алматы, 2004. – С. 377-383.
12. Красавин В.Ф. Устойчивость перспективных сортов картофеля к стрессовым факторам и болезням. Журнал. Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. Бастау. – Алматы, 2004. № 6. – С. 38-40.
13. Шойынбаева Қ., Ешибаев А., Макеева А. Оңтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған картоп сорттарын меристемдік технология әдістерімен вирустардан сауықтырудың қазіргі кездегі мәселесі. Жаратылыстану және техника ғылымдарының сериясы. 2009 № 1. – Б. 21 – 24. 7 а тау

14. Чередниченко Л.М. Использование генофонда картофеля для создания фитофторостойкого исходного селекционного материала: Автореф. Канд.с. – х. Наук: 06.01.05. К: Инст. Цукр. Свекл., 2000. – 20 – 27 с.
15. Ашимов Т.А., Танатарова Г. Картопты тұқымнан көбейту // Биология және салауаттылық негізі – 2005. -№ 3. Б. 8-11.
- [16] Ашимов Т.А., Танабаева С. Картоп дақылын көшет арқылы тұқыммен көбейту // Таптым – таптым = Эврика. – 2007. – № 7. Б. 39-42.
- 17 Кипрушкина Е.И., Петров В.Б., Чеботарь В.К. Защитно – стимулирующие свойства биопрепарата при вегетации и хранении картофеля // Доклады российской академии сельскохозяйственных наук. – 2005. № 3. – С. 21-24.
18. Филипов А.В. Фитофтороз картофеля. Защита и карантин растений. – Москва, 2005. – 123 с.
19. Жанарбекова А.Б., Қойшибаев М. Особенности развития макроспориоза и альтернариоза картофеля // Вестник сельхозоз. Науки Казахстана: Бастау. – 2001. № 5. –С. 23-26.
20. Мәрәмұлы Ә.А. Картоп шаруашылығындағы өндіріс үшін вируссыз минутүйнектер алудың аэропонды техникасын жасау. – Алматы. – 2009. – Б. 27 -32.
21. Чертер Ж. Картоп зиянкестері және оларға қарсы күрес тәсілдері. // Хабаршы. № 2. – 2000. –Б. -15-20.

ИЗУЧЕНИЕ МЕТОДОВ СОРТИРОВКИ И РАЗМНОЖЕНИЯ КУЛЬТУР КАРТОФЕЛЯ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ НОВЫХ ВИДОВ

А.Б. Ильясова, Р.Э. Айткулова, Р.А. Исаева, С.Ж. Лесбекова

С течением времени картофельный урожай имеет свойство вырождаться, теряются его сортовые свойства, уменьшается количество сбора. Желательно через каждые пять-восемь лет обновлять сорта. Качественный семенной картофель стоит дорого, но обновить посадочный материал можно самостоятельно. Существуют способы размножения картофеля, доступные каждому. Размножение картофеля происходят двумя путями: вегетативный способ; размножение семенами. Вегетативный способ считается самым быстрым и популярным. Он включает в себя размножение клубнями, отводками, ростками. Селекция картофеля семенами используется для выведения новых сортов, но некоторые огородники выращивают урожай при помощи этого способа.

Несколько клубней проращивают на свету, нужная температура – 16-18 градусов. Клубни для проращивания нужно защищать от пересыхания, для этого их раз в пять дней опрыскивают водой.

Пророщенный росток отделяют от клубня прокручиванием. Не рекомендуется вырезать ростки, чтобы не повредить почки для повторного проращивания. Снимать ростки с клубня можно раз в три дня.

Клубни проращивают на свету в течение 30 дней, а затем высаживают в парники на коротком расстоянии. После прорастания до 8 см плод удаляется из земли. Линии прокручиваются, и клубни отправляются обратно на землю. Способ позволяет получить от одного картофеля до двадцати слоев

Ключевые слова: картофель, семена, всхожесть, гибридизация, удобрения, клубни, срок посева.

THE STUDY OF METHODS OF SORTING AND REPRODUCTION OF POTATOES FOR OBTAINING NEW VARIETIES

A. Ilyassova, R. Aytkulova, R. Issayeva, S. Lesbekova

Over time, the potato crop has the property of degenerating, its varietal properties are lost, and the amount of harvest is reduced. It is advisable to update the varieties every five to eight years. Qualitative seed potatoes are expensive, but you can update the planting material yourself. There are ways to grow potatoes, available to everyone. Reproduction of potatoes occurs in two ways: vegetative mode; reproduction by seeds. The vegetative method is considered the fastest and most popular. It includes reproduction of tubers, layers, sprouts. Selection of potatoes with seeds is used to breed new varieties, but some farmers grow crops with this method.

Several tubers are germinated in the light, the desired temperature is 16-18 degrees. Tubers for germination need to be protected from drying, for this they are sprinkled with water every five days.

The germinated sprout is separated from the tuber by scrolling. It is not recommended to cut out sprouts so as not to damage the kidneys for re-germination. You can shoot shoots from a tuber every three days.

The tubers are germinated in the light for 30 days, and then planted in greenhouses at a short distance. After germination to 8 cm, the fruit is removed from the ground. Lines are scrolled, and the tubers are sent back to the ground. The method allows you to get from one potato to twenty layers.

Key words: potato, seeds, germination, hybridization, fertilizers, tubers, term of sowing.

К.К. Мамбетов, Р.А. Абилдаева, Г.А. Рысбаева, А.Д. Дауылбай

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

ҚАНТ СОРГОСЫН ӨСІРУДЕ ТОПЫРАҚ ЖӘНЕ ТҰҚЫМДЫ ЕГІСКЕ ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа: Мақалада сорго өсімдігін өсіруде топырақ және тұқымды егіске дайындау әдістерін пайдалану керектігі қарастылылады. Құмайды өсіру кезінде дәстүрлі технология бойынша тазалау жұмыстарынан соң соқамен 7-8 см тереңдікте тырмалау арқылы топырақты өңдеу қажет. Содан соң 10-15 күн өткеннен кейін 25-27 см тереңдікке дейін жер жыртылады. Көктем мезгілінде топырақты өңдеу жұмыстары егістік өрістерін тырмалау арқылы тегістеуді қамтиды.

Қазақстанда негізінен құрғақшылыққа төзімді мәдениеттің сорттары Қазақстанның оңтүстігіне, батысына және шығысында аудандастырылады. Бірақ екі жылдан бері Солтүстік Қазақстанның оңтүстік қара топырақтары мен қоңыр топырақтары үшін астық құмырсқасының сортын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағыттың перспективалығы жартылай құрғақ және құрғақ дала егіншілік аймақтарындағы егіс алқаптарын кеңейтудің әлемдік үрдісімен дәлелденеді.

Осыған байланысты әлемнің түрлі елдерінен келген сорго бастапқы материалының кең әлеуетін зерттеу және оны селекциялық процеске тарту өте өзекті, теориялық және практикалық маңызы зор. Біздің елімізде, құрлықтық климат жағдайында, оның аумағының жартысынан астамы құрғақшылыққа ұшыраған кезінде, ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігінің жылдар бойынша қатты ауытқуы байқалады. Дәнді дақылдар арасында құрғақшылыққа төзімділігі жоғары және тұздылығымен құмай бөлінеді, бұл оның жыл бойғы түсімінің жоғары тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Арамшөптермен күрес кезінде механикалық әдіс қымбатқа түседі және көбіне пайдасыз болады. Химиялық әдісте топырақты егіске күзгі және көктемгі дайындауда глифосат-құрамды препараттарды қолдануға негізделген.

Түйін сөздер: комбинирленген, агрегат, культивирлеу, гербицид, гибрид, фузариоз.

Сыпырғыш құмай-кең таралған техникалық мәдени өсімдік, сыпырғылар, щетка, сыпырғыш және түрлі тоқылған тұрмыстық бұйымдар алу үшін өңделеді. Осылайша, сорго мәдениеті біздің еліміздің құрлықтық климаты жағдайында өте тиімді болып табылады. Сонымен қатар, осы мәдениетті оның барлық мүмкіндіктерін іске асыру үшін жан-жақты зерттеу қажет.

Әлемдік егіншілікте сорго бидай, күріш, жүгері, арпа кейін 50 млн. гектарды алып жатыр. Сорго өсірудің басты аймақтары Африка, Оңтүстік және Шығыс Азия, АҚШ болып табылады. Қазіргі уақытта ТМД-да осы құнды дақылдардың егісі 850 мың га құрайды, Судан шөптерінің егісін есептегенде. Оның негізгі аудандары Солтүстік Кавказ, Украина, Поволжье, Орта Азия, Қазақстан мен Молдавияда шоғырланған. Құмай пайдалану сипаты бойынша астық, қант (сүрлем), сыпырғыш және шөп болып бөлінеді. Астық құмай мал мен үй құсы үшін жақсы жем болып табылатын астық алу мақсатында, сондай-ақ балықтарды жасанды өсіру кезінде өсіріледі. Бірқатар африкалық елдерде, сондай-ақ АҚШ пен Үндістанда сорго ұн, жарма, крахмал алу, сыра дайындау және спирт өндіру үшін қолданылады.

Құмайды (сорго) өсіру кезінде дәстүрлі технология бойынша тазалау жұмыстарынан соң соқамен 7-8 см тереңдікте тырмалау арқылы топырақты өңдеу қажет. Содан соң 10-15 күн өткеннен кейін 25-27 см тереңдікке дейін жер жыртылады. Көктем мезгілінде топырақты өңдеу жұмыстары егістік өрістерін тырмалау арқылы тегістеуден тұрады. Егін өскіндерінің ұзындығы 0,5-1,5 см-ге жеткенге дейін олардың түбін тырмалап отыру қажет. Қатты топырақты тырмалау жұмыстары орта тырмалағыш ЗБЗС-1,0, ал жұмсақ топырақты егістік тырмалағыш ЗБП-0,6 аппараттарымен жүргізеді. Негізі тырмалау жұмыстары құмай үш жапырақты кезеңде, ал арам шөптер «ақ жіпшелер» кезеңінде кезде жүргізіледі. Құмай өсімдігінің қалың өсуі және аса ластану кезінде тырмалауды түптену фазасында жүргізуге болады. Бұл кезде екі мәселе қарастырылады: қосымша арамшөптердің көзі жойылады және қалың егістік сиретіледі. Тырмалау немесе басқа да өңдеу жұмыстары кезінде құмай өсімдігіне зиян келмейтіндей, тек қана арамшөптерді жоятындай етіп топырақты қопсыту қажет. Өңдеуді міндетті түрде қатарларға көлденең етіп жүргізеді. Енділігі жуан егін қатарларында арамшөптермен күресу мақсатында екі-үш қатараралық өңдеулер жүргізіледі.

Бұл жұмыстар арамшөптердің өсу мөлшеріне қарай жүргізіледі. Құмай қатарларында біржылдық арамшөптер болса, онда екінші қатараралық қопсытып өңдеу кезінде роторлы дискілі немесе пружиналы тырмалағыштарды қолдануға болады. Соңғы қатараралық өңдеуді түптегіштермен жүргізген жөн.

Арамшөптермен күрес кезінде механикалық әдіс қымбатқа түседі және көбіне пайдасыз болады. Химиялық әдісте топырақты егіске күзгі және көктемгі дайындауда глифосат-құрамды препараттарды қолдануға негізделген.

Егістікті күзгі кезеңде дайындау

1 саты



Сурет 1 – Сорго өсімдігінің жер пластинкасын жыртып, топырақ бетіне шығуы

Сорго өсімдігінің жер пластинкасын жыртып, топырақ бетіне шығуы сыртқы факторларға байланысты 9-14 күнге дейін өте алады

Ленинградтың ауыл шаруашылық институтының қызметкерлерінің зерттеулері бойынша меристемалық жолмен алынған элиталарының шаруашылықта тұқымдастырылған шаруашылықтарда алынған материалдардан әлдеқайда жоғары болады.

Көптеген селекционерлердің зерттеулері бойынша вирусты аурулармен залалдану деңгейі оның генотипіне байланысты. Мысалы үшін, прекульский ранний сорты үш вегетациялық дәуірінде орташа инфекциялық фонда (суперэлита) материалдары 31,3 %-дан 77,7 %-ға дейін залалданған [15].

Бүкіл Ресейлік фитопатология ғылыми зерттеу институтының зерттеулері бойынша меристемалық тканьдер арқылы тазартып алынған картоп сорттары – сорттық қасиетін жоғалту арқылы өнімділігін төмендеткен..

Картоп саңырауқұлақ аурулары. Фитофторозға төзімділік. Бұл ауру XIX ғасырдың басында Америкадан әкелінген түйнектерді отырғызу арқылы Европа елдеріне таралған Қазақстанда фитофторозға алғаш рет 1934 жылы Алматы облысында кездестірді.

Ауруды *Phytophthora* саңырауқұлағы қоздырды. Кеселге картоптың барлық органдары шалдығады. Алдымен ауру белгілері ескірген, жапырақтардың шық тұратын жоғары ұшында байқалады. Зақымдалған жапырақ бөліктері қоңыр тартып тез қарайып кетеді. Біртіндеп ауру жапырақ сағақтары мен сабақтарына таралып, өсімдік тіршілігін тоқтатуы мүмкін. Жаңбыр тамшыларымен ауру қоздырғышының инфекциясы жапырақтан шайылып жерге түсіп, түйнектерді зақымдайды. Олардың үстінде көлемі әр түрлі қоңырқай немесе сұрғылт ойыс дақтар пайда болады. Ауруға шалдыққан органдарда саңырауқұлақтың кокцидиялары немесе зоопангийлері түзіліп, жаз бойы бірнеше ұрпақ береді. Ауру су арқылы және желмен тез таралып, бүкіл егістікті жайлайды. Фитофтороз ауруына шалдыққан картоп түйнектерін қоймада сақтауға болмайды. Ауру қоздырғыш саңырауқұлақ мицели күйінде түйнектерде сақталып, келесі жылы отырғызылған картоп өнген кезде, инфекция жаңа сабақтар мен жапырақтарға тарайды [16].

Фитофтороз – картоптың ең қауіпті ауруларының бірі, бұл ауру негізінде ылғалды және қоңыржай климатты аймақтарда көп тараған. Отандық селекциялық сорттардың ішінде фитофторозға төзімділері Лорх, Островский, Львовский белый. Бұл сорттарды шаруашылыққа енгізу арқасында фитофтороздан болатын өнімнің шығыны күрт азайды. Бірақ, қажетті төзімділікке жеткен жоқ. Барлық сорттар азды-көпті болса да фитофторозбен жарақатанды. Енді фитофторозға төзімді емес ол ауруға мүлдем шалдықпайтын сорттар шығару мақсаты тұр бұл мақсатты жүзеге асыру тек тұр аралық будандастыру арқылы, селекцияның сорттарды иммунитеті жоғары жабайы түрлермен 1953 жылы НИИКХ-да Пушкирев алғаш рет селекция практикасында Гранат және Народный сорттарымен буданды қайта тозаңдандыру арқылы будандастыруда ашылған үлкен жаңалық болды. Қазіргі кезде фитофтороздың барлық түріне төзімді бір сорт жоқ [17].

Көптеген зерттеулердің айтуынша қандай жағдайда болмасын фитофторозға төзімділік пен картоп түйнегі арасында корреляциялық байланыс онша байқалмайды /А.Я.Камераз. 1959/.

Күрес шаралары. Ауру қоздырғышының инфекция қорын жоюға бағытталған агротехникалық, ал қажет болған жағдайда химиялық әдістер қолданылады.

Ауыспалы егіс жүйесін сақтап бұл аурудың асқынбауына себеп болады. Себебі, күзде картопты жинау кезінде топырақта қалған ауру түйнектер келесі жылы отырғызылатын тұқым үшін инфекцияның көзі болып табылады. Сондықтан да картопты астық дақылдарынан, дәнді – бұршақ, жүгері көп жылдық шөптерден (беде, жоңышқа ерке шөп және т.б.) кейін отырғызғанда ауруын азайтады. Фитофторозбен зақымданған түйнектер саны 2 %-дан аспауы қажет. Түйнектерді отырғызар алдында, өсіру кезінде олардың ауруға төзімділігін күшейту үшін екі мезгіл (мыс купоросы) 0,02-0,1 % ерітіндісін бүрку керек. Бірінші рет – өсу басталғаннан 7-10 күн өткен соң, екінші рет – отырғызуға 7 күн қалған өнім жиналмастан 7-10 күн бұрын өсімдіктердің сабақтарын шауып құрыту керек немесе магний хлорат (1 гектарға 30 кг) ерітіндісімен күйдірген жөн.

Тұқымға сақталатын түйнектерді тегіс, құрғақ жерге жайып 10-12 күн кептіріп қоймаға салу қажет. Қоймада 2-3 апта бойы жараланған түйнектердің жазылып кетуі үшін температураны 12-18 °С жылылыққа, ылғалдығын 90 %-ға жеткізіп әр бір-екі сағаттан кейін, 1,5 сағат бойы ауа өзгертіледі. Емдеу уақыты өткен соң ауа қызуын 1-3 °С дейін төмендетіп, ылғалдылығын 85-90 % шамасында болуын қыс бойы қадағалап отыруы керек.

Макроспориоз. Өте кең таралған аурудың бірі. Қазақстанда Солтүстік-Батыс, Оңтүстік – Шығыс және Шығыс аймақтарында таралған.

Ауруды макроспориум солани саңырауқұлағы қоздырады. Қазақстанның ауа райы жағдайында шілде айының екінші жартысында картоптың жапырақтарында дөңгелек шеңберлері бар үлкен, қоңырқай түсті дақтар пайда болады. Ауру қатты өршігенде шеңберлі дақтар бір – бірімен қосылады да, жапырақтар түсіп қалады. Әсіресе, ауаның қызуы 25-28°С жеткенде аурудың кондияларының өсіп жетілуіне өте қолайлы [18].

Түйнектерін жайлап, соның нәтижесінде ондай өсімдіктердің жапырақтары сарғайып соңынан солып және құрғап қалады. Картоп түйнектерінде де әр түрлі қоңырқай немесе қара ойыс дақтар пайда болады. Қыс уақытында қоймаға салынған мұндай түйнектер жылдам шіріп кетеді. Ауру қоздырғышы өсімдіктердің қалдықтарында және топырақтарында сақталады.

Күрес шаралары. Инфекцияның көзін азайту үшін күзде өсімдіктердің қалдықтарын жою, сүдігер жырту, ауыспалы егіс жүйесін дұрыс сақтау қажет. Минералды тыңайтқыштар ішінде калий картоптың макроспориозға қарсы төзімділігін күшейтеді. Бұл ауруға Адретта, Гатчиский, Огонек, Искра, Зауральский, Заверо, Первенец, Тулунский, Фоленский, Филатовский сорттары төзімді болып келеді.

Картоптың фузориоздық солуды. Картоп фузориозы Қазақстанда да көптеген облыстарда кездеседі. Ауру әсіресе Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарында картопқа көп зиянын тигізеді.

З.Н. Кочетова, С.М. Туаеневич мәліметтері бойынша фузориоздық солуды фузориум туысына жататын саңырауқұлақтың *Fusarium oxysporum* Schl F\ *Avenaceum* (Fr) Solani (Mart) App Et wg түрлері қоздырады. С.Т. Буменцовтың деректеріне қарағанда Қазақстанның Оңтүстігінде фузориоз солуды тек қана *Fusarium oxysporum* Schl қоздырады.

Өсімдіктер ауруға негізінде гүлдеу, түйін салу кезінде өте бейім келеді. Осы мезгілде ауру картоп тамырларын немесе түйнектерін жайлап, соның нәтижесінде ондай өсімдіктердің

жапырақтары сарғайып соңынан солып және құрғап қалады. Кейбір жылдары картоптың 41,3 % – тейфузариоз слонионына шалдығып, өнім шығыны 25 % -ға дейін кемиді. Қазу мен жинау кезінде механикалық зақымдалған түйнектер фузориоз ауруына өте бейім келеді [19].

Күрес шаралары. Топырақта жиналған инфекцияны жою үшін ауыспалы егіс жүйесін дұрыс пайдалану, картопты жоңышқа немесе көкөніс дақылдарынан кейін отырғызу. Бір танапқа 4-5 жеке аралықта егу, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды пайдалану қажет. Вегетация кезеңінде мезгілімен 4-5 рет суару өнімді жинау жұмысын мұқият әрі сапалы өткізген жөн. Фузориоз ауруына төзімді сорттарды таңдап егу қажет. Н.П.Папова, Ю.Н.Шпейдердің және т.б. мәліметтері бойынша бұл ауруға мына сорттар төзімді келеді: Южанин, Ранни роза, Курьер, Берлихинген, Джекскосельский, Агрономический, Юсель, Приекульский .

Картоптың вегетативтік солуы. Еліміздің картоп егетін аймақтарында кеңінен таралған ауру. Қоздырғышы – *Verticillium albo-atrum* Rienke et Berth топырақта өміс сүреді. Вертициллез өсімдіктердің су мен қоректік заттар жүретін түтік талшықтарын зақымдап, соның нәтижесінде картоп солып қалады. Егер ауру өсімдікті жұлып алып, сабағын кесіп қиғаштап қараса, оның тканьдерінің қарайып кеткенін байқауға болады. Вертициллез солуының фузориоздан айырмашылығы, біріншіден – аурудың процесі жай қарқында өтеді. Екіншіден – ауруға шалдыққан өсімдік жапырақтарының айналасында сары жолағы бар қоңыр дақтар пайда болады [20].

Ауа қызуының 17-22°C аралығы аурудың дамуына қолайлы болып табылады. Ал 32°C – тан жоғары қызу саңырауқұлақтың өсуін тоқтатады.

Күрес шаралары. Ауыспалы егіс жүйесін қолдану, агротехникалық шараларды нақтылығы уақытында пайдалану бұл ауруға қарсы күрестің нақты шаралары болып табылады.

Альтернариоз. Ауру тудырғыш – *Alternaria Solani* саңырауқұлағы. Кесел көбінесе картоп өсімдігі гүлдеген кезде кең өріс алады. Ауруға шалдыққан картоп жапырақтарының шеті сарғайып, иірленеді де, көп ұзамай құрап, солып қалады. Альтернариоз ауруы тараған түйнектерде де қара дақтар пайда болады. Мұндай картоп түйнектерін қоймада сақтауға болмайды. Ауру тудырғыш саңырауқұлақтар өсімдік қалдықтарында, топырақта тұқымдық түйнектерде сақталады [21].

Күрес шаралары. Бұл аурумен күрестің негізгі шарасы – ауыспалы егіс жүйесін уақытта сақтау, агротехниканы қолдау.

Картоптың кәдімгі қотыры – картоп өсірілетін аудандарда кеңінен таралған ауру. Қазақстанда да жиі кездесіп тұрады, әсіресе Қарағанды облысында және Алматының таулы аймақтарында көп зиян келтіреді. Кәдімгі қотыр ауруын актиномициттердің бірнеше түрлері қоздырады. Қоздырғыштар топырақта өмір сүреді де, топырақтың түйнектерін жаралайды. Жұққан жерінде шашыраған, сәл бұжырлаған қатпарлар пайда болады.

Күрес шаралары. Ауыспалы егіс жүйесін бұзбау картоп отырғызылатын танапты толық шіріген көң мен немесе фосфорлы – калийлі тыңайтқыштармен өңдеу, тұқымдық түйнектерін ұқыптап іріктеу, түйнектердің бетіндегі инфекцияны жою үшін оларды отырғызу алдында химиялық препараттармен өңдеу қажет .



Сурет 1 – Картоптың ауруы

Картоптың вирустық және микоплазмалық аурулары.

Тарғыл мозайка. Қазақстанда кеңінен таралған ауруды «Х» вирус қоздырады. Ауруға шалдыққан өсімдік жапырақтарында сұрғылт немесе сарғыштау мозайка дақтары пайда болады.

Тарғыл мозайка қоздырғыш түйнектерде сақталады да көктемде жас өскіндерге жұғады. Вегетация кезінде инфекция контакталы әдіспен, өсімдіктер бір – бірімен түйіскен кезде жойылады.

Қатпарлы мозайка. Вирус ауруларының ішіндегі қауіпті түрлерінің бірі. Өте кең тараған. Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймақтарында жиі кездеседі. Ауруды қоздыруда У, S, X, M вирустары қатысады.

Картоптың жер бетіне жаңа шыққан өскінінің жапырағында мозайка дақтары пайда болады, өсу жылдамдығы бәсеңдейді, нашар гүлдеп, жапырақтары ұсақтау болады.

Жолақ мозайка. Қазақстанда Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қарағанды облыстарында кеңінен таралған. Ауруды «У» вирусы қоздырады. «У» вирусымен залалданған түйнектерді бірнеше жыл қатар отырғызып өсірсе, ондай өсімдіктердің төменгі жапырақтары солып, төмен қарай салбырап өседі де, жоғарғы қатардағы жапырақтардың түсі солғын – көкшіл тартып, қоңыр – кара мекроздар пайда болады. Ауру қоздырғыш зақымдалған түпті түйнектері арқылы таралады. Бұл аурумен әсіресе Бульба, Рекорд, Южный сорттары жиі залалданады.

Жапырақ ширатпалары. Бұл аурудың екі түрі бар. Біріншісінің қоздырғышы – «F» вирусы көбінесе өсімдік беттерімен және қандалалар арқылы таралады. Ауру еліміздің оңтүстік, оңтүстік – шығыс аймақтарында кездеседі. Ауруға шалдыққан өсімдіктердің өсуі баяулап, жапырақтары хлорозданып, сарғайып, артынан антоцион бояуы көбейіп, некрозданады. Төменгі қатарда орналасқан жапырақтар ширатылып, шет жақтары жоғарғы жағына қарай қайырылады. Ондай өсімдіктер гүлденбей, түйнектері өте ұсақ болып келеді.

Жапырақ ширатпасының екінші түрін – «M» вирусы қоздырады. Аурудың негізгі белгісі үстіңгі қатарда жапырақтардың шет жақтары жоғары қарай қайырылады, реңі бозарып, кейде мозайка не болмаса әжім пайда болады.

Картоптың вирустық және микоплазмалық ауруларына қарсы күрес шаралары:

1. Қаптарлы мозайка, жапырақ ширатпалары жиналған түйнектерді айыру үшін қолданылатын индексация әдісімен іріктеу жұмысы Ақпан-Наурыз айларында жүргізіледі. Ол үшін алдын ала өсірілген 1-2 түйнектен бірнеше көзшелерін алып, теплица топырағына отырғызады. Әр көзшені белгілеп, қай түйнектен алынғанын жазып қояды. Егер өсе бастаған өнікте ауру белгілері пайда болса, қоймадағы түйнектер тұқымдық материал ретінде пайдаланады.

2. Жасырын инфекциясы бар түйнектерді, өсімдіктердің сабақтарын, жапырақтарын әдіспен тексеру. Бұл әдіс жыл бойында, әр уақытта жүргізіле береді.

3. Тұқымдық түйнектерді өзіндік салмағы бойынша іріктеу. Егерде аммиак селитрасының 250-300 г 1 л. Суға ерітіп, оған картоп түйнектерін салса, аурулары ерітіндінің бетіне қалқып шығады.

4. Тұқымдық тонаптарды немесе техникалық учаскелерден 100 м немесе одан да қашығырақ жерге орналастыру керек.

5. Органикалық және минералдық тыңайтқыштарды уақытында, дұрыс пайдалану.

6. Вирус ауруын таратушы насекомдарды жою.

7. Аромиоптерді жою. Өйткені олардың көбі вирус инфекциясының көзі, әрі ауру тарататын зиянды насекомдардың қорегі.

Ракқа төзімділік. Рак – картоптың қауіпті ауруларының бірі. Рак ауруына төзімді сорттар шығару барлық селекциялық мекемелерінің актуальды мақсаты. Бұл аурудың туғызатын саңырауқұлақтың спорасы 10 жылға дейін тіршілік әрекетін жоймайды, ал бұған қарсы қолданылатын химиялық шаралардың қымбаттығына және олардың жетілдірілмеуіне байланысты рактен күрестің агротехникалық шаралары қиынға түседі. Ракқа төзімді шарттар өздігінен тозаңданғанда немесе будандастырғанда раққа ұрпағының 75-95 %-ы төзімді формалар алуға болатындығы көптеген ғылыми – зерттеулер мекемелеріне белгілі. Ракқа төзімді және төзімсіз сорттарын будандастырғанда 50-85%-ы төзімді сорт алуға болады. Зерттеулер бойынша раққа төзімді сорттарға рақ биотипін қолдан жұқтырғанда сорттардың түрлі жағдайын көруге қабылдағыш, ауруға төзімді, нашар төзімді.

Кәдімгі паршаға төзімділігі. Парша – саңырауқұлақтар туғызатын ауру. Картоптың парша жұққан түрлерінің пайдасы, қасиеттері кетіп, өнуі төмендейді. Бұл ауру барлық жерде таралған. Түйнекке түскен дақтардың формасына кара паршаны үш топқа бөледі: тегіс, ойыс және төмпек. Бұл ауруға төзімді өсімдіктердің табиғаты туралы біркелкі пікір әлі жоқ. Паршаға төзімділіктің генетикасы аз зерттелген. Кейбір төзімді сорттар бұл белгісін ұрпағына доминанты беретіні селекция практикасынан белгілі.

Бактериялық ауруларға төзімділігі. Картоптың аса зиянды аурулары қара сирақ және сақиналы шірінді тобына жататын аурулар. Қара сирақ, бұл ауруды бірнеше бактериялар

түрлері туғызады. Ауру барлық жерге таралған. Шығарған сорттарды бағалаудың тиянақты әдісін біле отырып, селекция процесін ерте сатысында ауруға төзімді сорттарын сұрыптауға болады.

Сақиналы шірінді. Бұл ауруға төзімділік доминантты тұқым қуалайды. Селекция жұмысы барысында бактериялық ауруларға комплексті төзімді сорттар шығаруға баса көңіл бөлу қажет.

Вирусты ауруларға төзімділігі. Картоптың аса зиянды ауруларға төзімді сорттарын шығару картоп селекциясының қиын әрі маңызды жұмыстарының бірі. Вирусты ауруларға төзімді сорттар шығарудың қиындығы, вирустардың көптілігі, бірнеше вирусқа комплексті формаларда бөліп алу және өсімдікке түрлі әсер ететін штамптардың көп болуында. Аурулардың пайда болуы экологиялық, географиялық жағдайда да болады. Картоптың вирусты аурулары түрлі мозаикалық аурулар туғызып, шаруашылыққа көп зиян келтіреді.

Селекциялық жұмыстардың жақсы қорытындысы негізгі іріктеуге байланысты.

Картоптың зиянкестері. Картоптың ең қауіпті зиянкестері – *сымқұрт, шыртылдақ қоңыздың, зауза қоңызының личинкалары, кеміргіш қоңыр көбелек құрты*. Бұлардың бәрі де картоптың тамыр жүйесі мен түйнектерін зақымдайды. Негізінен ластанған алқапта көбейіп кетеді.

Картоп зиянкестеріне қарсы күрестегі басты шаралар мыналар: алқапты таза күйінде ұстау. Ауыспалы егіс жүйесіндегі дақылдарды дұрыс кезектеп егіп отыру, картоп егілетін алқапта міндетті түрде зябь жырту, улы еліктіргіштерді қолдану. Еліктіргіштер кебектен немесе күнжарадан жасалады, оған улы заттар мышьякқышқылда натрий немесе парин көгі қосылады. Еліктіргіш сәл ылғалданған соң қоңыздардың күндіз жиналатын орындарына – шөп пен сабан үймешігі астына, ал құрттар үшін қатар аралықтарға өсімдіктерге жақынырақ жерге тасталады. Сондай-ақ егіс гексохлоранмен тоңазытылса /1 гектарға 5-6 кг гексохлоран/, оған кеміргіш қоңыр көбелек жоламайтын болады.

Колорада қоңызы картоптың өте қауіпті зиянкесі. Шыққан жері – Солтүстік Америка материгі. Европада бірінші рет 1922 ж Францияның Бордо қаласының маңынан табылып, сонан соң картоп өсіретін аудандарға тарап, шығыс, батысқа қарай жылжи түсті. 1958-1960 жылдары бұл аса зиянды насеком көрші жатқан елдерден топ-тобымен ұшып келіп Молдавия, Батыс Украина, Батыс Белорусия, Прибалтика Республикаларына еніп картоп дақылын зақымдай бастаған. Қазіргі уақытта ол еліміздің Европалық бөлігін, Закавказье республикаларын толық меңгеріп, Орал тауының шығыс жағында орналасқан облыстарда да кездесе бастады.

Колорада қоңызы бейімделудің олигофак немесе шенеулі қоректік формасына жатады. Яғни ол алқалылар тұқымдасына жататын өсімдіктермен қоректенеді. Олардың ішінде ең ұнатып картоп одан кейін қызанақ, бакложан, темекі, қара алқа, дәрілік қасиеттері бар – беладонна, ақ меңдуана, қара меңдуана, сасық меңдуана және т.б. ересек қоңыздар мен оның личинкалары өсімдіктердің жапырағын және сабағын кеміп зақымдайды, кейбір жағдайларда топырақтың үстінде ашық қалған түйнектерді де зақымдайды.



Сурет 2 – Колорада қоңызының көрінісі

Бұл қоңызды өзге қоңыздан ажырату оп-оңай. Денесінің ұзындығы 10 мм, ені 6-4 мм. Оның негізгі ерекшелігі – қанатының үстіңгі жағы сары түсті келеді және осы жерінде он жолағы болады. Алдыңғы кеудесінде қара нохаттар, орта жерінде римдік «V» цифрға ұқсаған таңбалары болады. Бас мойыны және аяқтары қара түсті, денесінде екі меңді нохаты бар. Ол үш рет түлеп, төрт өсу саусағынан өтеді. Бұл қоңыздар топырақтың 50-70 см-к қабатында қыстайды. Көктемде олар топырақ бетіне шығып, картоптың сабағымен қоректенеді. Колорада қоңызы картоп жапырағының астыңғы жағына 600-ге, кейде 1200-ге жуық сарғыш

түсті ұрық (жұмыртқа) салады. Ал осы қоңыздың личинкалары қызыл түсті болады, оның екі жақ бүйірінде қара дақтары бар. 17-20 күндік личинкалардың ұзындығы 1,5 см-ге жетеді, осы кезде олар топырақтың тереңірек қабатына кетеді. Осында олар қуыршаққа айналады. 7-10 күннен кейін қуыршақтан кейін қоңыз пайда болады. Батыс Қазақстан аймағында жылына екі ұрпақ, ал Солтүстік Қазақстанда – бір ұрпақ береді. Күзде суық түскен соң қоңыздың ұрығы, личинкалары, қуыршақтары өледі, ол қоңыздың өзі топырақта жатып қыстап шығады.

Сәуірдің 20-сы мен Мамыр айының соңына дейінгі кезеңде Солтүстік Қазақстан облысы аумағына картоп әкелуге тиым салынады. Оған Ресейдің шекаралас аймақтарында картоп зиянкестерінің шыққан себеп болып отыр. Бұл зиянкес Ресейдің Қорған, Омбы, Новосібір облыстары мен Түмен аймағының оңтүстігінде көптеп шығып жатыр.



Сурет 3 – Колорода қоңызының картоптың жапырағын зақымдауының көрінісі

Зиянкестің түрі құртқа ұқсас келеді дейді мамандар. Ол тұқымда болуы мүмкін. Науқасқа шалдыққан тұқымды жерге отырғызғасын, құрт топырақтың құнарлы қабатына еніп, өнімнің тамыры арқылы келетін нәрдің бәрін өзіне сіңіреді. Оның салдарынан картоп өсімін тоқтатады. Бақша немесе саяжай мұндай ауру келсе, адамдар еккен картобының 70 %-нан айырылады.

Күрес шаралары. Зиянкеске қарсы қолданылатын шараның ең бастысы – карантиндік сақтандыру ережелерін мұқият сақтау.

Колорадо қоңызы тараған аумақтарда картоп өнімін сақтау үшін химиялық, биологиялық және агротехникалық тәсілдері кеңінен жүргізілеті. Зиянкеске қарсы мына препараттарды қолдануға болады: алебуне, 25%-қ эмульсия, велатон, 50%-қ эмульсия, фтолофос т.б. Препараттың гектарға жұмсалатын мөлшерін алып 400 л. суға ерітіп, ОВТ-1, ОН-400 машиналарына құю керек.

Әдебиеттер

1. Айтбаев Е.Т., Шивченко В.К., Тоқбергенова А.Ж., Хасанов В.Т. Картоп дақылының шығу тарихы. Сер. с/х ветеринария и биология наук. 2010. № 3.– Б. 37-47.
2. Федеренко А. Картофель. Москва, 2002. – 45 с.
3. Әбділдаев В.С., Әмренов Б.Р. Картоптың тұқымдық түйнектерін бөліктерге бөліп отырғызу. «Жаршы». Алматы – 2001, №1. – Б. 3.
4. Бабаев С.А., Абдильдаев В.С. Особенности роста и развития растений картофеля в зависимости от схемы выращивания элиты. «Вестник». Алматы – 2001, № 2 – С. 13-16.
5. Жандарбекова А., Қойшыбаев М. Картоп түйнектерін отырғызар алдында препараттар мен өңдеу тиімділігі. «Жаршы». Алматы – 2001, №12. –Б.14-16.
6. Томбаева Д.К. Агротәсілдердің тұқымдық картоп түйнектерінің шығымы мен өнімділігіне әсері // Жаршы. – 2008. № 5. –Б. 8-10.
7. Шарипова Д.С. Картопты бастапқы материалын шаруашылыққа бағалы жиынтық бойынша. – Алматы: Жаршы. № 4. – 2006. – 12 б.
8. Абдильдаев В.С., Бабаев С.А., Ахметова Ф.С. Картоп дақылы. – Алматы, 2000. – 156 б.
9. Свереда Н.И. Оценка сортов и гибридов на стойкость против фитофтороза и выделение исходных форм для практической селекции в западном регионе: Автореф. Канд.с. – х. Наук: 06.01.05. К: Инст. Земл – ва., 2000. – 20 с.
10. Бабаев С.А. Сорта и перспективные гибриды картофеля для переработки. Почвоведение. Алматы -2003, № 1. – С. 23-27.
11. Сейтмуратов Б.Ж., Нусипкожаев Т., Баядилова Г.О. Анализ сортов на восприимчивость к вирусным болезням // материалы Международной научно – практической конференции: Экологические проблемы агропромышленного комплекса. – Алматы, 2004. – С. 377-383.
12. Красавин В.Ф. Устойчивость перспективных сортов картофеля к стрессовым факторам и болезням. Журнал. Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. Бастау. – Алматы, 2004. № 6. – С. 38-40.

13. Шойынбаева Қ., Ешибаев А., Макеева А. Оңтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған картоп сорттарын меристемдік технология әдістерімен вирустардан сауықтырудың қазіргі кездегі мәселесі. Жаратылыстану және техника ғылымдарының сериясы. 2009 № 1. – Б. 21-24. 7 а тау
14. Чередниченко Л.М. Использование генофонда картофеля для создания фитофторостойкого исходного селекционного материала: Автореф. Канд.с. – х. Наук: 06.01.05. К: Инст. Цукр. Свекл., 2000. – 20-27 с.
15. Ашимов Т.А., Танатарова Г. Картопы тұқымнан көбейту // Биология және салауаттылық негізі – 2005. – № 3. Б. 8-11.
16. Ашимов Т.А., Танабаева С. Картоп дақылын көшет арқылы тұқыммен көбейту // Таптым – таптым = Эврика. – 2007. – № 7. Б. 39-42.
17. Кипрушкина Е.И., Петров В.Б., Чеботарь В.К. Защитно – стимулирующие свойства биопрепарата при вегетации и хранении картофеля // Доклады российской академии сельскохозяйственных наук. – 2005. № 3. - С. 21-24.
18. Филипов А.В. Фитофтороз картофеля. Защита и карантин растений. – Москва, 2005. – 123 с.
19. Жанарбекова А.Б., Қойшибаев М. Особенности развития макроспориоза и альтернариоза картофеля // Весник сельскохоз. Науки Казахстана: Бастау. – 2001. № 5. – С. 23-26.
20. Мәрәмұлы Ә.А. Картоп шаруашылығындағы өндіріс үшін вируссыз минутүйнектер алудың аэропонды техникасын жасау. – Алматы. – 2009. – Б. 27-32.
21. Чертер Ж. Картоп зиянкестері және оларға қарсы күрес тәсілдері. // Хабаршы. № 2. – 2000. –Б. 15-20.

ИССЛЕДОВАНИЕ НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫХ ВРЕДИТЕЛЕЙ И БОЛЕЗНИ КАРТОФЕЛЯ

А.Б. Ильясова, Д.Е. Кудасова, Ж.А. Шингисбаева, М.А.Туралиева

Болезни картофеля – основная проблема всех огородников. Картошка – очень урожайная культура, но свести все труды к нулю могут болезни и вредители. Болезни картофеля распространяются достаточно быстро, так как возбудители перемещаются от стеблей к клубням, вызывая потерю урожая. Чтобы не допустить этого, нужно не только проводить предпосевную обработку посадочного материала, но и внимательно наблюдать за овощами в процессе выращивания. При обнаружении первых признаков заболеваний, проводят обработку специальными средствами.

Основные причины возникновения болезней картофеля включают неправильный подбор посадочного материала, нарушения севооборота и неправильных уход за растениями.

Большинство современных гибридных сортов картофеля обладают устойчивостью к болезням. Однако при выращивании сортов, неподходящих для определенного климата, это свойство теряется. Поэтому рекомендуется выращивать местные сорта, адаптированные к климатическим и почвенным условиям.

Соблюдение севооборота при выращивании картофеля также играет важную роль. Возбудители болезней часто задерживаются в почве и при нарушении севооборота поражают культуры в самом начале культивации или на этапе созревания клубней.

Неправильный уход за картофелем также может стать причиной развития болезней. К примеру, чрезмерный полив может спровоцировать фитофтороз, а повышенная температура вызвать грибные заболевания.

Основная особенность болезней картофеля в том, что они повреждают преимущественно клубни. В результате теряется не только урожай, предназначенный для употребления в пищу, но и ухудшается качество посевного материала.

Ключевые слова: *картофель, болезни картофеля, урожайная культура, вредители, стеблей к клубням, выращивания, посадочного материала*

STUDYING THE MOST COMMON PESTS AND DISEASES OF POTATOES

A. Ilyassova, D. Kudasova, Zh. Shingisbayeva, M. Turaliyeva

Diseases of potatoes – the main problem of all truck farmers. Potatoes are a very productive crop, but diseases and pests can reduce all work to zero. Diseases of potatoes spread fairly quickly, as pathogens move from stems to tubers, causing loss of crops. In order not to allow this, it is necessary not only to carry out preplanting processing of planting material, but also to carefully observe the vegetables in the process of cultivation. When the first signs of diseases are detected, the treatment is carried out by special means.

The main causes of potato diseases include improper selection of planting material, disruption of crop rotation and improper plant care.

Most modern hybrid potato varieties have resistance to disease. However, when growing varieties that are unsuitable for a certain climate, this property is lost. Therefore, it is recommended to grow local varieties adapted to climatic and soil conditions.

The observance of crop rotation during the cultivation of potatoes also plays an important role. Pathogens are often retained in the soil, and when crop rotation is violated, cultures are affected at the very beginning of cultivation or at the stage of ripening of tubers.

Improper care of potatoes can also lead to the development of diseases. For example, excessive watering can provoke late blight, and a fever can cause fungal diseases.

The main feature of potato diseases is that they damage mainly the tubers. As a result, not only the crop destined for consumption is lost, but the quality of the seed material also deteriorates.

Key words: potato, diseases of potatoes, productive crop, pests, stems to tubers, cultivation, selection, planting material.

FTAХР: 34.33.19

М.О. Қабдолла, А.Н. Кукушева, А.Б. Калиева, А.А. Биткеева

«Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Павлодар қ.

ПАВЛОДАР Қ. ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕМІС ДАҚЫЛДАРЫ ЗИЯНКЕСТЕРІНІҢ ТҮРЛІК ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ БАҒАСЫ

Аңдатпа: жеміс дақылдарының зиянкестері мен олардың зиянын азайтуда: негізгі зиянкестердің биологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу; абиотикалық және биотикалық факторлардың олардың санының динамикасының өзгеруіне әсерін бағалау; осы зиянкестердің зияндылығының экономикалық шегін әзірлеу және интеграцияланған күрестің жекелеген әдістерінің тиімділігін бағалау. Мақалада Павлодар қ. аумағындағы бақша дақылдарының зиянкестерінің түрлік құрамын зерттеу нәтижелері, олардың санының динамикасының бағасы және оның қоршаған орта факторларына тәуелділігі, мәдени өсімдіктерге келтірілген зияны, түрлердің экономикалық зияндылық шегін анықтамасы және оның химиялық қорғаныс құралдарын қолданудың орындылығын ескере отырып негіздемесі келтірілген. Бақылау жылы вегетациялық кезеңде қалыпты ылғалды ауа-райы ықпал еткен бітенің, калифорниялық сымырдың масштабты көбеюі байқалды. Жеміс дақылдары зиянкестерінің байқалатын түрлерінің саны экономикалық зияндылық шегінен асып түсті, бұл инсектицидтермен химиялық өңдеу жүргізу қажеттілігін анықтады.

Түйін сөздер: зиянкестер, жеміс дақылдары, экономикалық зияндылық шегі, санның динамикасы, түрлік құрам.

Жеміс дақылдарының бір жерде ұзақ өсуі белгілі бір дәрежеде зиянды және пайдалы фаунаның салыстырмалы түрде тұрақты құрамын құрайтын тұрақты экологиялық жағдайларға байланысты жасалады. Климаттың өзгеруі жағдайында жеміс дақылдары зиянкестерінің фаунасын қалыптастыру мәселелері үлкен маңызға ие, ал басым зиянкестер құрамының өзгеруі зиянды организмдердің барлық кешенімен күресу жүйесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, халықтың өсуі адамдарды экологиялық таза өнімдермен, оның ішінде жемістер мен жидектермен қамтамасыз ету проблемасын тудыратынын ұмытпаңыз. Осыдан дақылдарды өсірудің ауылшаруашылық технологиясын ғана емес, оларды зиянкестерден қорғаудың тәсілдері мен әдістерін де білу қажет.

Жеміс дақылдарын зиянкестерден қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру кезінде химиялық заттарды қолдану олардың зияндылығының экономикалық шектеріне, өсімдіктерді өңдеу кезінде әртүрлі препараттардың кезектесуіне, жәндіктердің зиянды түрлері санының табиғи биологиялық реттегіштерінің неғұрлым кеңінен пайдалануына, агротехникалық іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауға негізделуі тиіс. Жеміс дақылдарының зиянкестерімен күресудің ғылыми негізделген шараларын әзірлеу мен өндіріске енгізудің мақсаты егіннің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар әрбір табиғи-экономикалық аймақтың нақты жағдайларын ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау болуы қажет.

Жеміс кешеттерін зиянкестерден қорғау құралдарының тиімділігін одан әрі жетілдіру және арттыру олардың биологиясының ерекшеліктерін, белгілі бір аймақтағы сыртқы орта факторларына қатынасын терең зерттеу, олардың экономикалық зияндылығының шегін анықтау және басқа факторларды ескеру негізінде ғана мүмкін болады.

Жеміс дақылдарының зиянкестері түрлер құрамының алуан түрлілігі, өмір салты мен зақымданудың айырмашылығымен сипатталады, олардың кейбіреулері өсімдіктердің барлық

түрлеріне (полифагтарға) зиян келтіреді, ал басқалары тар мамандандыруға ие. Олардың тізімі үнемі кеңейтіліп отырады, көбінесе шетелден алынған отырғызу материалдары есебінен.

Осыған байланысты зиянкестердің негізгі жәндіктерінің түрлік құрамын нақтылау, олардың фенологиясы мен биологиясын зерттеу, зияндылықтың экономикалық шегін анықтау, осал фазаларды белгілеу мәселелері өзекті болып табылады.

Бақылау 2019 жылы Павлодар қ. экология және туризмнің балалар мен жасөспірімдер орталығы аумағында жүргізілді. Орталықтың аумағында ауданы 1 га құрайтын жеміс-жидек дақылдарын өсіруге арналған көшеттік, орталықта өсетін негізгі дақылдар – алманың 35 сұрыпы, алмұрт – 6, таңқурай – 11, құлпынай – 6, қара қарақат – 6, қара өрік – 4, шие – 4, ақ қарақат – 2, қызыл қарақат – 2 сұрыпы, алтын қарақат және басқа да дақылдар бар.

Орталықтың негізгі ерекшелігі ауа температурасының үлкен және жылдық амплитудасы бар күрт континенттілік болып табылатын құрғақ дала аймағында орналасуы. Аумақтың негізгі топырағы – қызғылт топырақ.

Ауаның жылдық орташа температурасы плюс 1,7-2,1°C ауықиды. Шілденің орташа ауа температурасы плюс 21,4°C және максимум плюс 42°C, қаңтардың орташа ауа температурасы минус 17°C және минимум минус 46°C құрайды.

Бұл аймақтың климаттық жағдайлары жеміс-жидек дақылдарының белгілі бір жиынтығын өсіруге мүмкіндік береді, өйткені орташа тәуліктік ауа температурасы плюс 10°C-тан жоғары кезеңнің ұзақтығы (вегетация маусымы үшін) орта есеппен 131 күнді құрайды.

Жеміс дақылдарының зиянкестерін есепке алу үшін жалпы қабылданған әдістер қолданылды.

Визуалды (көзбен шолып) есепке алу ашық жерде тұратын, көзбен шолып қолжетімді және салыстырмалы түрде аз қозғалатын зиянкестер үшін қолданылған. Бұл есепке алудың екі нысаны бар: әдетте жаппай егістерде қолданылатын сынақ алаңдарында (1 м) және сынақ өсімдіктерінде немесе олардың есептік бөліктерінде (бұтақ, жапырақ), бағалау – қоныстанған өсімдіктердің %-і.

Зиянды объектілер санының динамикасы зиянкестердің осы түрі үшін қабылданған есепке алу әдісін ескере отырып, өсімдіктердің фенофазасынан бастап бүршіктердің ісінуі мен жемістердің өсуіне және пісіп жетілуіне дейін әр 10 күн сайын, онкүндікте 1 рет жүргізілді.

Калифорния сымырының санын есепке алу ерте көктемде, гүлденуден кейін және жемістердің өсу кезеңінде ағаштың ұшар басындағы жоғарғы бөлігіндегі бұтақтарды визуалды тексеру арқылы жүргізілді (200 см бойына – он есептік ағаштың төрт жағынан 5 бұтақтан 10 см) және зиянкестер дернәсілдерінің саны есептелді. Бұл есепке алу әдісі анықталған зиянкестердің санын тікелей есептеуден тұрады.

Шиедегі бітелерді есепке алу АҚ бүйрек фазасынан бастап, әр 10 күн сайын жапырақтарды (он есептік ағаштан 100 жапырақ) визуалды тексеру және бітелер санын есептеу арқылы жүргізілді.

Зерттеу кезеңінде жеміс дақылдарының дамуының фенологиялық фазаларына, зиянкестердің түрлік құрамына, өсімдіктердің даму фенофазасына және қоршаған орта факторларына байланысты олардың санының динамикасына бақылау жүргізілді, өсімдік бөліктерінің жәндіктер зиянкестерінің әсерінен зақымдану дәрежесі мен олардың экономикалық зияндылық шегі, химиялық өңдеудің орындылығы анықталды.

Зерттеу үшін келесі жеміс дақылдары анықталды: алма, шие. Бақылау жылы бұл өсімдіктерге бітелер мен калифорния сымырлары үлкен зиян келтірді.

Бітелер (лат. *Aphidoidea*) – Hemiptera отрядынан шыққан кішкентай (тек екі миллиметр) жәндіктер. Өсімдіктердің бітеелермен зақымдалуы кезінде жемістерде қызыл дақтар пайда болады, жапырақтары бұралып, олар сарғайады және кебеді. Ағаштар күшін жоғалтады, өсу баяулайды, жеміс азаяды. Бітелер фитопатогендік вирустарды тасымалдайды, сонымен қатар жәндіктердің бір түрі өсімдіктердің қауіпті ауруларының 100-ге дейін қоздырғыштарын тарата алады.

Зерттеу жылында алманың жасыл бітелері мен шие бітелерінің ең көп таралуы байқалды.

Жасыл алма бітесі (*Aphis pomi* Deg.) алма ағашына, әсіресе жас ағаштарға үлкен зиян келтіреді. Бұл жасыл түсті кішкентай жәндік. Көшпелі емес түрі. Бақылау жылы алма мен таңқурай өсімдіктеріне зиян келтірді.

Өлшемі 0,5 мм-ге дейін қара, жылтыр, сопақша пішінді жұмыртқалар бұтақтың жоғарғы ұштарында, ұйықтайды. Бүршіктердің ашылуы кезінде жұмыртқалардан өте кішкентай жасыл дернәсілдер пайда болады. Алдымен олар гүлдейтін бүршіктерді қоныстанады, кейінірек төменгі жақтарын қоныстана отырып, жас жапырақтарға өтеді. Екі аптадан кейін дернәсілдер қанатсыз аналық негіздеушілерге айналады. Әрбір аналық біте колониясын құрайтын 40-50 дернәсілден туады. Біте шырындарын сорып алатын жапырақтар бұралып, бітелер қоныстанған жас жасыл бұтақтары өсуді тоқтатады, ал көптеп қоныстанған кезде кеуіп қалады. Жазда біте бірнеше ұрпақ береді. Маусым айында басқа алма ағаштарына ұшып, жаңа колонияларды құратын қанатты аналық қоныстанушылар пайда болады. Күзде аналық қыстайтын жұмыртқалар салады [1].

Шие бітесі (*Myzus cerasi* F.). Аналығы өте үлкен, денесі алмұрт тәрізді, жылтыр қара түсті. Бүршіктер ашылған кезде біте алдымен оларда тамақтанады, содан кейін жапырақтың төменгі жағын қоныстана бастайды. Бітелер колониялармен тіршілік етеді. Өсімдіктердің жас нәзік бөліктеріне зақым келтіреді, әсіресе тамыр өсінділері тығыз орналаса қоныстанады, зардап шеккен бұталар қыста нашар қыстайды және қатып қалады. Мұның бәрі орталық тамырдың өсуін тоқтатуға әкеледі, жапырақ мыжылып, кебеді. Жаппай дамуы кезінде бітелер жемістерге өтіп, оларды ластайды.

Зерттеу барысында орталық аумағында түкті шиедегі калифорниялық сымыраның күшті дамуы байқалды. Зиянкес – кең полифаг. Олар 150-ден астам өсімдік түрлерінде дамиды. Өзінің тұмсығының шаншушы қылтандарын өсімдік ұлпаларына енгізу арқылы зақымдану жүзеге асады, олардан шырының сорып алады. Бұл жағдайда қабықтың жарылуы және өлуі, жапырақтардың мерзімінен бұрын түсуі, өсудің төмендеуі, өскіндердің қисаюуы және кебуі жүреді, бұл өсімдіктің толық өліміне әкелуі мүмкін, жемістер көрінісін жоғалтады.

Калифорния сымыры (*Coccoidea, Diaspididae*) – сымыр тұқымдасынан шағын жартылақ қатты қанатты жәндік. Аналықтарының денесі денеден оңай бөлінетін және I және II жастағы дернәсілдермен тасталған бір немесе екі тері қабатынан және көптеген жұқа жіптерден тұратын секреторлық бөліктен тұратын қалқанмен жабылған

Калифорния сымыры жжем өсімдіктерінің қабығын тұтас қабатпен жабатын көптеген колонияларды құрайды. Сору себебінен өсімдіктің бұтақтары қисайып, жалпы әлсіреу пайда болады. Зардап шеккен өсімдіктер қысқы суыққа төзбейді [2].

Бақшалардағы зиянкестердің түрлік және сандық құрамы бірдей емес, тұрақты емес және бақшаның жасына, тұқым-сорттық құрамына және вегетациялық кезеңнің ауа-райына байланысты. Кейбір түрлердің саны әлсін-әлсін артып келеді, ал кейбір түрлер бақтарда үнемі кездеседі және зиян келтіреді.

Жәндіктер популяциясы санының динамикасы жыл бойы немесе бірнеше жылдар бойы олардың санының маусымдық өзгеруімен көрінеді. Популяцияның өзгеруі көбінесе әртүрлі факторлардың әсерімен байланысты: климат (абиотикалық фактор), басқа организмдермен өзара әрекеттесу (түршілік және тұраралық қатынастар) және адам қызметі (антропогендік факторлар) [3].

Келесі жылға бітелер саны көбінесе жұмыртқалардың қыстап шығу жағдайымен анықталады. Бітенің дамуы мен көбеюіне жеткілікті ылғалдылықпен қалыпты температура ықпал ететіні анықталды. Құрғақ ыстық ауа-райы, сондай-ақ жауын-шашынды салқын ауа-райы зиянкестердің дамуына кедергі келтіреді.

Жасыл алма бітесі 7-8 жылда 1 рет кезеңділікпен санының өршуін береді және көшеттерге елеулі зиян келтіретін басым түрлердің қатарына кіреді. 2019 жылы олардың жаппай көбеюі байқалды, өйткені сәуір-мамыр айларында гидротермиялық коэффициент (ГТК) 1-ден жоғары болды және вегетациялық кезең көктем мен жазда ылғалды, қалыпты ауа-райымен ерекшеленді. Жапырақтарды қоныстануы визуалды түрде пайыз бойынша жапырақтың жалпы ауданынан анықталды.

Осылайша, ГТК мәні 1-ден жоғары болған кезде бітелердің жапырақтарда қоныстану тығыздығы мамыр айында ең көп болды – 30 %, осы айда оның санының өсуі байқалды, ГТК төмендеген сайын және жаз айларында ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмендеуімен жапырақтарда жасыл бітелер популяциясының 25 %-дан 10 %-ға дейін төмендеуі байқалды.

Шие бітесінің саны бір ағашқа 5 колониядан (сәуірдің үшінші онкүндігінде) және 26 колонияға дейін (маусымның аяғында) ауытқиды, колониялардың санын көзбен санау арқылы анықтады (1-кесте).

Калифорния сымыры әртүрлі климаттық жағдайларға кең экологиялық төзімділікке ие, төмен және жоғары температураға да, ауа ылғалдылығына да төтеп береді. Ауа-райына байланысты жылына 2-ден 4-ке дейін ұрпақ бере алады [4; 5].

Жәндіктер мәдени өсімдіктердің зиянкестері болып табылады, егер олардың саны зияндылықтың экономикалық шегінен асып кетсе (ЭЗШ), өйткені бір жәндік дақылға айтарлықтай зиян келтіре алмайды. Осылайша, қорғаныс шаралары мен тиісті ғылыми зерттеулер жүйесін әзірлеу кезінде олардың санын ЭЗШ-нен төмен төмендету үшін мақсатты күрес жүргізу қажет.

1 кесте – Шиe бітесі санының динамикасы (2019 ж.)

Айы	Онкүндік	Шиенің фенологиялық даму фазасы	Ағаштағы колониялар, дана
сәуір	3	бүршік жаруы, гүлшоғырдың ашылуы	5
мамыр	1	бүрлену, жапырақ пен бұтақтардың активті өсуі	12
	2	гүлденудің басталуы	15
	3	гүлдену	21
маусым	1	гүлдену	23
	2	гүлденудің соңы, түйіндер қалыптасуының басталуы	25
	3	түйіндер қалыптасуы	26

Бекітілген аймақтағы жеміс-жидек өсімдіктерінің зиянкестермен зақымдалуына зерттеу нәтижелері, олардың экономикалық зияндылық шегінің анықтылығы және химиялық өңдеуді жүргізу орнықтылығының бағасы 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте – Зиянкестермен зақымдануына зерттеу нәтижелері мен химиялық өңдеуді жүргізу орнықтылығының бағасы (2019 ж.)

Зиянды объект	Зерттеу жүргізу мерзімі (фенофаза, күнтізбелік мерзім)	Тіркеу әдісі, зиянкестің даму сатысы	Зиянкестер саны	ЭЗШ бойынша сандық бағасы
Жасыл алма бітесі	Алманың гүлденуіне дейін (сәуір 3 онкүндігі)	визуальды, дернәсілдер (колониялар)	100 жапыраққа дернәсіл колониясының 8 данасы	саны ЭЗШ-нен төмен, химия. өңдеу талап етілмейді
	Алма жемістерінің өсуі (маусымның 1 онкүндігі)	визуальды, дернәсілдер (колониялар)	100 жапыраққа дернәсіл колониясының 25 данасы	саны ЭЗШ-нен анағұрлым жоғары, хим.өңдеу қажет
Шиe бітесі	зеленый конус, выдвигание бутонов у вишни (1 декада мая)	визуальды, дернәсілдер (колониялар)	100 жапыраққа дернәсіл колониясының 12 данасы	саны ЭЗШ-нен жоғары, хим.өңдеу қажет
	Түйіндердің қалыптасуы – шиe жемістерінің өсуі (маусымның 2 онкүндігі)	визуальды, дернәсілдер (колониялар)	100 жапыраққа дернәсіл колониясының 25 данасы	саны ЭЗШ-нен анағұрлым жоғары, хим.өңдеу қажет
Калифорниялық сымыр	Түкті шиeің бүршіктер ашылуына дейін (сәуір 1 онкүндігі)	визуальды, дернәсілдер	Бұтақтың 1 метр бойына 2 дана	саны ЭЗШ-нен жоғары, хим.өңдеу қажет
	Түкті шиe жемісінің өсуі (маусымның 2 онкүндігі)	визуальды, дернәсілдер	Бұтақтың 1 метр бойына 7 дана	саны ЭЗШ-нен анағұрлым жоғары, хим.өңдеу қажет

Зиянкестердің сорғыш түрлерімен – сымылармен және бітелермен күресудің орындылығы ерте көктемгі есеп деректері бойынша анықталады. Жапырақтарды зақымдайтын зиянкестердің соратын түрлерінен туындаған егін шығыны олардағы хлорофиллдің төмендеуіне пропорционалды болып келеді.

Химиялық қорғаныс құралдарын қолданудың орындылығы әр түрлі есептерге сәйкес шешіледі, олардың бастапқы деректері өткен жылы зиянды объектілердің саны мен зияндылығын бақылау болып табылады.

Алынған ақпаратқа сәйкес зиянкестердің таралуын болжауға және олардың бақта пайда болуының шамамен уақытын анықтауға болады.

Зерттеу нәтижелері зерттелетін фитофагтардың саны экономикалық зияндылық шегінен асатындығын көрсетеді, бұл инсектицидтермен химиялық өңдеудің орындылығын көрсетеді. Алайда, зиянкестермен неғұрлым тиімді күресу және олардың санын шекті деңгейден төмен ұстап тұру үшін өсімдіктерді қорғаудың барлық тәсілдері бір-бірімен өзара байланыста болуы және зиянды объектілерден интеграцияланған қорғауды құруы тиіс.

Әдебиеттер

1. Исин М. М. Вредители сада. – Алма-Ата : Кайнар, 1986. – 264 с.
2. Захвакин Ю.А. Общая энтомология. – М. : Колос, 2001. – 376 с.
3. Чернышев В.Б. Сельскохозяйственная энтомология (экологические основы). – М. : Триумф, 2012. – 232 с.
4. Славгородская-Курпиева Л.Е., Сизых Л.М. Калифорнийская щитовка *Quadraspidiotus perniciosus* (Homoptera, Diaspididae) в садах предгорного Крыма и современные средства, ограничивающие ее вредоносность // Экосистемы, их оптимизация и охрана. – 2010. – Вып. 2. – С. 148–152.
5. Балыкина Е.Б., Черный А.М. Система защиты яблони от вредителей в Крыму // Защита и карантин растений. – 2011. – № 2. – С. 47–50.

ОЦЕНКА ВИДОВОГО И КОЛИЧЕСТВЕННОГО СОСТАВА ВРЕДИТЕЛЕЙ ПЛОДОВЫХ КУЛЬТУР В УСЛОВИЯХ Г. ПАВЛОДАРА

М.О. Қабдолла, А.Н. Кукушева, А.Б. Калиева, А.А. Биткеева

В снижении численности вредителей плодовых культур и наносимого ими вреда имеют значение: глубокое изучение биологических особенностей основных вредителей; оценка влияния абиотических и биотических факторов на изменение динамики их численности; разработка экономических порогов вредоносности этих вредителей и оценка эффективности отдельных приемов интегрированной борьбы. В статье представлены результаты исследований видового состава вредителей садовых культур на территории г. Павлодара, оценка динамики их численности и зависимость ее от факторов среды, наносимый вред культурным растениям, определение порога экономической вредоносности видов и обоснование с его учетом целесообразности применения химических средств защиты. В год наблюдений отмечалось массовое размножение тлей, щитовки калифорнийской, чему способствовала умеренная влажная погода в вегетационный период. Численность наблюдаемых видов вредителей плодовых культур превышала порог экономической вредоносности, что определило необходимость проведения химической обработки инсектицидами.

Ключевые слова: вредители, плодовые культуры, порог экономической вредоносности, динамика численности, видовой состав.

ASSESSMENT OF THE SPECIES AND QUANTITATIVE COMPOSITION OF PESTS FRUIT CROPS IN THE CONDITIONS OF THE CITY OF PAVLODAR

M. Kabdolla, A. Kukusheva, A. Kaliyeva, A. Bitkeyeva

In reducing the number of pests of fruit crops and the harm they cause, it is important to: in-depth study of the biological characteristics of the main pests; assessment of the impact of abiotic and biotic factors on changing the dynamics of their number; development of economic thresholds for harmfulness of these pests and evaluation of the effectiveness of individual methods of integrated control. The article presents the results of research on the species composition of garden crop pests on the territory of the city of Pavlodar, assessment of the dynamics of their number and its dependence on environmental factors, damage to cultural plants, determination of the threshold of economic harmfulness of species and justification, taking into account the feasibility of using chemical means of protection. In the year of observations, there was a mass reproduction of aphids, California shield, which was facilitated by moderate wet weather during the growing season. The number of observed pest species of fruit crops exceeded the threshold of economic harmfulness, which determined the need for chemical treatment with insecticides.

Key words: pests of fruit crops, the economic threshold of pest damage, population dynamics, species composition.

М.О. Қабдолла¹, С.Б. Жұмабай¹, Р.М. Уалиева¹, А.Б. Калиева¹, С.Б. Жангазин²

¹«Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Павлодар қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН P19 СУПРЕССОРЫН ЭКСПРЕССИЯЛАЙТЫН ТРАНСГЕНДІ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІНЕ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ ӨСЕРІ

Аңдатпа: Мақала өсімдіктердің морфометриялық параметрлеріне модификацияланған P19 супрессорының өсерін анықтауға арналған. Өсімдіктер қатарынан *N. Benthamiana* өсімдіктерінің бақылау, Трансген 1 және Трансген 2 өсімдіктері таңдалып, арнайы жабдықталған ортада өсірілді. Вирустық патогеннің өсімдіктердің сыртқы параметрлеріне өсерін анықтауда өсімдіктерді зақымдайтын материалдың алу жолдары мен зақымдау іс-әрекеті жазылып бейнеленген. Патогенмен зақымдалған өсімдіктердің морфологиялық параметрлері жеті және он төрт күн өткеннен кейінгі алынған нәтижелер суретке түсіріліп бейнеленді. Нәтижелер бақылау мен трансген өсімдіктерінің арасында саралау мен талдау нәтижесінде морфометриялық параметрлерінің өзгерісі сипатталған. Алынған нәтижеден келесі қорытынды жасалды: TP1 өсімдігі Бақылау мен TP2 өсімдіктеріне қарағанда өзінің тіршілігін жалғастырды, яғни жаңа шыққан өскіндері ары қарай дамыды, ал Бақылау өсімдігі толықтай өліп, TP2 өсімдігі апикальды некрозға ұшырады.

Түйін сөздер: модификацияланған P19 супрессоры, TBSV, *N. Benthamiana* өсімдігі, морфометриялық параметр.

Өсімдіктердің вирустық патогендерге төзімділігін арттырудың әдістемелік стратегиясын әзірлеу – маңызды міндеттердің бірі. Вирустық патогендерге төзімділікті зерттеудің негізгі аспектісі вирустар мен өсімдіктердің өзара әрекеттесуінің молекулалық механизмдерін толық анықтау болып табылады. Вирустарға төзімділіктің негізгі қорғаныс механизмі РНҚ-интерференцияның эпигенетикалық процесі болып табылады. РНҚ-интерференция жасушаны паразиттік гендерден – вирустар мен транспозондардан қорғаудың маңызды тетігі болып табылады, сондай-ақ ағза гендерінің дамуын, жетілуін және экспрессиясын реттеуге қатысады [1-4].

РНҚ-интерференцияға қарсы іс-қимылдың ең тиімді тетігі Tomato bushy stunt virus (TBSV) супрессорларының ерекше ақуыздарының вирустарының экспрессиясы болып табылатыны анықталған. Оның ішінде P19 ақуыз супрессорының экспрессиялайтын генді-инженериялық конструкциясы алынып, оның *N. benthamiana* өсімдіктерінде транзитті экспрессия жағдайындағы альдегидоксидаза ферменті мен сутегі асқын тотығының шоғырлануын реттейтін каталаза ферментінің белсендігі мен изоформдық құрылымының өзгерістеріне P19 ақуыз-супрессорының жауап беретіні дәлелденген. Сонымен қатар, трансгендік өсімдіктердің түрлендірілген P19 ART ақуыз-супрессорының көмегімен алынатыны анықталып, РНҚ-интерференциясының бәсеңдеуі нәтижесінде трансгендік өсімдіктердің жаңа линияларын алудың биотехнологиялық жолы жасалды [5].

Бұл жұмыста модификацияланған вирустық супрессорды экспрессиялайтын трансгендік өсімдіктер қолданылатын болады. Трансгендік өсімдіктердің вирустық патогеннің шабуылына сыртқы морфологиялық көрінісі зерттелетін болатындықтан, осы бағытпен жүргізілетін зерттеулер өзекті болып табылады.

Патогендерге төзімділігі жоғары трансген өсімдіктерін алу кезінде жүргізілетін жұмыстың негізгі әрекеті өсімдіктерді вируспен зақымдау болды, сол себепті инокуляциянды материалды дайындау бірінші орында тұрды. Зерттеу объектілері болып TBSV вирусының жабайы түрімен *Nicotiana Benthamiana* өсімдігі алынды. Ең алдымен өсімдіктер арнайы жабдықталған (Growthroom) ортада өсіріліп, аптасына бірнеше рет суарылып, 10-12 күннен кейін жаңа құмыраларға отырғызылды.

Жұмыстар жүргізілу үшін қажет өсімдіктерді зақымдайтын транскриптерді дайындау келесі әдістер арқылы жүзеге асырылды.

Компетентті клеткаларды дайындау. Ол үшін қажет *E. coli* XL-10 линиясының компетентті клеткалары С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен, ал TBSV конструкциялары бар плазмидалар Herman B. Scholthof-тан алынды. *E. coli*-дің

компетентті клеткаларын дайындауда алдымен XL-10 линиясы колониясының қатты агарлы ортадан домалақ формалары таңдалынды. Осы клеткалар 6-8 сағатта 5 мл мөлшеріндегі *Luria-Bertani* (LB) сұйық ортасында оттектен қамтамасыз етілуі үшін 37°C-та тұрақты араластырылып өсірілді. Кейін бактериялары бар қоректік орталары пробиркадан құрамында 100 мл жаңа қоректік ортасы бар колбаға құйылып, 6-10 сағатта орбитальды шейкерде (оптикалық тығыздығы – 600, 37 °C) инкубацияланды. Кейіннен бактериялар қоректік ортасын салқындату үшін мұзды ыдыста (t=15 мин) болып, центрифуга көмегімен салқындаған бактерия ортасы тұндырылды. Тұндырылған бактериялар салқындатылған стерильді кальций хлоридінде қайта суспензияленіп, мұзда (t=30 мин) инкубацияланып, центрифугада қайта тұндырылды.

Следующим фактором, в конечном счете, влияющим на продуктивность нута, является чистота полей от сорняков. Нут очень сильно страдает от засоренности посевов, особенно в начале вегетации. Боронование посевов до и после всходов, проведенное в исследованиях, значительно снижало засоренность нута. Но все-таки наблюдалось большое засорение посевов, особенно корнеотпрысковыми сорняками, которые не уничтожаются боронованием.

Как и другие зернобобовые культуры нут обогащает почву азотом при помощи клубеньковых бактерий, поселяющихся на корнях растений. По данным Мирошниченко И.И., Павловой А.М. (1953) клубеньки у нута развиваются не всегда. Лучшему их развитию способствуют достаточная влажность почвы, рыхлое состояние почвы и высокое плодородие. В результате исследований было установлено, что в среднем за 4 года наблюдений при внесении различных удобрений на корнях нута образуется на 1-3 клубенька больше, чем без них. Спокойный характер образования клубеньков в фазу ветвления нута становится бурным в фазу его цветения. В период образования бобов уже наблюдается угасание процесса образования клубеньков.

Клубеньки на корнях нута были мелкими, одиночными. Их величина не превышала размера семян вики и гороха. К тому же не все растения имели клубеньки. Количество растений с клубеньками составляло 50-65 % от общего числа.

При внесении азотно-фосфорных удобрений повышалась урожайность нута на 23%, по сравнению с вариантом без удобрений (табл. 5)

Таблица 5 – Влияние различных фонов минеральных удобрений на урожайность нута, ц/га

Варианты	1992	1993	1994	1995	Среднее за 4 года	
					ц/га	% к контролю
Без удобрений	8.5	15.2	6.3	12.2	10.6	100
N_{40}	9.2	16.1	6.8	13.3	11.3	106.6
P_{40}	10.6	16.3	7.5	13.9	12.1	114.1
$N_{40} P_{40}$	9.8	19.4	7.9	14.4	12.9	121.7
$N_{40} P_{40} K_{40}$	9.5	29.1	9.6	15.2	13.6	128.3
HCP_{05}	1.1	2.3	1.5	1.7	1.6	

Многие авторы отмечают высокую эффективность фосфорных удобрений. По данным Черноголовина В.П. (1974) при внесении 80-100 кг суперфосфата получен урожай нута по 13-15 ц/га, а без удобрений 10-12 ц/га. Аналогичные данные приводит Ванифатьев А.Г. (1981), 30 кг фосфорных удобрений обеспечили прибавку урожая в 1.2 ц/га по сравнению с посевами нута не получившими удобрений. Наши исследования подтверждают данное положение. Прибавка от внесения 40 кг фосфорных удобрений повышает урожайность нута на 14.1% по сравнению с неудобренным участком.

Аммиачную селитру вносили под предпосевную культивацию. В результате урожай нута увеличился в среднем за 4 года на 6.6%, что равно 0.7 ц/га. При внесении $N_{40}P_{40}$ и $N_{40}P_{40}K_{40}$ урожайность нута была выше чем без удобрений на 21.7 и 28.3 % соответственно.

Литература

1. Кадырбеков Б.Т. Агротехника нута на зерно в сухостепной зоне северо-востока Казахстана. Автореф. дисс. канд. с-х. наук. Новосибирск, 1999. – 16 с.
2. Мирошниченко И.И., Павлова А.М. Нут. – М.: Россельхозиздат, 1953. – 111 с.
3. Ванифатьев А.Г. Нут в Северном Казахстане. – Алма-Ата, 1981. – С.51.
4. Шутько В.Н. Возделывание нута в Кустанайской области- Алма-Ата: Кайнар, 1976 – 15 с.

НОҚАТТЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ МИНЕРАЛДЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ

Б.Т. Кадырбеков, К.С. Ишкибаев, А.А. Ахметова

Келтірілген зерттеулер нәтижелері бойынша минералдық тыңайтқыштарды қолдану жағдайында құрғақ дала аймағының солтүстік-шығыс Қазақстан. Зерттеу деректері бойынша қолдану кешенді тыңайтқыштар N40 p40 және N40 P40K40 мүмкіндік береді қалыптастыру астық дейінгі шекте 12.9-13.6 ц/га-бапта нақты көрсетілген үздік ғылыми зерттеулер нысанасы болып табылатын талдау және ұсынымдар пайдалану кезінде минералдық тыңайтқыштар сәнеді Қазақстанның солтүстік-шығысында.

Бапта нақты көрсетілген үздік ғылыми зерттеулер нысанасы болып табылатын талдау және ұсынымдар пайдалану кезінде минералдық тыңайтқыштар ноқат тұқымын Қазақстанның солтүстік-шығысында.

Бап ықпал етеді жақсы түсінуге мамандары ауыл шаруашылығы релін минералдық тыңайтқыштар ноқат тұқымын дамытуда астық өндірісінің ерекшеліктері мен өсіру технологиясы сәнеді жағдайында Қазақстанның солтүстік-шығыс.

Түйін сөздер: минералды тыңайтқыштар, тыңайтқыштардың әрекеті мен салдары, нут, құрғақ дала аймағы, Қазақстанның солтүстік-шығысы.

THE INFLUENCE OF MINERAL FERTILIZERS ON YIELD OF CHICKPEA

B. Kadyrbekov, K. Eshkebaev, A. Akhmetova

The article presents the results of research on the use of mineral fertilizers in the conditions of the dry-steppe zone of the North-East of Kazakhstan. According to research data, the use of complex fertilizers N40 p40 and N40 P40K40 makes it possible to form a grain yield of up to 12.9-13.6 C / ha. The article clearly shows the best results of scientific research, which are the subject of analysis and recommendations when using chickpea fertilizers in the North-East of Kazakhstan. The article clearly shows the best results of scientific research, which are the subject of analysis and recommendations when using mineral fertilizers for chickpeas in the North-East of Kazakhstan. The article contributes to a better understanding by agricultural specialists of the role of mineral fertilizers for chickpea in the development of grain production and features of chickpea cultivation technology in the North-East of Kazakhstan.

Key words: mineral fertilizers, action and aftereffect of fertilizers, chickpeas, dry steppe zone, North-East of Kazakhstan.

МРНТИ: 68.35.31

Б.Т. Кадырбеков¹, К.С. Ишкибаев², Г.О. Камзина¹

¹Университет имени Шакарима города Семей

²Усть-Каменогорская городская территориальная инспекция в Агропромышленном комплексе МСХ РК

ПОДБОР ПРЕДШЕСТВЕННИКОВ ПРИ ВОЗДЕЛЫВАНИИ НУТА НА ЗЕРНО

Аннотация: В статье приведены результаты исследований по подбору предшественников для нута в условиях сухостепной зоны северо-востока Казахстана. Оказалось, что в условиях сухостепной зоны лучшими предшественниками для нута являются чистый пар и кукуруза. Отчетливо проявляется зависимость элементов структуры урожая нута от складывающихся метеоусловий года. Так в наиболее засушливом году масса 1000 зерен составляла 226-241 г. Сравнительно меньше, но все же подвержены изменениям такие элементы как количество бобов и их озерненность. Одним из факторов, существенно влияющих на урожайность нута является предшественник. Лучшим предшественником для нута оказался пар, так как его урожайность по данному предшественнику выше чем по всем другим предшественникам.

Ключевые слова: нут, предшественник, сухостепная зона, северо-восток Казахстана, пар, пшеница, кукуруза, суданская трава.

Все зернобобовые культуры, в том числе и нут, не выносят повторных посевов. Причины снижения урожаев при частом возвращении их на то же поле заключаются в накоплении и распространении вредителей (нутовой мухи и плодовой жорки), возбудителей болезней (аскохитоза, фузариоза), других почвенных микроорганизмов. При повторных посевах наступает «почвоутомление», при котором наблюдается загнивание проросших

семян, гибель проростков до появления всходов на поверхности почвы, растрескивание и побурение нижней части стебля больных растений. Во избежание отрицательного влияния повторных посевов на урожайность рекомендуется возвращать нут на одно и то же поле не ранее чем через четыре года (Буянова Н.В., 1989).

Для проведения исследований нами были подобраны в качестве предшественников нута наиболее распространенные в Бородулихинской микроне пар, пшеница, кукуруза, суданская трава. В такой последовательности был составлен севооборот. В данном севообороте проводилась оценка предшественников по накоплению продуктивной влаги для нута. Запас продуктивной влаги под различными предшественниками в годы проведения опытов заметно варьировал. В целом, наибольший запас влаги создается по пару, затем идут соответственно кукуруза, пшеница. Суданская трава ежегодно прочно занимает последнее место по запасам продуктивной влаги в почве. Анализ показал, что запас продуктивной влаги по пару в слое 0-60 мм в первый год освоения севооборота равнялся 92 мм, во второй – 78 мм, в третий – 67 мм. В эти же годы под пшеницей запас продуктивной влаги был равен 82, 63, 58 мм, под кукурузой соответственно 85, 72, 69 мм, под суданской травой – 70, 54, 47 мм.

К моменту уборки запас продуктивной влаги под культурами выравнивается и в слое 0-60 см остается только 10-21 мм продуктивной влаги. В наиболее влагообеспеченном 1995 году запас продуктивной влаги был высоким в течение всего вегетационного периода и составлял 47-64 мм перед уборкой. В том году был получен наибольший урожай нута.

Наряду с созданием благоприятного водного режима необходимое условие для нормального роста и развития нута – это чистота полей от сорняков. Известно, что нут в начале вегетации растет медленно, вследствие чего сильно угнетается сорняками, что ведет к снижению урожая нута. Поэтому, чтобы содержать поле в чистоте, было проведено боронование посевов зубowymi боронами в один след до всходов и по всходам. Этот агрономический прием позволял снизить засоренность посевов нута до 70%.

Одним из решающих факторов снижения засоренности является предшественник. Лучшим предшественником для всех культур оказался пар. Нут, посеянный по пару, в два и более раз чище от сорняков по сравнению с другими предшественниками (табл. 1)

Таблица 1 – Влияние предшественников на засоренность посевов нута

Фон	Предшественник	Количество сорняков, шт/м ²				Масса сорняков, г		Среднее за 3 года	
		1993	1994	1995	1993	1994	1995	Количество шт/м ²	Масса сорняков, г
Без удобрения	Пар	15	17	15	240	238	225	16	234
	Пшеница	45	41	44	585	492	572	43	549
	Кукуруза	41	35	33	515	455	429	36	499
	Суданка	43	36	33	559	468	396	37	474
N ₄₀ P ₄₀	Пар	19	18	16	285	270	208	18	254
	Пшеница	49	39	41	833	663	574	43	690
	Кукуруза	45	34	36	720	476	468	38	554
	Суданка	47	45	40	752	630	600	44	660

Известно, что урожайность нута зависит от густоты стояния растений и продуктивности каждого растения. Следовательно, определение густоты стояния растений в период полных всходов и их сохранность перед уборкой, является необходимым для исследователя.

Как показали наблюдения и учеты, очень высокая сохранность растений наблюдается ко времени уборки, особенно по пару, в сравнении с другими предшественниками: пшеницей, кукурузой и суданской травой (табл. 2). Высокий процент сохранности нута объясняется его приспособленностью к экстремальным погодно-климатическим условиям, особенно к засухе. За счет хорошо развитой стержневой корневой системы, проникающей на глубину до 140 см, он максимально использует даже незначительные запасы влаги из глубоких слоев почвы.

Таблица 2 – Густота стояния растений в фазу полных всходов и перед уборкой

Фон	Предшественник	Количество растений в среднем за три года		
		В фазу полных всходов, шт/м ²	Перед уборкой, шт/м ²	Сохранность, %
Без удобрений	Пар	115	115	100
	Пшеница	108	108	100
	Кукуруза	112	109	97.6
	Суданка	107	103	96.2
N ₄₀ P ₄₀	Пар	115	115	100
	Пшеница	111	108	97.6
	Кукуруза	111	111	100
	Суданка	107	104	97.4

По мощности корневая система нута по данным В. Чижова (1931), превосходит корневую систему чины и гороха и может с успехом возделываться на всех разновидностях черноземов и каштановых почв. К тому же нут способен образовывать клубеньки, причем в сравнительно засушливые годы и без нитрагинизации. Нами проводился подсчет образовавшихся клубеньков на корнях нута в фазу ветвления, цветения и образования бобов. Было отмечено, что образование клубеньков идет сильнее в фазу цветения, а к уборке процесс затухает и количество клубеньков значительно сокращается (табл. 3).

Таблица 3 – Влияние предшественников на образование клубеньков на корнях нута, шт/растение

Фаза вегетации растений	Предшественник	Количество клубеньков в среднем за 3 года без удобрений	Количество клубеньков в среднем за 3 года на фоне N ₄₀ P ₄₀
Ветвление	Пар	7	8
	Пшеница	6	6
	Кукуруза	5	7
	Суданка	5	6
Цветение	Пар	10	11
	Пшеница	7	8
	Кукуруза	7	8
	Суданка	6	5
Образование бобов	Пар	8	7
	Пшеница	5	6
	Кукуруза	5	6
	Суданка	4	5

Установлено, что по паровому предшественнику на корнях образуется на 1-2 клубенька больше по сравнению с другими предшественниками. Такая тенденция наблюдается в течение всех трех лет исследований. Какой-либо зависимости образования клубеньков от фона питания не выявлено.

По сведениям различных авторов нут растение невысокого роста и его высота в зависимости от сорта и конкретных погодных-климатических условий колеблется в пределах 20-70 см (Мирошниченко И.И., Павлова А.М., 1953; Кулжинский, 1948 и др). Изучаемый нами сорт Краснокутский 123 характеризуется относительно высоким ростом и высоким прикреплением нижнего боба. Последнее особенно важно для производства – чем выше крепление нижнего боба, тем меньше потери урожая при механизированной уборке.

Наши трехлетние наблюдения показали, что высота нута, посеянного после пара при внесении N₄₀P₄₀ превышала на 1-8 см высоту выращенного без внесения удобрений. Как по фону без удобрений, так и при внесении N₄₀P₄₀ более высокорослыми были растения, посеянные после пара. Таким образом, посев нута по пару обеспечивает снижение потерь урожая при механизированной уборке.

Самым низкорослым оказался нут, предшественником которого была суданская трава. Общеизвестно, что она сильно иссушает почвы, причем на большую глубину. Поэтому ее отрицательное влияние в качестве предшественника для нута не вызывает сомнений.

В начале вегетационного периода растения были плохо обеспечены влагой и как следствие наблюдалось их низкорослость. При этом расстояние между креплением нижнего боба и общей высотой растений сокращалось до 24-27 см, тогда как в более благоприятные

годы это расстояние составляло 29-37 см. Увеличивалось количество бобов и их озерненность. Выше была масса 1000 зерен.

Отчетливо проявляется зависимость элементов структуры урожая нута от складывающихся метеоусловий года. Так в наиболее засушливом году масса 1000 зерен составляла 226-241 г. Сравнительно меньше, но все же подвержены изменениям такие элементы как количество бобов и их озерненность. Одним из факторов, существенно влияющих на урожайность нута является предшественник. Лучшим предшественником для нута оказался пар, так как его урожайность по данному предшественнику выше чем по всем другим предшественникам (табл. 4)

Таблица 4 – Влияние предшественников на структуру урожая нута

Фон	Предшественник	Среднее за три года			
		Количество бобов, шт/раст	Количество зерен, шт	Масса 1000 зерен, г	Урожайность, ц/га
Без удобрений	Пар	6.3	1.1	270	14.1
	Пшеница	6.1	1.0	267	12.7
	Кукуруза	6.1	1.0	268	13.0
	Суданка	5.8	0.9	252	11.2
N ₄₀ P ₄₀	Пар	6.4	1.1	275	15.4
	Пшеница	6.1	1.0	270	13.5
	Кукуруза	6.2	1.0	266	14.1
	Суданка	5.9	0.9	258	12.3

В противоположность пару урожайность нута, посеянного после суданской травы, оказалась во все годы исследований наименьшей как по фону N₄₀P₄₀, так и без внесения минеральных удобрений.

Литература

1. Кадырбеков Б.Т. Агротехника нута на зерно в сухостепной зоне северо-востока Казахстана. Автореф. дисс. канд. с-х. наук. Новосибирск, – 1999, – 16с
2. Мирошниченко И.И., Павлова А.М. Нут. – М.: Россельхозиздат, 1953. – 111 с.
3. Ванифатьев А.Г. Нут в Северном Казахстане. – Алма-Ата, 1981, – С. 51.
4. Шутько В.Н. Возделывание нута в Кустанайской области- Алма-Ата: Кайнар, – 1976 – 15 с.

АСТЫҚҚА АРНАЛҒАН НОҚАТТЫҢ АЛҒЫ ДАҚЫЛДАРЫН ТАЛДАУ

Б.Т. Кадырбеков, К.С. Ишкибаев, Г.О. Камзина

Мақалада Қазақстанның солтүстік-шығысындағы құрғақ дала аймағы жағдайында нотқа арналған предшественниктерді іріктеу бойынша зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Құрғақ дала аймағында нут үшін ең жақсы предшественники таза бу мен жүгері болып шықты. Нут өнімі құрылымы элементтерінің жылдың қалыптасқан метеожағдайларына тәуелділігі анық көрінеді. Мәселен, неғұрлым құрғақ жылы 1000 дәннің массасы 226-241 г. салыстырмалы түрде аз болды, бірақ бұршақтардың саны және олардың қараңғылығы сияқты элементтер өзгерістерге ұшырайды. Ноттың өнімділігіне айтарлықтай әсер ететін факторлардың бірі-предшественник. Нут үшін ең жақсы предшественник бу болды, өйткені оның осы предшественник бойынша өнімділігі барлық басқа предшественниктерге қарағанда жоғары.

Түйін сөздер: нут, алғы дақыл, құрғақ дала аймағы, Қазақстанның солтүстік-шығысында, пар, бидай, жүгері, судан шөбі.

SELECTION OF PRECURSORS AT EMERGENCY NUTE ON GRAIN

B. Kadyrbekov, K. Eshkebaev, G. Kamzina

The article presents the results of research on the selection of precursors for chickpeas in the conditions of the dry-steppe zone of North-East Kazakhstan. It turned out that in the dry-steppe zone, the best precursors for chickpeas are pure steam and corn. The dependence of elements of the structure of the chickpea crop on the prevailing weather conditions of the year is clearly shown. So in the most arid year, the mass of 1000 grains was 226-241 g. Relatively less, but still subject to changes such elements as the number of beans and their lake content. One of the factors that significantly affect the yield of chickpeas is the precursor. The best precursor for chickpeas was steam, since its yield for this predecessor is higher than for all other predecessors.

Key words: chickpeas, predecessor, dry steppe zone, North-East Kazakhstan, steam, wheat, corn, Sudanese grass.

А.М. Нусупов^{1,2}, А.А. Самбетбаев², Б.Ж. Кожебаев¹, Л.А. Пономарева³

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

³«Камышинское» шаруа қожалығы, Шемонайха ауданы, ШҚО

«ЕРТІС» ТИПТІ СИММЕНТАЛ СИЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БУДАНДАРЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Бұл берілген мақалада Шығыс Қазақстан облысы Шемонайха ауданы «Камышинское» шаруа қожалығы жағдайында өсірілетін қазақстандық ұштұқымды «Ертіс» типті сүтті бағыттағы симментал сиырларының және олардың будандарының (Ертіс х қызыл-ала голштин және ертіс х симментал) 305 күндік бірінші сауын маусымындағы сүт өнімділік көрсеткіштерінің нәтижелері келтірілген. Зерттеу жұмыстары барысында бақылауға алынған «Ертіс» типті симментал сиырларынан бірінші сауын маусымында сауылған сүттерінің мөлшерін және сол сүттің құрамындағы май мен белоктың пайыздық үлестерін олардың будандарының бірінші сауын маусымында көрсеткен нәтижелерімен салыстырылған. Келтірілген мәліметтер бойынша сауын маусымында әрбір айда сауылған сүттің мөлшерлері салыстырылып, нәтижелері бойынша «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының бірінші сауын маусымының қисығы келтірілген.

Түйін сөздер: сауын маусымы, сүттің майы, сүттің белогы, сауын маусымының қисығы, будан.

Өзектілігі. Сүтті және сүтті-етті ірі қара шаруашылығы республикамызда ең негізгі және интенсивті өнімді мал шаруашылығының бірі болып табылады. Бұрынғы ТМД елдері аумағында 30 астам сүтті және сүтті-етті мал тұқымдыры өсірілетін болса, солардың ішінде біздің елімізде 10 астам сүтті тұқымдары кездеседі. ШҚО алып қарайтын болсақ, Шемонайха, Ұлан, Глубокое және Бородулиха ауданында бүгінгі таңда бәрімізге белгілі симментал, голштин, қара-ала, қырдың қызыл сиырлары сияқы сүтті бағыттағы мал тұқымдары кездеседі. Бұл аудандарда өндіретін сүт және сүт өнімдері еліміздің барлық өңірлеріне таралады деп айтуға болады. Атап өткен шаруа қожалықтарында сүт өндіруді жоғарлату мақсаттарында әртүрлі технологиялар қолданылуда. Солардың бірі бәрімізге белгілі малдарды будандастыру әдісі. Бұл әдіс елімізде сонау 80 жылдары бастау алған жергілікті симментал сиырларының сүт өнімділіктерін көтеру және желіндерінің морфо-функционалдық құрылымдарын жақсартудан басталған. Соның нәтижесін кәзіргі таңда «Камышинское» және «Е.Зайтенов» сияқты ірі шаруа қожалықтарындағы ұштұқымды қазақстандық қызыл-ала сүтті бағыттағы «Ертіс» типті симментал сиырларынан байқауға болады. Бұл жаңа «Ертіс» типті сиырлары 305 күндік сауын маусымында майының үлесі орташа 4-4,2% аралығында болатын 6000 кг сүтті береді. Бұларды негізге алып, «Камышинское» шаруа қожалығында «Ертіс» сиырларының сүт өнімділіктерін одан әрі жоғарлату мақсатында және симментал тұқымының құндылықтарын жоғалтпау үшін, қызыл-ала голштин және таза симментал тұқымдарымен асылдандыру жұмыстары ретінде шаруашылықтың зоотехник селекционерімен біріге отырып зерттеу жұмысын жүргіздік. Нәтижесінде сүт өнімділігі жоғары, сондай-ақ, ірі салмақты (Ертіс х симментал) және «Ертіс» типті сиырларынан сүт өнімділіктері жоғары (Ертіс х қызыл-ала голштин) будан мал топтары қалыптаса бастады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Шаруашылықтағы бұл будандардың сүт өнімділіктерін анықтау үшін, үш мал тобы алынды. Бірінші топқа ертіс х қызыл-ала голштин, екінші топқа ертіс х симментал және бақылау тобы ретінде ертіс сиырлары алынды. Зерттеуге алынған сиырлардан сауын маусымындағы орташа сүттерінің мөлшері, әр айда бақылау сауынына қатысу арқылы анықталды. Бақылау сауыны кезінде әр сиырдан таңертенгі және кешкі мезгілде арнайы 100 мг пробиркаларға алынған сүттен орташа май мен белоктың пайыздық мөлшерін «Лактан 1-4 М» аппаратында жедел түрде анықтап, есепке алынып отырды. Сауын маусымында сауылған барлық сүттің нәтижелері Плохинский Н.А. әдісі бойынша компьютерлік Excel бағдарламасында биометриялық әдіспен өңделді.

Зерттеудің нәтижелері. «Камышинское» шаруа қожалығында өсірілетін «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының бірінші толық сауын маусымындағы сүт өнімділік көрсеткіштері 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – «Ертіс» типті симментал сиырлары және олардың будандарының сүт өнімділік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	«Ертіс» типті сиырлары,		Ертіс х қызыл-ала голштин будандары,		Ертіс х симментал будандары,	
	X ± S _x	Cv	X ± S _x	Cv	X ± S _x	Cv
Сауылған сүт, кг	5535 ± 170,8	11,95	5775 ± 171,4	11,49	5277 ± 169,4	12,43
Сүттің майы, %	4,08 ± 0,02	2,15	3,99 ± 0,03	2,75	4,19 ± 0,03	2,97
Сүттің майы, кг	224,8 ± 2,15	34,97	228,4 ± 2,30	36,73	219,2 ± 2,15	35,92
Сүттің белогы, %	3,31 ± 0,04	4,22	3,29 ± 0,04	4,46	3,35 ± 0,04	4,47
Сүттің белогы, кг	181,1 ± 1,67	33,74	187,3 ± 1,82	35,58	174,4 ± 1,66	3,86

Берілген 1-ші кестеден ертіс х қызыл-ала голштин будан сиырлары «Ертіс» сиырларына қарағанда, сауылған сүттің мөлшері бойынша 240 кг немесе 4,1%-ға артық болып тұрғандарын байқасақ, осы кезде олардың құрдастары ертіс х симментал будандары сауылған сүттерінің мөлшері бойынша керісінші 258 кг немесе 4,7%-ға төмен болғанын көреміз. Бұл берілген мәліметтерді толық төмендегі 1-ші суреттегі диаграммадан көруге болады.



Сурет 1 – «Ертіс» типті симментал сиырлары және олардың будандарының сүт өнімділіктері


Мұндағы суреттен «Ертіс» сиырларының сүттерінің құрамында орташа 4,08% майы және 3,31% белогы болатын 5535 кг сүттен орташа 224,8 кг май және 181,1 кг белок болатынын көруге болады. Бұл мәліметтерден «Ертіс» типті сиырларының сүтіндегі майдың массалық үлесіне қарағанда ертіс х қызыл-ала голштин будандарынан сауылған сүттегі майының пайыздық үлесі орташа 3,99% құраған кезде, сүттегі майдың массалық үлесі орташа 3,6 кг немесе 1,6% артып 228,4 кг болса, олардың құрдастарында керісінше сүттің орташа майы 4,19% болғанда 5,6 кг немесе 2,5% төмен болатын 219,2 кг сүттегі май болған. Бұл «Ертіс» сиырларынан және олардың будандарынан бірінші сауын маусымында әр айда тәуліктік бақылау сауыны кезінде сауылған сүттің мөлшерін, және сол сүттің майы мен белогын пайыздық үлес көрсеткіштері 2-ші кестеде келтірілген.

Кесте 2 – «Ертіс» типті симментал сиырлары және олардың будандарының 305 күндік сауын маусымындағы айлар бойынша көрсеткіштері

№	«Ертіс» типті сиырлары, n=15			Ертіс х қызыл-ала голштин будандары, n=15			Ертіс х симментал будандары, n=15		
	Сүт, кг	Май, %	Белок, %	Сүт, кг	Май, %	Белок, %	Сүт, кг	Май, %	Белок, %
1 ай	19,8	4,01	3,18	21,2	3,92	3,17	19,4	4,15	3,28
2 ай	22,3	3,96	3,17	23,7	3,90	3,16	21,6	4,12	3,20
3 ай	23,1	3,93	3,05	24,6	3,84	3,09	22,9	3,98	3,07
4 ай	22,3	4,06	3,25	23,2	3,88	3,13	21,8	3,99	3,16
5 ай	21,7	4,08	3,27	23,0	3,93	3,20	20,2	4,16	3,31
6 ай	20,2	4,09	3,32	22,8	3,98	3,27	18,2	4,18	3,39
7 ай	17,2	4,13	3,36	16,8	3,99	3,38	15,7	4,31	3,41
8 ай	14,3	4,15	3,44	13,4	4,11	3,42	14,1	4,27	3,49
9 ай	10,6	4,18	3,49	10,6	4,10	3,49	11,1	4,34	3,60
10 ай	8	4,21	3,50	7,7	4,16	3,47	6,9	4,33	3,56
Орташа	17,9	4,08	3,30	18,7	3,98	3,27	17,1	4,18	3,34

2-ші кестеде «Ертіс» типті сиырларынан сауын маусымында сауылған орташа тәуліктік сүттің мөлшері 17,9 кг болса, олардың ертіс х қызыл-ала голштин будандарында тәуліктік сауылған сүттері 0,8 кг немесе 4,3% артық болып, ал ертіс х симментал будандарында

тәуліктік сүттері керісінше 0,8 кг немесе 4,5% төмен болып тұр. Сонымен қоса бұл жерден «Ертіс» типті сиырларының сүттерінің құрамындағы май мен белоктың орташа үлестері 4,08% және 3,30% көрсетсе, олардың ертіс х қызыл-ала голштин және ертіс х симментал будандарында сәйкестерінше 3,98% және 3,27% сондай-ақ 4,18% және 3,34% аралығында көрсеткен. Айлар бойынша сауылған сүттің орташа мөлшері бойынша сауын маусымының қисығын 2-ші суреттен көреміз.



Сурет 2 – Сауын маусымының қисығы

Берілген 2-ші суреттегі «Ертіс» типті сиырларының сауын маусымындағы сүттерінің мөлшері бірінші айдан үшінші айға дейін жоғарлап барып, алтыншы айға баяу түсіп, жетінші айда төмендегенін байқауға болады. Бұл кезде ертіс х қызыл-ала голштин будандары сауын маусымында үшінші айға дейін жоғарлап, сол сүттерін алтыншы айға дейін түсірмей, жетінші айдан бастап төмендегенін байқасақ, олардың құрдастары ертіс х симментал будандарының сүттері үшінші айға дейін жоғарлап, төртінші айдан бастап төмендегенін көруге болады. Бұл жерде «Ертіс» типті сиырларының сауын маусымындағы қисығы қалыпты болып келеді, ал олардың ертіс х қызыл-ала голштин будандарының сауын маусымындағы қисығын өте жақсы деп айтуға болады. Себебі, мұнда қызыл-ала голштин сиырлары сауын маусымында сүт беру жағынан жоғары өнімді мал тұқымы болып келеді, ал симментал малдары қос бағытта болғандықтан ертіс х симментал будандарының сүт өнімділіктері төмен болғандығын көрсетеді.

Қорытынды. Барлық мәліметтерді талдай келе, «Ертіс» типті сиырларын қызыл-ала голштин малдарымен жақсартқан кезде, шаруашылықтағы бұл сиырларға қарағанда сауын маусымында сүт өнімділігі жоғары болатын және сауын талаптарын төтеп беретін будандар қалыптасқан. Ал симментал малдарымен жақсартқан кезде, «Ертіс» типті сиырларынан сауын маусымында сүт өнімділігі төмен болғанымен дене бітімдері және салмақтары жоғары болатын будандар қалыптасқан.

Әдебиеттер

1. «Камышинское» ш.қ. бонитировка нәтижелері және есеп жүргізу журналдары.
2. Қ.П.Таджиев Совершенствование продуктивных и технологических качеств симментальского скота Казахстана. – Алматы, 2017. – 208 с.
3. А.М.Нусупов, Б.С.Ахметова «Мал шаруашылығы негіздері» пәнінен оқу-құралы. – Семей, 2019. – 150 б.
4. Л.Д. Самусенко, А.В. Мамаев Практические занятия по скотоводству. – Санкт-Петербург: Лань, 2010. – 240 с.

МОЛОЧНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ СИММЕНТАЛЬСКИХ КОРОВ ТИПА «ЕРТИС» И ИХ ПОМЕСЕЙ

А.М. Нусупов, А.А. Самбетбаев, Б.Ж. Кожебаев, Л.А. Пономарева

В этой статье приведены показатели результатов молочной продуктивности первой лактации за 305 дней казахстанского трехпородного молочного направления симментальских коров типа «Ертіс» и их помесей (Ертіс х красно-пестрый голштин и ертіс х симментал) разводимого в условиях крестьянского хозяйства «Камышинское» Шемонахинского района Восточно-Казахстанской области. В результате исследования были проведены сравнения объема надоенного молока, а также процентная доля жира и белка в составе молока первой лактации за 305 дней симментальских коров типа «Ертіс», взятых под контроль с показателями результатов их помесей за первую лактацию. По приведенным материалам были сравнены объемы надоенного молока контрольного доения в каждом месяце лактации, на основании этих показателей была приведена лактационная кривая за первую лактацию симментальских коров типа «Ертіс» и их помесей.

Ключевые слова: лактационный период, молочный жир, молочный белок, лактационная кривая, помесь.

DAIRY PRODUCTIVITY OF SIMMENTAL COWS OF TYPE "ERTIS" AND THEIR MIXES

A. Nusupov, A. Sambetbaev, B. Kozhebaev, L. Ponomareva

This article presents the results of milk productivity of the first lactation for 305 days of the Kazakhstan three-pedigree milk direction of Simtals cows of the Ertis type and their crosses (Ertis x red-motley holstein and Ertis x Simmental) bred in the conditions of the peasant farm Kamyshinsky of Shemonaikhinsky district of East Kazakhstan region. As a result of the study, comparisons were made of the volume of milk baked, as well as the percentage of fat and protein in the composition of the milk of the first lactation for 305 days of Simtal Ertis cows taken under control with the results of their crosses for the first lactation. Based on the materials presented, the volumes of milk of control milking in each month of lactation were compared; on the basis of these indicators, a lactation curve was shown for the first lactation of Simmental cows of the Ertis type and their crossbreeds

Key words: lactation period, milk fat, milk protein, lactation curve, crossover.

FTAXP: 68.39.19

А.М. Нусупов^{1,2}, А.А. Самбетбаев², Б.Ж. Кожебаев¹, Л.А. Пономарева³

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

³«Камышинское» шаруа қожалығы, Шемонайха ауданы, ШҚО

«ЕРТИС» ТИПТІ СИММЕНТАЛ СИЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БУДАНДАРЫНЫҢ БІРІНШІ САУЫН МАУСЫМЫНДАҒЫ ЭКСТЕРЬЕРЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа: Бұл берілген мақалада Шығыс Қазақстан облысы Шемонайха ауданы «Камышинское» шаруа қожалығы жағдайында өсірілетін қазақстандық сүтті бағыттағы «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының (Ертіс х қызыл-ала голштин және ертіс х симментал) бірінші сауын маусымы кезіндегі экстерьерлік көрсеткіштерінің нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысы кезінде зерттеуге алынған ертіс х қызыл-ала голштин және ертіс х симментал будан тұмса сиырларының бірінші сауын маусымы кезіндегі әртүрлі дене өлшемдерінің көрсеткіштері алынып, бақылауға алынған «Ертіс» типті симментал сиырларының бірінші сауын маусымы кезіндегі дене өлшемдерінің нәтижелерімен салыстырылып, олардың қорытындысы бойынша «Ертіс» типті сиырларының және олардың будандарының дене тұрқыларының индекстері анықталды. Алынған дене өлшемдеріне сүйене отырып, «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының экстерьерлік профилі келтірілді.

Түйін сөздер: экстерьер, шоқтық биіктігі, жіліншік орамы, дене бітімінің индексі, экстерьерлік профиль.

Өзектілігі. Шаруа қожалықтарында табындағы сауын сиырларының экстерьерін білу олар үшін сүтті мал шаруашылығын дамытуда маңызы өте зор болып келеді. Өйткені экстерьері жақсы дамыған сиырлар ғана өнімді мол береді. Ірі қараның экстерьері оларды тұқымына, өскен ортасына, шаруашылық бағытына, дұрыс және толық азықтандыруына байланысты болып келеді. Сиыр малдарының экстерьері олардың биологиялық ерекшеліктеріне және шаруашылықтағы өнімділік бағыттарына байланысты болады. Олардың экстерьерін зерттеу арқылы, оның денсаулығы жөнінде көптеген мағлұматтар алуға болады. Әсіресе асылдандыру жұмысымен айналысқан уақытта сиырлардың өнімділігін зерттеумен қоса, олардың сыртқы дене құрылысын да зерттейді, әсіресе сұрыптау және жұптау мезгілдерінде бұлардың экстерьерін ерекше ескереді. Оларды экстерьері бойынша бағалағанда оларға өнімділік бағытына, сүйегінің мықтылығына, дене етінің жетілуіне және дене құрылысының әрбір мүшесіне баға беру арқылы әрбір дене мүшелерінің кемістігін дұрыс анықтау қажет. Себебі, дене мүшесінің кемістігі олардың денсаулықтарының нашар екендігін көрсетеді. Ал денсаулығы нашар малдың өнімі аз болатыны бәрімізге мәлім.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысының материалы ретінде «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың ертіс х қызыл-ала голштин және ертіс х симментал будандарының бірінші сауын маусымындағы экстерьерлік көрсеткіштері алынды. Бұл зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін, шаруашылықта өсірілетін «Ертіс» типті сиырларының бірінші сауын маусымындағы дене өлшемдерінің көрсеткіштерін өздерінің

ертiс х қызыл-ала голштин және ертiс х симментал будандарының дене өлшемдерiнiң нәтижелерiмен салыстырылған. Бұл жерде зерттеуге алынған сиырлардың экстерьерiнiң көрсеткiштерi зоотехниялық әдiс арқылы таңертеңгi уақытта тегiс, таза жерде өлшеуiш таяқ, өлшеуiш таспа және өлшеуiш циркуль арқылы келесiдей дене өлшемдерi алу арқылы (шоқтық, арқа, құйымшақ биiктiгi, кеуденiң тереңдiгi және ендiлiгi, кеуде және жiлiншiк орамы, дене және құйымшақ ұзындығы) жүргiзiлдi. Алынған дене өлшемдерiн пайдалана отырып, дене индекстерiн арнайы формулаларды қолдану арқылы есептептелдi. Алынған барлық мәлiметтердiң биометриялық өңделуi «Excel 2016» бағдарламасында компьютер арқылы жасалды.

Зерттеудiң нәтижелерi. Шығыс Қазақстан облысы «Камышинское» шаруа қожалығы жағдайында өсiрiлетiн «Ертiс» типтi симментал сиырларының және олардың будандарының бiрiншi сауын маусымы кезiндегi экстерьерлiк көрсеткiштерiнiң нәтижелерi 1-шi кестеде келтiрiлген.

Кесте 1 – «Ертiс» типтi симментал сиырларының және олардың будандарының бiрiншi сауын маусымы кезiндегi экстерьерлiк көрсеткiштерi

Дене өлшемдерi, см	«Ертiс» типтi сиырлары		Ертiс х қызыл-ала буданы		Ертiс х симментал буданы	
	$X \pm S_x$	Cv	$X \pm S_x$	Cv	$X \pm S_x$	Cv
Шоқтық биiктiгi	135,2±0,40	1,15	134,5±0,48	1,40	136,5±0,47	1,34
Құйымшақ биiктiгi	141,3±0,41	1,13	140,1±0,47	1,32	142,9±0,45	1,22
Тұрқының қиғаш зындығы	170,2±0,41	0,95	170,0±0,43	0,98	171,3±0,36	0,82
Кеуде орамы	196,1±0,48	0,95	194,3±0,41	0,82	199,7±0,45	0,87
Кеуде тереңдiгi	76,3±0,41	2,10	74,3±0,41	2,15	78,6±0,42	2,11
Кеуде ендiлiгi	46,4±0,43	3,61	45,1±0,48	4,15	47,8±0,31	2,58
Сербек аралық ендiлiгi	52,4±0,31	2,29	51,8±0,33	2,52	53,8±0,49	3,53
Жiлiншiк орамы	19,7±0,06	1,24	19,3±0,05	1,11	20,9±0,09	1,81


Берiлген кестеде зерттеуге алынған ертiс х қызыл-ала голштин будандарының шоқтық және құйымшақ биiктiктерi бақылауға алынған «Ертiс» типтi сиырларының көрсеткiштерiнен сәйкестерiнше 0,7 см немесе 0,6% және 1,2 см немесе 0,9% төмен болса, бұлардың ертiс х симментал будан құрдастарында бұл көрсеткiштер керiсiнше 1,3 см немесе 1% және 1,6 см немесе 1,2% жоғары болған. Кеуде тереңдiгi және ендiлiгi дене өлшемдерi бойынша «Ертiс» типтi симментал сиырларынан ертiс х қызыл-ала голштин будандарында бұл өлшемдер орташа 2 см немесе 2,7% және 1,3 см немесе 2,9% төмен болса, ертiс х симментал будандарында керiсiнше 2,3 см немесе 3% және 1,4 см немесе 3% жоғары болған. Берiлген мәлiметтерден кеуде және жiлiншiк орамы дене өлшемдерi бойынша ертiс х симментал будандары «Ертiс» типтi сиырларының көрсеткiштерiне қарағанда 3,6 см немесе 1,9% және 1,2 см немесе 5,6% тағы жоғары болса, олардың құрдастарында керiсiнше 1,8 см немесе 1% немесе 0,4 см немесе 2,1% төмен болғанын көруге болады. Бұл өлшемдер бойынша келтiрiлген «Ертiс» типтi сиырларының және олардың будандарының экстерьерлiк профилын 1-шi суреттен көреміз.



Сурет 1 – «Ертiс» типтi симментал сиырларының және олардың будандарының бiрiншi сауын маусымы кезiндегi экстерьерiнiң профилы

Бұл берiлген суреттен «Ертiс» типтi симментал сиырларының және олардың будандарынан бiрiншi сауын маусымы кезiндегi алынған дене өлшемдерiнiң нәтижелерi

бойынша келтірілген экстерьерлік профильдің көрсеткіш бағаналары бірдей болып тұрғанын көреміз. Өйткені, бұл жерден барлық сиырлар бір мал тұқымына жататынын ескере отырып, «Ертіс» типті сиырларын қызыл-ала голштин және симментал тұқымдарымен асылдандырғанда болатын біраз айырмашылықтарды байқауға болады. Демек, мұнда «Ертіс» типті сиырларын симментал тұқымымен асылдандырғанда дене өлшемдерінің көрсеткіштері артқандарын байқасақ, қызыл-ала голштин тұқымымен асылдандырғанда төмендегенін байқаймыз. Бұл дене өлшемдері бойынша 2-ші суретте «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының тұлға индекстері келтірілген.



Сурет 2 – «Ертіс» типті симментал сиырларының және олардың будандарының бірінші сауын маусымы кезіндегі тұлға индекстері

Бұл суреттен сирақтылық және тұрқыларының сипаты тұлға индекстері бойынша қарайтын болсақ, ертіс x симментал будандары 42,4% және 125,4% болса, олардың құрдастары 44,7% және 126,3% болып, «Ертіс» типті сиырларынан да сүттілік көрсеткіштері бойынша жоғары болған. Бұл жерден ертіс x симментал будандарының дене өлшемдерінің көрсеткіштерінің өздерінің ертіс x қызыл-ала голштин құрдастарынан және «Ертіс» типті сиырларынан ірі болатынын дене жұмырлығы, толықтығы және енділігі сондай-ақ, сүйектілік сияқты тұлға индекстерінен байқауға болады. Демек, ертіс x симментал будандары дене өлшемдері бойынша өздерінің құрдастарынан және бақылауға алынған «Ертіс» сиырларынан да жоғары болған.

Қорытынды. Барлық зерттеулерді сараптай келе, «Камышинское» шаруа қожалығы жағдайында өсірілетін қазақстандық қызыл-ала сүтті бағыттағы «Ертіс» типті симментал сиырларын симментал тұқымымен асылдандырған кезде өздерінен дене өлшемдерінің көрсеткіштері артатынын байқасақ, қызыл-ала голштин тұқымын қолданғанда дене өлшемдерінің көрсеткіштері төмендейтіндерін байқауға болады.

Әдебиеттер

1. «Камышинское» ш.қ. бонитировка нәтижелері және есеп жүргізу журналдары.
2. Қ.П.Таджиев Совершенствование продуктивных и технологических качеств симментальского скота Казахстана. – Алматы, 2017. – 208 с.
3. А.М.Нусупов, Б.С.Ахметова «Мал шаруашылығы негіздері» пәнінен оқу-құралы. – Семей, 2019. – 150 б.
4. Л.Д. Самусенко, А.В. Мамаев Практические занятия по скотоводству. – Санкт-Петербург: Лань, 2010. – 240 с.

ЭКСТЕРЬЕРНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЗА ПЕРВУЮ ЛАКТАЦИЮ СИММЕНТАЛЬСКИХ КОРОВ ТИПА «ЕРТИС» И ИХ ПОМЕСЕЙ

А.М. Нусупов, А.А. Самбетбаев, Б.Ж. Кожебаев, Л.А. Пономарева

В данной статье приведены результаты промеров экстерьерных показателей за первую лактацию казахстанских симментальских коров молочного направления типа «Ертіс» и их помесей (Ертіс x красно-пестрый голштин и ертіс x симментал), разводимого в условиях крестьянского хозяйства «Камышинское» Шемонаихинского района Восточно-Казахстанской области. В ходе исследования были взяты разные промеры телосложения у помесей ертіс x красно-пестрый голштин и ертіс x симментал во время первой лактации взятых на исследования и были сравнены с показателями телосложения симментальских коров типа «Ертіс», взятых под контроль за первую лактацию, в результате были рассчитаны индексы телосложения симментальских коров типа «Ертіс» и их помесей. На основании взятых промеров телосложения был приведен экстерьерный профиль симментальских коров типа «Ертіс» и их помесей.

Ключевые слова: экстерьер, высота в холке, обхват пясти, индекс телосложения, экстерьерный профиль.

EXTERIOR INDICATORS FOR THE FIRST LACTATION OF SIMMENTAL COWS OF TYPE «ERTIS» AND THEIR MIXES

A. Nusupov, A. Sambetbaev, B. Kozhebaev, L. Ponomareva

This article presents the results of measurements of exterior indicators for the first lactation of Kazakhstan Simmental dairy cows of the Ertis type and their crosses (Ertis x red-and-white holstein and ertis x simmental), bred in the conditions of the peasant farm Kamyshinsky of the Shemonaikhinsky district of the East Kazakhstan region. During the study, different body measurements were taken from the Ertis x Red-motley Holstein and Ertis X Simmental hybrids during the first lactation taken for research and were compared with the physique of the Ertis-type Simmental cows taken under control for the first lactation. As a result, The body indices of Simmental cows of the Ertis type and their crosses were calculated. Based on the measurements taken on the physique, the exterior profile of Simmental cows of the Ertis type and their hybrids was given.

Key words: exterior, height at the withers, metacarpus circumference, body index, exterior profile.

FTAXP: 68.29.07

Д.М. Тебердиев¹, Б.М. Көшен², Р.Е. Нургазиев², Б.М. Кушенов²

¹В.Р. Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы институты, Лобня қ., РФ

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ШАБЫНДЫҚТАРДЫ ҚҰРУДЫҢ АГРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа: Мақалада соңғы 13 жылда 64 жылдық ұзақ мерзімді шабындық шөптер, тыңайтылмаған фонда және тыңайтқыштармен теңгерімсіз қосымша қоректендірілмеген кезінде дәнді дақылдардың құрамы 80%-ды құрайтын жайылымдық түрге айналып, оның ішінде 61%-ын қызыл бетеге алған зерттеулер нәтижелері келтірілген. НРК фонында шабындық түрдегі шөп шабындықтары сақталды, онда шалғындық түлкіқұйрықтың шөптегі құрамы 74%-ға жетеді, ал азот тыңайтқыштарының жоғары мөлшерінде (N_{180}) қылтықсыз арпабас 40%-ға дейін жетті. Регрессивтік сукцессия нәтижесінде қалыптасқан шабындық шөптердің өнімділігі 3,6-5,8 т/га құрады, прогрессивтік кезінде – 6,3-8,4 т/га құрғақ зат алынды. Ұзақ мерзімді шабындықты құру үшін күрделі шығындар қалыптасқан баға түзілу жағдайында 9-10 мың рубль/га құрайды және 1-2 жылда өтеледі. Ұзақ мерзімді шабындықтарды күтіп ұстау және пайдалану режимі капиталды салымдарды 6,8-10 есе үнемдеп олардың жоғары өнімділігін (3,2-5,8 мың азықтық бірліктер/га) қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: агрофитоценоз, өнімділік, алмасу энергиясы, агроэнергетикалық коэффициент (АШ), экономикалық тиімділік, рентабелдік.

Шалғындарды мерзімді қайта шалғындандырумен қысқа мерзімді пайдаланудың орындылығын академик В.Р. Уильямс, А.М. Дмитриев және басқа зерттеушілер көрсеткен [1,2,3]. Институтта жүргізілген ғылыми зерттеулер егілген шабындық шөптердің тиісті күтім және ұтымды пайдалану жүйесі кезінде ұзақ мерзімді пайдалану мүмкіндігін негіздеді [4,5,6,7]. Қазіргі уақытта ұзақ мерзімді тұрақты фитоценоздарды құрудың ғылыми негізделген, ресурстарды үнемдеу әдістері мен толық технологиялық сызбаларын қолдану маңызды болып табылады. Мал азығы институтының агрофитоценоздың құнды құрамын сақтау тиімділігін эксперименттік негіздеу бойынша көпжылдық зерттеулері шалғын-жайылымдық шаруашылықты жүргізудің осы бағытының тиімді әдістер негізінде маңыздылығын көрсетті [8,9,10].

Эксперимент алаңы уақытша артық ылғалды құрғақ аңғарға жатады. Тәжірибе нұсқаларды жүйелі орналастырумен қарапайым қайталау әдісіне негізделген. Мөлдектер көлемі – 104 м², қайталануы – төрт рет. Тәжірибе М.С. Афанасьева және П.И. Ромашов 1946 жылы құрған шөп шабындығында 1947 салынған. Егілген шөптер қоспасы қызылбас бедеден (3 кг/га), жатаған бедеден (2), шалғындық атқонақтан (4), су бетегеден (10), шалғындық түлкіқұйрықтан (3), қылтықсыз арпабастан (3), шалғын қоңырбастан (3) тұрды. Шөптерді себер алдында 0-20 см топырақ қабатында қарашірік (Кнор бойынша) – 2,03%, алмастырылатын калий (Маслова бойынша) – 70 г/100 г, жылжымалы фосфор (Кирсанов бойынша) – 50 г/100 г, рН_{тұзды} 4,3 болды. Қолданылатын тыңайтқыштардың түрлері: аммиак

селитрасы, қос суперфосфат, калий хлориді. Фосфор мен калий тыңайтқыштарының дозалары эксперимент барысында бірнеше рет өзгерді: 1947-1958 жж. $P_{30}K_{30}$; 1959-1972 жж. – $P_{30}K_{60}$; 1973-1976 жж. – $P_{30}K_{90}$; 1977-2005 жж. – $P_{45}K_{90}$. Азот тыңайтқыштарының 60, 90, 120, 180 кг/га ә.з. дозасы 1957 жылдан бастап тыңайтқыштардың толық қоспасында өзгеріссіз қолданыла бастады. Көң үстірт енгізіледі (ендірусіз), күзгі кезеңде 4 жылда 1 рет. Жартылай шірінді көң (5-6 ай сақтағаннан кейін) N – 0,4%, P_2O_5 – 0,25%, K_2O – 0,45% орташа құрамымен. Шөптер шабындығын пайдалану екі орымды. Доминантты дәнді шөптің (шалғындық түлкіқұйрық) жаппай гүлдену кезеңіндегі бірінші орым маусымның ортасында, екіншісі – қыркүйектің алғашқы он күнінде.

Өнімділігі 3,0 т/га болатын тыңайтылмаған шөптер шабындығында дәнді шөптер үлесі 2,7 т/га құрады, оның ішінде 2,4 т/га төменгі дәнді шөптер болып, 61% қызыл бетеге алып жатыр. Регрессивтік сукцессия нәтижесінде төменгі дәнді шөптер өнімділігі 63-72% құрады. Прогрессивтік сукцессия кезінде – 74% шалғындық түлкіқұйрық және қылтықсыз арпабас – 40% негізгі түрлер болды, жалпы өнімділік – 6,3-8,4 т/га құрады.

Жайылымдық түрдегі шөптер шабындығында өнімділігі 29,9-55,7 ГДж/га АЭ, немесе 1 га-дан 2,3-4,6 мың азықтық бірлік, 200-850 кг/га шикі протеин болды (ШП). Шабындық түрдің өнімділігі 59,6-81,4 ГДж/га АЭ дейін өсті немесе 1 га-дан 4,5-6,3 азықтық бірліктер, 1993-2010 жж. орташа есеппен 756-1206 кг/га ШП.

Негізгі қоректік заттардың жинақталуы әр түрлі тыңайтқыштар жүйелері кезіндегі мал азығының өнімділігі мен сапасына тікелей байланысты. Тыңайтылмаған шөп шабындығында қоректік заттарды тұтыну қопсытылған күлдішымды орташа саздақ топырақтың табиғи құнарлылығы есебінен қамтамасыз етіледі. Бір маусымда (1993-2010 жж. орташа) шығуы – азот 48, P_2O_5 14, СаО 23, K_2O 48 кг/га құрады. Азот тыңайтқыштарымен тыңайтылған жайылымдық шөп шабындығында азот жинақтау 21-183% артты. Шабындық түріндегі шөптер шабындығында минералдық тыңайтқыштардың толық қоспасымен қоректендіру кезінде азоттың жинақталуы тыңайтылмаған шөптер шабындығымен салыстырғанда 2,6-4,3 есе артты. Жайылымдық түріндегі шөп шабындықтарында азот тыңайтқыштарын пайдалану коэффициенті – 37-65%, фосфор тыңайтқыштары – 22-44%, калий тыңайтқыштары – 51-100%, шабындық түріндегі шөп шабындықтарында тиісінше 48-87, 24-53 және 106-120% құрады.

Шөп шабындықтарында регрессивтік сукцессияның пайда болуымен антропогендік энергияның орташа жылдық шығыны 6,4-18,7 ГДж/га құрайды (1 кесте).

Прогрессивтік сукцессия кезінде антропогендік энергияны тұтыну 24,8 ГДж/га дейін артады. Регрессивтік сукцессия кезінде анағұрлым жоғары агроэнергетикалық коэффициент 4 жылда бір рет 10 т/га көң енгізу арқылы (444%) және $P_{45}K_{90}$ (412%) фонында алынды. Дәл осындай нұсқалар алмасатын энергияны (225 және 242 МДж/ГДж АЭ) және шикі протеинді (2,0-2,2 ГДж/ц ШП) өндіру үшін энергияның анағұрлым төмен үлестік шығынын тұтынуды қамтамасыз етті.

Прогрессивтік сукцессия кезінде алмасатын энергия жинақтау тыңайтылмаған шөптер шабындығына қарағанда 2,0-2,8 есе көп, ал энергияны тұтыну 5,3-8,5 есе, соның нәтижесінде агроэнергетикалық коэффициент 246-312% дейін төмендейді, бірақ айтарлықтай жоғары болып қалады.

Шөп шабындықтарын құру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігін айқындау 1 кг сұлы бағасы бойынша 1 азықтық бірлігінің (4,3 рубль) қалыптасқан бағасына сүйене отырып, өндірілген өнімнің бағасының 2010 жылдың 1 тоқсанындағы құнымен өндірістік шығындарды есептеу жолымен жүргізілді.

Тыңайтылмаған шөптер шабындығында мал азығын өндіру азайтылып келтірілген шығындарды (1947 рубль/га) керек етеді, сондай-ақ P_{45} пен көңді 4 жылда бір рет қолданған кезде – 2867-5000 рубль/га. Шөптер шабындығын регрессивтік сукцессияға әкелген басқа тыңайтудың жүйелері кезінде, орташа жылдық шығындар 2,3-5,8 есе артады, ал теңдестірілген тыңайтудың жүйелері кезінде, нәтижесі прогрессивтік сукцессия болған кезде тыңайтылмаған шөптер шабындығымен салыстырғанда 5,6-7,3 есе.

Мал азығының ең төменгі құны тыңайтылмаған шөптер шабындығында және көң қолданған кезде 100 азықтық бірліктер үшін – 116-173 рубль алынды. Ең жоғары рентабелдік осы шөптер шабындығында белгіленді – 151-289%. Прогрессивтік сукцессия кезінде, тыңайту қоспасындағы азот мөлшері 90-120 кг/га болған кезде, рентабелдік 64-73% құрайды, ал мөлшері 180 кг/га-ға дейін жоғарылағанда ол 45-51% дейін төмендейді.

1 кесте – Ұзақ мерзімді шабындықтарды құрудың тиімділігі

Тыңайтқыш	Өнім-ділік, т/га ҚЗ	1 га-дан өнімділік		1 га-ға шығындар		Тиімділік, %	
		алмасу энергиясы, ГДж	азықтық бірліктер	АЭ, ГДж	руб.	АК	рента-белдік
Регрессивтік сукцессия							
Тыңайтқышсыз	3,0	29,9	2348	6,4	1947	350	289
K ₉₀	3,6	34,3	2584	7,7	3685	337	130
P ₄₅	3,4	33,6	2633	7,0	2867	358	196
N ₁₂₀	4,8	47,2	3711	17,5	6250	203	92
4 жылда 1 рет 10 т/га көң	4,3	42,3	3346	7,8	3289	444	283
4 жылда 1 рет 20 т/га көң	5,0	47,7	3690	9,1	5000	407	151
P ₄₅ K ₉₀	4,5	42,1	3150	8,0	5193	412	110
N ₉₀ K ₉₀	5,7	55,7	4347	15,8	7464	264	89
N ₁₂₀ K ₉₀	5,9	55,2	4620	18,4	8580	233	68
N ₁₂₀ K ₁₂₀	6,1	58,7	4552	18,7	9415	235	56
N ₁₂₀ P ₄₅	5,2	53,0	4297	17,8	7179	224	95
N ₆₀ P ₄₅ K ₉₀	5,6	53,9	4159	13,4	7644	303	76
Прогрессивтік сукцессия							
N ₉₀ P ₄₅ K ₉₀	6,3	59,6	4514	16,0	8970	279	62
N ₄₅ P ₃₀ K ₆₀ + N ₄₅ P ₃₀ K ₆₀	6,8	65,5	5039	16,8	10322	293	58
N ₁₂₀ P ₃₀ K ₆₀	6,7	66,6	5257	18,4	9052	272	87
N ₁₂₀ P ₄₅ K ₉₀	7,2	68,1	5198	18,7	10292	275	64
N ₈₀₊₄₀ P ₄₅ K ₉₀	7,0	67,9	5282	19,1	10299	266	65
N ₈₀₊₄₀ P ₄₅ K ₉₀ +Ca	7,6	74,1	5814	17,8	10821	312	73
N ₁₂₀ P ₆₀ K ₁₂₀	6,7	64,7	5062	19,1	11265	254	45
N ₁₂₀₊₆₀ P ₄₅ K ₉₀	8,1	77,6	5980	24,4	12762	238	51
N ₁₂₀₊₆₀ P ₆₀ K ₁₂₀	8,4	81,4	6300	24,8	13972	246	45
4 жылда 1 рет 10 т/га көң + N ₉₀ P ₄₅ K ₉₀	6,8	65,6	5071	17,3	10647	286	54
4 жылда 1 рет 10 т/га көң + N ₉₀ P ₄₅ K ₉₀	7,4	68,6	5046	18,6	12327	276	32
KMA ₀₅	0,8						

Алайда шалғынды жерлерді интенсификациялаудың бұл тәсілі ауылшаруашылық жерлерін барынша тиімді пайдалануға, мал азығы өндірісін фосформен біржақты қосымша қоректендірумен салыстырғанда 1,7-2,3 есе, көнді енгізумен салыстырғанда 1,2-1,7 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, органикалық тыңайтқыштар мен фосфорды ең алдымен белсенді дегумификациялау процесі байқалатын егістік жерлерде пайдалану керек.

Минералдық топырақтарда орналасқан шалғынды жерлер үшін минералдық ғана емес, сонымен қатар биологиялық көзден де алынатын азот ең аз мөлшерде болады. РК фонында 1 гектардан 3,2 мың азықтық бірліктер алу биологиялық азоттың кіруі есебінен қамтамасыз етіледі (45,0 кг/га). Регрессивтік сукцессия кезінде күрделі шығындарды өтеу мерзімі (8130 рубль/га) – 0,9-1,7 жыл, ал прогрессивтік сукцессия кезінде – 1,0-2,0 ауылшаруашылық жылдары. Сондықтан, одан кейінгі кезеңде тек айналымдағы (ағымдағы) қаражат қолданылады.

Ұзақ мерзімді шабындықты құру үшін күрделі шығындар қалыптасқан баға түзілу жағдайында 9-10 мың рубль/га құрайды және 1-2 жылда өтеледі. Ұзақ мерзімді шабындықтарды күтіп ұстау және пайдалану режимі капиталды салымдарды 6,8-10 есе үнемдеп олардың жоғары өнімділігін (3,2-5,8 мың азықтық бірліктер/га) қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Вильямс В.Р. Луговое хозяйство и кормовая площадь. М.: ОГИЗ Сельхозгиз, 1941. – 196 с.
2. Дмитриев А.М. Луговое хозяйство с основами луговедения. М.: Сельхозиздат, 1949. – 480с.
3. Иванов Д.А. Культурные пастбища. Л.: Лениздат, 1967. – 159с.

4. Ресурсосберегающие технологии поверхностного улучшения сенокосов и пастбищ (Рекомендации). – М. 2007. – 62с.
5. Кутузова А.А. Перспективные ресурсосберегающие технологии в луговодстве 21 века / Кормопроизводство: проблемы и пути решения. ГНУ ВНИИК. – 2007. – С. 31-37.
6. Кулаков В.А., Щербаков М.Ф. Влияние удобрения на продуктивность долголетних пастбищ и плодородие почвы. // Земледелие. 2011. № 3. – С. 220-224.
Обоснование попыток влияния США и России на внешнюю политику постсоветских государств можно рассматривать через две взаимосвязанные призмы. Во-первых, регион был одним из ключевых направлений расширения цивилизационных моделей России и США. Будь то либерализм (для западных держав) или акцент на суверенитете или консервативных ценностях, как в случае с Россией, постсоветские государства оказались в центре столкновения между различными цивилизационными моделями. Идеологические аспекты их внешней политики отражают гибридную международную идентичность, которая была приобретена этими государствами под влиянием сочетания советских, европейских, интернационалистических и консервативных ценностей. Во-вторых, этим государствам пришлось балансировать между интересами США и России. Постсоветские государства выбирали между разработкой многовекторной внешней политики или почти полной ориентацией на тот или иной полюс. Переход от одной позиции к другой, в случае Украины и Грузии, в краткосрочной перспективе оказался пагубным, поскольку в конечном итоге он вызвал агрессивные действия со стороны России.

Литература

1. The Geopolitics of the United States, Part 1: The Inevitable Empire // Stratfor Worldview: ежедн. интернет-изд. 2017. 23 янв. [Электронный ресурс]. URL: <https://worldview.stratfor.com> (дата обращения 01.02.2019)
2. Троицкий Е.Ф. Политика США в Центральной Азии в сфере безопасности: последствия на международные отношения в регионе (2001-2007 гг.) // История. 2009 г. – 3 марта. – С. 107-109.
3. Гурков А. Экономические аспекты конфликта в Грузии и роль нефтепроводов / Почему немецкие инвесторы все больше интересуются Россией? (рус.) // Deutsche Welle: радиожурнал. -13.08.2008. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.dw.com/ru> (дата обращения 25.02.2019).
4. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том В: Центральная Азия в XXI столетии. – Алматы: КазИСС при Президенте РК, 2009. – 440 с.
5. Дубнов А. Таможенный союз: плюс – Турция, минус – Украина, Индия – в уме? // РИА Новости [Электронный ресурс]. URL: <http://ria.ru> (дата обращения 25.01.2019).
6. Wolff A. T. The Future of NATO Enlargement after the Ukraine Crisis // International Affairs. 2015. Vol. 91, is. 5 (September). P. 1103–1121.
7. Shapiro J., Newby A. Not Ready for a post-American World: European Views on NATO. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.brookings.edu> (дата обращения 07.04.2019).

АҚШ ПЕН РЕСЕЙДІҢ ГЕОСАЯСИ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕ

А.А. Аскербек, А.М. Есдаулетова

Бұл мақала Америка Құрама Штаттары мен Ресейдің биполярлық жүйе құлағанынан кейінгі кеңестік дәуірден соңғы кеңістіктегі саяси дамуы тарихы туралы. Авторлар тарихи және хронология, жүйелеу және салыстыру әдістерін қолданады.

Эмпирикалық материалға сүйене отырып, олар екі мемлекеттің сыртқы саясаты геосаяси бәсекелестік екендігін дәлелдейді. Әр тарап өзінің кеңестік дәуірден кейінгі жеке жаңа ішкі және сыртқы саяси моделінің параметрлерін посткеңестік кеңістікте қалыптастыруға тырысты.

АҚШ және Ресей қарым-қатынастарының тарихы өте күрделі және бірнеше даму кезеңдерінен тұрады. Ең өткір жаңа "қырғи-қабақ" соғыстың бастауына себеп болған Қырымды «аннексиялау» мәселесі. Авторлар АҚШ пен Ресейдің бұрынғы кеңестік мемлекеттерге қатысты саясатының механизмдеріне де назар аударады, атап айтқанда, демократия мен либералды құндылықтарды насихаттау.

Түйін сөздер: Америка Құрама Штаттары, Ресей, геосаясат, сыртқы саясат, республикалар, демократия.

GEOPOLITICAL RIVALRY BETWEEN THE US AND RUSSIA IN THE POST-SOVIET SPACE

A. Askerbek, A. Yesdauletova

The article is devoted to the history of the development of the policy of the United States of America and Russia in the post-Soviet space after the collapse of the bipolar system. The authors used the methods of historicism and chronology, systematization and comparison. On the basis of empirical material they proved that the foreign policy of the two states has the character of geopolitical rivalry. Each of the parties seeks to establish its own parameters for the formation of a model of foreign and domestic policy of young states in the post-Soviet territory. The history of relations between the United States and Russia is quite complex and has several periods of development. The most pressing issue is the "annexation" of Crimea, which was the beginning of a new "cold war". The authors also paid attention to the mechanisms of U.S.A. and Russian policy towards the former Soviet States, highlighting such as the promotion of democracy and liberal values.

Key words: United States of America, Russia, geopolitics, foreign policy, republics, democracy.

МРНТИ: 03.61.91

Ж.Н. Ахметова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан

МУЖСКОЙ ГОЛОВНОЙ УБОР В КОНТЕКСТЕ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация: Древнетюркская картина мира, история тюрков довольно ярко представлена нам в древнетюркских рунических памятниках, где мы также можем проследить за некоторыми характерными особенностями, которые свойственны этим народам. Одной из главных особенностей тюркской культуры является особое положение мужчины не только собственной семьи, но и государства в целом, который правил огромными империями и ханствами. В этой связи уместным будет отметить важность занимаемой ими должности, исходя, из которой надевался особый вид национальной одежды. В государстве Османской империи важное место занимала армия, в этой связи большое предпочтение отдавалось военной одежде, в особенности важным был головной убор, который указывал на определенный статус. Казахи большую часть времени проводили верхом, в этой связи была необходимость в различных видах зимних головных уборов, вместе с тем имелись различные виды церемониальных головных уборов. В настоящей статье рассматриваются особенности мужских головных уборов казахского и турецкого народов. Мы подвергаем анализу отличительные черты мужских головных уборов казахов и турков. В ходе исследования выявлены особенности и своеобразие мужских головных уборов, которые имеют как схожие, так и отличительные черты.

Ключевые слова: тюркская культура, головной убор, мужчины казахи, мужчины турки, материальная культура.

Введение

История тюркского народа глубоко корнями уходит в древность, во времена существования первого Тюркского каганата. Об этом свидетельствуют древнетюркские

рунические памятники, которые несут в себе дух истории и прошлого. Основываясь на имеющихся источниках, мы можем иметь некую картину, в которой отражены история, культура, быт древнетюркского народа, которая оставила несомненный вклад в процесс развития культуры современных тюркских народов, что также отразилось на их обычаях и традициях. Стоит также отметить, что в культуре тюркского народа преимущественно преобладает мужская роль, т.е. мужчина – это глава семьи, государства, но вместе с тем особое место занимает и женщина, которая является хранительницей очага, мудрой, а также несущей в себе эстетическую красоту. Об этом довольно в раскрытом виде говорится в древнетюркских рунических памятниках в честь Бильге кагана, Культегина, Тоньюкука. Рассмотрим отрывок из текста в честь Кюль-тегина, в котором говорится следующее:

*Когда были сотворены наверху всемогущий Тенгри, внизу бурая земля,
Между ними были сотворены сыны человеческие.
Человечеством правили мои предки Бумын-каган, Истеми-каган.
[Сев] на трон (царство, (они) обустроили тюркский народ, создали
государство и власть [1].*

В данном примере мы можем отметить всю силу и могущество Божества Тенгри, который несет в себе мужское начало, вместе с тем упоминаются создатели и первые правители древнетюркского государства, которые в свою очередь обустроили весь народ, создав при этом могущественное государство, правление которого в последующем были переданы их наследникам. Вместе с тем, испокон веков в тюркском обществе как мы видим мужчинам отводилась главная роль, иными словами мужчина в тюркской культуре, представляет собой главу семьи, главу государства, общества, это довольно характерно для культуры тюркских народов, следует отметить, что данная концепция сохранилась до наших дней, и продолжает существовать и в настоящее время у представителей тюркских этносов. Исходя из выше сказанного, мы можем выделить особое значение и роль Бумын-кагана, Истеми-кагана, Бильге кагана, Кюль-тегина, которые достаточно ярко представлены в древнетюркских рунических памятниках. Присвоение героического имени «Эр» свойственно лишь мужчинам, подчеркивая тем самым их особенность и мужественность. Об этом также свидетельствуют отрывки из текстов памятника Кюль-тегину:

*В десять лет на радость ее величества моей матери-катун,
подобной Умай, мой младший брат Кюль-тегин получил
геройское имя (имя Эра) [1].*

Говоря о нынешних представителях тюркских народов, в частности о мужчинах казахах, главным образом сыгравшие главенствующую роль представлены в лице ханов, султанов, всемогущих батыров, мудрых беков, которые сыграли огромную роль в становлении и развитии Казахского ханства. Отмечая мужчин турков, мы не можем обойти известнейших султанов, которые правили целой Османской империей, а также их сыновья принцы, в свою очередь сыгравшие огромную роль в жизни их государства.

Так, мы видим, что мужчины играют главную роль в жизни тюркского общества, а также стоит отметить, что обладая различными чинами, мужчины имели различные образы и соответственно наряды, особое место в мужском наряде играл головной убор, который определял его тот или иной чин, социальный статус. Как и в мужских костюмах казахов, так, и турков особое место отводилось головному убору.

Анализ мужских головных уборов казахов и турков

Как было выше отмечено, в культуре казахов занимало особое место социальное положение народа, соответственно у биев, султанов, беков одежда во многом отличалась от одежды простого народа, начиная с тканей и материалов из которых шилась одежда, а также в соответствии с определенным статусом либо должности мужчины. Сшитая из дорогих сортов бархата, шелка, обильно украшенная золотым шитьем, все это являлось одеждой казахской феодально-родовой знати – ханов, султанов, биев и баев. В свою очередь простой народ, многие бедняки довольствовались одеждой, сшитой в основном из домотканой шерстяной материи – шекпень, мешковины, шкур и кожи животных [2]. Одной из особенностей культуры казахов – являлся кочевой образ жизни, в этой связи, большую часть своей жизни мужчины казахи провели за седлом коня в необъятных просторах степи, в соответствии с этим была необходимость в разновидности одежды, на определенный сезон, учитывая суровые климатические условия в северных регионах, в зимнее время в открытой степи в обиходе был необходим теплый зимний костюм вместе с головным убором, который

должен был обязательно быть из теплой шкуры животных. В своей работе Ө. Жәнібеков отмечает, что: «у мужчин широкой популярностью пользовался *борик (бәрік)*, круглая шапка с меховой опушкой, крытая бархатом, и ее разновидности:

- *Кұндыз борик (құндыз бәрік)*
- *Пушпак борик (пұшпақ бәрік)*
- *Кара борик (қара бәрік)*
- *Елтири борик (елтірі бәрік)*

а также, взрослые мужчины все время носили тибетейку, что же касается юношей и детей, они носили расшитые шелковыми, золотыми и серебряными нитями, с размещенными на куполе с четырех сторон узорами «шугла» (луч), гюль (цветок), тибетейки [3]. Рассмотрим более подробно разновидности мужских головных уборов казахов. И так исходя из социального положения, мужчины носили следующие виды головных уборов:

Мурак (мұрақ) – церемониальный мужской головной убор, изготавливался из бархата, на войлочной прокладке, с конусообразной тульей с уплощенной макушкой и широкими отгибающимися полями, окантованными узкой золотистой тесьмой [4]. Как правило данный вид мужского головного убора принадлежал степной знати:

Айыркалпак – высокий головной убор, сшитый из бархата, на войлочной основе, расшитые золотой канителью растительными узорами [3];

Саукеле калпак – мужской головной убор знатных казахов [2].

Исходя из степных погодных условий имелись следующие разновидности мужских головных уборов:

Тымак (тымақ) – зимний мужской головной убор. Подклад из лисьего меха, назатыльник на толстой войлочной прокладке, отороченные лисьим мехом сверху [4];

Калпак (қалпақ)- войлочная шапка с полями, полусферическая тулья с уплощенной верхушкой [4, с.25];

Жалбағай (жалбағай) – башлык на подкладке, напоминающий по крою форму треуха [3];

Тақия (Тақия) – конусообразная цельнокроеная макушка и прямой околыш, полностью вышит геометрическим растительным орнаментом [4];

Кулакшын (құлақшын) – зимний мужской головной убор, покрытый бархатом, внутренняя часть и отвороты подбиты лисьим мехом. Состоит из двух частей: полусферическая тулья из четырех широких клиньев, с отворотом в налобной части, две лопасти, образующие прямоугольной формы назатыльник, удлиненные наушники [4];

Малакай (малақай) – также зимний мужской головной убор, который состоит из двух частей: тулья конусообразной формы, уплощенной макушкой из бархата, три короткие лопасти с округленными краями, образующие два наушника, назатыльник обшитые мехом лисы [4].

Одной из главных особенностей в прикладном искусстве казахов является – высокое усвоение казахами способа выполнения различных видов орнаментов на предметах домашней утвари, одежды, оружия и т.д. Существует огромное количество видов орнаментов, также мы их можем встретить и на головных уборах, в частности мужских. В орнаментах заложена вся суть мировоззрения казахского народа, их отношение к миру, а также его видение. Вместе с тем, орнамент выполняет ряд определенных функций. Имея различные вариации, орнаменты можно разделить на группы, основные из которых следует разграничить следующим образом: космогонические, зооморфные, растительные, геометрические и т.д. [5]. Как было выше отмечено, сквозь орнаменты прослеживается представление о мире, в этой связи следует отметить следующее: «Посредством зооморфных узоров ассоциировалась связь древних скотоводов и земледельцев с искусством и мифологией» [6]. Один из древних зооморфных орнаментов символизирует «рог» (*мүйіз*), который также имеет свою разновидность: *бараний рог (қошқар мүйіз)*, *двойные рога (қос мүйіз)*, *одинокый рог (сыңар мүйіз)*, *сорок рогов (қырық мүйіз)*, *сломанный рог (сынық мүйіз)* [6]. Нас интересуют растительные виды орнаментов, которые изображены в таких мужских головных уборах как, *тақия (тақия)*, *тымак (тымақ)* и *мурак (мұрақ)*.

Зооморфные мотивы развивались и трансформировались в композициях и вариациях с растительными и геометрическими мотивами. Данный вид орнамента являлся символом дающим человеку силу, благополучие и оберег, изображение которых мы можем встретить

на мужском головном уборе тымак (тымақ) [6]. Переплетения растительных мотивов (листья, пальметты, трилистники, бутоны, цветки), раскрывая в казахском орнаменте понятия единства, согласованности, причинно-следственной обусловленности жизни на земле, представлены на церемониальном мужском головном уборе – мурак (мұрақ) [7].

Так, из выше описанных мужских головных уборов, мы можем выделить разнообразие шапок с меховой опушкой – борик, а также необходимым элементом в обиходе являлись тюбетейки, такая, которые носились все время и под зимними головными уборами, и даже за столом, т.е. с тюбетейкой они не расставались. Еще одной особенностью мужских головных уборов казахов является разнообразие зимних шапок, соответствующие их кочевому образу жизни казахов, которые были сшиты в основном из лисьего меха, а внутренняя часть, как правило обшита из бархата. Вместе с тем важное место занимают и головные убory так называемой казахской элиты, которая в свою очередь отличалась от шапок простого народа, в изготовлении которых применялись дорогие материалы и различные виды мехов, а также имелись особенные головные убory, предназначенные для определенных видов церемоний, которые конечно же носили лишь представители знати, либо занимающие определенную высокую должность, а также важное место в мировоззрении казахов играли орнаменты, получившие изображение как на предметах домашнего убранства, одежде, оружии, а также на головных уборах, которые в свою очередь подразделяются на определенные виды и группы.

Одним из самых многочисленных представителей тюркских народов являются – турки. Как и многие народы мира, турки имеют свою многовековую историю, традиции и обычаи, культуру, свойственную лишь им. Османская империя, султаны, султанши, и многое другое ярко характеризует данный народ. Как и для многих других представителей тюркских народов, для турков тюркская культура сыграла немаловажную роль, в том числе важное место занимает роль мужчины. Огромной империей правили великие султаны, а также их сыновья – принцы. Соответственно имея богатую историю и культуру, имеется особый вид национальной одежды, в частности придается большое значение головному убору. Мужской головной убор турков главным образом сосредоточен соответствующей им должности. Так как, основную роль в государстве играла армия, следовательно предпочтение в мужской одежде отдавалось именно военной одежде. Как известно, в Османской империи имелась личная гвардия султана – янычары, головной убор которых значительно отличался от других, который указывал лишь на них: «их отличительная черта – это головной убор, который в просторечии на языке ромеев называется «заркула». Все турки обычно покрывают этим голову. Однако и простолюдины, и знатные люди носят красный головной убор, в то время как иноземцы, ставшие жертвой рабского хомута и обозначенные как рабы султана, надевают белую шапочку из белого войлока полукруглой формы, плотно обхватывающую голову и сужающимися к макушке» [8, с.8]. Так, мы видим, один из основных видов головного убора янычар, который был исключительно белого цвета.

Рассмотрим более подробно виды мужских головных уборов турков. Отметим следующее: слово *başlık* (*башлык*) в современном турецком языке имеет значение «головной убор» [9]. Вместе с тем имеются различные их виды:

Борк /Бюрк (Börk/bürk) – как и меховая шапка, так и домотканая шерстяная повязка, которая наматывается на голову, завязывается на затылке, а концы смешиваются на спину [9];

Калпак (Kalpak) – вид головного убора, который изготовлялся из шкуры или из ткани в форме усеченного конуса [9, с.7];

Кукула/Кукулета (Kukula/Kukuketa) – хлопковая головная повязка обычно темного цвета, украшенная вышивкой [9, с.8];

Кюлах (Kulah) – данный головной убор изготовлялся в Анатолии из войлока. Мог быть остроконечным и цилиндрической формы [9];

Таккэ (Takke) – турецкие мужчины носили ермолки или тюбетейки, которые изготовлялись из легкой ткани в форме полусферы [9];

Фес (Fes) – изготовлялись из войлока или грубой домотканины и окрашивались преимущественно в красный цвет. Они натягивались на колодки цилиндрической формы, а сверху могла пришиваться кисточка черного цвета [9]. Вместе с тем имелись различные виды фески, которые носили следующие названия: *Зухаф (Zuhaf)*, *Азизие (Aziziye)*, *Меджидие (Mecidiye)*, *Хамидие (Hamidiye)* [10];

Сарык (Sarik) – тюрбан, который визири, государственные служители обматывали белого цвета марлей [10].

Выводы

Таким образом, выше были приведены примеры различных вариаций мужских головных уборов казахов и турков, несомненно, то, что тюркская культура нашла свое отражение в их материальной культуре. Одна из особенностей данной культуры это – особое положение мужчины и его главенствующая роль в жизни, как государства, так и народа в целом. Возглавляя целую империю в случае турков и ханства в случае казахов, мужчины имели особый статус, при этом имели различную должность и чины, в соответствии с которыми надевали определенный вид головного убора. Вместе с тем, обитая на просторах степи, казахи вели кочевой образ жизни, что также оказало влияние на их материальную культуру, перекочевывая с одного места на другое, при этом основное время, находясь верхом, а также вне зависимости от времени года, была необходимость как в теплых, так и в легких головных уборах. Учитывая климатические особенности, основная часть мужских головных уборов казахов была из мехов, еще одним из главных факторов было социальное положение, т.е. головной убор султанов значительно отличался от головных уборов простого народа, главной отличавшей составляющей которого являлся материал изготовления. Для представителей казахской знати головные уборы шились исключительно из богатых материалов, таких как, бархат, шелк, а также дорогие шкуры различных животных. Одним из самых распространенных видов мужских головных уборов среди казахов был – борик (бөрік), который представлял собой шапку с меховой опушкой, крытая бархатом, которая в свою очередь имеет различные виды, нечто похожее имеется и у турков, название которым борк /бюрк (börk/bürk), которая также является меховой шапкой, отличие в том, что она служит как и домотканая шерстяная повязка, которая наматывается на голову, завязывается на затылке. Следующая разновидность головных уборов у казахов это – калпак (қалпақ), который представляет собой войлочную шапку с полями, полусферическая тулья с уплощенной верхушкой. Турки также носили такой вид головного убора как – калпак (kalpak), который изготавливался из шкуры или из ткани в форме усеченного конуса, в данном случае мы видим, что у казахов калпак изготавливался из войлока и имел немного иную форму, в отличие от турецкого калпака. Стоит отметить, что казахи придавали большое значение войлоку, и большинство обиходов материальной культуры изготавливались именно из этого материала. Одним из самых распространенных головных уборов у казахов служит – тюбетейка, которая имеет название такия (тақия) – конусообразная цельнокроеная макушка и прямой околыш, полностью вышитый геометрическим растительным орнаментом, который в свою очередь мужчины нигде не снимают, и носят даже под зимней шапкой. Стоит отметить, что у турков имеется свой вид тюбетейки, который также называется таккэ (takke), которые изготавливались из легкой ткани в форме полусферы. Также один из видов мужского головного убора турков, который по форме немного напоминает тюбетейку (такия/тақия) казахов – это фес, самый распространенный и самый известный вид головного убора турков, преимущественно красного цвета, изготавливались из войлока или грубой домотканины сверху которого пришивалась кисточка черного цвета красного цвета. Армия играла главенствующую роль в жизни государства Османской империи, при дворе султана служила личная гвардия – янычар, которые имели свой особый вид головного убора, отличающий их от всех остальных, исключительно из белого цвета, в точности из белого войлока и полукруглой формы. Что касается казахов, имелась различная вариация зимних головных уборов, таких как: малакай (малақай), кулакшын (құлақшын), тымак (тымақ), изготавливавшиеся в основном из лисьего меха. Вместе с тем имелся особый вид церемониального мужского головного убора казахов – мурак (мұрақ), на котором вышиты орнаменты, относящийся к растительным видам, которые несут в себе смысл единства, а также в процессе трансформации и переплетения нескольких видов орнаментов, таких как зооморфный, растительный и геометрический, появился некий символ благополучия, силы, значение данного орнамента, которое отобразилось на мужском головном уборе – тымак (тымақ).

Литература

1. Жолдасбеков М.Ж., Сарткожаулы К. Атлас Орхонских памятников. – Астана: Күлтегін, 2006. – 360 с.
2. Т.Шаханов, Галимбаева А. Казахская национальная одежда. – Алма-Ата: Жалын, 1976. – 112 с.

3. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Альбом. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
4. Әлімбаев Н. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық коллекциясы. 1 том Қазақтың дәстүрлі киім-кешені иллюстрацияланған ғылыми каталог. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.
5. Маргулан А.Х. Сочинения. – Алматы: Алатау, 2012. – Т.11 – 576 с.
6. Капекова Г.А., Несіпбаева К.Р., Гильманов М.К. Өрнек жолы .Путь орнамента. Ornament's way: қазақтың ұлттық өрнектері негізінде. – Алматы: Асыл Сөз, 2015 – 239 б.
7. Традиционная одежда казахов. Научный каталог. – Алматы: Өнер, – 344 с.
8. Жигалова Н.Э Записки о янычарах: Византийские писатели о турецкой системе Девширме // Научные ведомости. Серия: История, Политология, 2017, № 15. – С.8.
9. Копушу В. Названия традиционных головных уборов в турецком и гагаузском языках. – Комрат: НИЦ Гагаузии им.М.В. Маруневич, 2014. – 48 с.
10. Lale M. II. Mahmud dönemi kıyafet alanında yapılan yenilikler. Yüksek lisans tezi. Süleyman Demirel Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih Anabilim Dalı, 2006. – 158 s.
11. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 б.
12. Ибрагимов Ш.М. Қазақ тұрмысының очерктері Қазақ этнографиясының кітпаханасы, 11-ші том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 148 б.
13. Kafesoğlu İ. Türk Milli Kültürü, Boğaziçi Yayınları, İstanbul, 1989
14. Льюис Р. Османская Турция. Быт, религия, культура/ Пер. С англ. Л.А. Игоревского. – М.: ЗАО Центр-Полиграф, 2004. – 239 с.
15. Оразбаева Н.А. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. – Ленинград: Аврора, 1970. – 207 с.
16. Özbay M. İlk Yazılı Belgelere Göre Türklere Giyim, Milli Folklor, Sayı:34(Yaz Dönemi), s.53 -57, 1997.
17. Хинаят Б., Сужикова А. Национальная одежда казахского народа. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 384 с.

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЕРЛЕРДІҢ БАС КИІМІ

Ж.Н. Ахметова

Әлемнің көне түркілік бейнесі, түркілер тарихы бізге көне түркі руникалық ескерткіштері арқылы жақсы таныс, әрі біз бұл халықтарға тән кейбір ерекшеліктерді де байқай аламыз. Түркі мәдениетінің маңызды ерекшелігі ер адамның тек қана отбасындағы емес, тұтас империя мен хандықтарды басқарған мемлекеттегі ерекше орны екені анық. Бұл ретте ұлттық бас киім үлгісі арқылы оның қызметінің маңыздылығын да анықтауға мүмкіндік болғанын атап өтуге болады. Осман империясы мемлекетінде ең маңызды орынды әскер иеленді, сол себепті әскери киімге ерекше артықшылық берілді, оның ішінде шенді көрсететін бас киімнің рөлі де айтарлықтай. Қазақтар уақытының көбін ат үстінде өткізді, сондықтан бас киімнің түр-түрімен жүруге қажеттілік туындады, бас киімнің рәсімге арналған түрлері болғаны да мәлім. Бұл мақалада қазақ және түрік халықтарындағы ерлердің бас киімінің ерекшеліктері қарастырылады. Біз қазақ және түрік халықтарындағы ерлердің бас киімінің ерекше белгілерін талдаймыз. Зерттеу аясында ерлердің бас киімінің ұқсас және айырма белгілері тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері анықталды.

Түйін сөздер: *түркі мәдениеті, бас киім, қазақ ер-азаматтары, түрік ер-азаматтары, материалды мәдениет.*

MALE HEADRESS IN THE CONTEXT OF TURKIC CULTURE

Zh. Akhmetova

The ancient Turkic picture of the world, the history of the Turks is clearly presented to us in the ancient Turkic runic monuments, where we can also follow some of the characteristics that are intrinsic to these peoples. One of the main features of the Turkic culture is the special position given to a man not only in his own family, but also in the state as a whole, as he ruled huge empires and khanates. In this respect, there is a need to note the importance of their appointment, on the basis of which a special kind of national dress was worn. In the state of the Ottoman Empire, the army played significant role, in this regard, a great preference was given to military clothing, especially important was the headdress, which indicated a certain status. Kazakhs spent most of the time on horseback, in this regard, there was a need for different types of winter hats, however, there were different types of ceremonial hats. This article discusses the features of men's hats of the Kazakh and Turkish peoples. We analyze the distinctive features of men's headgear of Kazakhs and Turks. The study revealed the features and originality of men's headgear, which have both similar and distinctive features.

Key words: *Turkic culture, headdress, Kazakhs men, Turks men, material culture.*

Н.Н. Кадримбетова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа: Бүгінгі таңда қазақ қоғамының мәдениет саласындағы негізгі міндеттерінің бірі тарихи және мәдени мұраны тиімді сақтау мен белсенді пайдалану арқылы рухани жаңаруды көздейді. Бұл мәселе әлемдік тарих тұрғысынан алғанда тарихи бастауын ерте кезеңдерден алып, қай дәуірде және қандай елде болмасын өзектілігін жоғалтқан емес. Осыған орай берілген мақалада Халықаралық ұйымдар, Еуропа, АҚШ, Ресей, Қазақстан және т.б. мемлекеттердің тарихи тәжірибесі зерделенеді. Әлемдегі ең бірінші мұраны сақтау жөніндегі ұлттық қоғамдық ұйымдарының, Рерих пактісі, 1954 жылғы Гаага конвенциясы мен ЮНЕСКО-ның 1970, 1972 жылдардағы конвенцияларының тарихи рөлі сипатталады. Сондай-ақ тарихи-мәден мұра ескерткіштерін сақтау мен қорғауды мемлекет тарапынан қамтамасыз ететін алғашқы нормативтік құқықтық актілер қарастырылып, олардың маңызы баяндалады.

Түйін сөздер: Тарихи-мәдени мұра, ескерткіш, мәдени құндылық.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау тарихына үңілсек, ескерткіштерді сақтау алғышарттары жөніндегі алғашқы деректер Геродоттың еңбегінде кездеседі. Онда б.з.б. 1 мыңжылдықта өмір сүрген сақтардың қайтыс болған ата-бабаларын, олардың заттары мен олар жерленген орындарды құрметтеу дәстүрі болғаны мәлімделген [1]. Деректер сақтардың жақындары туралы естелікті сақтап қалу ниетін ғана емес, сонымен қатар олардың патриоттық сезімдерін оятатын заттарды киелі культке айналдыруға бағытталған әрекетін де көрсетеді. Яғни сақ тайпалары құрмет тұтқан қасиетті заттар тек адамгершіліктің ғана белгісі емес, идеологиялық функцияны атқарғанының да айқын көрінісі.

Мұндай дәстүр Ұлы далада салтанат құрған түркі тайпаларының да тарихында бар. Бұл жөнінде белгілі түрколог-ғалым М. Жолдасбеков: «Дарынды түрік әулеті, түрік халқы Орхон, Сэлэнгі, Тоғула/Тула» дарияларының бойына қала салып, хан ордасын сәулеттендіріп, тағзым етіп, құлшылық ұратын ғибадатханасын тұрғызып, тас қашап, батырлары мен көсемдерінің, бабалары мен абыздарының мүсінін жасап, ұрпағына арнаған мыңжылдық сөзін, тарихи манифесін көк тіреген көгілдір гранитке – мәңгіліктің «мәңгі тасына» қашап жазып кетті» дейді және түрік кешендерін «киелі орын» деп атайды [2]. Терминологиялық сөздіктерде «киелі» мен «культ» терминдері мағынасының үйлесетіні байқалады. Латын тілінен «cultus» – сиыну, құрметтеу, қамқорлық жасау дегенді білдіреді [3]. Ағылшын тілінде «культ» термині алғаш рет 1617 ж. адамға немесе затқа адал болу мағынасында қолданған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «киелі» сөзі ескі, қасиетті және қадірлі, абыройлы, ардақты мағынасында берілген [4]. Ежелгі түріктердің түсінігінде ең негізгі құдайлары заңғар Көк аспан (Тәңірі) және Жер-Судың, қоршаған орта – тау, бұлақ, ағаш, жан-жануарлардың рухы бар деп саналды. Аталғандар табыну нысандарына айналды. Басты құдайлар ретінде ұлы бабалар, ру-тайпа басшылары, үй мен жердің қожайындары – өз ошағы мен жерінің қорғаушылары болып табылды [5]. Демек, байырғы түріктер ата-бабаларын ардақтап, олардың құрметіне ескерткіштер орнатып, бұл жерлерді киелі орындарға айналдырып, оларды қорғап, қадір тұтқан. Киелі орындарда ғұрыптық, салт-жоралғылар өткізіп, олардың сақталуын, қорғалуын қамтамасыз етіп отырған.

Мамандардың пікірінше, мұндай орындардың киелілігін осындай жерлерде жартас суреттері, жерлеу орындары мен басқа да ғұрыптық ескерткіштердің шоғырлана орналасуы дәлелдей түседі [6].

Тарихи-мәдени мұраны сақтауға қатысты Ресей тарихына үңілсек, алғашқы дерек Лаврентьев жылнамасында кездеседі. Деректерге сәйкес ежелгі Русьте ескерткіштерді сақтау христиан діні қабылданған дәуірден басталып, бұл істі Киев князі Владимир қолға алған. Князь 988 ж. грек қаласы Корсуньді өзіне бағындырғаннан кейін грек патшасының қарындасына үйленген және христиан дінін қабылдаған. Киевке ораларда князь қаланы қайтарып, өзімен бірге шіркеу ыдыстары мен иконаларын, мыстан жасалған екі пұт және төрт жылқы мүсінін алып кетеді. Қазіргі уақытқа дейін аталған жәдігерлер Қасиетті Богородица шіркеуінде сақталған [7]. Бұл шіркеу 996 жылы салынған және жәдігерлерді сақтау орны ретінде белгілі. Ресей тарихында ескі шіркеу ғимараттарын сақтау мақсатында қалпына

келтіру жұмыстары жүргізілгені туралы да мәліметтер бар. Мәселен, XV ғ. В.Ермолин Вознесенск шіркеуі мен Георгиев соборына реставрация жасаған. XVII ғ. П.Могила бірқатар ескерткіштерді, оның ішінде Десятинная шіркеуін қалпына келтірген [8].

I Петр заманына дейін Ежелгі Русьте раритеттер мен киелі заттар қасиетті саналды. Бұл уақытта ескерткіштерді сақтау мақсатты түрде жүзеге асырылмай, стихиялы сипатқа ие болды. Көне жәдігерлерді сақтауда шіркеулер маңызды рөл атқарды. Патшаның немесе оның өкілдерінің есімдерімен байланысты тарихи жәдігерлер шіркеулер мен монастырларда сақталды. Мәселен, Новгородтағы Софияда епископ Никитаның аса таяғы мен киімі (XII ғ.), Псковтағы Печерск монастырында Иван Грозный мен Борис Годуновтың жеке заттары тұр [9]. 1707-1716 жж. өзінде көне жәдігерлерді жинау туралы патшаның ауызша жарлығы шықты. Олардың негізінде I Петрге Киевтен, Сібірден археологиялық жәдігерлер жеткізілді. 1714 ж. I Петр тұңғыш музей – Кунсткамераны ашты. 1720 ж. император барлық монастырларды қарап, ондағы тарихи құнды кітаптар, грамоталар, хаттардың түпнұсқаларын жинау туралы өкім шығарды. Бұл өкімді жүзеге асыру мақсатында 1720 жылы аталған құндылықтардың тізілімін жүргізу туралы сенат жарлығы жарияланды. I Петр ежелгі ескерткіштер санатындағы жылжымайтын ескерткіштерді сақтауға да назар аударған. 1722 ж. Казаньдағы ортағасырлық Болгар (Бұлғар) қалашығының үйінділерін көріп, бірнеше жазбалардың көшірмесін жасауды, Казань губернаторына қаланы қалпына келтіру жұмыстарын қолға алуды, одан арғы жағдайын жыл сайын назарда ұстауды тапсырады [10].

Жалпы алғанда XVIII ғ. басында Ресейде орын алған әлеуметтік-саяси өмір шындығы негізінде мемлекеттің мәдени саясаты қалыптаса бастады. Өткенді қалпына келтіру, бабалар тәжірибесіне жүгіну мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі саналды.

Ресейде ұзақ жылдар бойы атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде 1918 ж. Халықтық комиссарлар кеңесі «Жеке тұлғалардың, қоғамдар мен ұйымдардың иелігіндегі өнер және ескі ескерткіштерді тіркеу, есепке алу және қорғау туралы» декрет қабылдады. Жалпыресейлік орталық атқарушы комитет пен Халықтық комиссарлар кеңесінің 1923 ж. 8 наурыздағы қаулысына сәйкес музейлік маңызы бар заттар музей қорына енгізіліп, мемлекеттік бюджет есебінен сақталды және мемлекет құндылығы болып табылды [11].

Алайда отызыншы жылдары «әскери атеизм» идеологиясына негізделген діни сәулет ескерткіштерін жаппай қирату орын алғаны белгілі. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысы жылдарында да көптеген тарих және мәдениет ескерткіштері өкінішке орай жойылды. Тек соғыс аяқталғаннан кейін ғана зардап шеккен, қираған ескерткіштер ұзақ жылдар бойы қалпына келтірілді. 1948, 1951, 1955, 1960, 1963, 1965 жж. бұл саланы реттеуге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық құжаттар қабылданып, тиісті шаралар атқарылды.

1976 ж. Ресейде «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану» туралы заң қабылдады. Заңнама қазіргі және болашақ ұрпақ үшін ескерткіштерді сақтау, ғылыми зерттеу мен насихаттауды «коммунистік тәрбие» аясында реттеуді қамтамасыз етуі тиіс еді. Заңда ескерткіштердің мемлекеттік есепке алу принциптері, тәртібі, тарихи-мәдени маңызы бар санаттары, олардың түрлері мен типтері баяндалды. Қорыта айтқанда, аталған құжаттарда ескерткіштердің құрамы мен оларды тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу және оларды сақтау мәселесі кеңестік жүйедегі мемлекеттің талаптарына сәйкес идеологиялық, экономикалық, әлеуметтік міндеттерге тәуелді болды.

Ал Еуропа елдерінің тарихында ескерткіштерді сақтау ежелгі кезеңде қалыптаса бастады. Ескерткіштерді жалпыадамзаттық мәдени құндылық ретінде сақтау қажеттілігі туралы идеяларды алғаш рет антикалық әлемде Полибий мен Цицерон айтқан болатын. Ескерткіштерге Геродот пен Павсаний да қызығушылық танытты. Рим императоры Майориан ежелгі құрылыстарды бұзғаны үшін қатаң жазалайтын жарлық та шығарды [8]. Грецияда ежелгі ескерткіштерді сақтауға деген қызығушылық антикалық кезеңде қалыптасып, мұнда ескерткіштер ұзақ сақталды және бұзылған бөлігі қайта жаңғыртылып отырды. Бұған алғашқыда ағаштан жасалған Олимпиядағы Гера (б.д.д. VI ғ.) храмы мысал бола алады.

Бұған қоса, ежелгі кезеңде-ақ адамдар өздерінің құнды заттарын сақтап, олардың сақталуын қамтамасыз ететін қоймалар жасақтаған. Осылайша Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде алғашқы «қазына қоймалары» пайда болды. Алайда, бұл кезеңде құнды заттар тарихи-мәдени құндылық ретінде түсініле қоймаған еді. Өткен заманның мәдени ескерткіштері ретінде олар тек ортағасырларда ғана қабылданып, ғылыми-шығармашылық қауым мен шығармашылық мектептердің қызығушылығын туғыза бастады.

Еуропада мәдениет ескерткіштері орналасқан аумақтың мемлекет тарапынан қорғалуы жаңа заманда қалыптаса бастады. Осы кезеңде ескерткіштер мемлекеттің меншігі саналды және оларды заңнамалық тұрғыдан сақтау процесі қалыптасты.

Еуропа елдерінің арасында тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғауды заңнамамен реттеген алғашқы мемлекет – Швеция. 1660 ж. Швецияның Мемлекеттік Кеңесі «Мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» заң қабылдады [12]. Заң бойынша: «1) бекіністер, тас қамалдар, тас қорымдар, қорғандар, көне үйлер, кішігірім бекіністердің қирандылары, иеліктер шекарасының белгілері; 2) шайқас алаңдары; 3) шіркеуге салынған көркемсуреттер; 4) руникалық және монастырь кітаптары, заңдар мен қисса жазылған кітаптар; 5) эпикалық поэмалар, жазылып алынуы тиіс аңыз-әңгімелер мемлекет қорғауына алынды. 1666 ж. Швецияда орналасқан барлық археологиялық ескерткіштер корольдің жеке меншігіне өтті.

1738 ж. Неополитан корольдігі археологиялық ескерткіштердің меншік иесі атанса, 1807 жылы осындай жағдай Данияда да орын алды [13].

Франция тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтау мәселесін мемлекеттік жауапкершілікке алған алғашқы елдердің бірі. 1791 ж. өзінде Францияда Ескерткіштерді сақтау комиссиясы құрылып, мемлекеттегі ескерткіштерді сақтау стратегиясы әзірленді. 1830 ж. Тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі бас инспекция, 1837 ж. Өнер және ескерткіш жөніндегі комитет құрылды. Негізгі мақсаттарының біріне сәйкес аталған комитет Франция аумағындағы барлық тарихи-мәдени ескерткіштердің иллюстрациялы тізілімін әзірлеумен және жариялаумен айналысты [14]. Ал, Францияның ескерткіштерді сақтауды реттейтін «Тарихи ескерткіштер туралы» негізгі заңы 1913 ж. 31 желтоқсанда бекітілді. Аталған заңға әр жылдары (1927, 1941, 1943, 1966, 1967, 1970, 1976, 1980, 1983) өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Ұлттық игіліктер кодексінің негізі қаланды [15].

XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысында тарихи-мәдени мұраны сақтауға Дания, Белгия, Пруссия мен Саксония мемлекеттері де ден қойып, осы бағытты реттейтін алғашқы нормативтік құқықтық құжаттарын қабылдады [16].

1844 ж. Норвегияда әлемдегі ең бірінші мұраны сақтау жөніндегі ұлттық қоғамдық ұйым құрылады. 45 жылдан кейін мұндай ұйым АҚШ-тың солтүстік шығысында құрылып, өзін Массачусет ұлттық трасты деп атайды. Бұл ұйым мұраны қорғау және пайдалану тәжірибесіне трасттық (сенімгерлік) әдісті енгізетінін мәлімдеді. Дегенмен де бұл әдістің негізі Еуропада қаланы белгілі. 1877 ж. Ұлыбританияның архитектуралық мұрасын қорғау және қалпына келтірумен айналысқан бірінші ұйым – «Ежелгі ғимараттарды қорғау қоғамы» құрылады [17]. Ал 1895 ж. тарихи көрнекі орындардың британдық фанаттары Р. Хантер, О. Хил және Х. Ронсли ағылшын Ұлттық трастын құрып, оның Шотландия мен Ирландиядағы екі аймақтық комитетін ашады. Аз ғана уақыттың ішінде мемлекеттің қолдауына сүйенген бұл ұйым Британ аралдарындағы ең беделді ұйымға айналады [18]. Ал Ұлыбританиядағы ең алғашқы ежелгі ескерткіштер туралы арнайы заң 1882 ж. қабылданады.

АҚШ-та тарихи ескерткіштерді қорғауға бағытталған «Ескіліктер туралы» заң алғаш рет 1906 ж. бекітіліп, осы заңға сәйкес АҚШ президентіне федералды әкімшілікке қарасты жерде орналасқан объектілерді қорғалатын ескерткіштер категориясына енгізу өкілеттігі берілді [19].

Италия еуропа елдерінің арасынан алғашқы болып ұлттық мәдени игіліктерді қорғау тұжырымдамасын әзірледі. 1939 ж. қабылданған «Көркем және шығармашылық қызығушылықты білдіретін заттарды қорғау туралы» заң мұнда қазір де қолданысқа ие [20].

1929 ж. гуманист Н.К. Рерих адамзат дамуындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің маңызын ұғына отырып, «соғыс қимылдары кезеңінде және бейбіт уақытта мәдени құндылықтарды қорғау туралы» мәдениетті қорғау туралы келісім-шарт жасайды (1935 ж. қол қойылған). Бұл пакт Франция, Белгия, АҚШ, Үндістан сияқты мемлекеттер тарапынан қолдау тапты [21]. Алайда әлем тарихи-мәдени мұраны өркенінің феномені ретінде бейнелейтін мұндай гуманистік тұжырымдаманы қабылдауға әлі де дайын емес еді. Нәтижесінде Рерих пактісі болжанғандай әмбебап құқықтық акт бола алмады. Дегенмен де бұл құжат мәдени мұраға қатысты одан әрі идеологияның қалыптасуында өзіндік тарихи ізін қалдырды.

1954 ж. «Қарулы қақтығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау туралы» Гаага конвенциясы қабылданады [22]. Бұл құжаттың негізіне Рерих пактісінің идеялары мен принциптері алынды. Аталған конвенция мәдени құндылықтарды қорғау бойынша бұрын қолданыста болған көптеген нормалар біріктірілген алғашқы халықаралық келісім болды.

XX ғ. 70 жылдары дүниежүзілік қауымдастық тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз етуде айтарлықтай кедергілерге тап болды. Мұндай кедергілер табиғи және жасанды факторлардың салдарынан туындады. Осыған орай, тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау бойынша бірегей халықаралық-құқықтық стандарттарды әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұл функцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі беделді ұйымы (ЮНЕСКО) өз қолына алды.

1970 ж. 14 қарашада ЮНЕСКО «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және меншік құқығын беруге тыйым салу мен алдын алуға бағытталған шаралар туралы» Париж конвенциясын қабылдады [23]. Конвенция мәдени құндылықтарды ұрлауды және заңсыздықты болдырмауға бағытталды.

Алайда, адамзаттың мәдени игілігін қорғауда жалпы нормаларды қарастырған және тарихи-мәдени мұраны кешенді сақтауға бағытталған маңызды халықаралық акт - «Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау» конвенциясы 1972 ж. қабылданды [24]. Оны қабылдауға «мәдени және табиғи мұралардың кейбір құндылықтарының ерекше қызығушылық тудыратыны, сондықтан бүкіл адамзаттың әлемдік мұрасының бір бөлігі ретінде сақталуы тиіс екендігі түрткі болды. Конвенцияны іске асыру мақсатында Бүкіләлемдік мұра комитеті құрылып, 1978 жылдан Бүкіләлемдік мұра тізімі жариялана бастады. Қазіргі уақытта тізімінде әлемнің 1121 объектісі: 869 мәдениет ескерткіші, 213 табиғи және 39 аралас объектілері бар.

Аталған құжатты әлемнің 185 мемлекеті бекітті. Қазақстан бұл конвенцияны 1994 ж. ратификациялады. Еліміздің тарихында тарихи-мәдени мұраны сақтау 19 ғ. 30 жылдары қалыптаса бастады. Бұл уақытта ежелгі қазақ мәдениеті мен тарихы орыс зиялыларының қызығушылығын туғызып, әртүрлі ұйымдар қазақ даласына экспедициялар ұйымдастырды. Нәтижесінде жинақталған материалды сақтайтын, ғылыми өңдейтін орын қажет болды да, мұндай орын музей болуы тиіс деген шешім қабылданды. Осылайша 1831 ж. Орынбор губерниясында Неплюев әскери училищесінің базасынан Қазақстанда ең алғашқы музей ашылды. Одан әрі бұл қызмет Ресей империясының, кейін Кеңес үкіметінің саясаты аясында жалғасын тапты.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан тарихи-мәдени мұраны сақтау тарихында өз жолын қалыптастыра бастады. 1992 ж. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл Заңда көптеген мәселер ашық күйінде қалып, саланың дамуында кедергілер болғанын атап өту қажет. Осы орайда Бүкіләлемдік мұра конвенциясы мен Консультативтік миссия тарапынан заңнамалық және институционалдыққа қатысты берілген ИКОМОС-тың ұсынымдарының негізінде аталған заң 2019 ж. 26 желтоқсанда жаңа редакцияда қайта бекітілді. Бұдан басқа, 2004 ж. «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды. 2006 ж. «Мәдениет туралы» ҚР Заңы қабылданып, мәдениетті жасау, жаңғырту, сақтау, дамыту, дәріптеу және пайдалану саласында Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реттеу, мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастыру негіздері белгіленді. Қабылданған Заңдардың аясында мәртебесі әр түрлі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану, қорғау, сақтау мен басқарудағы негізі мәселелерді қозғайтын және реттейтін бірқатар заңнамалық нормативтік актілер қабылданды. 2017 ж. жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт құру, бұқаралық сананы өзгерту мен жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтауға негізделген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жалпы ұлттық мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, 2018 ж. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жарияланып, елімдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар атқарыла бастады.

Әдебиеттер

1. Геродот. История. – М., 1972. – 600 с.
2. М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожа. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана. Күлтегін, 2005. – 360 б.
3. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – 1222 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / бас редактор І. К. Кеңесбаев. 2 т. – Алматы: Рауан, 1971. – 956 б.
5. Досымбаева А.М. Батыс Түрік қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы. – Алматы, 2007. – 168 б.
6. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. – Алматы, 1998. – 206 с.

7. Повесть временных лет/пер. Д.С. Лихачева, О.В. Творогова. – СПб.: Вита Нова, 2012. – 512 с.: 186 ил.
8. Михайловский Е.В. Реставрация памятников архитектуры (развитие теоретических концепций). – Москва, 1971. – 190 с.
9. Полякова М.А. Охрана культурного наследия России: учеб. пособие для вузов. – М.: Дрофа, 2005. – с. 271.
10. Шаманаев А.В., Зырянова С.Ю. Охрана культурного наследия в Российской империи: учеб. пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2018. – 132 с.
11. Мировое культурное наследие: методические указания по организации самостоятельной работы для студентов очной формы обучения / сост. Т.А. Беляева.– Вологда: ВоГУ, 2016. – 16 с.
12. Оттенсон А. Памятники культуры во все времена были объектом охраны государства. // Советское право. – 1985. – № 3. – С. 192-198.
13. Cleere H. Preserving Archaeological Sites and Monuments // Archaeology. – 2001. – Vol. II. – P.1-24.
14. Актуальные проблемы экономики культурного наследия / Под ред. А.Я. Рубинштейна. – М.: Государственный институт искусствознания. – 2016. – 108 с.
15. Пилипенко А.Н. Охрана памятников культуры во Франции // Правовая охрана памятников истории и культуры в зарубежных странах: сб. науч. Трудов. – 2005. – С. 135-143.
16. Жуков Ю.Н. Роль права в охране культурно-исторического наследия в первый год Советской власти // Советское государство и право. – 1983. – № 11. – С. 117-122.
17. Моррис У. Разрушение городских церквей: письмо редактору «Таймс», 17 апреля 1878 года // Моррис У. Искусство и жизнь: избранные статьи, лекции, речи, письма / сост. А.А. Аникст. – М.: Искусство, 1973. – С. 459-461.
18. Мазуров Ю.Л. Природные и культурные наследие как фактор развития природопользования: Вопросы методологии и практики управления. – Москва, 2006. Дис. на соис. уч. степ. д.г.н. – 394 с.
19. Домрин А.Н. Законодательство США об охране памятников национального значения // Правовая охрана памятников истории и культуры в зарубежных странах: сб. науч. Тр. – 2005. – С. 119-134.
20. Палий К.Р. Реализация политики в области сохранения материальных объектов культурного наследия: европейский опыт // Управленческое консультирование. – Москва, 2018. – № 12. – С. 142-153.
21. Рерих П.К. Из литературного наследия. – М., 1974. – 360 с.
22. Гаагская конвенции о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта. 14 мая 1954 г. [Электронный ресурс] <http://www.centre.smr.ru/win/books/pakt2.htm> (қарастырылған мерзімі: 28.04.2020).
23. Конвенция о мерах, направленных на запрещение и предупреждение незаконного ввоза, вывоза и передачи права собственности на культурные ценности. 14 ноября 1970 г. [Электронный ресурс] // <http://portal.unesco.org/> (қарастырылған мерзімі: 28.04.2020).
24. Парижская конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия. 16 ноября 1972 г. [Электронный ресурс] // <http://portal.unesco.org/> (қарастырылған мерзімі: 28.04.2020).

ИСТОРИЯ СОХРАНЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Н. Кадримбетова

На сегодняшний день одна из основных задач казахского общества в сфере культуры направлено на духовное процветание путем эффективного сохранения и активного использования исторического и культурного наследия. Данная проблема с точки зрения мировой истории не утратила своей актуальности в каждой стране и в любую эпоху. В этой связи в данной статье рассматривается исторический опыт международных организаций, Европы, США, России, Казахстана и других стран. Кроме того описывается историческая роль первых в мире национальных общественных организаций по сохранению наследия, Пакт Рериха, Гаагской конвенции 1954 года и конвенций ЮНЕСКО 1970, 1972 годов. Также рассмотрены и изложены первые государственные нормативные правовые акты, обеспечивающие сохранение и охрану памятников историко-культурного наследия.

Ключевые слова: историко-культурное наследие, памятники, культурные ценности.

HISTORY OF CONSERVATION OF MONUMENTS OF HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE

N. Kadrimbetova

Today is one of the main goals of the Kazakh society in the field of culture, directed to the spiritual prosperity through effective preservation and active use of historical and cultural heritage. This problem from the point of view of world history has not lost its relevance in any country and in any epoch. In this connection, the historical experience of international organizations, Europe, the

United States, Russia, Kazakhstan and other countries are considered in this article. In addition, it describes the historical role of the world's first national public organizations for the preservation of heritage, the Roerich Pact, the Hague Convention of 1954 and the UNESCO conventions of 1970 and 1972. The first state normative legal acts, ensuring the conservation and protection of monuments of historical and cultural heritage will also be reviewed and outlined.

Key words: Ahistorical and cultural heritage, monuments, cultural values.

FTAХР: 03.20

Г.Қ. Тарина

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Қазақстан, Өскемен қ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТОПОНИМДЕР (ШҚО, ҰЛАН ӨңІРІНІҢ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа: «Қазақ халқының материалдық мәдениетіне негізделген топонимдер» мақаласы көшпелі қазақ елінің атадан-балаға мұра болып келе жатқан кең байтақ жеріміздің топонимдерінің мағынасы мен мәні, шығу тарихы жайлы дәйекті мысалдар мен географиялық дереккөздер негізінде жазылған. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан өңірінің мысалы негізінде топонимдердің қалыптасу себебі бірнеше топтарға жіктеліп, олардың пайда болу, өзгеру тарихы көрсетілген. Халық елді мекен, жер, су, өзен, көл атауларының мағынасы мен мәніне, шығу тарихына аса зор мән берген. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, өйткені атаулар әр заманның ескерткіштері ретінде халық туралы хабар беретін зерттеу нысаны Қазақ елінің тарихи тағылымын негізге ала отырып жазылған бұл мақала ұлтымыздың мәдени-мұрасын жаңғырту жолында өте маңызды тақырып болып табылмақ.

Түйін сөздер: топонимдер, ШҚО, Ұлан ауданы, жер-су атаулары, антропонимдер (ойконимдер), топонимикалық атаулар.

Ұлы қазақ даласының кәсіп – шаруашылық мәдениетіне негізделген жер – су атаулар зерттеу нысанымыз ретінде қарастырып отырған Шығыс Қазақстанның Ұлан аумағы топонимдерінің елеулі бөлігін құрайды. Сан ғасырлар бойы қазақ халқының негізгі де басты кәсібі мал шаруашылығы болғаны бүкіл әлемге белгілі. Бұдан басқа жергілікті тұрғындар балық аулау, саятшылық пен аңшылық сияқты кәсіптермен де айналысып келді. Кейінірек қазақ елі егіншілікті де игере батады. Аталған кәсіп – шаруашылықтармен шұғылдану арқылы халықтың материалдық (заттық) дүниесі қалыптасып, олар ұлттың атамекеніндегі топонимдерінің түзілуіне негіз және себеп болды. Қазақ елінің ішсе – тамағы, кесе – киімі, мінсе – көлігі болған малдың күтімі, жем – шөбі, қора – жайы жылдар бойы қалыптасқан негізгі кәсіп ретінде халық тілінен өзіндік орын алатын сөздік қорымен өрнектеледі. Олар этностың төл мекеніндегі топонимиялық атаулардан өзіне тиесілі орын алады. Мысалы, Егінсу, Бәйгетөбе, Бүркітсай, Ақшоқы, Қамысбастау, Суырсай, Жыланды, Аюда, Шыбындыкөл, Борсық, Таутеке, Түлкітас, Суырлы, Бозайғыр, Қойтас, Темірсай, Алмасай, Асубұлақ, Айыртау, Аршалы, Бестерек, Бетқұдық, Тасөткел, Шымқора, Айыркөз, Ақбауыр, Ботақара, Жалғыз тоғай, Желдікөз, Екітөбе, Ешкіөлмес, Көршікөш, Көшубай, Қараөткел, Қарақуыс, Қасқабиеөлген, Қойбасқан, Майтас, Малтыбай, Талдыбұлақ, Теректі, Сасыққарағай, Айыртас, Бесшоқы, Жалғызтас, Қойсары, Қия, Қырықтас, Мұздыбұлақ, Жалдыөзек, Жалдыарық, Жартас, Қоржынкөл, Құрық, Құржыра, Маймекен, Сағыркөл, Талдықуыс, Шалқар, Шилі, Шыбынды, Мойылды, Жайлау, Майқұдық, Шабақты, Тайшық, Құлынды, Бәйтеке, Байсерке, Қазқайыңды, Қарамойыл, Қияқты, Мойылсай, Төсқайың, Жалқарағай, Сарыайғыр, Сарышоқы, Қарабалапан, Қазаншұңқыр, Кеңқияқ, Жембұлақ, Көрпебай, Аманжота.

Сонымен, Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданы жер – су атауларының өмірге келуіне қазақ этносының заттық (материалдық) мәдениетінің, оның ішінде мал шаруашылыққа, егіншілік пен өсімдік атауларына байланысты дүниенің ықпалы болғандығы еш күмән туғызбайды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының дәстүрлі таным – түсінігі табиғат тылсымымен үйлесіп қана қоймай, оның құпияларын ғылыми негізбен ұштастыра түсіндіретіні бүгінгі таңда заңды арнаға түсіп келе жатыр. Солардың бірі – қазақ халқының

дәстүрлі өлшемдері, ғылым тілінде ол – метрология. Аталған терминдерге түрлі түпнұсқа, анықтағыш, сөздіктер, эциклопедиядан табылған анықтамаларды келтіруге болады.

Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, көшіп – қонуға бейімделген қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір – бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік – экономикалық және әлеуметтік – мәдени жүйені орнықтырған. Ата – бабаларымыз табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да біз үшін қоршаған орта, тау – тас, өзен – көл, дала – орман, табиғат құбылыстары, тіпті аспан денелеріне дейін баршасы "жанданған" қалпында қабылданған .

Күн мезгілдерін халық күнделікті шаруашылық кәсіппен үйлестіріп, қай уақыт екендігін айнытпай дәл ажырата білген. Мысалы, *қозы көгендеп жатқанда; бие ағытарда, мал өргенде, биенің бас сауымында; мал өрістен қайта* дегендердің бәрі де күн шыққаннан күн батқанға дейінгі мерзімді білдіреді. Күн ұясына кіргеннен кейін түн мезгілі басталады. Мұны да халық бірнеше кезеңге бөліп қараған. Мысалы, *күн бата, күннің қызылы сөне, екі кештің арасы; ел орынға отыра, қас қарая, ымырт жабыла, апақ - сапақта; қызыл іңірде, жеті қараңғы түнде, жылқы жусар кезде, жеті қараңғы түнде, жылқы жусар кезде, тауық шақырғанда* деп жік - жікке бөлген.

Ертеректе қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен секунд, минут, сағат деген уақытты шамамен дәл болжай білген. Мысалы, *қас қағым сәтте; кірпік қаққанша; көзді ашып – жұмғанша; демің арасында; қас пен көздің арасында* деген дене мүшелерінің қимыл – қозғалысы арқылы білдірген.

Метрология, өлшем категориясына сан есімдер де жатады. Ономаст – ғалымдар еңбектерінде топонимдер құрамындағы сан есімдер лексика – семантикалық тұрғыдан біраз зерттелген.

Шығыс өлкесі, оның ішінде Ұлан өңіріндегі жер – су атауларының санға байланысты онимдері қос, жалғыз, егіз, үш, төрт, бес, жеті, қырық, тоқсан, тағы басқа сан есімдерінің тіркесуімен қалыптасқан. Мысалы, Бестерек, Егізқызыл, Жалғызсу, Жалғызтау, Көптас, Баршата, Қосбастау, Қосуақ, Қырыққұдық, Төртбастау, Үшбиік, Бесата, Жалғызтоғай, Екітөбе, Бесшоқы, Жалғызтас, Қырықтас, Көпбала, Төртқара.

Қазақстан картасының құрамында "ақ", "қара", "көк", "қоңыр", "боз", "сары", "қызыл", тағы басқа түсті білдіретін лексемалар бар жер – су, елді мекен аттарын анық байқауға болады. Мысалы, Аққу, Көксу, Қарасу, Сарысу атты өзендер, Ақбұлақ, Қарабұлақ, Сарыбұлақ атты бұлақтар, Ақтау, Ақшатау, Көкшетау, Көктау, Қаратау, Қызылтау, Қызылтас атты тау, шоқылар, Ақсай, Бозсай, Көксай, Қызылсай атты сай – салалар, Ақтөбе, Бозтөбе, Көктөбе, Қаратөбе, Қоңыртөбе, атты төбелер Ұлы қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі.

Қазақ тіліндегі жер – су аттарының құрамындағы түр – түс дәл сол мағынаны білдіріп тұр деп үзілді - кесілді айту қиын. Бұл саладағы зерттеулерге қарағанда, ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала, тағы басқа түр – түс атаулары кездесетін топонимдер түстік мағынадан алшақтап, бағыт бағдарды және неше түрлі заттық түсініктерді білдіретін геосимволика, космогония дәрежесіне көтерілдігін аңғаруға болады. Мысалы, "ақ" сыңарлы жер – су аттары қазақ топонимикасында өте жиі және топоним түрлерінің "жер, су, тау, қала, мекен, дала, т.б.) бірінде де кездесе береді: Ақбауыр, Ақбиік, Ақбұлақ, Ақжайлау, Аққайың, Аққу, Ақөзек, Ақсай, Ақсу, Ақтас, Ақтау, Ақши, Ақшоқы. "Ақ" сөзі, зерттеушілердің пікірі бойынша, мәңгі қар басып, мұз қаптап жатқан таулардан нәр алып, оның жылғалы қойнауларымен етекке қарай құлай ағып жатқан асау сулардың көп жерде "ақсу" атануы кездейсоқ емес, бұл жердегі ақ су түсінің ақтығын көрсетіп тұрған жоқ, керісінше, ол "ағынды, ағыны қатты тау суы" дегенді аңғартады. Әрине, ақ түстің гидронимге қатысты мағынасы тек осымен ғана шектелмейді, олар "таза, мөлдір, қар суы" деген ұғымдарды да беруі даусыз. Ақ түстің мекенжай, тау – жыра, фауна мен флораға байланысты қолданылуы бұл мағыналардан мүлдем өзгеше болуы да мүмкін. Мысалы, Ақадыр - "жем - шөбі мол тау сілемі" дегенді аңғартады, Ақбике – "шөбі шүйгін беткей", Аққұм – "желмен суырылып, жылжып отыратын құм" [2].

Жер – су атауларының сыңары ретінде "қара" түсінің де бес – алты мағынасы байқалады: Қараауыл, Қарабастұз, Қарабауыр, Қарабел, Қаработа, Қарабұта, Қарадоңғал, Қаражиде, Қаражол, Қаражота, Қаражыра, Қарақол, Қаракөлтас, Қарақарға, Қарақашық, Қарақойын, Қарақорың, Қарамоиыл, Қарасеңгір, Қарасуыр, Қарасырт, Қаратал, Қаратастау,

Қаратентек, Қарабас, Қарақуыс, Қарасиыр, Қаратау, Қаратас, Қарамойын. Е.Қойшыбаевтың зерттеуі бойынша, қара түсі қатысқан қазақ елі топонимдері түр - түстің сыртында төмендегідей бірқатар мағыналарды білдіреді:

Қара – 1) "жердің астынан, тегіс жерден шығып жатқан су"; 2) "шөп өспейтін, қуаң жар"; 3) "жер, жермен тектес", "қалың"; 4) "қалың, қою, жиі"; 5) "төбелі, жоталы ойпат; 6) "байырғы, ежелгі".

Осы сияқты лексико – семантикалық жағдай басқа түстердің қолданысында да байқалады: Көкадыр, Көкайғыр, Көкайдын, Көкарал, Көкарық, Көкбайтал, Көкбастау, Көкбұлақ, Көкжазық, Көкжайлау, Көкжайық, Көкжал, Көкжартас, Көкжота, Көкжыра, Көккемер, Көкқайнар, Көкқамыс, Көккөріс, Көксай, Көксеңгір, Көксу, Көктал, Көктас, Көктеке, Көктерек, Көктөбе, Көктұма.

Жалпы арғысы түркі тілінде, бергісі қазақ тілінде көптеген түр – түс атаулары қалыптасып этномәдени өміріміздің әр саласында дәстүрлік дүниетаным негізінде кеңінен қолданыс тапқан. Ұлттық топонимикада жиі кездесетін өң – түспен бірге сан – мөлшер, өлшемді де білдіретін атаулардың этнопсихикалық ерекшеліктері танылып, білініп тұрады.

Т.Жанұзақов қазақ антропонимдерінің даму тарихын төрт дәуірге бөліп қарайды: бірінші дәуір – көне түркі заманын, яғни V-VIII ғасырлардағы (Айжарық, Айкүн, Айтолық, Күнсұлу, Қаршыға, Күнтуар, Сұңқар тәрізді) антропонимдерді қамтиды; екінші дәуір орта ғасырға тән (Алтын, Аймақ, Айнабек, Нартай, Ақылбай, Жоламан, Санабай, Айымгүл тәрізді) антропонимдерді, үшінші дәуір жаңа заманда (XVII-XIX ғ.ғ.) және төртінші дәуір Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта пайда болған антропонимдерді жатқызады [3].

Қазақ халқы ерте заманнан мал шаруашылығымен шұғылданып, оны тіршілік кәсібі еткені мәлім. Малды жанындай сүйіп, жақсы күтіп, ерекше қадірлеген. Бала бай болсын деген мақсат-тілекпен төрт түлік атауларын беріп отырған [6]. Жылдар бойы жинақтап жүйелеген картотекамызда төрт түлік атауларымен бірге аң, құс, дала хайуандарының атаулары да кездеседі: Құнанбай, Жылқайдар, Құлынтай, Қошқарбай, Нарбек, Қойшыбек, Ақтайлақ, Ешкіайдар, Бота, Балапан, Құндыз, Текебай, Арыстанбек, Бүркіт, Қаршыға, Ақсұңқар, Марал, Тайқара, Қоразбай, Торпақбай, Түлкібек, Жанат, Өгізхан, Қасқырбек, Қозыбай, Қозыбағар, Құралай, Малтабар, Малтусын, Елікбай, Дөненбай, Аюбай, Торғайбек, Ақтоқты, Қоянбай, Бұғыбай, Бөрібас, Биебай, Торайғыр, Нарбота, Шортанбек, Жолбарыс, Тайжігіт, Байқошқар, Бағлан, Құлан, Қаратай, Бозтай, Лашын, Бекарыстан, Сұңқар, Бұзаубек, Малбақ, Тайлақбай, Ұларбек, Бұлбұл, Тоқтыбек, Қарлығаш, Көгершін, Ақтоты, Үкіжан, Шағала [7].

Халық елді мекен, жер, су, өзен, көл атауларының мағынасы мен мәніне, шығу тарихына аса зор мән берген. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, өйткені атаулар әр заманның ескерткіштері ретінде халық туралы хабар беретін зерттеу нысаны [8].

Жер бетіндегі географиялық атаулардың бәрі де белгілі бір себептерге байланысты қойылатыны анық. Олардың ішінде қаншама ғасыр өтсе де еш өзгеріске түспейтіндерімен бірге қоғам өзгерісіне, заман ағымына сай жаңа сапалық атаулардың келетіні де, сөйтіп саны жағынан үнемі молайып отыратыны да белгілі. Бұл өзгерістердің көбі сол жерді мекен еткен халықтың тұрмыс – тіршілігімен де, мәдениетімен де тығыз байланысты болып жатады. Ерте кезден мал бағып, көшіп-қонуды әдет еткен қазақтар қыс-қыстауын не жаз жайлауын, оның маңындағы өзен, суларды немесе қазылған құдықтарды соларға қатысы бар адам есімдерімен (кейде ру, тайпа есімдерімен) атауды дәстүрге айналдырған. Осылайша адам есімдерінің жер-су атауларына айналуы пайда болған. Суға байланысты осындай атаулар Ұлан ауданында да кездеседі. Мысалы, Дүйсен көлі, Қошқарбай көлі, Мәкет көлі, Атымбек өзені, Манат өзені, Өтеген бұлағы, Сәмен бұлағы, Әлібек бұлағы, Балабай бұлағы, Мәмилә бұлағы.

Адам атаулары тек гидронимдерге ғана қатысты емес, жер бедеріне байланысты (оронимдер – төбе, қырат, қойнау, асу, т.б.) қойылған. Мысалы, Қарамерген (төбе), Атығай асуы, Жантас қыраты, Бектеміс қойнауы.

Адам атауларымен аталатын елді мекендер, қоныстар да (ойконимдер) баршылық. Еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде Кеңес дәуірі тұсындағы коммунистік идея ықпалымен қойылған Ұлан жеріндегі елді мекендерге бұрынғы халық жадында сақталған ескі атаулар қайтарылды. Мысалы, Никитинка – Бозанбай, Ленинка – Сағыр, Дирижабль – Қызылсу, Комсомол – Тоғанас, Горняк – Желдіөзек, Завидное – Айыртау. Ал кейбір ауылдарға ұлтымыздың ардақты ұлдарының атын қойып, өзгертті. Мысалы, Васильевка ауылы – Мамай

батыр ауылы, Скалистое ауылы – Изғұтты Айтықов ауылы, Точка ауылы – Баяш Өтепов ауылы, Молодежный кенті – Қасым Қайсенов кенті.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы Мамай батыр қазақ - жоңғар арасында болған соғыстардың қаһарманы, 1704 жылы Ырғыз бойында туған. Кіші жүз ханы жауынгер Әбілқайырдың сенімді, арқасүйер батырларының бірі. Көкжарлы руының Жарты, Қаршыға аталарын Ұлан жеріндегі Қалбадағы Көктауға әкеп қоныстандырған тарихи тұлға. [9] Ұлан жерінің тумалары Изғұтты Айтықов – Кеңес Одағының батыры, Қасым Қайсенов болса, атақты партизан- жазушы, Халық Қаһарманы.

Топонимдердің қалыптасуына сол өлкені мекендеуші халықтың тұрмысы, шаруашылығы, әдет – ғұрып, наным – сенімі, т.т. әсер етеді. Ұлан жеріндегі топонимдердің қалыптасуына да осы фактордың ерекше әсері болды. Соның ішінде өңірді мекендеген түрлі ру, тайпа аттары, сондай – ақ, қоғамда өмір сүрген, белгілі бір ерекше оқиғаға қатысты адамдар есімдері – антропонимдердің топожүйеден алар орны ерекше. Ұлан жеріндегі антропонимдердің басым бөлігі ер адамдардың есімдерінен жасалған. Мысалы, Бектеміс, Жәкежан, Есенгелді, Жанұзақ, Көрпебай, Әбді, Қожампи, Базарбай, Тағай, Мәметек, Қарамерген, т.т.

Осы антропонимдердің кейбіреуінің тарихына тоқталсақ, Жарылғап Қожәгелдіұлы Терістаңбалы елінің ең атақты батыры, өмір сүрген уақыты 1693-1760 жылдар. Ол өмір бойы аттан түспей, жоңғарлармен соғыста ғұмыр кешкен. Сол күнде оның есімі тоғыз рулы Терістаңбалы елінің ұранына айналған. Жауға шапқанда «Жарылғап» деп ұрандаған. Осы Жарылғап батырдың Ақанай деген баласынан Алпыс туады. Алпыстың немересі Жәкежанға 2000-нан аса жылқы біткен. Жылқыларынан жылына 800-900 бие құлындаған. 1914 жылы басталған дүниежүзілік соғысқа көмегім деп 500 атты Ресей үкіметіне сыйға тартқан. Сөйтіп, Ұлан болысында Жәкежан Тілеукеұлынан асқан бай адам болмапты. [10] Жәкежан байдың ауылы болған жер қазіргі кезде де Жәкежан аталынады.

Терістаңбалы елінің тағы бір ұлы Төртқара ұрпақтары Бектеміс, Тауасар, Сармерген, Қарамерген, Мырзат есімдері де жер атауларына берілген. Ал Есіргеп ұлдарына қатысты халық арасында мынандай сөз қалған: «Есіргептің бір ұлы жиын – тойда болмай қалса, қаптың аузы шешілмейді, яғни той басталмайды». Осы Есіргептің 9 ұлы бар екен. Сол тоғыз ұлы тоғыз ауыл болыпты. Кейінен сол ауылдар ұлдардың есімдерімен аталып, жер атауына берілген. Олар: Күшікбай, Таңатбай, Мәмилә, Орысай, Мөнекбай, Күнгеілі, Боранбай, Жайықбай, Изенді. Жанұзақ – елді мекен атауы. Бұл да антропоним. Терістаңбалы елінде Тәшен қажы деген кісі (руы Жарылғап) ХІХ ғасырдың аяғында өмір сүрген, ауылдағы адамдардың оғаш қылықтарын байқап, жырға қосып отырады екен.

Елдің айтуына қарағанда Жанұзақ болыс ұры ұстап, елдің малын ұрлаған. Сол болыстың ауылын байдың атымен атап кеткен. Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, Ұлан жері антропонимдік топонимдерге өте бай. Әр антропонимдік топоним – тұнып тұрған тарих, мәдени мұра, өшпес шежіре.

Ұлан жерінде тағы бір тарихи жағдай – Ресейден келіп қоныстанушылар есімімен аталған жер аттары. Мысалы, Сағыр ауылына 1891 жылы Ресейден қоныс аударушылар келгеннен кейін ауыл атын өзгертіп, Михайло – Архангельское атаған, ал 1924 жылы В.Лениннің құрметіне «Ленинка» деп қойған. Герасимовка ауылының тарихы да өткен күндер жаңғырығы сияқты. Солтүстік Кавказдан 1910 жылы осы өңірге көшіп келген сегіз неміс отбасы – Ейст, екі ағайынды Крафттар, төрт ағайынды Гопптар және жергілікті помещик – жерді жалға беруші Бабкин осы ауылдың іргетасын қалайды. Түріктермен соғыстағы ерлігі үшін осы жерді патшадан сыйға алған подполковник Герасимов жақсы адам болғандықтан келушілер оны құрметтеп, ауылды сол адамның атымен атаған және бұл атау күні бүгінге дейін сақталған. Ал Өскемен уездік земствосының бастығы Василий Акимович Саенконың есімімен қазіргі Мамай батыр ауылы көп жылдар бойы Васильевка селосы аталып келді.

Ұлан жерінде орысша адам аттарымен аталған атаулар: Карповка, Акимовка, Толчеевка, Макеевка, Митрофановка, Гагарино, Саратовка, Родовка, Екатериновка, т.с.с.

Топонимикалық атаулар – тарихи жәдігер. Олар кейіннен пайда болған атаулардың қалқасында қалмағаны абзал [11]. Мысалы, Шевченко – бұрынғы Ақтау, Корниловка – Жаскешу, Дмитриевка – Арқабай, Николаевка – Күнту, Столыпинка – Қосбөлтек, Антоновка – Машат, Алексеевка – Ортатеректі, Михайловка – Сарыкемер, Невский – Қарақожа, Воронцовка – Жарық, Громовка – Қоңырбиік, Игоревка – Сұлусары, Ильинка – Бірлікшіл, Карповка – Ұзынжал, Терентьевка – Қаратөбе, Филипповка – Шымылдық, Ворошилово –

Шалқар, Мичурино – Кеңсай, Ивановка – Көкжайық, Олеговка – Ақой, Петропавловка – Қарғалы, Романовка – Ажа, Сергеевка – Қайнар, Пугачево – Үшбұлақ, Калинино – Егіндібұлақ, Алексеевка – Теректі, Николаевка – Мойылды, Орловка – Шанағатты, Владимировка – Балықтыбұлақ, Андреевка – Жаңатілеу, Кирово – Жаңалық, Крупское – Қабанбай, Ириновка – Көкөзек [12].

Сонымен, түрлі себептерге байланысты бір кездегі белгілі адамдардың есімдері кейінгі тарих бедерінде жер-су атауларына айналғандығын көреміз. Бұл бағытта өзінің шешімін сәтті тапқан, шешімін таппаған, түрлі даулы ой тудыратын мәселелер әлі де жеткілікті.

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 3 т. – Алматы: Атамұра, 1996. т.1. – 544 б.
2. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ. Түр – түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2000. – 136 б.
3. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы. 1971. – 75 б.
4. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика. Алматы, 2005. – 61 б.
5. Марғұлан Ә. Қорқыт күйші//Известия Казахского филиала Академии наук. Серия языка и литературы. Вып. 1, 1944. – 72 б.
6. Уәлиханов Ш. Мақалалар мен хаттары. Алматы, 1949. – 33 б.
7. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 552 б.
8. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ Шығысының жер-су атаулары. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2000. – 104
9. Ұлан есімі – ұлағат бесігі. Анықтамалық. – Барнауыл: Азбука. 2008-312 б.
10. Қайсенов З. Ұлан ауданы туралы тарихи – әдеби очерктер. – Өскемен. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005 – 246 б.
11. Мурзаев Э. Тюркские географические названия. М.: Восточная литература, 1996. – 230 с.
12. Шығыс Қазақстан топонимиясы. Өскемен: Рекламный Дайджест, 2007. – 376 б.

ТОПОНИМЫ, ОСНОВАННЫЕ НА МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА (НА ПРИМЕРЕ УЛАНСКОГО РАЙОНА, ВКО)

Г.Қ. Тарина

Статья "Топонимы, основанные на материальной культуре казахского народа" написана на основе достоверных исторических и географических источников. В статье дается обоснования названий тех рек, гор, населенных пунктов, которые были так названы нашими предками. Кроме того, причины формирования топонимов классифицированы на несколько групп. Изучение названий населенных пунктов, гор, озер, рек и других географических объектов поможет нам увидеть не только их разнообразие, но и их историю и эволюцию. История топонимов определенной местности может нам раскрыть тайны, которые не зафиксированы на бумаге. Статья написана исходя из истории страны ее народа и является очень актуальной темой на пути возрождения ценного культурного наследия нашей нации и нашего народа.

Ключевые слова: топонимы, ВКО, Уланский район, названия рек и гор, антропонимы (оиконимы), топонимические названия.

TOPONYMS BASED ON THE MATERIAL CULTURE OF THE KAZAKH PEOPLE (ON THE EXAMPLE OF ULANSK DISTRICT, EKO)

G. Tarina

The article "Toponyms based on the material culture of the Kazakh people" was written on the basis of reliable historical and geographical sources. The article gives the rationale for the names of those rivers, mountains, settlements that were so named by our ancestors. In addition, the reasons for the formation of toponyms are classified into several groups. Studying the names of settlements, mountains, lakes, rivers and other geographic objects will help us to see not only their diversity, but also their history and evolution. History of the locales of a certain area can reveal secrets that are not recorded on paper. The article is written on the basis of the history of the country of its people and is a very relevant topic on the path of the revival of the valuable cultural heritage of our nation and our people.

Key words: toponyms, East Kazakhstan region, Ulan district, names of rivers and mountains, anthroponyms (oikononyms), toponymic names.

Д.К. Толоков

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

Аңдатпа: *Ұсынылып отырған мақалада Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 1991-2018 жылдар аралығындағы халықаралық қатынастардағы қызметін ғылыми тұрғыда жүйелі және жан-жақты зерттеу болып табылады Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы саяси беделінің қалыптасуы – тарихи тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, жаппай саяси сауаттылық үшін де, яғни идеологиялық мақсатта да маңызы зор. Себебі, бұл тақырыпта жазылған зерттеулер, яғни Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты тарихы, өзекті мәселелері жаһандану жағдайында ашып көрсететін қажетті деректермен қамтуды қарастырдық. Зерттеудің маңыздылығы еліміздің тәуелсіз тарихындағы оқиғаларды, яғни Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты және Азиядағы өзара іс-қимыл сенім шаралары жөніндегі кеңесін құрудың бастамашысы қана болып қоймай, осындай ұйымдарға басшылық еткендігі туралы пайдалы ақпарат беретіндігінде болып отыр. Мақала мұрағат деректеріне негізінде талданып, сараланды.*

Түйін сөздер: мемлекет, президент, экономика, саясат, дипломатия, қауіпсіздік.

XX ғасырдың аяғында Кеңес Одағының күйреуі нәтижесінде әлемдік тәртіптің өзгеруіне алып келген жаңа халықаралық қатынастар жағдайында тәуелсіздігін алған Қазақстан өзіндік дербес сыртқы саясат негіздерін қалыптастырып, дүниежүзілік өркениет пен халықаралық қатынастар жүйесіне кіруге бет алды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 1992 жылғы мамыр айында шыққан «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде еліміздің сыртқы саясатының тұжырымдамасын атап көрсетті. Елбасы еңбегінің алғы сөзінде:

«Қиын толғаныстар мен шешімдер, өмірді түбегейлі қайта өзгерту уақыты тағдырдың жазуымен біздің біздің үлесімізге тиіп отыр. Иә, біз бұлыңғыр және ешкімге түсініксіз марксизм-ленинизм жобалары бойынша «жарқын болашақ» құрудан бас тарттық. Бірақ бұл, бізге енді тегінде кез-келген перспектива жат дегенді білдіре ме? Әрине, жоқ. Ежелгі гректер: өзінің қай аймаққа баратынын білмейтін кемеге жел оңынан тұрмайды, деген екен. Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Бүгінде әркімге біздің қозғалысымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге сенімді болуға мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын және нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан да қажет. Ұсынылып отырған егеменді Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму стратегиясы осы қажетке сай келеді деп ойлаймын.» – деген пікірін қалдырады. [1] Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттары мен концептуальдық үлгісін ұсына отырып:

«Бүгінде біз алдымызға қандай нақты стратегиялық мақсаттар қойып отырмыз? Егер саясат саласын алатын болсақ, онда олар мынаған келіп саяды:

– геосаяси тұрғыдан өзін айқындауды ескере отырып, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көпжақты және әртүрлі нұсқадағы әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау;

– демократиялық бостандықтар мен адам құқығын сақтау есебінен дүние жүзі қоғамдастығында Қазақстанның саяси салмағын арттыру, дүние жүзі экономикасында өзіндік және қомақты орнын табу;

– дүние жүзі шаруашылық байланыстарына ену технологиясында Қазақстанның тиімді геосаяси жағдайын пайдалану.

Сондықтан Қазақстан бүгінде Европа, бұрынғы КСРО-ның Орта Азия бөлігі, жедел дамушы Азия және Тынық мұхит аймағы мен Азия материгінің оңтүстігі арасында байланыстырушы буынның стратегиялық маңызды рөлін атқара алады» – деп келтіреді [1].

Халықаралық қатынастардағы алатын орны мен рөлін анықтау үшін өзінің геосаяси жағдайын, этнодемографиялық және басқа да факторларын ескере отырып, көп бағытты дипломатияны жүзеге асыруға кірісті. Бұл әрекеттің мәні – әлемдік деңгейдегі істерде елеулі

орын алатын және еліміздің нақты мүдделері түйсетін мемлекеттердің бәрімен достық, өзара сенімділік қарым-қатынастарды дамыту деген сөз. Ең бастысы – Қазақстанның Еуропа мен Азияның түйіскен аймағындағы жолдардың торабында орналасқан географиялық жағдайына байланысты болып отыр. Халықаралық аренада еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі уақытқа дейін салиқалы да байыпты бағыттарда жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстанның сыртқы саяси дамуын мемлекетіміздің стратегиялық даму институтының сарапшылары саяси үш кезеңге бөледі. Алғашқы кезеңі ХХ ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысы аралығын қамтыған. Алғашқы кезеңдегі мемлекетіміздің сыртқы саясатының бағыты туралы тұжырымдамада:

– «ТМД шеңберіндегі ортақ экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістікті сақтау;

– БҰҰ, ЕҚЫҰ және т.б. халықаралық ұйымдардағы мүшелік арқылы қазіргі халықаралық қатынастар мен үрдістерге қатысу, саяси, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, ғылыми, білім салаларындағы әлемдік өркениеттердің жетістіктеріне тартылу, әлемдік қауымдастықтың қазақстандық қоғамдағы әкімшілік-жоспарлықтан еркін және нарықтық қарым-қатынастарына өту кезеңі мәселесіне қосылуы және олардың қажетті көмегі мен қолдауына ие болуы;

– мемлекеттің ядролық мәртебеден бас тартуына байланысты басты ядролық алып мемлекеттер АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Қытайдың Қазақстанның тәуелсіздігінің, егемендігі, аумақтық тұтастығы мен шекараларының бұлжымастығын қауіпсіздігіне кепілдік беруіне қамтамасыз ету;

– Халықаралық Валюта қоры, Әлемдік Банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты негізгі қаржылық ұйымдарға отандық экономиканы реформалау мақсатында қатысу немесе мүше болу;

– екіжақты негізде ынтымақтастықты дамыту, ең алдымен, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түркменстан және Тәжікстан сияқты көршілес мемлекеттермен ынтымақтастықты орнату мен дамытуға айрықша көңіл бөлінді»– деп келтірілген [2]/

Президент ретінде алғашқы басқару жылдарында сыртқы саясаттың жалпы мәселелері туралы айта келе:

«Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен – өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен қауіпсіздігінің проблемаларымен, дүниежүзілік экономика мен дүниежүзілік қоғамдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан Республикасы сапалық тұрғыдан өзге ортаға сүңгіп кетті, ал онда оның сыртқы саяси бағыты, кез-келген басқа мемлекеттікі сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының барлығына қарамастан Қазақстанның сыртқы саясаты өзімен жалпы адамзаттық зарядты да алып жүруге міндетті. Мұның өзі болашақта оның халқына дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді [3].

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының қалыптасуына алғашқылардың бірі болып еңбек сіңірген, белгілі қазақ дипломаты Сәлім Құрманғожин сол кездерді былай еске ала отырып: «Біз жұмысқа таңғы сағат жетіде келіп, түн ортасында үйге қайтатынбыз. Біздің облыста мамандар жетіспеді. Көптеген қызметкерлер қарапайым нотаның өзін рәсімдей алмайтын. Бірақ мұнда олардың кінәсі жоқ еді, себебі бұрынғы Сыртқы істер министрлігінде олар көбінесе хаттамалық қызметті жүргізетін. Ал сыртқы саясат сұрақтарымен тек орталық – Мәскеу айналысатын. Қысқа мерзімде шетелдің орталық аппаратында жұмыс істейтін қазақстандық дипломаттар шақырылды, олар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің бөлімшелерінің жетекшілеріне тағайындалды. Біз қызметкерлердің бір-бірін өзара алмастыра алуын ұйымдастыруға тырыстық, қауырт жағдайда жұмыс істедік, адамдарды түрлі бағыттарға жібердік, және олар жаңа жұмысқа сол жерде үйренді. Егемен Қазақстанның сыртқы саясатының тиімділігі дипломатиялық кадрларды дайындау деңгейіне байланысты екені айдан анық еді. Республикаға КСРО СІМ-нде ұзақ жылдар қызмет еткен 12 жоғары маманданған дипломаттар оралды. Олар және КазКСР СІМ-нде қызмет істеген қызметкерлер сыртқы саяси мекеме мәселелерін шешіп біздің дипломатияның халықаралық аренаға шығуын қамтамасыз еткен негізгі тірек қызметкерлер болды.», – деп жазды [4].

Қазақстан өз аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын Еуразия құрлығындағы ірі мемлекет. Қазақстанды бірқатар елдер мен зерттеу орталықтары КСРО шеңберінен жаңа шыққан, болашақтағы дамуының бағыт-бағдары және қандай

басымдықтарға иек артатыны, қуатты ядролық қаруы бар, алдағы уақытта мемлекет болып қалу-қалмауы белгісіз мұсылман елі ретінде қабылдады. Сондықтан республиканың сыртқы саясатын тездетіп қалыптастырмайтын болса халықаралық деңгейдегі мүдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін еді. Осы мәселе туралы С.Құрманғожин өз естелігінде: «Осындай ел тағдыры шешілетін уақытта мемлекет басшысы аптасына Қазақстанда ядролық қарудың болуына байланысты алаңдаушылық білдірген екі-үш шетелдік делегацияны қабылдады. Тәуелсіздікті жариялағаннан екі күн өткенде Алматыға АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер келді. Бір жыл бойы ол Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен үш рет кездесіп, телефон арқылы жиі хабарласып тұрды. АҚШ-ты бір ғана сұрақ қызықтырды, ол – зымырандардың жағдайы. Өр апта сайын шетелдік делегациялармен кездесулер өткізілді. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Президентінің Әкімшілігімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Мекеме қызметкерлері жедел тәртіпте Қазақстан жайлы, оның саяси және экономикалық жағдайы жайлы, ел жетекшілігі жайлы ақпарат дайындады. Бір айта кететіні, Президент тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ ядролық қару мәселесі бойынша анық ұстанымды ұстанды – ел ядролық қарудан еркін ел болуы қажет», – деп жазады [5,6].

Сыртқы саясатты және халықаралық байланысты жүзеге асыратын негізгі тұлға дипломаттар болғандықтан бұл кезеңде республиканың кәсіби дипломатиясын жасақтау мәселесі өткір қойылды. Сыртқы саясат ведомствосын халықаралық қатынастар саласының мамандарымен жедел түрде қамтамасыз ету, жұмыстың тиісті учаскесіне басшылар іріктеу қажеттігі туындады. Ең қиыны ол кезде Қазақстанда дипломаттар даярлайтын бірде-бір мамандандырылған оқу орнының жоқтығы еді. Соның нәтижесінде Қазақстанға сырттан 12 тәжірибелі дипломаттар оралды. Олардың қатарында С. Құрманғожин, Қ. Тоқаев, С. Батыршаұлы, В.Х. Ғизатов, Х.Р. Омаров, Н.Ж. Даненов, И.М. Аманғалиев сияқты кәсіби дипломаттар еліне қызмет етуге келді және олар 1992 жылдың алғашқы айлары Қазақстанның жас дипломатиясының басшылық буынының жасақталуы сияқты оқиғамен байланысты болды. Мысалы, С. Құрманғожин министрдің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Министрдің орынбасарлары С. Батыршаұлы Таяу және Орта Шығыс басқармасына және халықаралық-экономикалық байланыстар жұмысын үйлестіру, Қ. Тоқаев Азия басқармасы және баспа, ақпарат, халықаралық ұйымдармен байланыс жұмыстарын үйлестірумен айналысты. Министрліктегі Америка және Еуропа басқармасына В.Х.Ғизатов, Азия басқармасына Х.Р. Омаров, Таяу және Орта Шығыс басқармасына Н.Ж. Дәненов, ТМД басқармасына И.М. Аманғалиев жетекшілік етті. Б.К. Нұрғалиев, Б.Ш. Тұрарбеков, А.Е. Қожақов, А.О. Шәкіров министрдің бұйрықтарымен тиісті бөлімшелердің басшылары етіп тағайындалды [7].

Мемлекет үшін дипломатиялық қатынастарды және халықаралық байланысты орнатудағы алғашқы қадам – ол жаңа мемлекет пен оның үкіметін өзге елдің мойындауы болып табылады. Тәуелсіз мемлекетті мойындау оның қалыптасуының алғашқы жылдарында басты негіз болып табылады. Бұл жағдай көбінесе елдің болашақ дамуы мен әлемдік қоғамдастық елдерімен өзара қарым-қатынасын айқындайды және бекітілді.

Қазақстан Республикасы дипломатиясы бастауында деген мақалада: «Бастапқы кезде Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар мен басқа елдердегі мүдделерін Ресейдің дипломатиялық өкілдіктері арқылы қорғады. Сыртқы істер министрлігінің территориялық бөлімдердің қызметкерлері жекелеген елдермен қатынасты назарда ұстау, министрлік басшылығына жекелеген елдермен қарым-қатынас жасау туралы ұсыныстар әзірлеу және аймақтық проблемаларды зерттеу мәселелерімен шұғылданды. Сонымен қатар, жекелеген елдер туралы мәліметтер жинау, анықтамалық материалдар әзірлеу, шетелдегі елшіліктерімізбен тұрақты байланыста болу, Қазақстанда тіркелген шетел дипломаттарымен байланыс жасау мәселелерімен айналысты. Алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдерде мекемелерінің жоқтығын ескере отырып, әлемдік аренада тәуелсіз Қазақстанның толық ауқымдағы таныстырылу рәсімі Президенттің және үкімет делегацияларының шет елдерге ресми сапарларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің тек алғашқы екі жылында ғана Қазақстан Президенті әлемнің 19 еліне ресми сапар жасады, халықаралық 11 бас қосуға қатысты. Осы қатарда әлемнің жетекші елдеріне - Австрияға, Ұлыбританияға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Жапонияға, сондай-ақ Үндістанға, Пәкістанға, Қытайға және басқа елдерге сапармен бару

стратегиялық әріптестікті орнату тұрғысынан неғұрлым маңызды оқиғалар болды,-деген мәлімет келтіреді [8].

Негізінде дипломатиялық және халықаралық қарым-қатынастарды орнатудың бірегей тәртібі жоқ. Алайда, елдер дипломатиялық мойындау мен дипломатиялық мекемелер жайлы келісімдерді жазбаша түрде бекітуді құптайды. Келесіде, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындады, дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы елдер туралы айтсақ:

«Түрік Республикасы болды. (1991 жылы, 16 желтоқсан), Ресей федерациясы (1991 жылы, 17 желтоқсан). АҚШ Президенті Дж. Буш (үлкені) Президент Н.Назарбаевқа Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындау жайлы және Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы толық көлемді дипломатиялық қарым-қатынас орнату жайлы жеке жолдауын жіберді (1991 жылы, 26 желтоқсан). Сондай-ақ Қытай Халық Республикасы мен Еуропалық Одақ мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнату жайлы біріккен мәлімдемеге қол қойды. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін алты ай ішінде елу мемлекет тәуелсіздігімізді мойындап үлгерді.» деп айтты [9].

Дипломатиялық қатынастар орнатудан соң, дипломатиялық өкілдік (елшілік, өкілдік) ашу қажет. Мемлекетіміз әлем қауымдастығы елдерімен дипломатиялық қатынастарды тең дәрежеде орнатқаннан кейін осы елдерде өз елшіліктерін аша бастайды. Біздің еліміздің елшілерінің басты мақсаты – ол елшілік орналасқан елдерде лайықты түрде Қазақстан Республикасының сыртқы саяси мүддесін білдіру және қорғау, сонымен қатар мемлекеттер арасындағы тиімді әріптестікке ықпал еткізіп қол жеткізу болды.

Қазіргі таңда дипломатиялық қарым-қатынастар әлемдік қауымдастықтағы жүз қырықтан астам мемлекеттермен орнатылған. Қазақстан жер шарының алпауыт елдері үшін Орталық Азиядағы негізгі серіктес болып отыр.

Қазіргі әлімінде халықаралық ұйымдар, мемлекеттік ұйымдармен қатар, халықаралық қатынастардың негізгі субъектілері болып отыр. Олар мемлекеттер мен халықтардың бір-бірлерімен араласып, қарым-қатынас жасауын ұйымдастыру бойынша маңызды жұмыс атқарады. Халықаралық ұйымдардың дүниежүзілік саясатқа қатысуы мемлекетаралық қатынастардың тұрақтануына және ынтымақтастық ұстанымдарының дамуына мүмкіндік туғызады. Бастапқы кезеңде белгіленген сыртқы саяси бағыттардың ішінде, әсіресе халықаралық ұйымдарға мүшелікке кіру аса маңызды орын алды. Себебі ұйымдардағы мүшелік біздің халықаралық қауымдастықпен тәуелсіз мемлекет ретінде мойындауының кепілі болды. Осы мақсаттың жүзеге асуы ХХ ғасырдың 90-жылдарды Қазақстанның бірқатар халықаралық ұйымдардағы мүшелігінен көрініс тапты. Соның бірі Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелігіне қабылдануы. 1991 жылы 20 желтоқсанда президент Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ-ның Бас Хатшысы Бурос-Галиге арналған хатында Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Ақмарал Арыстанбековнаны осы ұйыммен байланыстар мен ынтымақтастық орнатуға жіберіп отырғанын жазды [9].

Қазақстан халықаралық қауымдастықтың мүшесі болып ғана қоймай, сонымен қатар өзінің лайықты орнын тапқан бастамашыл ел ретінде қалыптасты. БҰҰ аясында «Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің шақырылуы (Азия кеңесі, АӨСШК):

- БҰҰ қамқорлығымен Орталық Азиялық бітімгерлік батальонының құрылуы;
- «бір плюс бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгерлік күштер қорының құрылуы;
- Орталық Азиядағы превентивтік (ілгері) дипломатия жөніндегі аймақтық орталық штаб-пәтерінің Алматыда құрылуы;
- Арал және Семей экологиялық апат кешенін айқындау;
- БҰҰ-ның Орталық Азия экономикасына арналған Арнайы Бағдарламасы;

29 тамыздың «Ядролық сынақтарға қарсы Халықаралық күн» болып бекітілуі» – туралы ұсынған мемлекетіміздің негізгі халықаралық бастамаларын атап өтуге болады [10].

БҰҰ-ның мүшелері Қазақстанның ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан әлемдегі бірінші мемлекетке айналғанын және біздің еліміздің әлемде алғашқы болып ядролық полигонды жабу жөніндегі шешімін өте ерекше атап жоғары бағалады. Оның айқын дәлелі: «1994 жылдан бастап Бас Ассамблеяның қатарынан үш сессиясы ядролық қарусыздандыру жөніндегі барлық қарарларында Қазақстанның қосқан үлесін ерекше атап көрсетті.» [7].

Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықтың маңызды тарихи оқиғалары ретінде 2002 жылғы 17-18 қазандағы БҰҰ Бас хатшылары Кофи Аннан мен 2010 жылғы 6-7 сәуірдегі Пан Ги Мунның Қазақстанға ресми сапарларын ерекше атауға болады.

Қазақстанға ресми сапар барысында Кофи Аннан: «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік-экономикалық салада, сондай-ақ ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету ісінде үлкен табыстарға қол жеткізді.

Қазақстан өңір жанжалдарды шешудің бастамашысы болуға және ядролық қарусыздандыру үшін батыл әрекеттер жасауға қабілетті болып шықты.

Қазақстанның іс-тәжірибесі ұлтаралық және конфессия аралық сан алуандыққа кесір ретінде емес, игілік ретінде қарау керек екендігін көрсетеді. Республика көптеген басқа елдерге үлгі бола алады»-деп өз ойын білдірді [11].

Еліміздегі елеулі оқиғалардың бірі БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның Семей сынақ полигоны аумағына келуі болды. Семей полигонында сөйлеген сөзінде Пан Ги Мун: «Мұнда 450-ден аса атом бомбасы сыналды, сол арқылы адамдар мен табиғатқа аса қорқынышты залал келтірілді. Сынақтар қоршаған ортаны біржола жойып, жерді, өзендер мен көлдерді уландырды, рак пен тумасынан пайда болатын ақаулықтармен ауыратын кемтар-кембағал балаларды дүниеге әкелді», – деді. Сөз соңында өз ойын «Мен бүгін Семей жерінде тұрып барлығын Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын. Қазақстан қарусыздану процессінде көшбасшы болды, оның үлгісі басқаларды да осындай қадамға бастауы керек. Бас хатшы ретінде мен әлемді ядролық қарудан тазарту үшін бар күш-жігерімді салатын боламын», – деп аяқтады.[9]

Тарих беттерінен талдап отырғандай, Қазақстанның БҰҰ-мен бірлесе жүргізген бастамаларының көбісі нақты жүзеге асуда. Бүгінде әлемдік қоғамдастық Қазақстанды Орталық Азиядағы тұрақтылық пен тыныштықтың мекені ретінде санайды.

1993 жылдың 16 ақпанынан бастап БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігі ашылды. Қазақстан БҰҰ-ның барлық дерлік арнаулы мекемелерінің, БҰҰ-ның екі өңірлік комиссиясының мүшесіне айналды. Қазақстан Ұйымның барлық басты шараларына қатысып, өз аумағында БҰҰ-ның қолдауымен:

«БҰҰ-ның Теңізге шығатын жлы жоқ елдерге арналған ғаламдық конференциясы (Алматы, 2003 жылғы тамыз), ЭСКАТО-ның 63-сессиясы, Алғашқы медициналық-санитарлық көмек туралы Алматы Мағлұмдамасының қабылдануының 30 жылдығына арналған ДДҰ Конференциясы (2008 жыл), Дүниежүзілік ұйымының Бас ассамблеясының 18 сессиясы (2009 жылғы қазан), Азия мен Тынық мұхиты елдері үшін қоршаған орта және даму мәселесі бойынша 6-шы министрлік конференция (2010 жылғы қыркүйек) іспетті ірі халықаралық форумдарды қабылдады» [12].

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып кіргеннен соң көптеген мәселелерді көтерді. Солардың бірнешеуіне жекелей тоқтала кетсек: «Қазақстанның БҰҰ шеңберіндегі жұмысының ең маңызды бағыты еліміздің аумағындағы Арал мен Семейдің экологиялық мәселелерін шешілуіне дүниежүзілік қоғамдастық тарапынан көмек алдыру, соның ішінде, ең алдымен, бұрынғы Семей полигонындағы ядролық сынақтардың салдарын жою болып табылады. Нәтижесінде 1997 жылдың 16 желтоқсанында БҰҰ-ның 52-сессиясы Семей аймағы халқының денсаулығы мен қоршаған ортасының ахуалын сауықтыруға жәрдем көрсету жөнінде арнайы қарарын қабылдады. БҰҰ-ның аясында 1999 жылы Токиода Семей аймағының проблемалары жөнінде халықаралық конференция болады. Нәтижесінде Семей аймағын сауықтыру жөнінде ынтымақтастыққа қол қойылады» деп жазды [13].

«1994 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 48-сессиясында бірінші рет Орталық Азия мемлекеттерінің транзиттік жүйесін дамытуға қолдау көрсету туралы арнаулы қарар қабылданып, бұл олардың халықаралық нарыққа шығып, саудаға араласуына мүмкіндік берді. БҰҰ Орталық Азияда транзиттік аймақтық жүйе құруды маңызды деп тапты, себебі, аймақ елдері ашық теңіздерге, дүниежүзілік рыноктарға шығуда көп қиындықтарға тап болуда. Бірінші рет Қазақстанның бастамасы бойынша 1996 жылдың қазанында Алматыда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі мәжіліс өткізіп, онда Ауғаныстан бойынша өзінің алғашқы саяси қарарын қабылдады және бірінше рет Қазақстан БҰҰ-ға өзінің ғарыштық мемлекет екендігін қуаттады, біздің ел 1993 жылы өткен қызу кеңестерден соң, Ғарыштық кеңістікті бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі комитетке мүше болып кірді» [13].

Осылайша Қазақстан шет елдермен байланысы өзінің шынайы нәтижелерін беріп отыр. Қазақстан Республикасы көп жақты дипломатиялық қатынастарға белсене араласып, халықаралық ұйымдармен күрделі халықаралық мәселелердің шешілуіне және мемлекеттердің өзара ресми байланыстар жасауына әрқашан дайын екендігін айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Евразийский союз: от идеи к истории будущего // Известия. – 2011. – 25 октября.
2. Из выступления Президента РК. Н Назарбаева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Независимости Республики Казахстан 15.12.2011 г.
3. Из выступления Президента Республики Казахстан на IV Съезде Лидеров мировых и традиционных религий. 30.05.2012 г. Астана.
4. Из выступления Президента Республики Казахстан на встрече с главами зарубежных дипломатических миссий, аккредитованных в Казахстане. 18.01.2013.
5. Ачкасов В.А., Ланцов С.А. Мировая политика и международные отношения. Учебник. – М.: Аспект.
6. Мировая политика в условиях кризиса. Учебное пособие для студентов /Под ред. КОРТУНОВА С.В. – М.: Аспект Пресс, 2010. – 464 с.
7. Внешняя политика Республики Казахстан. Учебник. / Под ред. К.И.Байзаковой. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 302 с.
8. Лебедева М.М. Мировая политика. – М., 2003, – С. 162-164.
9. Байтенова Н. Межэтническая интеграция. Уч. пособие. – А., Санат, 1998. – С. 38.
10. Нуртазина Р.А. Республика Казахстан: СМИ и политика. Учебное пособие. 2-е издание. – Алматы: «Бастау», 2014. – С. 172-188.
11. Нуртазина Р.А. Национальная безопасность Республики Казахстан. Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Бастау», 2014. – С.265-261.
12. Теория международных отношений: учебное пособие / под ред. П.А.Цыганкова. – М.: Гардарики, 2004. – 590 с.
13. Назарбаев Н.А. Евразийский союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997 – М., 1997 – С. 56

ПЕРВЫЕ ШАГИ В ФОРМИРОВАНИИ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Д.К. Толеков

Предлагаемая статья представляет собой систематическое и всестороннее научное исследование деятельности Независимой Республики Казахстан в международных отношениях с 1991 по 2018 годы. Формирование политического авторитета Республики Казахстан на международной арене – значение исторических исследований для науки и политической грамотности. большой. Это связано с тем, что исследования по этой теме, то есть истории внутренней и внешней политики Казахстана, предоставили необходимые данные для выявления текущих проблем в контексте глобализации. Важность исследования заключается в том, что оно предоставляет полезную информацию не только о событиях в независимой истории страны, то есть об инициативе Казахстана по созданию Шанхайской организации сотрудничества, Евразийского экономического сообщества и Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. Статья была проанализирована и дифференцирована на основе архивных данных.

Ключевые слова: государство, президент, экономика, политика, дипломатия, безопасность.

FIRST STEPS IN FORMING FOREIGN POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

D. Tolekov

The proposed article is a systematic and comprehensive scientific study of the activities of the Independent Republic of Kazakhstan in international relations from 1991 to 2018. The formation of the political authority of the Republic of Kazakhstan in the international arena is the significance of historical research for science and political literacy. big. This is due to the fact that studies on this topic, that is, the history of domestic and foreign policy of Kazakhstan, provided the necessary data to identify current problems in the context of globalization. The importance of the study is that it provides useful information not only about events in the independent history of the country, that is, about the initiative of Kazakhstan to create the Shanghai Cooperation Organization, the Eurasian Economic Community and the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia. The article was analyzed and differentiated based on archival data.

Key words: state, president, economy, politics, diplomacy, security.

А. Әкімханов, Н. Шадекұлы, Ж. Рахымғазиев, С. Шәкізада
 Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ.

ИМАМ МАТУРИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада Мауараннахр аймағында ілімі мен ғылыми әдіснамасы діни рационализмге негізделетін әһлі рай мектебінің белді ғалымдарының бірі – Әбу Мансұр әл-Матуридидің ғылыми әдісіне талдау жасалады. Имам Матуридидің антропоцентристік діни санаға, ақыл қорытындыларына қаншалықты мән бергені, оның ақыл мен діни мәтінді қалай үйлестіргені аңдатылады. Сонымен қатар имам Матуридидің ғылыми әдісінің мұғтазилиттермен салыстырғанда діни мәтінге көбірек негізделетіні дәлелденеді. Бұған қоса теологиялық мәселе төңірегінде таласқа түскен «нақылшылар», «рационалистер» және «сопылар» арасындағы айырмашылықтарды атап көрсету арқылы, діни танымда ақылдың орны айтарлықтай маңызды екендігі баяндалады. Имам Матуридидің пікірінше, «ақылға негізделген дәлел», негізгі бес сезім мүшесі арқылы қол жеткізілген мәліметтерді ақылға салып саралау нәтижесінде пайда болады.

Түйін сөздер: Матуриди ілімі, нақыл, ақыл, рационализм, кәләм, Ислам теологиясы.

Имам Матуриди ғылыми тұжырымдарын баяндағанда һәм қарсыластарының пікірлерін теріске шығарғанда негізінен «нақылмен» қатар «ақылға» да жүгініп, әдет-ғұрыпқа және тіл білімі, әлеуметтану және тарих сынды түрлі ғылымдарға негізделген дәлелдер келтіруге ерекше мән берген. Осылайша, ол таухид, «иман» және «имапат» (басшылық) сынды мұсылмандар арасында талас-тартыс тудырған мәселелерді қарастырып, өз тұжырымдарын негіздегенде бір жағынан «нақылға» сүйенген дәлелдер келтірсе, енді бір жағынан «ақылға» негізделген қисынды дәлелдерге жүгіну арқылы семантикалық, әдет-ғұрыптық, әлеуметтік және тарихи дәлелдермен де қарсыластарының пікірлерін теріске шығарып отырған. Тіпті, ол кей мәселелерде «ақылға» негізделген дәлелді ең үлкен әрі бұлтартпас дәйекке балаған. Мысалға, оның пікірінше, Алланың жалғыз екендігінің ең үлкен дәлелі «ақылға» негізделген. Ол – бұл ғаламдағы мінсіз жүйе мен ғаламат үндестік [2].

Имам Матуриди осынау әдісі арқылы өз заманындағы мұсылмандар арасында пайда болған түрлі сенімдер мен көзқарастарды, сондай-ақ өзге дін және пәлсапалық ағымдар өкілдері тарапынан алға тартылған түрлі пікірлерді «нақыл» мен «ақыл» призмасымен қарастырып, дәйекті де, тұшымды жауап беруге тырысқан. Бұдан біз имам Матуридидің қарсыластарын әрдайым «нақылға» және «ақылға» негізделген дәлелдермен иландыру жолын таңдап, дәйексіз құр сөзді, демоғогия мен сыңар езулікті және белгілі бір көзқарасты күшпен таңуды құп көрмегенін анық байқаймыз.

Имам Матуридидің пікірінше, Алла Тағала адам баласына ізгіліктен айнымауына әрі өзін жан-жақты дамытып, кемелдене түсуі үшін екі бірдей жол көрсеткен. Соның бірі «ақыл» болса, ендібірі «уахи». Матуридидің айтуынша, «ақыл» мен «уахи» адамды бір жолға, бір мақсатқа бастайтын қос құрал болып табылады. Сондықтан «ақыл» мен «нақыл» бір-біріне әсте қайшы келмейді, орынды һәм лайықты түрде қолға алынған жағдайда екеуі де адамға дұрыс мәлімет беріп, ақиқатқа бастайды. Әйтсе де, барзах әлемі, ақиреттегі жағдайлар және періштелер әлемі сынды ғайыпқа/метафизикаға қатысты мәселелерді жалаң ақылмен білу әрі түйсіну мүмкін емес [2]. Әсілі, бұлар тек «уахи» арқылы ғана білінетін мәселелер [2]. Себебі адам ақылының өрісі шектеулі. Онымен негізінен жария әлем мен ондағы жаратылыс заңдылықтарын ғана белгілі деңгейде танып-білу мүмкін. Ал адам ақылы жетпейтін ғайып әлеміне келсек, ол жайлы мәлімет адамға тек «уахи» арқылы ғана жетеді. Міне, сондықтан да имам Матуриди бәрінен бұрын «нақылды/уахиді» негізге алып, оны дұрыс түсініп, дұрыс талдай білу үшін «ақылға» жүгінген. Осылайша, ол «ақылды» «уахиді» дұрыс түсінудің бірден бір құралы деп бағалаған. Әйткені оның пікірінше бұл өмірде қандай да бір мәселеге қатысты дұрыс шешім қабылдап, жемісті нәтижеге қол жеткізу тек ақылға салып, ойлану арқылы ғана мүмкін болмақ. Себебі әр алуан түстерді бір-бірінен ажырата білу үшін қырағы көзге, әр алуан дыбыстарды ажырата білу үшін өте күшті есту қабілетіне жүгіну керек болғандай, сан алуан пікірлердің қайсысының дұрыс, қайсысының бұрыс екенін анықтап білу үшін сөзсіз, сау «ақылға» жүгіну керек [2]. Сол себепті, имам Матуриди «нақылға» талдау жасағанда буквализмге бой алдырмай ондағы сөздердің астарлы мағынасы мен мәніне үңілген.

Имам Матуриди ғылыми көзқарастарын негіздегенде Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерін негізгі дәлел ретінде қабылдайды. Сондай-ақ ол аяттар мен хадистерді ақылға салып, жан-жақты талдау арқылы ғалымдар арасында талас тудырған тақырыптарға қатысты «ақылға» қонымды дәлелдер келтіреді. Мысалға ол «иман» және «ислам», «мүмін» және «мұсылман» сөздерінің мағынасы бір екеніне дәлел ретінде Құраннан: «Сөйтіп, (елшілеріміз әлгі күнәһар қауым жайлаған жерге келіп жеткендерінде) алдымен ол жердегі «мүміндерді» (азапқа ұшырайтын ауылдан) шығарып, аулақ әкеттік. Біз ол арадан бір отбасынан басқа «мұсылман» болған ешкімді таппадық» [3], деген аяттарды келтіріп, былай деген: «Бұл аяттарда Алла Тағаланың азаптан құтылатын жандарды алғашында «мүмін», содан соң «мұсылман» деп атауы «иман» және «ислам» сөзінің мағынасы бір екенін көрсетуде. Сондай-ақ Алла Тағаланың Құранда о дүниедегі мәңгілік азаптан құтылып, мұратына жететіндерді сүйіншілегенде оларға қатысты бірде «иман», бірде «ислам» сөзін қолдануы да екі сөздің мағынасының бір екенін көрсетеді. Алла елшісінен (с.а.у.) жеткен: «Жәннатқа тек «мүмін» ғана кіреді» деген хадистің басқа бір риуаятта «жәннатқа тек «мұсылман» ғана кіреді» деп жетуі де осы сөзімізді қуаттайды» [2].

Имам Матуриди өз тұжырымдарын дәлелдегенде мұсылмандар арасында сан ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып пен салт-санаға да жүгінген. Мысалға оның айтуынша, ислами қоғамда әр мұсылманға мүмін, әр мүмінге де мұсылман делінетіні белгілі. Бұл мәселеде ешкімнің таласы болмасы анық. Сондай-ақ кісіні иманнан жұрдай қылатын іс-әрекеттің оны исламнан да шығаратынын, ал исламнан шығаратын іс-әрекеттің оны иманнан да жұрдай ететіндігін әрі о дүниедегі мүміндер мекенінің мұсылмандарға да мекен болатынын және онда мүміндерге берілетін нығметтердің мұсылмандарға да нәсіп болатындығын барлық мазһаб өкілдері бір ауыздан мақұлдайды [2].

Имам Матуридидің сенімге қатысты кейбір мәселелерді дәлелдегенде нақылмен қатар тарихқа да жүгінгенін көреміз. Ол әлемнің Жаратушысының жалғыз екенін, Оның ешбір серігі мен ұқсасы жоқ екенін түсіндіргенде аят пен хадистен басқа тарихи дәйектер де келтірген. Мысалға, оның айтуынша, тарих бойынша барлық қауымдардың Құдайдың жалғыз екенін бір ауыздан мақұлдағаны, бір Құдайдан басқа бірде-бір болмыстың өзін құдаймын деп жарияға жар салып, өзінің құдай екенін көрсететін бұлтартпас айғақ келтірмегені ақиқат. Сондай-ақ тарихтағы пайғамбарлардың қауымдарына көрсеткен мұғжизалары да Алланың жалғыз екенін көрсететін бірден-бір айғақ болып табылады [2].

Матуриди өз тұжырымдарын дәлелдегенде сөздердің тілдік мағынасына да ерекше көңіл бөлген. Мысалға ол иман сөзінің діндегі терминдік мағынасының жүрекпен растау және бекіту екенін айтып, бұл пікірін жан-жақты дәлелдегенде, өзге дәлелдермен қоса, иман сөзінің сөздіктегі тілдік мағынасын да өз алдына бір дәлел ретінде келтірген [2].

Имам Матуридидің пікірінше, «ақылға негізделген дәлел», негізгі бес сезім мүшесі арқылы қол жеткізілген мәліметтерді ақылға салып саралау нәтижесінде пайда болады [2]. Оның түсінігіндегі «ақылға негізделген дәлел» – семантика, тіл білімі, әлеуметтану, тарих, әдет-ғұрып, салт-сана және басқа да адам өміріндегі маңызды салаларға жүгіне отырып, қол жеткізілген ақылға қонымды мәліметтерді пайымдап, тұжырымдау болып табылады. Міне осылайша, Матуриди өзінің ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарын негіздеп, қарсыластарының пікірлерін теріске шығару үшін Құран мен хадиске арқа сүйеумен қатар, ақылға негізделген тұшымды да, қисынды дәлелдер келтіру мақсатында әр түрлі жолдарға да жүгінген [1].

Ислам тарихының белгілі бір кезеңінде мұсылмандар теологиялық мәселелерге қатысты көзқарастарына және аталмыш сала аясындағы мәселелерді талдауда қолданған ғылыми әдіс-тәсілдеріне байланысты өз араларында әр түрлі топтар мен бағыттарға бөліне бастады. Осы тұрғыдан алғанда мұсылмандарды негізгі үш топқа бөліп қарауға болады. Олар: Нақылшылдар (әһл ан-нақл), ақылшылдар (әһл ан-назар), сопылар (әһл әл-кәшф). Осы негізгі бағыттардың әрқайсысы өз ішінде шектен шыққандары әрі орта жолды ұстанғандары бар көптеген топтарға бөлінеді.

Нақылшылдарға негізінен хадис және фикһ ғалымдары, заһириттер (буквалистер) – мушаббихалар мен мужассималар (антропоморфистер) және хашуиялар жатады. Бұл бағыттағылар діннің негізі саналатын теологиялық мәселелерді пайымдауда һәм талдауда діни мәтіндерді, яғни Құран мен хадис мәтіндерін басшылыққа алады. Дегенмен, хадис және фикһ ғұламалары және аталмыш өзге буквалистер арасында діни мәтіндерді пайымдау мәселесінде едәуір айырмашылық бар. Алғашқы топ өкілдері діни мәтіндерді пайымдауда

антропоморфизмге бой алдырмай, әсіресе муташабих аяттар мен хадистерді пайымдағанда «тафуид» принцибін ұстанады. Ал шектен шыққан мушабихалар мен мужассималар болса, бұл мәселеде антропоморфизмге жол береді. Нақылшылдардың түсінігінде діни танымның қайнаркөзі – нақыл, яғни діни мәтіндер болып табылады.

Ақыл таразысына салғандарға келсек, бұл бағытқа діни мәтіндерді жан-жақты пайымдап, талдауда нақылмен қоса, ақылға да жүгінетін философтар мен «мутакәллимдер» (теологтар) жатады. Мутакәллимдер өз араларында діни мәтіндерді пайымдап, талдауда қолданатын ғылыми әдіс-тәсілдеріне байланысты муғтазилиттер, матуридилер және әшғарилер болып үш топқа бөлінеді. Бұл бағыт өкілдері үшін ақыл діни танымның негізгі қайнаркөздерінің бірі болып табылады. Философтар мен теологтар арасындағы негізі айырмашылық та ғылыми методологиядан туындайды. Алғашқылар ақылды шектемейтін болса, екінші топтағылар негізінен ақылды нақылға бағындырады, яғни ақылды нақылды пайымдап, түсінудің құралы ретінде қабылдайды. Сондай-ақ олар діни мәтіндердің ақиқаттығы мен қасиеттілігіне кәміл илана отырып, ақылды өз сенімдерін қорғау мақсатында қолданады.

Ал сопыларға келсек, олар ақиқатқа жету үшін ақыл мен қисынға жүгінетін философтар мен кәләм ғалымдарының жолынан мүлде бөлек жол ұстанып, жан-дүниені тазарту арқылы жүрек көзін ашу жолы мен аянға жүгінеді.

Сопылар мен кәләм ғалымдарының ортақ тұсы екеуі де діни мәтіндердің ақиқаттығы мен қасиеттілігіне толық иланады және иман негіздеріне кәміл сенеді. Бірақ олар өздері сенген ақиқатқа жету және соны дәлелдеу үшін бір-біріне кереғар екі түрлі жолды немесе әдісті ұстанады. Алғашқылар субъективті сипатта рухани тазару, жүрек көзін ашу және ғайыптан келетін аян арқылы ақиқатқа көз жеткізуге және соны дәйектеуге тырысса, кейінгілер ақиқатқа рационалды дәлелдер арқылы жетуді көздейді. Сөйтіп, екі бағыт бір-бірінің ұстанған жолы мен әдісін теріске шығарады. Мысалға, кәләм ғалымдары, әсіресе, имам Матуриди сынды ғалымдар сопылар сияқты аянды танымның қайнаркөзі ретінде қабылдамайды.[1]. Олардың пікірінше, аян немесе «кәшф» жолымен қандай да бір ақиқатқа көз жеткізілген күннің өзінде, ол субъективті дәлел болады, өзгелер үшін әсте дәйекті дәлел саналмайды. Ал рационалды дәлелдер, ақыл иелерінің бәріне бірдей дәлел болады. Дегенмен, кейде бір-біріне кереғар бұл екі жолдың біріне-бірі ықпал етіп, үйлесім табатын кездері де болады. Яғни жекелеген діни тұлғалар ақиқатқа жету үшін кейде аян мен «кәфш» жолын таңдаса, кейде олардың ақыл мен қисынға жүгінетін кездері де болады.

Сондай-ақ кәләм ғалымдары мен нақылшылдар да бір-бірінің діни мәтіндерді пайымдау жолы мен талдау әдісін қатаң сынға алған. Нақылшылдар кәләм ғалымдарын соқралды сипаттағы діни мәтіндерді, әсіресе, «муташабих» аяттар мен хадистерді өз бетінше пайымдап, интерпретациялаумен айналысты деп кінәласа, кәләм ғалымдары оларды діни мәтіндердің мәнін түсінбейтін, астарына үңілмейтін, оларға тиісінше әрі жан-жақты талдау жасай алмайтын топ ретінде қабылдаған. Осыған орай, сопылық жол мен кәләм ілімінің белгілі деңгейде үйлесім табуы мүмкін болса, соңғы екі жолдың үйлесім табуы қиынның қиыны деуге болады. Бұған тарих куә. Өйткені тарихтан әшғарилер мен матуридилерден құралатын кәләм жұртшылығының, сопылық дәстүрмен біте қайнасқанын көреміз. Әсіресе, әшғари мазхабында сопылық сарыны анық көрініс тапқан. Мұны аталмыш мектептің маңдайалды өкілдері имам Ғазали, имам Рази және әл-Ижи сынды ғұламалардың ілімі мен еңбектерінен анық көруге болады. Ал кәләм жұртшылығы мен буквалистердің діни мәтіндерді пайымдап, талдау әдістерінің үйлесім тапқанын және діндегі «тәуил», «муташабих» аяттар мен хадистер, «иман», «амал» сынды негізгі ұғымдарға қатысты ой-пікірлерінің бір жерден шыққанын көру мүмкін емес.

Көптеген ғалымдар муғтазилиттер мен матуридилер арасындағы айырмашылықты былай түсіндіреді: Муғтазилиттер ақыл барлық нәрсені өз бетінше танып-біле алады деп сенеді. Ал матуридилердің пікірінше, ақыл танымның құралы ғана. Ақиқатында адамға бір нәрсені парыз немесе міндетті етуші Алла Тағала. Яғни Алла адам баласына ақыл арқылы міндет жүктейді. Сондықтан да, бұл жерде ақыл міндеттеуші күш емес, арадағы себепші құрал әрі Алла Тағаланың адам баласына ақиқатты танысын деп берген баға жетпес сыйы.

Ал матуридилер мен әшғарилер арасындағы методологиялық айырмашылықты шығыстанушы Т. Голд былай түсіндірген: «Жалпы алғанда, матуридилердің көзқарастары мен тұжырымдарына қарасақ, олардың әшғарилерге қарағанда анағұрлым ақылшыл және еркін ойлауға бейім екенін көреміз» [8].

Ал Зәһид әл-Кәусаридің пікірінше, әшғарилер хашуиттер (нақылшылдар) мен муғтазилиттердің ортасынан жол тапқан, матуридилер болса, әшғарилер мен муғтазилиттердің ортасынан жол тапқан [9, 304-305 бб.]. Бүгінгі таңдағы ғалымдардың дені осы пікірді құптайды.

Ал біздің тұжырымымыз бойынша, Имам Матуриди және жалпы матуридилер діни-сенімдік мәселелерді пайымдап, тұжырымдағанда бәрінен бұрын антропоцентристік діни сананы басшылыққа алады. Ал әшғари сенім мектебі өкілдері және нақылшылдар діни-сенімдік мәселелерді теоцентристік сана негізінде пайымдап, тұжырымдайды. Міне осы екі түрлі діни түсінік себепті, аталған мектептер арасында сенімге қатысты кейбір тармақ мәселелер бойынша пікір алуандығы мен принциптік айырмашылықтарды көруге болады.

Әдебиеттер

1. Ак А. Büyük Türk Alimi Maturidi ve Maturidilik. – İstanbul: Bayrak matbaası, 2008. – 216 s.
2. el-Maturidi, Ebu Mansur Muhammed ibn Muhammed. Kiabüt-Tevhid Açıklamalı Tercüme / çev. B. Topaloğlu. – İstanbul: T.C.D. Vakfı İSAM, 2014. – 613 s.
3. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма / ауд. А.Б. Әкімханов., Н.С. Анарбаев. – Алматы: Көкжиек баспасы, 2015. – 624 б.
4. Бәсәллум М. Муқаддимат тахқиқ Тә'уиләт әһл әс-суннә // Тә'уиләт әһл әс-суннә. – Бейрут: Дар әл-кутуб әл-'илмия, 2005. – Т. 1. – 343 с.
5. Молла Али әл-Қари, «Шәрһу әл-Фикһ әл-Әкбар», – Дамаск: Дәрун Нәфәәйс, 2009. – 271 б.
6. М. Ибн Асғад, «Шарх әл-'Ақайд әл-'Аудудия», – Каир: әл-Матбаа әл-хайрия, 1904. 179-180 бб.
7. Шахристани, Әбу-л-Фатх Мухаммад ибн 'Абд әл-Кәрим. Әл-Миләл уә-н-нихал / тахқиқ А.А. Мәһнә., А.Х. Фаур. – Бейрут: Дар әл-Ма'рифә, 1993. – Т. 1. 658 с.
8. Т. Голд, «әл-'ақида уә әш-шари'а фи әл-Ислам», / ауд. М. Ю. Муса. – Каир: Дәр әл-Катиб, 1942. 99 б.
9. М.Ә.А. Әбу әл-Хайр, Ақидат әл-Ислам уә әл-Имам әл-Матуриди. – Дакка: әл-Муәссәсә әл-исламия, 1983. 550 б.

НАУЧНАЯ МЕТОДИКА И СПЕЦИФИКАЦИЯ ИМАМА МАТУРИДИ

А. Акимханов, Н. Шадеқұлы, Ж. Рахымғазиев, С. Шакизада

В статье рассмотрен научный метод Абу Мансура аль-Матуриди, являющегося одним из главных представителей школы рационализма, которая была основана в регионе Мавераннахра. Исследована значимость разума в трудах аль-Матуриди, а также взаимосвязь разума с религиозным текстом. Было доказано, что по сравнению с мутазилистами научный метод аль-Матуриди способствует лучшему изучению священных текстов Корана и хадисов. Проанализировав различия в теологических вопросах между «буквалистами», «рационалистами» и «суффистами», автор подчеркивает значимую роль разума в познании религии.

Ключевые слова: Учение аль-Матуриди, религиозный текст, разум, рационализм, калам, исламская теология.

SCIENTIFIC METHOD AND SPECIFICATION OF IMAM MATURIDI

A. Akimkhanov, N. Shadokuly, Zh. Rahimgaziyev, S. Shakizada

The article describes the scientific method of Abu Mansur al-Maturidi, which is one of the main representatives of the school of rationalism, which was founded in the region of Mawaraannahr. It was investigated the significance of reason in the writings of Maturidi, as well as the relationship of reason with the religious text. It has been proven that, in comparison with the mutazilites, the scientific method of Maturidi contributes to a better study of the sacred texts of the Quran and the Sunnah. After analyzing the differences between "literalists", "rationalists" and "suffists" in theological issues, the author emphasizes the significant role of reason in the knowledge of religion.

Key words: Maturidi, reason (mind), rationalism, kalam, Islamic theology.

Б. Илесбеков¹, Ш. Керім², А. Жамашев³, Е. Алпысбаев⁴
 Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ.,

АХМАД ӘЛ-ИСФИДЖАБИ – ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ХАНАФИ МӘЗҺАБЫНЫҢ ӨКІЛІ РЕТІНДЕ

***Аңдатпа:** Аталған ғылыми мақалада орта ғасырларда Қазақ даласындағы Исфиджаб қаласынан шыққан ханафи мәзһабының құқықтанушысы, үлкен ғалым – Әбу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің өмірі мен шығармашылығы баяндалады. Атап айтар болсақ, ғалымның есімі мен лақаптары, туылған жылы, шыққан өлкесі және ондағы саяси-діни ахуал мен халықтың әлеуметтік жағдайлары зерттеледі. Сонымен қатар оның білім алған жолы мен қызметі, соңында қалдырған іргелі еңбектері мен өмірден өткен жылы, ғалымның Орта Азия ханафи фиқһ мектебіне қосқан үлесі көрсетіледі.*

Сонымен қатар Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің еңбектерінің аты мен саны тарихи және биографиялық еңбектерге жүгіну арқылы нақтыланады. Олардың қаншасы күні бүгінге дейін қолжазба күйінде жеткендігі әрі әлемнің қандай кітапханаларында сақталғандығы жайлы нақты мәліметтер беріледі. Биографиялық әдебиеттердегі ғалымның еңбектері мен өмірден өткендігі жайлы мәліметтер тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы сараланады.

Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің күні бүгінде қолжазба күйінде жеткен еңбектері жүйеленіп, оларға идентификация жасалады. Сондай-ақ ғалымның аталған қолжазба еңбектерін өңдеп, қазақ тіліне аудару және қазақстандық исламтану мектебіне негіз ету мен ғылыми айналымға енгізу мәселелері қарастырылады.

***Түйін сөздер:** Мәзһаб, құқық, фиқһ, шарифат, ғұмырнама, қолжазба, пәтуа, фақиһ.*

Орта ғасырларда ислам әлемі білім мен ғылымның шарықтау шыңына жетті. Оған тарих куә. Өз кезегінде ислам діні көп ұзамай мәуереннаһрға, оның құрамындағы Түркістан аймағындағы Тараз, Баласағұн, Исфиджаб, Отырар, Сығанақ және басқа да қалаларда кең етек жайды. Әрине, ислам дінінің келуімен аталмыш қалаларда мешіт-медреселер бой көтеріп, олар ғылым мен білімнің, қайталанбас мәдениеттің ордаларына айналды. Мәселен, бір ғана Исфиджаб қаласынан өзінен орта ғасырларда ғылымның фиқһ, хадис, араб тілі мен әдебиеті және философия сынды бірқатар саласында ислам әлеміне танымал бір топ ғалымдар шықты. Солардың қатарында Әбу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабиді (480/1087) атап өтуге болады. Ғалым орта ғасырларда өмір сүрген Исфиджаб қаласының тумасы әрі ханафи мәзһабының көрнекті құқықтанушыларының бірі саналады. Ол өзінің ғылымдағы қызметі барысында ханафи ислам құқығына қатысты бірқатар іргелі еңбектер қалдырды. Еңбектерінің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолжазба күйінде жеткен. Сондықтан Қазақ топырағынан шыққан ғалымның еңбектерін зерттеп, өңдеп, қазақ жұртшылығына ұсыну – бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналады.

Елімізде соңғы он жылда дін мәселелеріне аса мән беріліп, ата-бабаларымыз ұстанып келген дәстүрлі ислам құндылықтарын дамыту барысында көптеген ғылыми іс-шаралар мен ғылыми жобалар басталып, жемісті аяқталды. Сонымен қатар Қазақстан исламтануы төңірегінде көптеген ғылыми диссертациялар қорғалды. Бұл үрдіс әлі де жалғасын табуда. Сондықтан аталмыш мақала да еліміздегі исламтану мектебін қалыптастыру мақсатында жазылды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы, индукция және дедукция әдістері қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.

Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджаби – Исфиджабтан шыққан ханафи мәзһабының көрнекті ғалымдарының бірі. Ол 1087 жылы Самарқанд қаласында дүниеден озған. Оның туылған жылына қатысты деректер кездеспейді. Алайда ғалымның туылған жылына қатысты тарихи болжам жасайтын болсақ, шамамен X-ғасырдың соңы немесе XI-ғасырдың басына тура келеді. Өйткені ғалым Исфиджабта туылып, сол жерде өсіп-өніп, ғылым-білімде өз аймағының ғалымдары арасынан дараланып шығып, өмірінің орта шағына таяған кезде Самарқандқа қоныс аударған. Ғалымның бірқатар лақап есімдері бар. Атап айтар болсақ, «Мутаһһири, Әбу Насыр, Исфиджаби, Қазы, Зафари, Имам, Шейху-л-Ислам, Әбу Бәкір» сынды есімдер мен атақтардың ғалымға телінген [1]. Ал Салахуддин әс-Сафади өзінің «Уафи би-л-уафаят» атты еңбегінде Ахмад ибн Мансурдың жоғарыда аталған лақап

есімдерімен қатар жұртшылық арасында «Ахмад Жи» деген есіммен де танылғандығын жазған [2]. Жоғарыда аталған лақаб есімдер мен атақтардың кейбірі Ахмад ибн Мансурдың мемлекеттік қызметтердегі лауазымынан хабар берсе, кейбірі оның ғылымдағы дәрежесі мен мәртебесін айғақтайды. Ал «Исфиджаби» деген ныспысына келсек, аты айтып тұрғандай, ғалымның Исфиджаб қаласының тумасы әрі сол жерде өсіп-өнгендігін көрсетеді.

Исфиджаб – Түркістан аумағында ежелгі жібек жолының бойында орналасқан, орта ғасырларда білім мен өркениеттің ошағына айналған үлкен қала. Ғалым Әбу Исхақ Ибраһим әл-Истахри Исфиджаб қаласын былай сипаттайды: «Исфиджаб – Тункет қаласының үштен біріне тең келетін қала. Қаланың рабадтарында бау-бақшалар мен қауыздары бар, ғимараттары саз балшықтан соғылған, тауарға толы базарлар мен жеміс-жидегі мол қала. Мәуереннахр аймағында Исфиджаб қаласына ғана хараж салығы салынбайтын. Исфиджабтың айналасында басқа да қалалар мен елді-мекендер өте көп болған» [3]. Ал Әбу әл-Фидә өзінің «Тақуим әл-булдән» атты еңбегінде Исфиджаб қаласы жайлы былай деп жазады: «Исфиджаб – Шығыстың үлкен қалалары мен түркі бекіністерінің бірі. Ол жерден бір топ ғұламалар шыққан. Ибн Хаукал Исфиджабты былай сипаттаған: «Исфиджаб қаласына келсек, ол аумағы тұрғысынан Тункет қаласының үштен біріне тең келеді. Қала мәдина мен рабадтан тұрады. Қаланың рабадтарымен қоса қоршап тұратын екі қамалы бар. Қамалдың жалпы ұзындығы бір фарсах шығады. Қаланың рабадтарында сулар мен бау-бақшалар өте көп. Қала тегіс жерде орналасқан. Қала мен оған ең жақын таудың арақашықтығы шамамен үш фарсах шығады», – десе, тарихшы әл-Азизи: «Исфиджаб – мәуереннахрдың үлкен қалаларының бірі», – деген [4]. Сондай-ақ басқа да тарих кітаптарында Құтайба ибн Муслимнің (660/715) Шаш аймағының көп бөлігін басып алып, 714-жылы Исфиджабқа жеткендігі, сонымен қатар Исфиджаб қамалдарының бұрын басып алынғандығы, содан соң ол жерде көбінесе түріктердің, олармен бірге Шаш тұрғындарының бірқатар қауымының қоныстанғандығы, содан соң бұл қаланы мүміндердің әміршісі әл-Муғтасимнің халифалық еткен дәуірінде қолбасшы Нұх ибн Әсәд жаулап алып, қала халқының бау-бақшасы мен егіндіктерін айнала қоршап тұратын қамал соққандығы жайлы деректер бар [5]. «Исфиджаб» сөзі соғды тілінен аударғанда «Ақ су» деген мағынаны білдіреді. Араб дереккөздерінде қала атауы «Исфиджаб» сөзіндегі «ф» әріпінің орнына «б» әріпімен жазылған. Алайда Абдулкарим әс-Сәмғани өзінің еңбегінде қала атауын «Исфиджаб» деп өзгертпей жазған әрі Исфиджабтың түркі бекіністерінің әрі шығыс қалаларының бірі болған үлкен қала екендігін, сондай-ақ ол жерден көптеген хадисшілер мен ғалымдардың шыққандығын жазған [6].

Негізінде Отырар, Исфиджаб, Сайрам және басқа да оңтүстік қазақстандық қалалар қараханидтер дәуіріне дейін де мұсылмандық ғылым мен мәдениеттің дамыған орталығы болды. Аталған қалалардан дін ғалымдары, тіл мамандары шықты. Олардың арасынан бірқатары өздерінің ғылыми жолын ары қарай жалғастыру үшін Бағдад және басқа да қалаларға сапар шеккен. Кейіннен саманилердің басшылары барлық интеллектуалды күшті Құран түсіндірмесін құрастыруға аударған кезде, аталған іске Сайрамнан шыққан теологтар жұмылдырылды. Дінді үйрету мақсатымен Мәуереннахр мен Хорасаннан шыққан ғалымдар мен сопылар түркі далаларына жиі-жиі сапар шекті. Нух ибн Мансурдың кезінде самарқандтық Абу-л-Хасан Сайд ал-Усбаникаси көшпенділерге дінді үйрету үшін келген. Сонымен қатар имам Абу Али Шақиқ ибн Ибраһим әш-Шақиқи саманидтер мемлекетінің шекарасынан шығып, түркілерге сауда мақсатымен барып, олардың арасында исламды жаюмен айналысқан [7].

Жерлесіміз алғашқы білімді туған жерінде алған. Ол кезде Исфиджаб, Шаш Самарқанд, Бұхара медреселерінде араб, парсы елдерінен ғалымдар көптеп келіп, қызмет етіп жатқанды. Солай бола тұрса да, бұл кез – араб әдебиеті мен мәдениетінің тауы шағылып, құлдырау кезеңінің қылаң берген, түркі тілінің жанданып, белін бекем буа бастаған тұсы еді.

Ахмад араб тілі мен әдебиеті, фәлсафасы мен логикасы және дін ғылымы бойынша жақсы білім алған. Бірақ, өкінішке орай, қолымызда оның араб елдерінде болып, білімін молықтырғандығы, немесе өмірі мен қызметі жайлы деректер жоқтың қасы [8]. Ахмад ибн Мансур Исфиджаб қаласында фикһ саласына терең бойлауының нәтижесінде өз аймағындағы ғалымдардан дараланып шыққан. Кейіннен Самарқанд қаласына сапар шегіп, ондағы имамдармен ғылыми пікірталасқа түсіп, көптеген тәлімгерлер мен құқықтанушы ғалымдарға дәріс берген. Самарқандтың сол кездегі қазысы Әбу Шужәғ өмірден өткен соң, Ахмад ибн Мансур қаланың қазысы қызметіне тағайындалған. Ғалым өзі қызмет атқарған

жылдарда қаланың діни ахуалы мен істерін едәуір жүйелеп, соңында бірқатар құнды еңбектер қалдырған [9].

Қараханидтер дәуірінде Түркістан аймағындағы ғалымдардың батысқа қарай көшу процесі орын алды. Қарахан мемлекетінің билеушісі Тамгач Хан тарапынан ел астанасының Самарқандқа ауыстырылуы үлкен тарихи оқиға болды. Сол уақыттан бастап қараханидтердің жергілікті ғалымдарға қатысты саяси ұстанымы белгіленді. Оның көрінісі – Түркістан аймағынан шыққан ғалымдарды ресми және мемлекеттік қызметтерге тағайындаумен жүзеге асты. Мәселен, Самарқандтың қазысы Әбу Шужағ әл-Хидр ибн Ибраһим 472/1080-жылы өмірден өткен соң, оның орнына Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджаби қазы болып тағайындалған [10].

Ахмад ибн Мансур өз кезегінде білімде, ғылым иелеріне деген құрмет пен ізетте бүкіл ислам әлеміне көркем үлгі-өнеге бола білген. Оны ғалымның келесідей өмір жолынан көре аламыз. Ғалым өмірден өткен соң, оның үйінен өз ғасырындағы фақиһтардың қателескен пәтуаларына толы сандық табылған. Өз заманындағы ғалымдардың қате пәтуалары қолына түскен соң, әлгі ғалымдардың қателіктері әшкере болмауы үшін, сондай-ақ әлгі пәтуалардың пәтуа сұраған халықтың қолына түсіп қалуынан үрейленіп, оларды дереу үйіне жасырып, ғалымдардың әлгі мәселелерін қайта қарап, оларды халыққа дұрыстап жеткізген [11].

Ахмад ибн Мансурдың ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты мәліметтер жоқтың қасы деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені ханафи мәзһабының ғалымдарына қатысты жазылған ғұмырнамалық еңбектердің ешбірінде ғалымның ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты деректер кездеспейді. Сонымен қатар жоғарыда атап өткеніміздей ғалымның білім іздеп қандай қалалар мен елдерге сапар шеккендігі жайлы мәліметтер де өте аз. Алайда зерттеу барысында ғалымның негізгі білімді Исфиджаб қаласындағы жергілікті ғалымдардан, сондай-ақ Исфиджабқа сапар шегіп, біршама уақыт тұрақтаған басқа елдердің ғалымдарынан дәріс алғандығы анықталды. Ғалымның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің Түркияның Стамбул қаласындағы Копрулу кітапханасының Фазил Ахмед Паша қорында 588-нөмірмен сақталған нұсқасында бір орында ғана Ахмад ибн Мансур ұстазының есімін тілге тиек етіп былай дейді: «Ұстазымыз (шейхымыз) Имам Әбу-л-Хасан әл-Истәнки (Алла одан разы болсын!) былай деп айтатын: «Бұл келісім – рұқсат. Бидайдың дәл өзін белгілі бағасымен белгіленген мерзімге дейін сату – сауда ретінде саналады» [12]. Ұстазының ныспысы қолжазбада *الاستانكي* деп жазылған. Яғни әлифтен кейінгі әріптің нүктелері қойылмағандықтан, оның қандай әріп екендігі белгісіз. Оның «бә, тә, сә, нун, иәй» әріптері болуы ықтимал. Өйткені аталмыш әріптер өзінен кейінгі әріпке жалғанған кезде осындай формада көрініс табады. Сондықтан бұл әріптің үстіне не астына қойылған нүктелер оның қай әріп екенін анықтап береді. Алайда біз жоғарыда ол әріпті нун (яғни «н») әріпі деп болжамдап, ғалымның ныспысын әл-Истәнки *الاستانكي* деп жаздық. Әбу-л-Хасан әл-Истәнки – Али ибн Мухаммад әл-Исфиджаби өзінің Шарх Мухтасар әт-Тахауи еңбегінің соңында атап өткендей, Мухтасар әт-Тахауидың мәселелерін кеңінен түсіндіріп, тарқатып кеткен Имам Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкр болуы ықтимал. Біріншіден, екі есімнің алдында келген лақап есімдер «Әбу-л-Хасан» деп бірдей аталған. Екіншіден, Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкрдің Мухтасар әт-Тахауиге жасаған (парақ бетіне түспеген) түсіндірмелері мен мәселелерін кейіннен Ахмад ибн Мансур келіп өте ауқымды көлемде жинақтап, толықтырып кітап бейнесіне келтірген. Үшіншіден, ғалым Әбу-л-Уафа әл-Афғани өзінің еңбегінде Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкрге «әл-Исфиджаби» [13] деген ныспыны теліп, оның Исфиджабтан шыққандығын мәлімдеген. Жоғарыда баяндап өткеніміздей Ахмад ибн Мансур негізгі білімді өз қаласы Исфиджабта алған. Сондықтан Ахмад ибн Мансурдың қолжазба еңбегінде ұстазы ретінде атап өткен Әбу-л-Хасан әл-Истәнкидің – исфиджабтық Имам Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкр болуы мүмкін деген тұжырым жасап отырмыз. Али ибн Мухаммад әл-Исфиджаби Мухтасар әт-Тахауиге шарх жазып біткен соң, кітабының соңына Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкрді мақтап былай дейді: «Шейх, Имам Әбу-л-Хасан Али ибн Бәкр (Мухтасар әт-Тахауидің) мәселелерін алдын түсіндіріп, тарқатып кеткен. Ол – барлық ғасырдың имамы әрі барлық дәуірдің тірегі еді» [14].

Ғалымның «Шарх әл-Жамиғ әл-Кабир», «Шарх әл-Жамиғ әс-Сағир», «Шарх әл-Кәфи ли-л-Хаким әш-Шәһид фи әл-фуруғ», «Шарх Мухтасар әт-Тахауи», «Әл-Фәтәуа», «Мухтасар Шарх Мухтасар әл-Кархи ли-л-Қудури», «Шарх Мухтасар әл-Қудури», «Шарх мултақа әл-абхур», «Рисәләту тағлиқат алә әл-Уиқая уа шархуһә» сынды тоғызға тарта еңбектерінің есімі деректерде кездеседі. Сонымен қатар Ибн Қайим әл-Жаузия (691-751) өзінің «Әт-Туруқ әл-хукмия фи сиясат әш-шарғия» атты еңбегінің кіріспесінде қазылық ілімге қатысты

жазылған 207-ге жуық еңбек пен олардың авторларын атап өтеді. Солардың қатарында Әбу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің де қазылық ілімге арнап, «Әдәб әл-Қади» деген еңбек жазғандығы айтылады [15]. Бұлардың бірқатары қолжазба күйінде күні бүгінге дейін сақталған. Ахмад ибн Мансурдың еңбектерінің ішіндегі ең танымалы әрі атақтысы – Шарх Мухтасар әт-Тахауи еңбегі. Оның бұл еңбегі ханафи мәзһабының үлкен ғалымы Әбу Жағфар әт-Тахауидың (321 қ.б.) «әл-Мухтасар» кітабына түсіндірме ретінде жазылған. Бүгінде қолжазба каталогтары мен библиографиялық кітаптарда ғалымның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің жиырмадан астам нұсқасы Стамбул, Каир, Жидда, Бағдад, Бамбей, Принстон қалаларындағы кітапханаларда сақталғандығы жайлы мәліметтер берілген. Олар:

- 1) Туркия, Станбул: Шәһид Али 815-816;
- 2) Туркия, Станбул: Жарулла 862-863;
- 3) Туркия, Станбул: Молла Челеби 56;
- 4) Туркия, Станбул: Хафиз Ахмад Паша 16;
- 5) Туркия, Станбул: Фейзулла Эфенди 803;
- 6) Үндістан, Бамбей: Бамбей кітапханасы 48;
- 7) Мысыр, Каир: Мағһад әл-махтутат әл-арабия, Шәһид Али 815-тен 92, Шәһид Али 816-дан 93;
- 8) Америка Құрама Штаттары, Бринстон: Бринстон кітапханасы 2475, 628;
- 9) Туркия, Сулеймание: Жарулла 683. 339 парақ, 581 жыл;
- 10) Туркия, Ахмад Сәлис 1075. 338 парақ, 947 жыл;
- 11) Туркия, Қураһ Мустафа 203. 380 парақ, 803 жыл / 204. 303-парақ;
- 12) Туркия, Амасия: Мухаммед ел-Журженси 1/1650. 133 парақ, 1119 жыл;
- 13) Туркия, Дианет 521. 205 парақ;
- 14) Туркия, Купрулу: Фазил Ахмад Паша 588. 380 парақ;
- 15) Туркия, Купрулу: Фазил Ахмад Паша 892. 380 парақ;
- 16) Туркия, Беязид Девлет Кутупханеси: Мерзифонлу 207. 385 парақ, 1400 жыл;
- 17) Туркия, Беязид Девлет Кутупханеси: Мерзифонлу 203. 303 парақ;
- 18) Туркия, Амасия 338. 16-133 парақ, 119/1707 жыл;
- 19) Туркия, Сулеймание: Дамад Ибраһим 562. 339 парақ;
- 20) Туркия, Сулеймание: Жарулла 682. 172 парақ;
- 21) Туркия, Сулеймание: Хусну Паша 433. 273 парақ;

Зерттеу барысында аталмыш нұсқалардың барлығын болмаса да, бірқатарының көшірмесін алып, зерттеуге мүмкіндік туды. Өйткені кей жағдайларда қандай да бір кітап немесе оның авторы қолжазба каталогтар мен ғұмырнамалық еңбектердегі мәліметтермен сәйкес келмей жатады. Сондықтан, каталогтағы мәліметтерге сүйене отырып, қандай да бір қолжазба еңбекті бір ғалымға телуден бұрын, ол кітапқа мәтіндік, мазмұндық тұрғыдан салыстырмалы зерттеу жүргізу қажет. Өйткені зерттеу нәтижесінде ол кітап басқа бір ғалымға тиесілі болып шығуы мүмкін. Мұндай жағдайларды зерттеу барысында кездестірдік. Өз кезегінде ғұлама Мухаммад Зәһид әл-Кәусари де «Мухтасар әт-Тахауи» еңбегіне жазылған әуелгі әрі маңызды түсіндірмелердің қатарында Ахмад ибн Мансур мен Али ибн Мухаммадты да атап өткен. Мәселен, әл-Кәусари өзінің еңбегінде Ахмад ибн Мансурды «әл-Исфиджаби әл-Кабир» деп атаса, Али ибн Мухаммадты «әл-Исфиджаби әс-Сағир» деп атап, олардың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбектерінің қолжазба нұсқалары Стамбулдағы Шәһид Али Паша және Иени Жами кітапхана қорларында сақталғандығын мәлімдеген [16]. Мәселен, «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің жоғарыдағы нұсқаларының ішінен Стамбулдағы Сулеймание кітапханасы, Шәһид Али Паша 815 және Шәһид Али Паша 816 нұсқалары Ахмад ибн Мансурға емес, керісінше, Али ибн Мухаммад әл-Исфиджабиге тиесілі екендігі анықталды [14]. Өйткені біз алдыңғы бөлімдерде жалпы әт-Тахауидың «әл-Мухтасар» мәтініне өте көп шархтар жазылғандығын, олардың ішінде Ахмад ибн Мансур, Мухаммад ибн Ахмад және Али ибн Мухаммад сынды үш исфиджабтық ғалымның шарх жазғандығын айтып өткен болатынбыз. Сондықтан қолжазба каталогтары мен ғұмырнамалық еңбектерде исфиджабтық үш ғалымның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбектеріне қатысты шатасулардың болуы қалыпты жағдай. Өйткені аталмыш үш ғалым да ислам әлемінде «әл-Исфиджаби» деген ныспымен танылған.

Сол секілді аталмыш нұсқалардың ішінен Стамбулдағы Миллет Женел кітапханасы, Жарулла 682 және Жарулла 683 нөмірмен сақталған екі нұсқаның көшірмесін алып, оларды зерттеуге де мүмкіндік туды. Нәтижеде аталмыш екі нұсқаның да Ахмад ибн Мансурға емес,

Али ибн Мухаммадқа тиесілі екендігі анықталды. Өйткені 682-нөмірлі нұсқадағы алғы сөзден ол кітаптың Али ибн Мухаммад әл-Исфиджабиге тиесілі екендігі белгілі болды [17]. Ал 683-нөмірлі нұсқаға келсек, біріншіден, оның 682-нөмірлі нұсқаның 2-томы екендігі анықталды. Екіншіден, 683-нөмірлі нұсқадағы кітаптың соңында Али ибн Мухаммад әл-Исфиджабидің қорытынды сөзі келген. Осыған қарап, аталмыш нұсқаның да Али ибн Мухаммадқа тиесілі екендігіне негіз бар [18].

Сонымен қатар зерттеу жұмысы барысында жоғарыдағы тізімдегі нұсқалардың ішінен Стамбулдағы Копрулу кітапханасы, Фазил Ахмад Паша қорында 588-нөмірмен сақталған нұсқаның көшірмесін алып, оған мәтіндік, мазмұндық тұрғыдан салыстырмалы зерттеу жасадық. Нәтижеде аталмыш нұсқаның Ахмад ибн Мансурға тиесілі екендігі белгілі болды. Өйткені кітаптың кіріспесіне, оны көшіріп жазған кәтибтің баяндауына және негізгі бөлімнің мазмұнына қарап, кітаптың авторы Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджаби екендігі анықталды [12]. Сондықтан кітаптың аталмыш қолжазба нұсқасы зерттеу жұмысының арқауына әрі осы тараудың ең негізгі зерттеу объектісі мен қайнаркөзіне айналды.

Ахмад ибн Мансур Исфиджабтан шыққан ханафи ғалымдарының алдыңғы буынына жатады. Ғалым мемлекеттік және діни қызметтерді алып жүргеніне қарамастан, ханафи мәзһабындағы ең негізгі діни-құқықтық еңбектерге түсіндірмелер жазып, келер ұрпаққа онға тарта құнды еңбектер қалдырды. Ахмад ибн Мансурдан бөлек Исфиджаб қаласынан 24-ке жуық ғалымдар шыққан. Олардың басым көпшілігі ханафи мәзһабының өкілі саналады. Өйткені қараханилер дәуірінде ханафи мәзһабына ерекше қолдау көрсетілген. Оны біз қараханилердің тарихынан да, ғалымдардың өмір жолынан да көре аламыз. Алайда бұдан Қарахан басшыларының ханафиден басқа мәзһабтарды қолдамай, олардың ел ішінде таралуына тыйым салған деген түсінік шықпайды. Керісінше, мәуереннаһр аймағында шафиғилер ханафилердің негізгі оппоненті ретінде дамып отырған. Сондықтан Исфиджабтан шыққан 25 ғалымның 10-ға жуығы шафиғи мәзһабының құқықтанушылары әрі хадисші болғандығы зерттеу барысында анықталды. Сонымен қатар аталған ханафи және шафиғи ғалымдарының ішінен сопылық бағытты ұстанған бірнеше ғалымдардың да бар екендігі байқалады. Бұл жиырма бес ғалым – есімдері мен өмірбаяндары кітап беттеріне түскендері ғана. Бұлардан бөлек тарихи-ғұмырнамалық еңбектерге есімдері енбей қалған ғалымдар қаншама. Бұл өз кезегінде Исфиджаб қаласының ілім мен білімнің, мәдениеттің үлкен орталығы болғандығын көрсетеді.

Аталмыш зерттеу жұмысының барысында Әбу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар маңызды тұжырымдар мен нәтижелерге, жаңалықтарға қол жеткіздік. Атап айтар болсақ, ислам әлеміндегі тарихи-ғұмырнамалық және библиографиялық еңбектерде көбінесе жоғарыда аталған бес еңбегін ғана атап өтеді. Алайда зерттеу барысында Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджабидің бұдан бөлек тағы үш еңбегін таптық. Олар: Шарх Мухтасар әл-Кархи, Әдәб әл-Қади, Рисалат тағлиқат алә әл-уикая уа шархуһә. Сонымен қатар зерттеу барысында ғалымның еңбектерінің ішінде Шарх Мухтасар әт-Тахауи еңбегіне баса назар аударып, аталмыш еңбегінің әлем кітапханаларындағы қолжазба нұсқаларын тізімдеп, оларды мазмұндық тұрғыдан салыстыра отырып, идентификация жасалды. Нәтижеде аталған қолжазбалардың арасынан Ахмад ибн Мансурға нақты тиесілі болған қолжазбаны анықтауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ ғалымның ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты зерттеу жүргізіліп, нәтижеде ұстазының есімі анықталды әрі ғалым өмір сүрген кезеңдегі діни-саяси, әлеуметтік және ғылыми жағдай анықталды.

Әдебиеттер

1. Мұстафа ибн Абдулла Хажи Халифа. Сулләм әл-усул илә табақат әл-фухул. – Стамбул: «Мақтабат Ирсика», 2010. – 645 б.
2. Салахуддин әс-Сафади. Уафи би әл-Уафаят. – Бейрут: «Дәр ихия әт-турас әл-араби», 2000. – 534 б.
3. Абу Исхақ Ибраһим әл-Истахри. әл-Мәсәлик уа әл-Мәмәлик. – Бейрут: «Дәру Садир», 2004. – 220 б.
4. Ғимадуддин Әбу әл-Фидә. Тақуим әл-булдән. – Бейрут: «Дәру Садир», 1840. – 602 б.
5. Ахмад ибн Яхия әл-Бәләзури. Футух әл-Булдән. – Бейрут: «Дәру уа мактабату әл-хиләл», 1988. – 320 б.
6. Абдулкарим әс-Самғани. әл-Әнсәб. – Хайдар Абад: «әл-Мағариф әл-Османия», 1962. – 260 б.
7. Нуртазина Н. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование). Алматы: «Фараб», 2000. – 312 с.

8. Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: «Рауан», 1995. – 237 б.
9. Абу-л-Хасанат әл-Ләкнәуи. Фауaid әл-бәһия фи таражум әл-ханафия. – Мысыр: «Дәру әс-сағада», 1984. – 305 б.
10. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. – 400 с.
11. Нәжмуддин Омар ән-Нәсәфи. Қанд фи зикри уләмәи Самарқанд. – Иран: «Мират әт-турас», 1999. – 542 б.
12. Ахмад ибн Мансур әл-Исфиджаби. Шарх Мухтасар әт-Тахауи. Қолжазба: Станбул: «Копрулу / Фазил Ахмад Паша», 588. – 380 б.
13. Абу-л-Уафа әл-Афғани. Мухтасар әт-Тахауи. – Индия: «Лажнату ихия әл-мағариф ән-нуғмания», 1986. – 478 б.
14. Али ибн Мухаммад әл-Исфиджаби. Шарх Мухтасар әт-Тахауи. Қолжазба: Станбул: «Сулеймание / Шәһид Али Паша», 816. – 211 б.
15. Абу Абдулла Мухаммад ибн Қайим әл-Жаузия. Әт-Туруқ әл-хукмия фи сиясат әш-шарғия. Мекке: «Дәру алам әл-фауaid», 2005. – 520 б.
16. Мухаммад Зәһид әл-Кәусари. Әл-Хауи фи сират әл-имам Әби Жағфар әт-Тахауи. Каир: «Матбағат әл-Ануар», 1949. – 43 б.
17. Али ибн Мухаммад әл-Исфиджаби. Шарх Мухтасар әт-Тахауи. Қолжазба: Станбул: «Миллет Женел / Жарулла», 682. – 172 б.
18. Али ибн Мухаммад әл-Исфиджаби. Шарх мухтасар әт-Тахауи. Қолжазба: Станбул: «Миллет Женел / Жарулла», 683. – 336 б.

АХМАД АЛЬ-ИСФИДЖАБИ – В КАЧЕСТВЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ХАНАФИТСКОГО МАЗХАБА В ТУРКЕСТАНСКОМ РЕГИОНЕ

Б.О. Илесбеков, Е.О. Алпысбаев

В этой научной статье описывается жизнь и творчество великого ученого Абу Насра Ахмада ибн Мансура аль-Исфиджаби, факиха (правоведа) ханафинского мазхаба. В частности, изучается имя и прозвища, год рождения, местность его происхождения, политическая и религиозная ситуация социальное положение населения этого региона. Так же определяется путь его образования и деятельность, его фундаментальные труды, год его кончины, вклад ученого в среднеазиатскую ханафитскую школу фикха.

Название и количество работ Ахмада ибн Мансура аль-Исфиджаби уточняются при обращении к историческим и биографическим трудам. Даются точные сведения о том, сколько из них дошли до сегодняшнего дня в качестве рукописи, и в каких библиотеках мира они хранятся. Работы ученого в биографических трудах, и информация о его кончине анализируются с помощью историко-сравнительного метода.

Также рассматриваются проблемы перевода на казахский язык и превращение в основу казахстанской исламоведческой школы, ввод в научный обиход трудов Ахмада ибн Мансура аль-Исфиджаби, которые дошли до нас в качестве рукописи до наших дней, обрабатывая их заранее.

Ключевые слова: Мазхаб, право, фикх, закон, биография, рукопись, фатуа, факих

AHMAD AL-ISFIJABI – AS A REPRESENTATIVE OF THE HANAFI MAZHAB IN THE TURKESTAN REGION

B. Ilesbekov, E. Alpysbaev

This scientific article describes the life and work of the great scientist Abu Nasr Ahmad ibn Mansur al-Isfijabi, the fakih (lawyer) of the Hanafi mazhab. In particular, the name and nicknames, year of birth, the place of his origin, the political and religious situation, the social situation of the population of this region are studied. The way of his education and his activity, his fundamental works, the year of his death, the contribution of the scientist to the Central Asian Hanafi fiqh school are also determined.

The names and number of works of Ahmed Ibn Mansour al-Isfijabi are specified while referring to historical and biographical works. Accurate information is given on how many of them have survived to this day as manuscripts and in which libraries of the world they are stored. The scientist's works in biographical works, and information about his death are analyzed using the historical and comparative method.

Also considered are the problems of translation into the Kazakh language and the transformation into the basis of the Kazakh Islamic studies school, the introduction into the scientific routine of the works of Ahmad ibn Mansur al-Isfijabi, which have come down to us as a manuscript to this day, processing them in advance.

Key words: mazhab, law, fiqh, rule, biography, manuscript, fatua, fakih.

Н.М. Нұржан¹, Ш.Т. Керім², Б.М. Манабаев³

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ.

НАУАН ХАЗІРЕТТІҢ ӨМІРІ МЕН ДІНИ-САЯСИ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

Аңдатпа: Аталған ғылыми мақалада XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде қазақ даласындағы Көкшетау қаласынан шыққан діни қайраткер, имам – Наурызбай Таласұлының өмірі мен қайраткерлігі баяндалады. Атап айтар болсақ, имамның шын есімі мен лақаптары, туылған жылы, шыққан өлкесі, жанұясы мен ұрпақтары және ондағы саяси-діни ахуал мен халықтың әлеуметтік жағдайлары жан-жақты қарастырылып зерттеледі. Сонымен қатар оның білім алған жолы, жасаған қызметі мен өмірден өткен жылы және имамның қазақ жерінде мұсылманшылықты сақтап қалу мақсатында қосқан үлесі көрсетіледі. Сондай-ақ оның ұстаздары, шәкірттері Шәймерден Қосшығұлұлы, бажасы әрі шәкірті Ақан сері мен жақтастары да аталады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезі патша үкіметінің шоқындыру арқылы орыстандыру саясатына қарсы әрекеттері қозғалады.

Сонымен қатар Наурызбай Таласұлының кеңес үкіметі тұсында демонизацияланған образын ақтауға түрлі мәліметтер мен ақпараттар келтіріледі. Ол жайлы жазылған түрлі кітаптар мен қойылымдарға талдау жасалады.

Науан Хазіреттің Абай Құнанбайұлымен, алаш зиялыларымен замандас болғандықтан, олармен арадағы байланыс, қарым-қатынас жайлы әрі хазіреттің сол уақыттағы ұстанымы да айтылады.

Түйін сөздер: Науан Хазірет, қайраткер, имам, ғұмырнама, шоқындыру.

XIX-ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін түрлі саяси әрі діни көзқарастардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Саяси және діни тұрақсыздық орнады. Патша үкіметінің отарлау, шоқындыру және орыстандыру саясаты күшейе түсті. Осындай дағдарысты кезеңде қоғамдық күреске жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттың зиялылары араласа бастады. 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі уақытта халық арасынан шыққан көзі ашық, көкірегі ояу діни қайраткерлер, ақын-жыраулар, жазушылар ұлттың егемендігі үшін, тілінің, діні мен ділінің амандығы үшін, халықтың көзін ашу үшін қолынан келгенін жасап әрекет етуге кірісті. Сондай тұлғалардың бірі – Науан Хазірет болатын.

Науан Хазірет 1843 жылы қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты Баратай атты елді мекеннің тумасы [1]. Науан Хазіреттің қай жылда туғандығында ғалымдар мен зерттеушілер арасында келіспеушіліктер бар. Мысалы, кеңес үкіметі тұсындағы ғалым, имам, дін қайрекері болған Сәдуақас Ғылмани былай деп жазады: «Қазіргі Көкшетау облысы, Көкшетау ауданы, Қарауыл елінің ішінен, Шұңғырша тайпасынан, аты Наурыз-Мұхаммед Таласұлы. Орта шаруа айиласынан 1844 жылы октябрь айында туған» [2]. Яғни ол кісі Науан Хазіретті 1844 жылы туылғандығын айтады. Бірақ көптеген зерттеушілер Наурызбай Таласұлының 1843 жылы дүниеге келген деп санайды. Науан Хазіретті зерттеп, ол туралы кітап, мақала жазып жүрген Қадыржан Абуев және Әшірбек Муминов сынды ғалымдардың 1843 жылы туылды деген тұжырымына тоқталуды жөн көріп отырмыз. Науанның бажасы Ақан сері оның құрдасы болғандығын алға тартады. Ал Ақан сері 1843 жылы туған. Тіпті Ақан сері ай жағынан кіші болды деп есептейді. Себебі Ақан сері Науанға арнаған өлеңдерінің бірінде Науан аға деп айтады. Сол себепті көпшілік зерттеушілердің Науан Хазірет 1843 жылы өмірге келді деген жорамалы қисынға сай секілді.

Шежіресі орта жүздегі арғын тайпасының қарауыл руының Есембай-Шұңғырша тармағынан. Ал, әрі қарай оның ата-тегі былайша өрбиді: Шұғыл – Шотан – Ақан – Құттымбет – Талас [3]. Бұл Науан Хазірет өзбек болды деген уәжді жоққа шығарады.

Науан Хазірет Құтболатұлы Талас жанұясында туылған. Кейбір деректерде Науанның әкесі кедей болғандығы айтылса, енді бір зерттеушілер әкесі Талас керісінше ауқатты, беделді, бай адам болғандығын пайымдайды. Екі көзқарасты да қуаттайтын дәлелдер бар. Мысалға, Әлихан Бөкейханов өзінің «Киргизы» атты еңбегінде Науан Хазірет туралы былай деп жазады: «Науан будучи сыном бедного казаха он поехал в Бухару, как некогда Ломоносов в Москву» [4]. Яғни ол Науан Хазіретті орыстың атақты ғалымы Ломоносовпен салыстырып кедей жанұядан шыққандығына меңзейді.

Сәдуақас Ғылмани Науан Хазірет туралы былай деп жазады: «Орта шаруа айиласынан 1844 жылы октябрь айында туған» [2]. «Айила» сөзі арабша «әулет», «жанұя»

деген мағынаны білдіреді. Өз кезегінде Ғылмани бұл деректерді Науанның шәкірті Қосшығұловтан көшірген болатын. Осы жайыттарды ескере отырып, Науан Хазіреттің қарапайым отбасыдан шыққандығы жайлы ой басымырақ.

Науан Хазіреттің есіміне тоқталсақ. Негізінде, шын аты Наурызбай Таласұлы. Алайда халық арасында танылған аты – Науан Хазірет. «Науан» (نون ир.) сөзі – биік, үлкен деген мағыналарды береді. Құрыш құс ұшты заулап ауаны есіп, Алдымнан ашылды бір науан есік» [5].

Ал «Қазақстан» деп аталатын ұлттық энциклопедияда Таласов Науқанбай деп жазылған (Аяған Б., 2006: 191-192-б.). Яғни Наурызбай емес Науқанбай. Алайда біз бұл атаудың қаншалықты нақты екендігін біле алмаймыз. Себебі оны айғақтайтын бірде-бір кесімді дәлел жоқ.

Келесі кезекте «Хазірет» деген атауға мән берейік. Әрине бұл атау діни атақ екендігі анық. Алайда нақты кімдерге қойылады және не білдіретіндігін көпшілігіміз біле бермейміз.

Сөздің қай түбірден туындап тұрғандығын анықтап көрейік. Ол үшін біз арабша-қазақша сөздікті қолдандық. Ол сөздікте былай деп жазылған: «حضرة көп.т حضرات мырза, ханым, хазірет, әзірет (лауазымның немесе есімнің алдында қойылады)» [6].

Ислам дініндегі «хазірет» сөзінің негізгі мағынасы – ислам әлеміндегі жоғары дәрежелі дін иесіне берілетін діни лауазым. Қасиетті ислам әлемінде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) дәуірінен басталған бұхара халықты діндарлыққа баулып, тәрбиелеу жолында адамзаттың асыл пайғамбарының сахабалары, соның ішінде Хазірет Әбубәкір, Хазірет Әли, Хазірет Айша Әбубәкірқызы секілді иманды ізбасарлары исламның ақиқат жолын жалғастырып жүйелі жұмыстар жасады. Солардың тақуалық, діни-сопылық жолын қасиетті Тұран даласында Хазірет Сұлтан (Қ.Иассауи), Хазірет Мүсірәлі сопы (Үш Жүздің пірі), Науан Хазірет, Нұрпейіс Хазірет, Хазірет Досжан секілді діни қайраткерлер жалғастырды [7].

Бұл анықтамадан біз Науанның қарапайым білім иесі ғана емес екендігін аңғарамыз. Себебі «хазірет» деген сипаттың өзі жоғары білімді тұлғаларға телінетін болған. Қазақстанда ғалымдар, ишандар, молдалар көптеп кезіккенмен хазіреттер аздың қасы. Демек бұл кісінің осындай аз қатарлы тізімнің ішіне енуі бекерден болмас. Ал бұл оның өте білімді, жан-жақты адам болғандығын нақыштай түседі.

Науан Хазіреттің есіміне қатысты тағы бір жайытты айта кеткен жөн. Хазіреттің қабір басындағы құлпытасында былай деп жазылған: «Көкшетау молдасы Наурызбай (Мұхаммед) Таласұлы 1916 жылы жетпіс үш жасында фәниден бақиға озды». Өзінің атына қосымша Мұхаммед деген есім тіркелген. Бұл есімнің сырын тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Әбуев «Науан Хазірет» деген кітабында атап өтеді: «Мұхаммед деген қосымша атты Бұхардағы Көкілташ медресесіне Наурызбай Бағдаттан оқуын бітіріп келгенде азан шақырып берген екен. Оның мағынасы былай екен: кімде-кімге Мұхаммед деген қосымша ат берілсе оған Хазірет деген атақ бірге беріледі екен» [3].

Халық сауатын имам-молдалардан ашатын. Науан Хазіретте өзінің сауатын ауылдағы жергілікті имамнан ашады. Науан Хазіретті зерттеуші Қадыржан Абуев имамның есімі Жылкелді екендігін айтады [3].

Баласының ерекше қабілетін, зеректігін, алғырлығын байқаған әкесі оны Қызылжар (Петропавловск) медресесіне оқуға береді. Қызылжар медреселеріне тоқтала кетсек.

Жалпы сол уақытта Қазақстанның солтүстік аймақтарында ислам ілімдерін татарлар оқытатын еді. Бір деректерде татарлардың қазақ жеріндегі ең көп шоғырланған жері Қызылжар екендігі айтылады.

1872 жылғы деректер бойынша Қызылжарда 7 мұсылмандық мектеп болған. Олардың 4 ұлдарға, 3 қыздарға арналған. Бірақ біз Науанның нақты қай медреседе оқығандығын анықтай алмай отырмыз. Дегенмен Ғылманидың ақпараттарында Қызылжарда Уәли Хазірет деген кісіден 4 жыл сабақ алғандығы айтылады [2]. Сондай-ақ ол кездері оқудың аяқталғандығын нақтылайтын куәлік табысталмайтын.

Қызылжардағы оқуды үздік бітіріп, білімін жетілдіру мақсатында Орта Азиядағы ислам ілімінің ошағы саналған Бұхара қаласына аттанады. Науан Хазірет ол кезде шамамен 25 жаста болған. Яғни 1868-1869 жылдарға сәйкес келеді. Сондай-ақ кей деректерде ол Бұхара шаһарына 1870 жылы барды деп келеді [8]. Бұхараға ілім үшін сапарын Әлихан Бөкейханұлы былайша сипаттайды: «Кезінде Ломоносов Мәскеуге қалай барса, бұл да Бұхараға солай барады» [3].

Қазақстандағы исламды зерттеушілердің бірі Н. Нұртазина Бұхара қаласында 200-ге жуық медресе болғандығын айтады. Медреселерде өзбектер, тәжіктер, қазақтар, қарақалпақтар, татарлар, башқұрлар, ұйғырлар секілді басқа да ұлт өкілдері білім алатын [9]. Бұхарадағы медреселердің екеуі өте танымал болды. Біріншісі «Мир и Араб» болса, екіншісі «Көкілташ» еді. Бұл екі медресе XVI ғасырда тұрғызылған. Қазіргі таңда олар тарихи ескерткіш ретінде ЮНЕСКО қорғауында.

Наурызбай Таласұлы «Көкілташ» медресесіне оқуға түседі. Көкілташ сынды үлкен оқу орнында 300-ге жуық шәкірт болғандығы байқалады. Алайда шектеулі оқу мерзімі әрі нақты жүйе орын алмаған болатын. Бұл жайында Исмаил Гаспринский: «мектепте оқитындардың 4-5% мұсылмандық медреселерде оқуын жалғастырады. Олар медреседе араб тілін, фихһты, логиканы, арифметиканы, араб және түрік каллиграфиясын, ал кейбір медреселерде философияны оқиды. Медреседегі оқу 10-20 жыл жалғасады. Емтихандар жоқ. Оқу жылына 5-6 айдан артық болмайды» деп айтады [9].

